



**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**

**ӘДЕБИ СЫН**



**Бірінші кітап**

**Алматы**

Қазақстан Жазушылар одағы әдеби сын кеңесінің  
қатысуымен дайындалған.  
Абай ғылыми-зерттеу институты ұсынған

**Әдеби-редакциялық кеңес**  
Дәдебайұлы Ж. (төраға), Әбдезұлы Қ., Әмірхан М.,  
Ергөбек Қ., Құлбарақ С., Мәдібай Қ., Нұрғазы А.,  
Ыбырайым Б., Ысқақұлы Д.

Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебайұлы  
Жауапты редакторы Д. Ысқақұлы

**Әдеби сын. Бірінші кітап** / Құрастырған Л. Мұсалы. –  
Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023. – 143 б. /  
Абай институтының «Әдеби сын» сериялық басылымы.

Сериялық басылымның бірінші кітабы қазақ әдеби сынының өзекті мәселелеріне арналған. Кітап Қазақстан Жазушылар одағы Әдеби сын кеңесінің төрағасы Ж. Дәдебаевтың алғы сөзімен ашылған. Кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім сын сипаты туралы. Екінші бөлім сыншы тұлғасы жайында. Үшінші бөлімде жаңа шыққан кітаптар туралы рецензия берілген. Сериялық басылым қазақ әдеби сынының дамуына жаңа серпін береді деп күтіледі.

**ISBN 978-601-04-6492-6**

© Абай институты, 2023

## АЛҒЫ СӨЗ

Әдебиет сыны – әдебиеттану ғылымының құрамдас үш саласының бірі және бірегейі. Әдеби сын туралы көркем әдебиеттің арғы-бергі дәуірлердің маңдайалды қаламгерлерінен қалған сындарлы сөздердің маңызы мен мәні бүгінгі күн үшін де маңызды.

Көркем әдебиеттің көрнекті тұлғаларының біразы, олардың ішінде әдебиет сыншылары кәсіби шығармашылық еңбекпен айналысты. Ақын, жазушы, сыншы шығармалары жүйелі түрде жарияланып, халықтың әдеби, мәдени, кісілік танымының ұдайы дамуына ықпал етті. Қаламгерлердің шығармалары, кітаптары, тіпті әдеби газеттер мен журналдар жарыса жарық көріп, олардың қалың оқырмандары қалыптасты. Қиырдағы малшылар, ауылдағы еңбекшілер, қаладағы жұмысшылар, мемлекет қызметкерлері, білім, мәдениет, өнер саласындағы қайраткерлер, мектептегі жастар мен зейнеттегі қарттарға дейін көркем әдебиет туындыларын, әдеби журналдарды асыға күтіп, қызыға оқыды. Қаламгерлер шығармашылық еңбектеріне қарай қаламақы алды, қайбір кәсіби қаламгерлердің бір кітабының қаламақысы бір машинаның құнымен бірдей болды.

Капитализм тұсында капиталдың билігі үстемдік етті. Оның жыры басқадай болды. Кәсіби шығармашылық еңбекпен күн көру қиынға соқты. Әдеби газет, журналдар мен көркем әдебиет туындыларын сатып алып оқуға екінің бірінің қолы жетпеді.

Қалыптасқан жағдай аясында көркем әдебиетті оқуға, әдеби сынды оқуға санаулы мамандардың ғана батылы жететін болды. Кітап оқуға деген ынта азайды.

Кейінгі тұста көркем әдебиет, көркем әдебиеттің сыны туралы түрлі-түрлі сын пікірлердің елесі көрінетін болды. Сол елестің көлеңкесінде «Әдебиеттің сыны бар ма осы?», «Әдебиет сыншылары бар ма?» деген сияқты сұрақтар естіліп қалатын болды.

Әдебиет сыншысы бүгінде әдебиет зерттеушісі, әдебиеттанушы ғалым, оқытушы қызметтерін қатар алып жүр, проза, журналистика айдынына шыққан әдебиет сыншылары да бар.

Әдеби сынның дамуына ақындар мен жазушылардың қосып келе жатқан үлесі де мол. Көрнекті ақындар мен жазушылардың сын-толғауларындағы ерекше нәрлі мән, сырлы саз – әдебиет сынының арнасына тың ағыс болып қосылуда.

Қазақстан Жазушылар одағы Әдеби сын кеңесінің бастауымен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Әдеби сын» атты сериялық жинақтың Е-басылымының шығарыла бастауы әдеби сынның дамуына, әдеби сын мамандарының қалыптасуына, көркем әдебиетті насихаттау ісіне, көркем әдебиеттің көркеюіне жаңа серпін береді деп үміт етеміз.

«Әдеби сын» электрондық сериялық басылымында мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған және жаңадан жазылған әдеби сын мақалалар топтастырылады. Бұрын жарық көрген мақалалардың дерек көздері көрсетіледі.

«Әдеби сын» сериялық басылымының кітаптары қоғамдық негізде дайындалып, жарияланады.

Жанғара Дәдебайұлы,  
әдеби-редакциялық кеңес төрағасы

Өткен ғасырдың ортасында айтылған:

### „СЫН ШЫН БОЛСЫН, ШЫН СЫН БОЛСЫН“

Бұл сөздерді қайтыс болар қарсаңында мархұм Мұхтар Әуезов айтқан еді. Сын қандай болу керек дегенде осы сөздер еске түсе береді. Бірақ қазір әңгіме ол жайында емес. Бұл мақаланың басты міндеті — әдебиет ағымының дұрыс бағытта дамуына, творчестволық проблемалардың жақсы шешілуіне соңғы жылдары әдеби сынның, тұтас алғанда, қандай ықпал-әсері болды, бұдан былай оның осы ролін қалай көтеру керек — міне, осы жайында. Былайша айтқанда, әңгіме дербес сынның ішкі жай-күйі жөнінде емес, сынның әдебиет тәжірибесіне жетекшілік және көмекшілік қызметі туралы.

Бізде әдебиет сынының маңызды мәселе саналып күн тәртібінде тұруы бір бұл емес. Оның бүгінгі күйі, алдағы міндеттері деген түрде әр кезде-ақ сөз болып келген. Талай айтып та, жазып та жүрміз. Сонда, қарап отырсаңыз, сын жанрының міндеті, оған қойылатын талап-тілек жөнінде ешуақытта алшақ ой, ала пікір айтылмапты. Сын қажет-ақ, онсыз әдебиет оңбайды, өйткені «сын түзелмей, мін түзелмейді» — сын әділ болсын, қара қылды қақ жарсын, білікті болсын, принципті болсын, жауға зәрлі, досқа шапағатты болсын, тағысын-тағылар. Байқап отырсақ сын туралы айтылған ойдың бәрі осындай пікірдің маңына тоқайласады екен.

Бәрі жақсы, бәрі дұрыс! Сыншы мен жазушының табысатын жерінің өзі осы-ақ. Мұның аржағында бірсыпыра жазушылардың өзара жамырай тіл табысатын тағы бір жері бар: ол жаппай сынға деген наразылық: сын өз дәрежесінде емес, қалып қойды, алға тартпайды, артқа тартады, аяққа оралғы, тағысын-тағылар. Бірсыпыра таланты тапшылау кісілердің аузында сын туралы әрқилы қанқу сөздер жүреді. Тіпті кейбір тақырыбы таусылған ақындар өлеңдерінде барлық зәр-запранын сыншы

атаулыға төгетіні тағы бар. Бір тәуірі, сынның шың бағасын беретін мұндайлар емес, оқушы жұртшылық, саналы әдеби қауым. Дұрысында сыншы жазушыға жағу үшін де, жауығу үшін де қызмет етпей, жалпы әдебиет мүддесінен табылу керек деп білеміз.

Ендеше, келісім бойынша, әдеби сынның көркем әдебиет тәжірибесіне еткен жетекшілік және көмекшілік қызметіне тоқтайық. Сынның бұл қызметі әдеби дамудың заңдылығын маманша тануға байланысты. Сондықтан да ол жазушы мен оқушының арасында тұрып екі жаққа бірдей білікті кеңес айта алады, шығармаға жетік талдау жасап, тиісті баға бере алады. Осы мағнада А. В. Луначарский айтқандай, сыншыны суреткердің ұстазы деседі. Әрине, көңілдегідей нағыз қалаулы сыншы болса. Ал енді біздің қазақ әдебиет сыны екі съезд аралығында өзінің сол мамандық, ұстаздық ролін қалай атқарды?

**Мұхаметжан  
ҚАРАТАЕВ**

**Эпостан эпопеяға. Әдеби-сын  
зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1969.**

## **БІРІНШІ БӨЛІМ**

### **СЫН СИПАТЫ**

**Құлбек ЕРГӨБЕК,**  
**филология ғылымдарының докторы,**  
**профессор**

**СЫН: БЕДЕЛІ МЕН БЕДЕРІ**  
**(2011 жылдың әдеби сыны)**



Сөзді Сұлтекеңнен бастасам деп отырмын. Ол кісі жаңа жазушылардың ынтымағы жоқтығын, сол ынтымақсыздықтан, ырықсыздықтан өздерінің ырысынан айырылып жүргенін жақсы айтты. Оның үстіне құқығымызды білмейтіндігіміздің салдарынан көп нәрседен қағылып келе жатқанымызды да дұрыс көрсетті.

Шындығына келгенде, жазушылар (жалпы әдебиет) қоғамның идеологиясын қалыптастырушы функциясынан айырылып қалған. Соны қайта қалыптастыру керек. Сонда ғана сөзіміз өтімді болады. Ол үшін, әрине, жазушыға белсенділік керек. Анығында қоғам әдебиетті емес, әдебиет қоғамды бақылауы тиіс еді. Қай кезде де билік уақытша. Сіздер – халықтың көзі, құлағы, жүрегі, үнісіздер. Ал бүгін сіздердің үндеріңіз ең аяғы өз мүдделеріңізді қорғауға жетпей отыр. Сонда жазушы ағайыннан басқа не күтуге болады? Баяғы жазушылық даңқ қайда кетті? Өсем деген қоғам – жазушысымен санасуы керек. Өйткені, қандай әдебиет – сондай қоғам. Өйткені, қоғам – адам, әдебиет – қоғам тәрбиешісі. Енді негізгі мәселеге көшсек.



Әдеби сын бар ма, жоқ па? Бар болуы үшін не керек?



Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеев, Д.Исабековтер екі-үш жылдың беделінде баспасөз бетінде әдеби сын жоқ деп хабарлады. Сол «әдеби сын жоқ» деген пікірдің өзі сынның бар екендігін білдіреді. Өйткені, бұның өзі де сын пікір емес пе? Әдебиет өрістесе, сын да өрістейді. Әдебиет өрістемесе, қу тақырда сын не айтады, сыншы не айтады? Сын қалай өрістейді? Осы тұрғыдан алғанда, соңғы кезде әдебиет те, оған лайықты сын да бар деуге болады. Бірақ осы екеуінің өзін-өзі көрсетуі, талдауы жоғары дәрежеде емес. Баяндамаға орай С.Қирабаевтың «Тәуелсіздік өрісі», Т.Кәкішевтің «С.Мұқанов» кітабы, Б.Сарбалаұлының екі томдығы, Б.Ыбырайымның «30-жылдардағы қазақ поэзиясы», С.Абдрахмановтың «Төлтума және телтума», Т.Шапай

«Шын жүрек, бір жүрек», Ә.Оспанұлының «Мұрагер», Д.Қамзабекұлының XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті жайындағы кітабы, Ш.Күмісбайұлы құрас-тырған «Балалар бағының бағбаны», Қ.Әбдезұлының «Таным көкжиегі», Д.Ысқақұлының «Әдебиет айды-нында», Ә.Балқыбектің «Қасқыр Құдай болған кез» секілді бірқатар кітаптарды оқып шықтым. Сын және сынға жақын кітаптар деп осыны айтуға болады. С.Абдрахманов, Т.Шапай, Қ.Әбдезұлы, Ә.Балқыбек, Д.Қамзабекұлы еңбектері танымдық сипаты, талдау мәнерімен ұнады. Жаңаша ой қорыту, жаңаша сөз саптау. Сын тарихы мен теориясын ыждағаттап жүрген Д.Ысқақтың жинақы, жатық жазуға көшкені көңіл көншітеді.

Сол сияқты мерейтой, естелік кітаптарды да қарадым. Оларды сын жанрына жанама болса да қосуға болатын еді. Алыста тұратын болғандықтан кейбір кітаптар қолыма тимей жатса, айып етпеңіздер. Министрліктің ауысуына байланысты алпыс жылдығына орай жоспарланған екі томдық сын кітабы сызылып қалған пақырыңыз алдары-ңызда тұр. Бірақ оны айтып, дәл қазір дау қуайын деп тұрған жоқпын, әрине. Ендігі мәселе, «Сынды өркендететін не?» деген сұрақ. Сынның көрсеткіші кітап па, әлде баспасөз бе? Сын – негізінен баспасөздің жанры. Сондықтан жаңағы кітаптарды атағанда бүгінгі сынның көрсеткіші солар деуден аулақпын. Осы орайда «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Өркениет», «Таңшолпан» журналдарын да парақтадым. Мен «Литературная газетаны» әлі күнге дейін жаздырып оқимын. «Қазан Утлары», «Агедил» «Әмудария», «Азербайжан әдебиеті», «Өзбекстан әдебиеті ва санаты», «Қырғызстан маданияты», «Алатоо» сияқты басы-лымдарды да шамам келгенше алып оқимын. Өзге ел баспасөзін өзіміздің газет-журналдармен салыстырып

қараймын. Халықаралық қазақ-түрік университетінде жұмыс істегендіктен түрік халықтарының бірсы-пырасымен аралас-құраласым және бар. Бірде татар танысыма Қазақстан Жазушылар одағында «Қазақ әдебиеті» газеті, «Жұлдыз», «Простор» журналдары бар екенін, «Әдебиет айдыны» газетінің болғанын айта келіп, біз арнайы «Сын» журналын шығарамыз дедім. Сонда ол: «Ойбай-ау, не дейді, біз бірер негізгі басылымның өзін зорға ұстап отырмыз. «Қазан утлары» күніне бір өліп, бір тіріледі», – деп таңданысын жасырмады. Сонда мен: «Е-е-е, біздің Жазушылар одағында жұмыс жүріп жатыр екен ғой» деп ойладым. Қарап отырсам, үш жыл жарық көрген «Сын» журналында профессионализм болған екен. Әдебиетімізді қайтадан сараптан өткізу, келешектің көзімен қарап баға беру деген мәселені осы журналдан көрдім.

Соңғы жылдардың сын кітабы, баспасөздің сын материалдарын қарағанда байқағаным мынадай тенденциялар:

Бізде бастан-аяқ мақтаудан тұратын мерейтой мақалалар көп екен. Тіпті, өлісі бар, тірісі бар кіл мақтаудан адам ұялады. Меніңше, мерейтойда тірісі не бітірдім деп есеп беріп, өлісі болса, кейінгі ұрпаққа әдеби мұрасынан не қалды, не қалмады деген нәрсені айтуымыз керек емес пе? Осы мерейтой мақалалардың ішінен маған екі сын материал ұнады. Бірі – М.Мақатаев туралы Ж.Ерманның, екіншісі – С.Иманасовтың мақаласы. Олар шын Мұқағалиды іздегендігімен және ақиық ақын туралы жалпы сөйлеп адасып жүрген жұртты сынауымен ерекше. Ж.Ерман Мұқағалидың әнге сұранып тұрған өлеңіне де, философиялық өлеңіне де бас салып ән жазғыштар көбейіп кеткенін айтса, Сәкен аға: «Шын Мұқағали туралы сөйлейік, Мұқағалиды Мұқағалидан іздейік» деген пікірін айтады. Ал мерейтой мақалаларының дені – жай мақтау. Танып, танымай бостан-босқа сөйлей берушілік. Одан әдеби сынға пайда жоқ.

Сынның дұрыс өркендемеуі, ең алдымен әдеби дайындықтың жоқтығынан болса, екіншіден, әдеби ортаны жершілдік пе, рушылдық па, бір індет қаптаған сияқты. Қасым Аманжолов па - тек қана Арқаның жігіттері сөйлеуі керек, Мұқағали ма - Жетісулықтар айтуы тиіс секілді. Бұл деген ұят нәрсе ғой. Біз бұнымен ұлы дарындарымыздың аяғынан тартып, аясын тарылтып жүрміз.

Соңғы кезде тағы бір жаман әдет ұшырасты. Жазушылардың өзі туралы мақаланы біреудің атынан жазып беруі. Бұл деген масқара емес пе? Неден сонша сорлы болдық? Г.Бельгердің «Ордендай» деген миниатюрасы бар еді. Орден сұрап ашпаған есігі, кірмеген тесігі қалмаған бір қазақ жазушысы бір медальға

қол жеткізіп, рахаттанып оралғанда, немересі дүниеге келіпті. Сөйтсе, немересінің атын «Ордендай» деп қойыпты... Осыны естігенше өлгеніміз артық қой. Баяғыда тамаша суретші Поль Сезаннды атақты Клод Моне мақтапты. Сөйтсе, Сезанн: «Енді мені сен де мазақтайын дедің бе», – деп, жылап қоя беріпті. Яғни бойында мақтауға деген күрескерлік элементтері болғаны ғой. Ұлы Абай да «Жалған мақтан жанға қас» – демей ме?!

Қазақ жазушылары жалған мақтанға дес бергенше классика тусын! Сын да сонда еріксіз өрістейді.

Басылымдарға келсек, «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби процесс толық қамтылмағанымен (олай ету мүмкін де емес), әдебиетке қатысты ұтымды пікірлер айтылатын, «Ардың ісі» секілді айдарлар көңілімнен шықты. Мысалы, М.Ысқақбайдың «Әр жазушыны өз орнына қойып бағалайық» деген ойы ұнады. Ш.Елеукеновтың «Жұлдыз» журналында жарияланған жинақтау мақаласын, Р.Әбдіғұлдың «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған біздің құрдастарымыз жайлы талдау мақаласын рахаттанып оқыдым. Біздің алдымыздағы буынның әлі де әдеби сынға адалдығын көргендей болдым. «Өркениет» журналына менің «Дәлел мен дәйек» деген мақалам жарияланып еді. (Біраз адам сыналды). Сөйтіп, біраз ағамнан айырылып қалдым...

Соңғы кездері «Қазақ әдебиеті» екі жаңа есім ашты деп білем. Бірі – Әлібек Байбол. Әлемдік әдеби процесті оқуға тырысады екен. Бұл баланы сақтандыратын бір нәрсе бар. Әлем әдебиеті туралы айтып-айтып келіп, «Осы біздің қазақ әдебиетінде неге жоқ?» деген жалғыз ауыз сөйлем ғана өзімізге қатысты болатын дерттен аман болу керек. Талдауға құрылмаған жерде, әлем әдебиетін он рет сапырсаң да одан торта айыра алмайсың, қаймақ ала алмайсың. Екінші есім – Азат Кәрімұлы. Азаттың «Қазақ әдебиетінде» бір тамаша мақаласы жарық көрді. Ол - М.Шаханов, Ө.Айтбаев, Ө.Хайдарилардың ана тілі жайлы жылдап зарлап жүрген мәселесін бір-ақ айтып берген Азат Кәрімұлының «Тіл майданы - біз үшін Отан соғысы» мақаласы. Бұл әрбір ана тілін ардақтайтын қазақтың кереуетінің тұсында ілулі тұруға тиіс мақала деп есептеймін.

Баспасөздегі әдеби сындағы жаңалық деп «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналындағы өзінде жарияланған материалға қатысты келген пікірді беріп отыру үрдісін айтар едім. «Жұлдыз» журналында Тыныштықбек Әбдікәкім туралы жақсы мақала жарық көрді.

Қазіргі әдеби сынға не жетпейді? Әуелі, мақалаларда жүйе жоқ.

Әдеби сынға да ішкі ырғақ керек. Осыны ұмытпайықшы!

Ғ.Мүсіреповтің: «Талантты адам білімдімін деп ойлайды,

білімді адам таланттымын деп ойлайды» деген сөзі бар еді. Сол секілді бәріміз сынға келіп қойып кете-тініміз бар. Бірақ жаңағыдай жүйесіздіктен қолымызға түскен нәрсе «классика» болып шыға келеді. Жалған мадақ!

Сындағы бір кемшілік – дәйексіз сөйлеу. Бір газет бетінде әдебиет сыншысы Айқын Нұрқатовтың төрт томдық әдеби мұрасы жарық көрді деп жазды. Қуандық. Сын-мұраның бір томы Мағжан Жұмабайұлы шығармашылығына арналған. Өз көзіме өзім сенбедім. Айқын Нұрқатов – Мағжан Жұмабайұлы туралы бір том түгілі бір мақала жазды ма екен?!

Тағы бір баспасөз «Ұлы кемеңгер» деп жазды. Не деген «жомарттық?». «Кемеңгерің» ұлы емес пе? «Ұлы» кемеңгерлікке жол емес пе?

«Ақындардың ең заңғары» деп сөйлейтінді шығардық. «Заңғардан» артық не керек?

Әдеби сынға дәлел, дәйек, мөлшер керек. Жалғандық, жағымпаздық, әсіресе, мақтау – әдеби сынға абырой әпермейді. Дұрысы – талдау!

Тағы айтатын нәрсе – мәтінге назар аудару жетіспейді. Осы сындардың ішінде Бекен Ыбырайымның «30-жылдардағы қазақ поэзиясы» мен Қ.Аманжолов туралы мақаласынан басқа мәтінге назар аударған адамды көрмедім.

Қазіргі әдебиетті құртып бара жатқан - одашылдық. Талап қоймаймыз, жауынгерлік, полемика деген жоқ. «Қазақ әдебиеті» газеті бетінде тарихшы Мәмбет Қойгелді, әдебиетші Д.Қамзабекұлы өзара айтысты. Жақсы дүние!

Беделге құлмыз. Ғ.Мүсірепов «Оянған өлкенің» «Жат қолындасын» бізге бермеді дедік. Кейін ол жарық көргеннен кейін, үлкен-кіші сыншыларымыздың бәрі «Ойбай, классика туды» деп шулады. Ал шын мәнінде «Жат қолында» бүгінгі әдеби процесте бар деп есептемеймін. Сол секілді ұстазымыз З.Қабдоловтың Махамбет жайлы аяқталмаған романы шығып еді, біздің жігіттер, тіпті аяқталмай қалған классика деп дабыралап жатыр. Осы орайда менің есіме балаң кездегі балалығым түседі.

С.Мұқановтың аяқталмаған шығармалары туралы көлдей мақала жазып, «Қазақ әдебиетіне» жарияладым. Архив материалдарына оқырман таңырқасып жатты. Сол күндері Ғ.Мүсіреповке кездесіп қалдым. «Оқыдым, – деді Ғабен. – Сәбит өзінің күшін білетін адам. Оның жетістігін жарияланбаған шығармадан емес, жарияланған, көпке белгілі шығармаларынан іздеген абзал!».

Ғабеннің ескертпесінен айналдым. Ұстазымыздың бәсі түспесін деп Ғабен ескертпесін З.Қабдоловтың аяқталмаған шығармасын мақтаушыларға құлаққағыс етемін.

Біз қазақ әдебиетіне құбылыс болып келген шығарманы баспасөз бетінде конференцияға айналдырсақ, оған дүйім жұрт пікір айтса деген тілегім бар. Сонымен бірге, сын классиктерінің кітабын шығаруды қолға алу керектігін айтқым келеді.

Иран-Ғайып:

– Менің бір сұрағым бар, сын әдеби жанр ма, жанр емес пе?

Құлбек Ергөбек:

– Сын – жанрдың төресі. Көркем әдебиет оқылмаған кезеңде де сын оқылады.

Дереккөз: “Қазақ әдебиеті”

<https://www.minber.kz/2012/05/qulbek-ergobek-syn-bedeli-men-bederi/>

**Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,**  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор

### **ӘДЕБИ СЫНДА ЖАҢҒЫРУ БАР** (2020 жылдың әдеби сыны)



«Әлемді сұлулық сақтап қалады» деген сөз бар. Мүмкін, рас та шығар. Десек те, бүгінгі заманның әлеуметтік райы күн сайын құбылып, өзгеріп жатқан, адамзат баласы «қайткен-де, адам болып қаламын» деп, аласұра бастаған, бір ауыз сөздің өзі дүниені теңселте бастаған дәуірде бүкіл ғаламның тетігін осы «Сөз» ұстап тұрғандай көрінеді маған.

Әлемде, қоғамда болып жатқан жаһанданудың салдарынан сөз өзгере бастап еді, адам да, сол адам

тіршілік жасап жатқан өмір де сілкіне бастағандай. Қазір бір ауыз сөзден дені сау адам қалпақтай ұшып, өлген тіріліп жатқан жайы бар. Сондықтан да адамды адам ретінде хайуандықтан сақтап қалу үшін, әркім бақытты тіршілік етуі тиіс қоғам орнауы үшін ең алдымен, сөзді түзеуіміз керек. Қазақ үшін ата-баба сөзінен киелі, қасиетті ештеңе жоқ. Біздің бар рухани қазынамыз осы сөзде сақталынған. Ұлтымыздың рухын, барлық рухани құндылықтарымызды бойына сақтап келген қазақ тілінің қазіргі жағдайы «мен қазақпын» деген адамды ойлантпай қоймайды.

Сыртқы жауларды қояйықшы, тіпті, тілімізге қарсы шұбар жыландар ішімізден де шыға бастады...

Еліміздің әлеуметтік, рухани өмірінде етек жая бастаған осы сияқты келеңсіз құбылыстарға тосқауыл болатын — ең алдымен, қазақша ойланып барып, елдің мүддесі тұрғы-сынан айтылатын дұрыс сөз, сол

дұрыс сөздің іске айналып, халықтың игілігіне айналуы. Он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ Абай: «Сөз түзелді, Тыңдаушым, сен де түзел», - деп, зарланумен өтсе, өткен ғасырдың басында алашшылдар «Біз ұлттың ұлы ойларын сөзге айналдырдық. Енді сендер осыны іске асырыңдар» деп, болашақ ұрпақтың алдына ұлы міндетер қойып, оны жүзеге асыруды өсиет етіп кетті. Арада ғасыр өтсе де, «Баяғы жартас бір жартас» сияқты.

Бұл өмірде бәрі өледі. Өлмейтін бір ғана нәрсе бар; ол — сөз. Сөз салтанат құрған жерде әдебиет те салтанат құрады. Өлмейтін киелі сөздің өмір сүретін жері - осы қаламгерлердің қасиетті қаламынан шығып жатқан кітап. Ал сөз жүрген жерде, әдебиет бар жерде оған деген жекелеген адамдармен бірге қоғамдық пікір де бар. Әдебиет пен әдеби сын егіз; бірінсіз бірі жоқ; өйткені, бірін бірі алға сүйреп отырады. Тәуелсіздіктің алғашқы кездеріндегі әлеуметтік, рухани өзгерістер әдебиетімізбен бірге оның сынына да түбірлі өзгерістер алып келді. Әлемдік ауқымда ұлттық атаулыны жою бағытында жүріп жатқан жаһандану барысында жалпы ұлттық құнды-лықтарға, оның ішінде көркем әдебиет пен оның сынына деген көзқарастың өзгеруі қазақ әдебиетіне де әсер етпей қоймады. Бұрындары социалистік реализмнің «сара жолы-мен» еш уайымсыз, қайғысыз келе жатқан әдебиетіміз дағдарып қалғандай сыңай танытты. Осы кездерде әдеби сынымыз тәуелсіз елдің әдеби дамуының тура жолын іздеп, басын тауға да, тасқа да соғып, шарқ ұрды. Қазір, құдайға шүкір, сол бір қиын кездерден өтіп, есімізді жиып, ұлттық әдеби даму жолына түсе бастағандаймыз. Бұған 2020 жылдың әдеби сын материалдарымен танысқанда, көзіміз жеткендей болды.

Ең алдымен, байқағанымыз, қазақ әдеби сыны саны жағынан көбейіп, мазмұнының толығы түскендігі көрінеді. Авторлар құрамында да айтарлықтай өзгерістер бар. Жанрлық жағынан келгенде, аражіктерінің, жанрлық ерекшеліктерінің бұзылып, бір-бірімен жақындай түскен-дігі, сыншыл ойлардың айтылуында көркемдік құралдарының көбірек қолданылып, сынның көркем жанрларының алға шыққандығы байқалады. Бұрындары әдеби сын шартты түрде сыншы сыны, суреткер сыны, оқырман сыны деп, қарастырылып, осылардың ішінде әдеби сынның негізгі ауыр салмағын көбіне кәсіпқой, ғалым, оқырман сыншылар көтеріп келсе, қазір негізгі салмақ қалам қайраткерлерінің өздерінің иығына түсе бастағандай.

Әдеби сынның негізгі өмірі – баспасөзде. Сынның жандана бастауы «Қазақ әдебиеті» газетінің беттерінен айқын көрінеді. Газеттің әдеби сынға арналған «Тұлға», «Талғам-таразы», «Ғалам-нұр», «Сұхбат», «Көкжиек», «Жетіген», «Рухнама», «Айна», «Жүректің көзі ашылса», «Ақ парак», «Көркемдік құпиясы», «Белес», «Өре», «Руханият», «Мен айтайын», «Жас тұлпар», «Ұмытпандар мені», «Тірілермен

тірімін», «Талқы», «Әңгіме туралы әңгіме», «Әлем желідегі әдебиет», «Жас тұлпар», «Әдебиет әлемі», «Асыл сөз», «Рецензия», «Ғұмыр-дария», «Алқа», «Ой-талас», «Ақ қалам», «Дегдар» т.б. айдарларынан мәдени жаңалық-тардан, шығып жатқан кітаптардан бастап, жекелеген жазушылардың шығармашылықтарына, әдеби оқиғаларға, әдебиеттің түрлі проблемаларына арналған материалдар үзбей беріліп тұрған.

«Қазақ әдебиеті» жаңадан шығып жатқан көркем туындыларды ылғи да назарда ұстап отырған. Бұл ретте С. Досжанованың «Қасірет пен тағдыр» (А.Жүндібаева. Қасірет пен тағдыр өрілген роман. 24.01.2020), Т.Көпбайдың «Даналық тәпсірі» (Е. Ералы. Т. Көпбайдың «Даналық тәпсірі» атты кітабын оқығанда туған ойлар. 07.02.2020), Т.Сәукетайдың «Желқайық» (Д.Қуат. Тұрсағанның «Желқайығы». 28.02.2020), М.Шоқанның «Түнгі лирика», Т. Сәукетайдың «Бұлағай» (З.Жұманова. Мені екеуі таңғал-дырды. 05.06.2020), Т.Рыскелдиевтің «Ұлы көш» (А.Нысаналин. «Ұлы көш» романындағы тіл мен образдар. 28.08.2020), Р.Отарбаевтың «Бас» (Р.Әлмұқанова. «Бас» және намыс. 16.10.2020), М.Байғұттың «Іштарлық пен құштарлық» (Ә.Бөпежанова. Асыл әңгімеші. 13.11.2020), С.Олжабайдың «Ақсақ Темірдің алмас қылышы» (Б.Ысқақ. Ойлы сөзбен өрнек салған. «Жұлдыз», №9), т. б. кітаптарына жазылған рецензияларда олардағы жаңалық нышандарына көбірек назар аударылған. «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде қалам қайраткерлерінің шығармашылықтарын насихаттауға да айтарлықтай орын беріліп келеді. Осындай мақсатпен жазылған Т.Таңжарықтың «Мұхтар Мағауин – 80» (10.01.2020), Е.Ашықбаевтың «Өтіріктендірілмеген өлеңдердің иесі» (Е.Раушанов. 17.01.2020), Н.Ақыштың «Жабырқау жандардың жоқтаушысы» (О.Бөкей. 07.02.2020), Қ.Құрманғалидың «Сөзбен салынған сурет» (Ә.Асқаров. 14.02.2020), Қ.Мұқаштың «Ақжайсаң аға» (Ж.Өмірбеков. 14.02.2020), С.Досжанның «Жақсы үміттің сәулесі» (М.Мағауин. 06.03.2020), Қ.Біләлдің «Бізге беймағлұм Шаханов» (20.03.2020), С.Сыбанбайдың «Көпеннің көркем күлкісі» (27.03.2020), Ж.Құлиевтің «Ақиқатқа суарылған ақық жыр» (Б.Жетекбай. 22.05.2020), Ұ.Есдәулеттің «Шолпан жұлдыздың тұрғыны» (Ғ. Құлахмет, 29.05.2020), Р.Зәйкенованың «Ардагер жазушымызды ардақтайық» (29.05.2020), А.Шаяхметтің «Мен» дегеніміз – мына біз» (М.Мағауин. 05.06.2020), Г.Пірәлінің «Сөзтану әлеміндегі сыншы мұраты» (Б.Ыбырайым. 12.06.2020), С.Балғабаевтың «Жұлдыздай ағып өткен ақын» (Т.Айбергенов. 12.06.2020), М.Оразбектің «Қазақ ғылымының қазынасы» (С.Қасқабасов. 26.06.2020), Ж.Жаңқашұлының «Тәңір сыйлығының лауреаты» (С.Ақсұңқарұлы. 13.07.2020), Е.Қаныкейұлының «Ақын



кетіп барады» (Б.Қанапьянов. 03.07.2020), Қ.Жәленованың «Өн-жырға құмар Тұрсынайым еді-ау!» (Т.Оразбаева. 10.07.2020), С.Ақсұқарұлы «Мейірханның миссиясы» (М.Ақдәулетов. 28.08.2020), Д.Амантайдың «Метафора құшағындағы поэзия» (04.09.2020), К.Тәбеевтің «Балалар әдебиетінің әйдік әзілкеші» (Б.Кірісбаев. 18.09.2020), Т.Жазықбайдың «Мен – қазақпын» жаныммен, жүрегіммен» (Ж.Молдағалиев. 16.10.2020), И.Сапарбайдың «Жұматайдың жұмағы» (Ж.Жақыпбаев. 06.11.2020), Т.Тебегеновтің «Өміренің көркемдік әлемі» (13.11.2020), Қ.Бегмановтың «Ақын Өтежан» (Ө.Нұрғалиев. 20.11.2020), Қ.Боқаевтың «Өзіміздің іздеріміз ертең туар ғасырға» (Т.Қызықбаев. 20.11.2020), Ә.Омардың «Әлібектің әлемі» (Ә.Асқаров, 27.11.2020), Ғ.Абызовтың «Кейіпкер жанды жазушы» (Н. Ораз. 27.11.2020), Ж.Дәдебаевтың «Жан сарайы таза, көкірек көзі ашық» (Ж.Әбішев. 04.12.2020), Д.Тұрлыбқовтің «Әттең тонның келтесі-ай» (Т.Иманбеков. 11.12.2020), Б.Жақыптың «Шапқан аттай, атқан оқтай» (Н.Айтұлы. 25.12.2020), т. б. шығармашылық портрет-терінде ақын-жазушылардың суреткерлік сырлары жарқы-рай түсті.

«Жұлдыз» журналында Тыныштықбек Әбдіәкімнің (Т.Тебегенов. «Дүниетаным кеңістігі». 2020, №10), Несіпбек Айтұлының (Қ.Құрманғали. «Азаттық жырының айбозы». 2020, №8), Нұрдәулет Ақыштың (Д.Ысқақұлы, Ж.Құсайын. «Қазақи рухты кестелеу жолында», 2020, №6), Толымбек Әбдірайымның (Е.Оқасова. «Балалар бағының бағбаны». 2020, №7) шығармаларын жан-жақты талдаған портреттік мақалалары жарық көрді.

Кәмен Оразалиннің өмірбаяндық, шығармашылық жолда-рын көркем баяндаған С.Оразалының «Абай елінің абызы» («Жұлдыз», 2020, №10) деректі хикаяты жарық көрді. Дулат Исабековтің «Пушкин, Абай және басқалар» («Жұлдыз», 2020, № 7) атты көлемді мақаласында қазақтың ұлы ақынының тұлғасын әлемдік әдебиеттің аясында қарастырып, жалпы әдебиет жайлы толымды толғаныс-тарға барған. Жанұзақ Аязбеков Жолтай Әлмаштың «Олигарх және олимп» роман-эллегия, «Интерадам» роман-әфсана, «Бумеранг» роман-хат, «Көлеңке келіншек» роман-драма, «Жатпланеталық жігіт» роман хикая роман-дарынан тұратын «Ащы да тәтті өмір» топтамасындағы романдарда көркемдік тұрғыдан көтерілген қазіргі заманның әлеуметтік, философиялық проблемаларына тереңдеп барып, қызғылықты ойлар айтқан.

Өткен жылы бір топ қаламгердің мерейтойлары атап өтілді. Мерейтойлық материалдарды бергенде, «Қазақ әдебиеті» газетінің бірсарындылықтан қашып, іздене түскендігі көрінеді. Темірхан Медетбектің 75 (13.03.2020), М.Байғұтовтың 75 (22.05.2020), Т.Нұрмағамбетовтің 75 (10.07.2020), Ғ.Қабышұлының 85 (24.07.2020),

М.Рәштің 90 (23.10.2020) жылдық мерейтойларына арнайы беттер арналып, әртүрлі қырларынан ашыла түскен. Мысалы, Ғаббас Қабышұлының 85 жылдығына орай, М.Әлімбаев, Е.Мырзахметұлы, Е.Жаппас, т. б., ал әдебиетіміздің ақ сақалы сатирик Мыңбай Рәштің 90 жылдығында Ғ.Қабышұлы, А.Еспембет, К.Әмірбек, Б.Жақып сөз алыпты.

Ал «Жұлдыз» журналында Нағашыбек Қапалбектің 70 (Т. Тебегенов. Қаламгер келбеті. 2020, №4), Көпен Әмірбектің 70 (С.Олжабай. Көпеннің күлкісі. 2020, №7; «Жалын», №4), Әнуар Әлімжановтың 90 (Ғ. Қабышұлы. Бар құрлықта ізі жатыр. 2020, №6), Сәуірбек Бақбергеновтің 100 (М. Қарғабай. Созақтың сырбаз Сәуірбегі. 2020, №6) жылдық мерейтойларын атап өтіпті.

«Қазақ әдебиеті» газеті көркем әдебиет саласы бойынша Қазақстан республикасының Мемлекеттік сыйлығына ұсынылған еңбектерді талқылау ұйымдастырыпты. Осы газеттің бір саны (11.09.2020) түгелге жуық үміткерлердің шығармаларын талқылауға арналған. А.Кеңшілікұлының Тынымбай Нұрмағамбетов хақындағы «Ар азабының ақиқаты», Ж.Қорғасбектің Несіпбек Дәутайұлы туралы «Айғыркісіден адамкісіге дейін», Ұ.Нұрғалымның - Роза Мұқанова, Е.Әлікеевтің - Шөмішбай Сариев, М.Бақтиярұлының - Ғарифолла Есім, Б.Қабдинаның Бақытжан Қанапьянов жайлы мақалаларында ұсынылған еңбектердің жетістік жақтарына көбірек көңіл бөліп, жоғары марапатқа ие болуға әбден лайықты санаған.

Газет бетінде әдеби дамудың алдында тұрған өзекті мәселелерді көтерген бірсыпыра проблемалық мақалалар жарық көріпті. Атап айтқанда, Т.Медетбектің «Қуаты ерен серпіліс күтеміз» (05.06.2020), М.Байғұттың «Қайталап оқудың қасиеті» (31.01.2020), Ж.Аязбековтің «Адамды сүю қасірет екен» (21.02.2020), А.Нәріковтің «Көркем шығарма өмірдің көшірмесі емес» (06.11.2020), Т.Мәмесейіттің «Әңгіме арқауы – әлеуметтік шындық» (19.06.2020), Ә.Қабаның «Балалар әдебиетіне стратегиялық мәселе ретінде көңіл бөлу керек» (27.11.2020), т. б. материалдардың көтерген жүгі – ауыр.

Жаңа дәуірдегі белгілі қаламгерлердің жалпы өмір, әдебиет, оның ішінде қазақ әдебиетінің бүгінгі жай-күйі, шығармашылық жоспарлары жайлы берген сұхбаттарында бүгінгі әдеби ахуал хақында мол мағлұматтар бар. М.Серікқызының К.Ахметовамен («Өлеңнен күннің нұры төгіліп, ойдың сәулесі түсіп тұрса». 24.01.2020), Н.Ақышпен («Әлемді құтқаратын сұлулық емес». 19.06.2020), К.Әмірбектің А.Бақтыгереевамен («Ақ Жайықтай ағамын бір бағытта». 07.02.2020), Б.Сәрсенханның Т.Қыдырмен («Егер мұсылман елдері өзін таныса...».14.02.2020), С.Бөкейдің И.Сапарбаймен («Мен өз әлемімді әлдеқашан ашқанмын» (28.02.2020)

А.Ахметтің Д.Исабекпен («Жазушы – зейнетке шықпайтын жанкешті жұрт». 13.03.2020), С.Пірназаровтың Ж.Жұмат-Әлмашұлымен («Адам бар жерде әдебиет те болды». 29.05.2020), Б.Сәрсенханның М.Мырзахметовпен («Абай мені кедей етті». 12.06.2020), Л.Мұсалының Ж.Дәдебайұлымен («Қазақта мінсіз аударма жасаған қазақ – біреу». 25.12.2020), Ә.Қажекбайұлының Ә.Сараймен («Шығарманы қызықтырып оқытудың технологиясын әлі меңгерген жоқпыз». 13.11.2020), С.Досановпен («Назарбаев «Сенен асып қайда барамын» деді». 11.12.2020), т. б. сұхбаттары көзге түседі.

Бұл ретте газет қызметкері Мөлдір Райымбекованың шығармашылық ізденістерін атап өткеніміз абзал. Оның Д. Рамазанмен («Әр адам ашылмаған арал» 10.01.2020), Т. Жұртбаймен («Күнім мен түнім Абайдың тұтқыны». 17.01.2020), Қ.Түменбаймен («Бұл әңгімені күйініп отырып жаздым». 07.02.2020), Б.Шарақымбаймен («Біздің әр жазған шығармамыздан жусанның исі шығып тұруы керек». 05.06.2020), Ы.Ожайұлымен («Өркениеттің өзегі – еркін ойлау». 13.03.2020), Ж.Шаштайұлымен («Оқырмансыз әдебиет те, жазушы да – жетім». 26.06.2020), т. б. Жүргізген сұхбаттары формалық жағынан да, ой ауқымы жағынан да ерекшеленіп, шығармашылық ізденістерін байқатады.

Әдебиеттің алдында тұрған күрделі мәселелерді «Алқа» айдарында көпшілік болып талқылауды «Қазақ әдебиеті» газеті дәстүрге айналдырыпты. «Біздің қоғамда Достоевскийдің кейіпкерлері көп» (Е.Қабділшәріп, А.Файзолла, А.Ораз қатысқан сұхбатты А.Шеризат жүргізген. 10.01.2020), «Әлем әдебиетін попугаизм мен популизмнен сақтап қалайық» (Шетелдік қаламгерлермен бірге А.Мантай, М.Ақдәулет, С.Рахметұлы қатысқан сұхбатты Д.Әлімақын жүргізіп отырған. 28.02.2020), «Ызалы күннің өзі қайғы шақырады» (Ғ.Қабышұлы, К.Әмірбек, Қ.Ергөбек, Т.Әлімбек, А.Наймантаев қатысып, М.Райымбекова жүргізген. 02.10.2020), «Әр буынның өз үні болады» (А.Мырзахмет, Б.Қадыр, Е.Нұрахмет, Ж.Нартай, С.Бекжан, А.Әділбек, Ә.Рахат қатысқан сұхбатты М.Райымбекова жүргізген), «Ұлттық әдебиетіміз батагөй сыншыға да, прокурор сыншыға да зәру емес» (пікіралысуға Ғ.Жандыбаев, Ә.Әліакбар, А.Қабдуллина, А.Асан, Ә.Байбол қатысып, М.Райымбекова жүргізген), т. б. тақырыптарда өткен пікіралысулар оқырманын тарта түседі.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан әдеби сынның рецензия, әдеби шолу, проблемалық мақала секілді жанрларының азырақ көрінгендігі байқалады. Сондай-ақ сынның эпиграмма, пародия, памфлет секілді көркем жанрлары кездеспейді деуге де болады. Жалпы, бүгінгі әдеби сын көркем әдебиетті академиялық талдаудан гөрі онда бейнеленіп берілген өміршең идеялардың төңірегінде, олардың көркемдік тұрғыда қалайша көрініс тапқандығы жайлы философиялық ой

толғаныстарға ұмтылып, сынның сара сөзден гөрі көркем әдебиеттің өз тілімен, яғни көркем тілмен сөйлеп, көркемдік, эсселік сыпат ала бастапты.

«Жалын» журналынан Көпен Әмірбектің Ханбибі Есенқараева туралы жазған шығармашылық портреті (Аспандағы ай ма дедім. 2020, №1) мен «Сайтанның сапалағы» («Жалын», 2020, №10) аталған пародиясын оқыдық. Көпеннің өзі жанрын осылай атаған көлемді пародияда өзі құрмет тұтатын ағалары қос (Мағауин, Шаханов Мұхтардан бастап, мәдениет қайраткері Қалдыбек Құрманәліге дейінгі бір топ әріптестерінің кейбір әнтектеу көрінетін тұстарын «мақтамен бауыздағандай», юморға айналдырыпты. «Сайтанның сапалағын» оқып шыққанда, бірден байқалатын ерекшелік – пародия әдетте көркем шығармадағы бір ғана кемшілікті жеңіл күлкімен шымшып алып, сынға алса, мұнда әдебиет әлемінде жүрген замандастарының мінездеріндегі, іс-әрекеттеріндегі өзгеше бір қылықтары, шығармаларында мүлт кеткен тұстары белгілі бір жүйемен мақала, фельетон сияқты тұтастық танытып, сын нысанына айналған. Бұл жағынан келгенде, «Сайтанның сапалағына» Көпеннің жаңашылдығы тұрғысынан келіп, оның «пародия» дегеніне «мақаланы» қосып, пародия-мақала деп атауға да болатын сияқты.

Жалпы ұлттық әдебиетіміздің ауыр өтпелі кезеңді басынан кешіріп жатқан кезінде жазушы Жанат Ахмади «Қазақ прозасында қарқын бар» деп, соңғы жылдардағы прозалық шығармаларға шолу жасапты. Қалың оқырманға онша танымал емес «Ақиқат арнасы» газетінің үш санында (29.09.2021, 06.10.2021, 13.10.2021) жалпы саны 26 жазушының кітап болып, басылып шыққан роман, повесть, әңгімелерін суреткерлік сынынан өткізіпті. Атап айтқанда, Қуат Қайранбаевтың «Ар мен заң алдында», Ілияс Жүністің «Іле иірімдері», Айжарық Сәбдібекұлының «Бұрынғының адамдары», Базархан Жақсыбаевтың «Жесірдің күні», Зылиха Тұрарқызының «Тағдыр биі», Есенәлі Ералиевтің «Жаралы құс», Төрехан Майбастың «Мыққыш», Бейбіт Қойшыбаевтың «Өртең өскіндері», Нұрдәулет Ақыштың «Махаббатпен арашалау», Нағашыбек Қапалбекұлының «Өнегелі өмір», Жолтай Әлмашұлының «Бесік ұшқан күн», Елен Әлімжановтың «Анажар», Толымбек Әбдірайымұлының «Тағдыр сыйы», Сайлаубай Жұбатырұлының «Абыржы», Болат Құрманғажыұлының «Тек», Марат Мәжитовтің «Құныскерей», Ұзақбай Доспанбетовтің «Абылайдың ақ туы», Әмина Құрманғалиқызының «Әулет пен нәубет», Жанар Әбдішованың «Үмітпен өткен дүние-ай», Баян Тіленшинаның «Ғибрат», Сәуле Досжанның «Қасірет пен тағдыр», Дәурен Қуаттың «Бөрісоқпақ», Серік Байқонның «Алтай асу», Қуаныш Жиенбайдың «Күздің жылы жаңбыры», сондай-ақ Бақтыбай Айнабековтің соңғы

бес жылда жарық көрген 18 кітабы, Қуандық Түменбайдың «Белдік сатқан» хикаяты бірі қысқа, енді бірі ұзақ дегендей, қаламгердің көркемдік таразысынан талданылыпты. Ең бастысы суреткер-сыншы соңғы кездердегі қазақ проза-сында ілгерілеудің, қарқын ала бастаудың бар екендігіне назар аударады.

Енді 2020-жылы кітап болып шыққан сын жинақтарына келетін болсақ, көңіл көншіте бермейді. Атап айтқанда, Әлия Бөпежанованың «Мұнара», «Сахна», Қансейіт Әбдешұлының «Семсер», Жанұзақ Аязбековтің «Бальзак неге жылады?», Әмина Құрманғалиқызының «Сын түзелмей...», Дандай Ысқақұлының «Мағжан – поэзия падишасы», «Тіл эпопеясы немесе рухани жаңғырудағы қазақ тілінің тарихи миссиясы» жарық көріпті. Осылардың ішіндегі «Сахна» аты айтып тұрғандай, негізінен қазақ театрларында қойылып жатқан пьесалардың сахналық тұрғыдан қалайша көркемдік шешім тауып жатқандығы жайлы мәселелеріне арналған. «Тіл эпопеясы немесе рухани жаңғырудағы қазақ тілінің тарихи миссиясы» атты еңбегімізде көркем тілдің, яғни қазақ әдебиетінің ұлт өміріндегі аса маңызды әлеуметтік-рухани рөлі жалпы мәдени даму аясында жан-жақты қарастырылады. «Мағжан – поэзия падишасында» қазақ әдебиетінің классигі М.Жұмабаевтың шығармашылығын бүгінгі күннің, әдебиеттану ғылымның биігінен саралай отырып, ақынның жалпытүркілік, әлемдік деңгейдегі ұлы ақын екендігі дәлелденіледі.

Жалпы, сын саласында әдебиетті шын сүйгендер ғана қалам тербей алады. Өмірімізде, әдебиетімізде туындап жатқан түрлі өзгерістерге байланысты әдебиет сыншыларының дені басқа салаға ауысуға мәжбүр болды. Қаншама қиындықтарға қарамастан, сынға адалдық танытып, осы салада қалам тартуын тоқтатпай, тұрақты келе жатқан Әлия Бөпежанова, Амангелді Кеңшілік секілді бірлі-жарым ғана сыншылар өнімді еңбек етіп келеді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Әлия Бөпежанованың «Мұнара» атты әдеби көркем сын кітабы көтерген проблемаларының ауқымдылығы жағынан да, көлемімен де осы жылдың сын саласындағы хал-ахуалды, жеткен жетістіктерімен бірге қазақ әдебиетінің де бүгінгі жай-күйін анық байқата алады. Кітаптың «Тұлғалар мен таланттар», «Біз пайғамбар емеспіз» аталған екі бөлімнің алғашқысында әдеби өмірдің өзекті өңірлері жайлы байқаулары, ой-толғамдары орын алса, екіншісінде сыншының қазақ әдебиетінің белгілі өкілдерімен бүгінгі әдебиет жайлы сырласқан сұхбаттары беріліпті.

Әдетте, мақалаға ат қоюдың өзі авторын біраз ойлантады. Өйткені, мақалада не айтарың оның тақырыбынан көрініп, айтпақ ойыңды ашып тұруы керек. Осы жағынан келгенде, Әлия тақырып қоюға

келгенде, жаттандылықтан қашып, шеберлік таныта алған. «Тұлғалар мен таланттар» аталған бірінші тараудағы «Тереңнен тартқан тамыр», «Өмір... Әйелге деген сағыныштан басталады» (Қ.Ысқақ), «Заманның көркем бейнесі» (Ә.Тарази), «Есенберлин тағлымы», «Мұртаза шыңы», «Исабековтің көркемдік әлемі», «Туған ауыл түтіні» (Т.Нұрмағамбетов), «Дегдар» (З.Серікқалиұлы), «Суреткер мұраты» (А.Сүлейменов), «Қоңыр» (М.Қаназ), «Дүние бала көзімен» (Ж.Кеттебеков, Н.Ораз, Н.Дәутайұлы, С.Асылбеков), «Асыл әңгімеші» (М.Байғұтов), т. б. мақалалардың кім туралы, қандай мәселені көтеріп отырғандығы оның тақырыбынан-ақ анық байқалып тұр.

Бірінші бөлімнің «Тоғыз тарау» аталған екінші тарауы қыз-келіншектердің шығармашылықтарын барлауға арналған. Атап айтқанда, Ф.Оңғарсынованың («Поэзия – әйелдей жұмбақ әлем...»), Қ.Бұғыбаеваның («Шектілік пен шексіздік»), К.Ахметованың («Қанат қағып, бір-біріне ұласса ой»), Н.Алпамысқызының («Ғұмырдың кемел шағы бар»), Ш.Бейсенова мен М.Қожахметованың («Әйелдер әлемі»), Х.Есенқарақызының («Қарлығашы жанымның – өлеңдерім»), Ж.Солтиеваның («Жан шуағы»), Р.Рүстембекованың («Мұқанның жары»), Қ.Мәдібайдың («Ғылым таппай, мақтанба») шығармашылықтары хақында қысқа да нұсқа толымды ойлар айта алған. «Толқынға толқын ұласыпта» Дидар Амантай, Маралтай Райымбекұлы, Мәдина Омарова, Ардақ Нұрғазыұлы, Гүлманат Әуезхан, Мақпал Жұмабай секілді қазақ әдебиетіндегі кейінгі буын өкілдерінің шығармашылық аяқ алыстарына сын көзімен қараса, «Ой-десте» тарауында сыншының ақпарат құралдарының түрлі сауалдарына берген қысқа да нұсқа жауаптары орын алыпты.

Кітаптың екінші бөлімінің бірінші тарауы автордың бұрындары да шығармашылықтарын қадағалап, пікір білдіріп келген Қ.Ысқақ, Ә.Тарази, Қ.Бұғыбаева, З.Серікқалиұлы, М.Әуезов секілді көрнекті қаламгер-лермен жүргізген сұхбаттарына арналса, екіншісін сыншының өзі түрлі басылымдарға берген сұхбаттары құраған.

Әлияның әдеби сын жинағын соңғы жылдардағы қазақ әдеби сынының елеулі жетістігі ретінде бағалай отырып, ойларымызды сыншының сын туралы өз ойларымен түйіндегіміз келіп отыр. «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сауалнамасында автор қазіргі әдеби сынның жай күйі жайлы «Бүгінгі сын дегенде, көбіне жекелеген жазушылар шығармашылығы, жеке портрет эсселер, мерейтойлық мақалалар және жаңа кітаптар туралы таныстырылым-аннотациялар, сонан соң жедел сауалнамалардағы үзік-жұлық пікірлермен шектелеміз. Осыған қарамастан, меніңше, қазіргі қазақ әдебиетінің сыни әлеуеті жоғары (бұл тұста әңгіме таза әдеби сын туралы). Оны

тек білікті түрде ұйымдастырып, тиімді арнаға сала білу керек болып тұр» («Мұнара», 2020, 195-бет), – деп ой түйіндепті. Біздің бұған ешқандай да алып қосарымыз жоқ.

Әдебиет әлемінде соңғы жылдары көрінбей кеткен филология ғылымдарының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлының «Семсер» атты сын-зерттеу мақалалары жинақ болып шығыпты. Бұл кітаптың басты құндылығы сол – өмірден озған, бұл күндері арамызда жоқ, бірақ әр жылдары қазақ әдеби сынына араласып, оның дамуына айтарлықтай өз үлестерін қосқан, олжа салған дарынды әдебиеттанушылар мен сыншылардың қаламынан қалған баға жетпес мұраларының ой елегінен өткендігі, бүгінгі күннің биігінен бағаланғандығы. Лирикалық шегіністерді сәтімен пайдаланған автордың эссе-толғаныстары да әсерлі шыққан. Кітаптағы кезінде қазақ әдеби сынында өнімді еңбек етіп, терең із қалдырған Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Рымғали Нұрғалиев, Төлеген Тоқбергенов, Зейнолла Серікқалиев, Сайлаубек Жұмабеков, Бақытжан Майтанов сынды қаламгерлердің өмір жолдары, шығармашылық туындылары құнарлы тілмен, тарихи-танымдық аяда талданған.

Әдеби сында суреткер сынының маңызы зор. Сыншы сыны көркем шығарманы көбіне «сыртқы көрінісіне» қарап, бағаласа, суреткер сыншы оның «ішкі» жақтарына, шығармашылық құпияларына көбірек үңіледі. Оның үстіне әдеби сынды оның ыстығы мен суығын бірдей көріп, әдебиетті шын сүйген суреткердің әдеби өмірде болып жатқан жаңалықтар мен кемшіліктерді көре тұрып, оған деген пікірін білдірмей тұра алмасы да анық. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, бұрындары сын саласында көріне бермеген қаламгерлердің әдеби өмір, өз әріптестері жайлы пікір білдіріп, кітап шығарып жатуы қуантады.

Қостанайлық Жанұзақ Аязбековтің «Бальзак неге жылады?» тақырыбындағы әдеби-сын, сұхбат-эсселер жинағына 20 мақаласы топтастырылып беріліпті. Бүгінгі қазақ әдебиеті жайлы толғаныстардан тұратын, көркем тілмен кәсіле жазылған кітапты қызыға оқысың. Сыншы әдебиетке көркемдік, теориялық тұрғыдан талдаулар жасаудан гөрі олардан оқушысын ойландырар, көркемдікпен көмкерілген терең ойлар іздейді. Көркем әдебиеттің құдіреті адамның өмірдің құпия сырларын түсінуге, бақытты ғұмыр кешуіне көмектесе алатындығында деп біледі.

Кітапқа аты берілген «Бальзак неге жылады?» деген тақырыпты француз жазушысының бас кейіпкерінің өлімімен аяқталатын «Горио атайды» бітіргенде жылағанын айта отырып, осы бір ғана детальдан күнделікті тіршілікте онша аңғара бермейтін қаншама ойлар түйіпті. Горионың екі қызын сүйгендігі соншалық, бүкіл ғұмырын соларды

бақытты қылуға арнап, сол екі перзенті үшін көрмегені, істемеген ісі жоқ, сол екеуінің құлы болып, үлде мен бұлдеге орап, асырап жеткізеді; ал қыздарының есейген соң, әкесіне қарамай кеткені, сонысына қарамастан, өлім алдында да шалдың екі қызының болашағын ойлап жатып, көз жұматыны жайлы толғаныстар кімді де болса, ойға қалдыратының анық: «Горио атайдағы» шектен шыққан әке махаббаты ақыры Гориосын жалмап тынды» (56-бет).

Жанұзақтың көркем әдебиет жайлы ойлары қазақ өмірінің бүгінгі таңғы рухани, әлеуметтік мәселелерімен ұштасып жатады: «Қазақ рухы – қазақ қоғамының үзілмеген тіні. Даласындай кең де ақжұпар қазақ жаны бүгінде жанталас, шерменде халде. Ардемген арман, айқаракөз махаббатқа, нұрлы иман, ізгілікке кіндігенен байланған қазақ идеалы қол бұлғап, алыста бұлдырап қалды. Есесіне бұлшық еттері бұлтылдап, ақмаңдайлы, ақша жүзді, қимылы шалт, мұрты енді тебіндеген бозбаладай қазақ капитализмі – үр жаңа қожайынымыз бар. Енді елдегі экономикалық серпіліс, индустриялық-инновациялық ұмтылысқа, мемлекетіміздің бай болсақ, адамы да бағлан болар еді деген үкілеген үмітіне сенгіміз келеді. Техногендік жаңғырудың иманды сипаты болса... (сонда). Ылайым, соған жетейік. Әдебиеттің сынында соңғы кездерде жарқ етіп көрінген қаламгердің бірі, бірегейі кеше ғана бақилыққа аттанған қаламгер Әмина Құрманғалиқызы болды. Оның 2020 жылы «Анарыс» баспасынан жарық көрген «Сын түзелмей...» атты сын-сараптамалар жинағы көтерген мәселелерінің зәрулігімен, талдау тереңдігімен, айтқан ойларының өміршеңдігімен ерекшеленеді. Бұрындары «Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын», «Әулет пен нәубет» романдары, бірнеше прозалық, сатиралық, поэзиялық жинақтары жарық көрген қаламгер әдебиет айдынының сын саласында да еркін жүзіп, еркін көсілген. Әдебиет әлемін сыртынан ғана емес, ішінде жүріп, қызығы мен шыжығын да, ыстығы мен суығын да қатар көрген, басынан өткерген қаламгер ретінде жасаған сараптамалары оқырманын еріксіз өзіне қарай тарта түседі.

Жазушы, ақын Әминаны қазіргі қазақ әдебиетінде көрініс бере бастаған кейбір келеңсіз құбылыстар мазалап, қолына еріксіз қалам алдырғанын көреміз.

«Әсіресе әдебиетті жаулап бара жатқан жүгенсіздік, әсіре дарақылық, әсіре ашықтық, әсіре жалаңаштық, әсіре батысшылдық, ұлттық рухтың, қазақы құндылықтардың жойдасыз жойылуы, ұлттық намысқа тиер ойсыз сөздер, кейіпкердің ұсақталуы, құнсыз бейшара кейпі, көшедегі тілді қойып, көркем шығарма тілінің қойыртпаққа айналып, жаргондар мен диалектілер, бұралқы сөздер тіліне айналуы тұсында, тек қазақтың ғана емес, күллі мұсылман елінің ары мен ұяты болып саналатын әйелдер бейнесі (өмірдегі емес, әдебиеттегі)



айуанға айналғанда, «жоғарыға» жауаң-жауаң қарадық. Бізден гөрі аузы дуалы, беделі биік ақсақалдар бар ғой, ағалар бар ғой, алдын кеспейік деп күттік. «Жоғарыға» жауаңдап үйренген басымыз «ер тұрғанда әйел сөйлеп несі бар, үлкен тұрғанда кіші сөйлеп, несі бар» демесін күттік. Дәл қазіргі қазақ әдебиетінің «Қой дер қожасын» көп күттік. Ақыры қой дер қожа болуға жарамасақ та, әй дер әжесі болайық» деп, қолымызға қалам алуға мәжбүр болдық, ағасы.

Болмаса, ойнақтаған отыз емес, қылшылдаған қырық емес, еңселі елу де емес, пайғамбар жасына келгенде, сыншы болайын деп, Түлен түртті дейсіз бе... Сын жазып, талай адамның жүрегін ауыртып, көңілін қалдыратынымды білмеді дейсіз бе. Өзім де «бұйырған сыбағамды» татарымды білмеді дейсіз бе» («Сын түзелмей...» 331-332 беттер), – дейді Әмина.

Әминаның қаламынан шыққан мақалалар оқи бастағаннан бірден өзіне тартып, баурап алады. Көркем тілмен әдемі өрнектелген ой кестелері қазіргі қазақ әдебиетінің жай-күйінен, жетістіктері мен «әттеген-айларынан» да мол хабардар етеді. Сын кітабын «Сынның да естісі бар, есері бар» деп, әдеби сынға шолудан бастаған Әминаның қазіргі әдеби үрдіс хақындағы ойларының өзгешелігі бірден аңғарылады. Автордың нені айтса да нақтылап, дәлелді айтуға тырысатындығы көрінеді. Эссе үлгісінде жазылған шолу соңғы кездердегі әдеби сынды толық қамтуды алдына мақсат қылып қоймаған. Өзінің назарын аударған тұстарына ғана көңіл бөліп, байқаған жаңалықтары мен кемшіліктері хақында ой бөліскен. Көркем шығармаларға айтылып жатқан кейбір пікірлер хақында ой жарыстырады; айтылған жақсы ойларға қуанып, «әттеген-айларына» өкініш білдіреді.

Ең алдымен байқалатыны – сыншының әдеби талдауларынан оның қазақтың тілін, әдебиетін, ұлттық тұрмыс-салтын, әдет-ғұрыптарын жақсы білетіндігі – айтылған пікірлерді ажарландыра түскен. Сыншылардың, ақын-жазушылардың кейбір сөздерді орынды-орынсыз қолданып жүрген жайларын сын тезіне салады. «Интеллектуал сыншылардың» біреуі бір мақаласында 45 термин, екіншісі 75 термин қолданғанын айта келіп, «Сана астарындағы күмән реңкі белгілі бір дәрежеде жылдам ту тіккен салтанатқа байланысты сенер-сенбес ахуалды бейнелейді, алаңсыздықтан аулақ, растылық сезімінің таңбалаушы нысан реті орайындағы салмағы ауыр және ол жан-жақты семантикалық қабаттарымен ерекшеленеді» деген секілді сөйлем тіркестерін қатаң сынға алған.

Әмина сыншының қаламы – қарымды, құлашы – кең. Қандай тақырыпқа барса да еркін көсіледі. Оны Абайдан бастап, М.Әуезовтен бастап, күні бүгінге дейінгі қазақ әдебиетінің үлкенді-кішілі өкілдерінің шығармашылық-тары жайлы айтқан пікірлерінен,

көтерген мәселелерінен анық көруге болады. Автордың бұл күндері әдебиеттану ғылымының нысанына айналып кеткен Абай мен Мұхтардың әдеби мұралары хақында айтылып жүрген әртүрлі даулы пікірлер хақында білдірген өзіндік батыл ойлары назар аударарлық. Нақтылай айтар болсақ, «Әуезов стиліндегі кейбір көркемдік тәсілдер», «Он айыпқа – бір жауап» деген тақырып-тармен Әуезовтанудың күрделі мәселелеріне батыл барған. Мысалы, ол Мұхтардың «Көксерек» әңгімесі Джек Лондонның «Ақ азуының» қазақша көшірмесі деген мазмұндағы пікірді жоққа шығару үшін алдымен, қасқырлардың өзіне ғана тән қасиеттері жайлы айта келіп, екі жазушының екі түрлі көркемдік идеясына назар аударады. «Көк бөрінің ұрпағымыз» деп жүрген әрбір саналы оқырманға мына жолдардың әсер етіп, мәңгілік жадында қалары анық: «Қасқырдың ерекшелігі – ерекше қатыгездігінде, кекшілдігі мен терісін тірідей сыпырып жатса, үн шығармайтын безбүйректігінде. Қасқырлар әлемінде осалдыққа орын жоқ. Не мықты бол да өмір сүр, не әлсіз бол да тірліктен баз кеш. Үйірде екі көсемге орын жоқ. Қай жеңгені қалып, жеңілгені өледі. Қасқыр – сол үшін қасқыр. Әуезовтің «Көксерегі» осы тап-таза табиғи шындықты ашқан» («Сын түзелмей...» 95-бет).

Ал Дж.Лондонның «Ақ азуы» жайлы: «Адам түгілі хайуан да тұрғысыз, ақ қар, көк мұз құрсаңған, бізге әрі жат, әрі жұмбақ мекендегі тірі жан иелері жалғыз қасқырлар ма? Жоқ мұнда ақ адамдардың зорлық-зомбылығы жұмақ мекенінен айырып, айдап әкеп тыққан үндістер де бар. Цивилизацияның не екенінен мүлде бейхабар, табиғатынан соншалықты аңқау, таза, пәк, сәбидей нанғыш, әрі қорғансыз жаратылысы еді бұлар да. Ақ азу бастан кешірген аштық, суық, байлау-матау, ұру-соғу, қорлық-мазақ... Өзінің қанындағы тектілік, өжеттік, намыскерлік, ерлік, мәрттік сияқты қасиеттерден біртіндеп ажырап, «Ақ құдайдың» құлына айналу... Бұл – Ақ азудың ғана тағдыры емес, үндістердің де тауқымет жолы. Осыны көрсеткісі келгендігі үшін ғана Лондон Ақ азуды итке айналдырды. Қасқырдың итке айналуы мүмкін емесін Лондон білмеді емес, білді, сондықтан да ол Ақ азудың шешесі Кичиді итке шатыс деп көрсетеді», – дей келіп, «Ал біздің Көксерек – табиғаттың тап-таза жаратылысы. Қасқыр боп туып, қасқыр боп өлді. Құйрығын бұландатып, өмір кеше алмады. Мүмкін, Әуезов те Көксерек арқылы қазақ қанындағы бір кездегі тектілікті көрсеткісі келген болар. Әй, қайдам, қазіргі ұрпақ Көксеректен гөрі Ақ азуға ұқсап барады ғой», – деп қорытқан ойынан сыншының ой өрісінің кеңдігі мен тереңдігін байқаумен бірге, аңыз бойынша, көк бөріден тарағанбыз дейтін көк түріктердің бүгінгі күнгі жай-күйі жайлы жабырқау ой да кешеміз; жоқ олай болмауы тиіс деп, дүр

сілкінгендей де боламыз.

Сын кітабы қамтыған тақырып аясы кең. Қазақ әдебиетінің ілгерінді-кейінді, үлкенді-кішілі ақын-жазушыларының бір топ өкілдері, атап айтқанда, Ә.Кекілбаевтың, Т.Нұрмағамбетовтің, С.Нарымбетовтің, Н.Оразалиннің, Н.Дәутайұлының, Ғ.Жайлыбайдың, сондай-ақ жас ақын Әлия Дәулетбаеваның шығармашылықтары әртүрлі ыңғайда талданған. Автор бұлардың шығармашылық портреттерін жасауға ұмтылмайды; керісінше, ақын-жазушының өзгеге ұқсамайтын, бөлектеп тұратын өзіндік болмысын, ерекшеліктерін аша түсуді мақсат тұтатын сияқты. Бұл жерде сыншының көркем шығарманы талдауда бұрыннан қалыптасып, стандартқа, трафаретке айналып кеткен дайын «қалыптардан» қашатындығы, өзіндік қолтаңбасы анық байқалады.

Нұрлан Оразалиннің поэзиясы жайлы көлемді мақалаға ақынның «Ақ-қарасын айт, қарағым, адалынан, Болсын маған жасаған қолғабысың» деген жолдармен аяқталатын ақынның өзінің екі шумағы эпиграф етіп алыныпты. Мақала былайша басталады: «Сыншы Бақыт Сарбалаұлы Нұрлан Оразалин шығармашылығы жөнінде жазған сын-сараптамасында «2» санының астарынан құпия іздеген екен. Кінәратсыз, зілсіз жымиған едік. Енді өзім де Бақыттың әулиелігіне сене бастағандаймын. Оразалиннің 2014-жылы толықтырылып, қайта басылған 6 томдық топтамасы қолымда отыр. Ақын шығармашылығы хақында айтылған ең алғашқы пікірге – 20 жыл, талдау жасап, мақала жазғандар – 20, 20 тарау, 20 эпиграф... Қандай сәйкестік! Ал мен 21-адаммын», – деп шығармашылықты аша түсуге математикалық әдісті қолданып, сандардың киесіне үңілген. Содан кейін ақынның «сегіз қырын» – адамдық, азаматтық, ақындық, драматургтік, көсемсөзшілік, шешендік, қайраткерлік, тұлғалық қырларын анықтап алып: «Менің мақсатым – алдымен мін табу емес, алдымен қаламгердің құпиясына үңілу, шеберханасын зерттеу, ешкім қайталамаған, өзгеде жоқ ерекшелігін табу, шеберлігін, шешендігін, әдісін, тәсілін табу. Әдебиетте ашқан жаңалығы бар ма, соны сөзі, сонар ізі бар ма? Соны паш ету», – дей келіп, талдауға кіріседі. Сыншының талдау жүйесі де өзгеше: ақынның поэзиясын логикалық-стильдік ауытқулар тұрғысынан сынға ала отырып, Нұрлан өлеңдерінің адамгершілік, имандылық, философиялық, ұлтжандылық сыпаттарын талдайды.

Жинақтағы «Қыз Жібек» – қазақ киносының Хан тәңірі», «Біржан сал ма, Біржан шал ма?» мақалаларында қазақ киносының үздік туындылары саналатын екі фильмнің жетістіктері мен жетіспеушіліктері хақында риясыз көңілден айтылған пікірлер баршылық.

«Айтыс, қайда барасыңда?» бүгінгі рухани өмірімізде айтарлықтай

орны бар сөз өнерінің өзекті өңірлеріне тереңдеп барып, оның әлеуметтік, көркемдік мәселелері хақында өнімді ойлар айта білген. Мақаланың соңында «...қазақта айтыс қана емес, шешендік өнері болған. Шешендік өнері айтыстан әлдеқайда ары пайда болған. Ел тағдырын, қилы дауларды шешетін билер шешендерден құралып, шешеннің бір ауыз сөзі ердің құнын, нардың пұлын шешкен. Шешенге ел ағасы деп құрметпен қараса, айтыс ақынына жай көңіл көтерер адам деп қараған. Ендеше, неге шешендер айтысын өткізбеске?» – деп жұртшылық алдына ой тастайды.

Жинақтағы көлемі жағынан да, көтерген мәселесі жағынан да салмақтылауы – «Абайға абай болайықшы, ағайын...». Жастайынан Абай туралы аңыз болып кеткен әңгімелерге құлақ құрышы қанып өскен, есейе келе ұлы ақын туралы оқығандары, өмірден тоқығандары көбейе берген Әминаның дала данышпаны жайлы ойына түйгендері, айтары да мол екен. Автор Абайдың ақындық, ақылдық айдынында еркін жүзіп, жұрт онша байқай бермейтін, қалыптасып кеткен пікірлерге, өмірінің, шығарма-шылығының кейбір деректеріне, мәтіндік мәселелеріне назар аударып, ойларын ортаға салған. Абай өлеңдеріне орынсыз түзетулер жасалынып жатыр, ол ақынның «Махаббатсыз – дүние бос» өлеңінен басталды деген пікірін білдіріпті. Әмина: «Өзгертудің басы қазірге дейін күллі қазаққа (әдеби әлемде ғана емес) дау болып жүрген «Махаббатсыз – дүние бостан» басталады. Осыған дейінгі барлық нұсқада осылай болып келген «бос» «досқа» өзгертіледі (бұл да Қайым ағаның пікірі). Яғни, «Махаббатсыз – дүние дос» болып өзгертіледі. Бұл өзгертуді жақтаушылардың дәлелі:

«Бұл жердегі махаббат әйелге, қызға деген махаббат емес, Аллаға деген махаббат;

*Бос* сөзін бір шумақта екі рет қайталайтын Абайды кім дейсіндер; Қайым аға, Төкен аға солай деген» (сонда, 35-бет), –

дей келіп, осылардың әрқайсысына «махаббатсыз дүние – қаңыраған бос, тұлдыр дүние» деген махаббатсыз адам дүниеқұмар болады дегеннен әлдеқайда мағыналы емес пе» деген секілді қарсы жауаптар жазып, «Махаббатсыз – дүние босты» жөн көруі кімді де болса ойландырмай қоймайды.

Автор Абайдың өміріне, шығармашылығына, сол кездің қоғамдық-саяси жағдайына ол туралы жазылған көркем, сын-зерттеу барысы мәселелеріне қатысты 31 пункттен тұратын ескертулер жазыпты. Абайдың афоризмдерін арнайы қарастырып, жалқы жол, егіз жол, 4 жолды деп, оқырмандарға екшеп, ұсыныпты.

Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойының өтуіне байланысты 2020-жыл Абай жылы болып жарияланды. Еліміздің рухани өміріндегі аса бір елеулі оқиғаға айналған осы жылдың басында Қазақстанның

Президенті Қ. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты бағдарламалық сыпаттағы көлемді мақаласы жарияланды. «Ұлттық болмыстың үлгісі», «Мемлекет ісінің мүдделісі», «Жаңа қоғамның жанашыры», «Әлемдік мәдениеттің тұтқасы», «Торқалы тойдың тағлымы» тарауларынан тұратын мақалада Абай әлемі, Абайды тану мәселелерінің өзекті мәселелері хақында ой қозғап, алда тұрған міндеттерге тоқталды. Мемлекет басшысының бұл мақаласы Абай мұрасын бүгінгі күн биігінен талдап бағалаған сын-зерттеу мақалаларының көбірек көрінуіне кең мүмкіндіктер ашты.

2020 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде Абайға қатысты Б.Жүнісбековтің «Ақиқат ұшқыны» (24.01.2020), С.Ақсұңқарұлының «Менің Абайым» (31.01.2020), Н.Жанұзақұлының «Қытай халқы Абайды тани ма?» (14.02.2020), Р.Зәйкенованың «Абайды тану – өзіңді тану» (28.02.2020), Ж.Дәдебаевтың «Абай әлемі нұрланып тұр» (13.03.2020), С.Балғабаевтың «Абай тойы әдебиетімізге не береді?» (13.03.2020), А.Омаровтың «Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!» (20.03.2020), Т.Жұртбайдың «Нені сүйдім дүниеде, неден күйдім» (15.05.2020), А.Әбдімүтәліпқызының «Абай мен Шекспир» (07.08.2020), Б.Жақыптың «Халқына сәуле шашқан жарық жұлдыз» (07.08.2020), С.Қосанның «Абайтанудың елеусіз беттері» (09.10.2020), Р.Алшанның «Абай мұрасы – мәңгілік мұра» (11.09.2020), Е.Аманшаның «Абай және Монтень» (16.10.2020), т. б. мақалалар жарық көрді.

«Жұлдыз» журналында белгілі абайтанушы Тұрсын Жұртбайдың «Білмей мұны жазған жоқ...» (2020, №4, 6), «Абайдың өмірбаяны» (2020, №8,9,10) аталған көлемді зерттеулері жарияланды. Бұл еңбектерден ғылымға журналистика, өлең, проза арқылы келген Тұрсынның Абайға қатысты көп ізденіп, ел ішінен, архивтерден көптеген тың деректер, материалдар тапқандығы, солардың барлығын ой елегінен өткізіп, өзіне ғана тән қолтаңбасымен оқырманға ұсына білгендігі көрінеді. «Жалында» жарық көрген А.Омаровтың «Хакім Абай тағлымы» (2020, №3), «Абай тәлімі – Алла жолында» (2020, №8) мақалаларының да зерттеушілік сыпаты басым.

Ақынның мерейтойына орай, ақынның артында қалған рухани мұрасына бүгінгі күннің биігі тұрғысынан мәтіндік, көркемдік, философиялық талдаулар жасалынып, шығармалары, ол туралы зерттеулер том-том болып, басылып шықты. Бұл ретте ұлттық университеттер жанындағы Абайтану ғылыми-зерттеу институттары айтарлықтай жұмыстар атқарды. Солардың ішінде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары «Абай шығармаларының академиялық жинағын» (3 том) бастырып шығарды. Айтулы дата қарсаңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

жанындағы Абай институтының ғалымдары дайындаған «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» атты көптомдық басылымның 50 том болып жарық көруі айтулы оқиға болды. Сонымен бірге, «Абай ілімін білу, түсіну және қолданудың теориялық негіздері мен тетіктері» атты ғылыми жоба аясында «Абайтану антологиясы» атты 10 томдық дайындалып, баспадан шықты. Осы университет жанындағы «Әлем халықтарының институты» Абайдың «Он томдық шығармалар жинағын» қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жариялады.

Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері профессор М.Мырзахметұлының зерттеу еңбектері «Қазығұрт» баспасынан 2020 жылы 10 том болып шықса, ғылым баспасынан «Абайдың шығыстық әлемі» монографиясы жарық көрді. 2020 жылы Түркиядан «Түрік дүниесінің білгірі Абай Құнанбайұлы» атты ғылыми жинақты құрастыруға Ж.Шойынбет қатысып және ол кітапта М.Мырзахметұлының, Ж.Шойынбеттің, М.Бекбосыновтың Абай туралы жазған мақалалары жарияланды. 2020 жылы Ж.Шойынбеттің «Абайдың қарасөздерінің ерекшеліктері» монографиясы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің баспасынан жарық көрді.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің жанындағы Абай академиясы ғылыми-зерттеу институты-ның ғалымдары 2020 жылы Абайға қатысты 21 кітап шығарды. Атап өтер болсақ, Е.Сыдықовтың «Абай ғұмырнамасы» 1-кітап, «Абай ғұмырнамасы» 2-кітап, Т. Жұртбайдың «Кешегі өткен би Құнанбай», «Білмей мұны жазған жоқ...» 1-кітап, «Білмей мұны жазған жоқ...» 2-кітап, «Ол боламын демендер», «Соқтықпалы соқпақсыз жерде өсті...», С.Негимовтің «Абайдың көркемдік және ғылыми дүниетанымы», С.Қасқабасовтың «Абайға дейінгі және Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті», С.Ыбырайдың «Жарым адамнан толық адамға», Ж.Аймұхамбет пен Б.Ахмердің «Бес асыл іс», Р.Төлеубекова, Е.Жұматаева, Т.Сламбекованың «Абайдың педагогикалық дүниетаны-мы», Ш.Ибраевтың «Абай феномені», Н.Дулатбековтің «Құнанбай Өскенбаев ісі», Ғ.Есімнің «Абай пәлсапасы», З.Кәрімхан мен Е.Тоқтарбайдың «Абай және Алаш», ұжымдық «Абай және қазақ социумы» атты 4 томдық, «Абай және алаш сабақтастығы» тақырыптағы монографиялық зерттеулердің жарық көруі Абай ілімінің әлеумет-тік қырларын аша түсті.

Абай туралы зерттеулер қазақ әдеби ой-пікірін, сын-зерттеушілік әлеуетін биіктете түсті.

Өркім іздегенін табады. Біз 2020-жылғы қазақ әдеби сынының жетіспеушіліктерінен гөрі жетістіктері жағына көбірек назар аудардық. «Жақсы сөз жарым ырыс», - дейді. Біз де игі тілектермен жақсы сөздер айтуға тырыстық.

Қорыта айтқанда, 2020 жылдың әдеби өмірінде сын-зерттеулері мен сыншыл ойларының бүгінгі дәуірдің биік талаптары тұрғысынан көрінуге ұмтылып, біршама жетістіктерге жеткендігін, ұлттық әдебиетіміздің жаңа заманға лайық дами түсуіне айтарлықтай септігін тигізгенін атап айтамыз.

«Қазақ әдбиеті» газеті,  
03.12.2021

**Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ,**  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор

### 2021 ЖЫЛҒЫ ӘДЕБИ СЫН



Әдебиет туралы қазақ әдебиеттануында неше алуан сындарлы сөздер айтылды. Мұхаметжан Қаратаевтан кешегі Сағат Әшімбаевқа дейін небір ордалы ойлар, құнды қағидалар қалыптасты. Әдеби сын көркем әдебиеттің заманауи үде-рісінің ғана емес, соны-мен қатар қоғамдық сананың да қозғаушысы екені туралы сол қағидалардың сілемі бүгінге дейін жетті.

Кешегі өткен абыздарымыз көркем әдебиетті халықтың абыройы, ақыл-ойы, ардың ісі ретінде насихаттады. Алдыңғыларға қарап кейінгілер де әдебиеттанудың үш саласы - әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сыны – үшеуі бірдей көркем әдебиеттің осындай ұлттық әрі мен нәрін ардақтайды, қорғайды, сақтайды, насихаттайды деп білдік.

XX ғасырдың екінші жартысында әдебиеттанудың осы үш саласының үшеуі де қарыштап дамып, биік белеске шықты. Әдебиеттің тарихын зерттеуші, теориясын танушы, сынын саралаушы кәсіби шығармашылық тұлғалар легі қалып-тасты. Ақын, жазушылардың, әдебиет сыншыларының кітаптарын, Жазушылар одағының «Жұлдызы» мен «Қазақ әдебиетін» ауылдың жұмысшылары мен құм қойнауын-дағы қойшыларына дейін қойнына тығып жүріп басынан аяғына дейін, көлемді әдеби сыннан жекелеген



кітаптар туралы шағын рецензияларға дейін оқығанын, оқып қана қоймай, парасатты пікірін айтқанын көрдік.

Бүгінде әдебиеттану жаңғырды. Әдебиеттің тарихы, әдебиеттің теориясы, әдебиеттің сыны саласындағы жаңғыру бұлардың әрқайсысының табиғатына жаңа леп берді, бұлардың талдау, жинақтау, бағалау құралдарында ортақ белгілер белең ала бастады. Әдебиет тарихы саласындағы еңбектерде әдебиеттің сыны мен теориясының амал-тәсілдері, құралдары қолданылса, әдебиеттің сынында көркем әдебиеттің өзінің де, әдебиеттің тарихы мен теориясының да өлшемдері мен үлгілері, саздары мен сарындары көрініс тапты. Әдебиеттану ғылымы құрамындағы басты үш саланың мақсаттары арасындағы бірлік нығая түсті. Үшеуі де әдебиетті, сөз өнерін көркемдік-эстетикалық, ғылыми-көпшілік сипатта насихаттауға, тану мен танытуға қызмет етуде. Көркем әдебиет пен әдеби сынның тоғысы толыса түсті: сынның образды, бейнелі, суретті сипаты, эсседей есіліп тұруы немесе теориялық жинақтауға бейім жазылуы шығармашылық ойлаудағы көп қырлы, көп деңгейлі кеңістіктің қалыптасуына алып келді.

Бүгінгі әдеби үдерісті қазіргі қоғамдық санадағы рухани құндылықтар тұрғысынан тұтас қамтып, терең талдап, жинақтаумен қатар көркем әдебиеттің алдағы асуларына бастайтын сара ойлар, құнды қағидалар жүйесін ұсыну қазіргі әдеби сын үшін оңай болмай тұрғаны рас. Дегенмен өткен 2021 жылдың әдеби сынында біршама жетістіктер бар. Мерзімді баспасөз беттерінде, жекелеген жинақтарда, әдебиеттанушылар мен әдебиет сыншыларының сын кітаптарында қазіргі әдебиеттің өзекті мәселелері бойынша маңызды талдаулар мен бағалауларға қол жетті. Әдеби сын соны серпін, қарымды қарқын тапқандай сипат аңғартты, көркемдік-эстетикалық және ғылыми-танымдық негізі нығая түсті.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде Жазушылар одағының «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби сынға елеулі орын берілді. «Жұлдызда» заманауи әдебиеттің түрлі мәселелері көтеріліп, әдеби сын өзінің белсенділігін тиісті деңгейде танытты. Жекелеген шығармалар туралы рецензия үлгісіндегі, проблемалық сипаттағы, шығармашылық портрет ыңғайындағы ойлар мен пікірлер, мақалалар қазіргі әдебиеттің, қазіргі әдеби үдерістің бағыт-бағдарын, жаңа тыныс-лебін танытуға лайықты үлес қосты. Сонымен қатар жазушының жан сырын аңғартатын эссе үлгісіндегі сындарлы толғамдар да болды. Бұл орайда Софы Сматаевтың бес ойы (26.06.2021), Серік Ақсұңқарұлының «Барыс жылы туған асау балықпын...» (03.03.2021) ғұмырнамалық эссесі шығарма-шылық өмір сыры мен шығармашылық ойлау қырларын тануға талпынған жастар үшін ғибратты. Нұрсұлтан Мықтыбай

«Сергек ой, серпінді сөздің ұстасы» (22.06.2021) мақаласында Ақұштап Бақтыгерееваның көсем сөз жанрындағы тереңдігі мен кемелдігі жайын жақсы көрсетті. Нұрлан Сәрсенбаевтың «Мұқағали «Күнделігіне» зер салғанда...» мақаласы сыршыл сипатымен, ой дамыту жүйесінің айқындығымен ерекшеленді. Сәулебек Жамкеновтің «Тұрсынның тұлпары» (16.08.2021) мақаласының мазмұны бай, оқырмандар талғамына лайықты.

«Қазақ әдебиетінде» жарияланған әдеби сын үлгілерінің саны да, жалпы көлемі де аз емес, жанрлық түр жағынан да әралуан. Жаңабек Шағатайдың бүгінгі проза жайында (02.12.2021), Болат Жүнісбековтің деректі проза туралы (02.12.2021), Дандай Ысқақұлының әдеби сын хақында (03.12.2021) жазған шолу мақалалары мәліметтерге, деректерге бай болуымен, оқырмандар үшін мол мағлұматтар беруімен бағалы. Әдебиеттанушы, ғалым-сыншы Әлмира Қали «Тәуелсіздік романы» (12.03.2021), «Думан Рамазанның әңгімелері» (12.11.2021) мақалала-рында кәсіби біліктілігімен, талдау мен талғаудағы мәнерлі машығымен, жазушының суреткерлік даралығына деген ілтифатымен, ғылыми және көркемдік ойлау қуатының тазалығымен ерекшеленді. Дидар Амантай Таласбек Әсемқұловтың «Тал түс» романы туралы толғауында, Қуанышбай Құрманғали Бексұлтан Нұржеке-ұлының көркемдік, эстетикалық және тарихи болжамдары мен толғамдары, қисындары мен қағидалары, тұжырымдары туралы кең құлашты қарыштауларға барған. Мақсат Тәж-Мұрат «Талант табиғаты» эссесінде жазушы Серік Асылбекұлының шығармашылығы туралы ойларын ғылым мен өнердің, әдебиет пен әдебиеттанудың, сын мен сырдың тоғысқан тұсында толғаған. Темірхан Медетбек «Сертке берік мәрт ақындар» мақаласында Светқали Нұржан мен Сабыр Адайдың ақындық әлемі, дарын даралығы туралы ойларын ыстық ықыласпен, ойын сезімге бөлеп, сезімін оймен байытып ұсынған.

«Қазақ әдебиеті» әдеби сынды, сындарлы ойды бағыттау, тіпті басқару мақсатында бірқатар жаңа түр, жаңа тәсіл, жаңа үлгі қалыптастырды. Солардың бірі – «Алқа отырысы». 2021 жылғы наурыз мейрамы тұсында өткен Алқа отырысында (06.03.2021) жазушы еңбегі, жазудың сыры мен сипатына қатысты зәру мәселелер талқыланды. Оған әртүрлі жанрда жазатын қаламгер қыз-келіншектердің түрлі буын өкілдері қатысты: Ақұштап Бақтыгереева, Ханбибі Есенқарақызы, Ділдар Мамырбаева, Сәуле Досжан, Роза Мұқанова, Жадыра Шамұратова, Анар Қабдуллина, Аягүл Мантай, Жадыра Байбұланова. Алқа отырысын Мөлдір Райымбекова жүргізген. Алқа отыры-сында жазушының шығармашылық өмірі мен еңбегі жайындағы сындарлы сұрақтар төңірегінде ғылым және шығармашылық тәжірибе үшін маңызы жоғары ойлар мен сырлар

айтылған.

Газет редакциясы есімдері енді таныла бастаған үш жас автордың қазақ әдебиетін үш жаңа романмен байытқанын байқап, олармен тікелей хабарласады. «Параллель» романының авторы Әлішер Рахатқа, «Ай қызы» романының авторы Темірлан Қылышбекке, «Тәнсіз гүлдер» романының авторы Нұрбек Нұржанұлына романдарының қалай жазылғаны, қандай жағдайда жазылғаны, қандай тақырыпты көтергені туралы сұрақтар қойып, олардың әрқайсысының ойларын білген. Жас қаламгерлердің ізденісі мен талпыныстарына сүйсінген. Қазақ әдебиетінің жаңа толқын өкілдеріне сәттілік тілеген.

«Қазақ әдебиеті» газетінің әдебиет үдерісін, әдеби шығарманы насихаттау мақсатында ойлап тапқан мұндай жаңа тәсілдері шығармашылық тұлғалар үшін, әдебиет пен әдеби сын үшін, әдебиет оқырмандары үшін пайдалы, игілікті.

Қазақ әдебиетін, қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының шығармашылығын насихаттауға еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанда», сондай-ақ «Ана тілі», «Түркістан» газеттерінде, «Ақиқат», «Үркер», «Жалын», «Мұқағали» журналдарында лайықты көңіл бөлінді.

«Мұқағали» журналында жарияланған мақлалардың, ойлар мен толғаныстардың тобында қазіргі ақындық ойға леп беретін, әдебиет сүйер көпшіліктің көңілін баурайтын бірнеше еңбекті атап өткенді дұрыс көрдік. Олар мынадай: Ұлықбек Есдәулеттің «Кумирлер өлмейді». Америкада шыққан «Selected Poetru of Mukagali» атты кітаптың алғысөзі (№ 1, 2021); Нұргелді Уәлидің «Мақатаевтың этикалық құндылықтары» (№ 4, 2021); Айгүл Әмірбекованың «Мақатаевтың эстетикалық әлемі» (№ 4, 2021); Гүлжаһан Снасапованың «Мақатаевтың поэтикалық әлемі» (№ 4, 2021); Амангелді Кеңшіліктің «Құбылыс» (№ 5, 2021); Сәмен Құлбарақтың «Ұлылар үндестігі» (№5, 2021); Бекен Ыбырайымның «Ой сәулесі» (№ 6, 2021); Жанат Әскербекованың «Мақатаев поэтологиясы немесе өлеңдегі өлең мен ақын» (№ 6, 2021) мақалалары. Бұл топтағы авторлар - әдебиет пен әдебиеттанудың әдеби сынның қалыптасқан көрнекті тұлғалары, олардың Мұқағали шығармашылығын эстетикалық қабылдаудағы деңгейі биік, ой толғап, пікір негіздеудегі тереңдігі мен шеберлігі кемел. Көпшіліктің танымын тереңдетіп, эстетикалық талғамын алға бастайтын сындарлы сынның осындай үлгісін қабылдау – «Мұқағали» журналының елеулі жетістігі.

«Ақиқат» журналындағы Мархабат Байғұттың Жанболат Аупбаевтың қаламгерлігі туралы «Неткен ғажап бұл әлем!» (20.12.2021), Жанар Қабдрахманқызы мен Арсен Талғатұлының Рахымжан Отарбаев шығармашылығы туралы «Стилист қаламгер» (20.12.2021) мақалалары мен өткен дәуірдің ірі тұлғаларының

шығармашылығы мен бүгінгі күннің өзекті мәселелерін өзектес өрген Сәмен Құлбарақтың М.Әуезов дәстүрі мен сыр бойы тарихи романын парықтауы, Тұрсын Сыдықовтың Абай шығармашылығына арнаған төрт мақаласы, Дандай Ысқақұлының рухани қайнардың көзін зерделеген үш мақаласы, Раушан Әбдіқұлованың - Абай мен Шәкірім шығармашылығындағы сабақтастық, Нұрлан Сәрсенбаев-тың - Мұқағали шығармашылығы, Дина Әлкебаеваның Мағжан поэтикасы пайымдауларындағы кәсіби ұстаным-дардың жүйесі үлкен жүк көтеріп тұр.

Электронды басылымдардың қатарында Қаламгер.кз <https://qalamger.kz/> әдеби-танымдық порталында жарияланған әдеби сын мақалалардың көркемдік-эстетикалық, танымдық мәні мен маңызын арнайы атап өтуді дұрыс көремін. 2021 жылы жарияланған мақалалардың тобында Әуезхан Қодардың «Мағжан және орыс символизмі» (2021-11-02), «Хайдеггер мен Қорқыт» (2021-10-16), «Өтежан мен Гомер» (2021-05-25) мақалалары автордың ойлау кеңістігінің кеңдігімен, талдау мәнерінің кемелдігімен, қисындарының негізділігімен дараланды. Маралтай ақынның ақындығы туралы Несіпбек Дәутайұлының «Қанатының астына маржан тағып...» мақаласы анық та айқын шыншылдығымен, тебіреністі сыршылдығымен бағалы. Мақала авторы Маралтай туралы: «Әлей ақын. Құйма талант. Сұңғыла суреткер. Поэзияның сирек мүсіншісінің бірі. Мәрт», - дейді және осы пікірлерінің әрқайсысын нақты талдаулар өзегінен өріп шығарады.

Әлібек Асқаровтың жазушылық өнері туралы Құлбек Ергөбектің («Алтай жыршысы»), Мұхтар Мағауиннің жаңа прозасының алтын өзегі жайында Ақеділ Тойшанұлының мақалалары - құрылымдық бітімі келісті, мазмұндық-мағыналық болмысы баянды, сындарлы сынның үлгісі.

Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс» романының басты идеясын ашуға арналған Анар Кабдуллинаның, Жарасқан Әбдірашовтың поэтикасын парықтаған Сәмен Құлбарақтың мақалалары, Асқар Сүлейменов һәм 60-жылғылар туралы Ақжол Қалшабектің толғанысы өткен қаламгерлердің шығармашылық мұрасын бүгінгі әдеби үдеріспен шектес саралауымен маңызды.

2021 жылы әдеби сында сындарлы пайымдау мен ғылыми зерделеу ұстанымдары ұштасып жатқан бірнеше еңбек жарық көрді. Солардың ішінен мынадай бірнешеуін көрсеткім келеді:

1) Құлбек Ергөбек. Адамның бір қызығы бала деген... Қазақ балалар әдебиеті мәселелері. – Нұр-Сұлтан: «Big Dream» баспасы, 2021. – 428 бет (34, 5 б.т.).

2) Гүзия Пірәлі. Қазақтың қаламгер қыздары. – Алматы: «Қоңыр» баспасы, 2021. – 342 бет (21, 5 б.т.).

3) Сәмен Құлбарақ. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ТОО Лантар Трейд, 2021. – 308 бет.

4) Сәмен Құлбарақ. Әдеби бейне және оның жасалу жолдары. – Алматы: ТОО Лантар Трейд, 2021. – 91 бет.

5) Қазіргі қазақ әдебиеті / Авторлар ұжымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 353 бет ( 22 б.т.).

6) Жүсіпбек Қорғасбек. Қыш адам: Әдеби эсселер мен өмірбаяндық хикаяттар / Жүсіпбек Қорғасбек. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2021. – 240 бет (15 б.т.).

7) Армиябек Сағындықұлы. Қиялдың көркем көкжиегі. Сын мақалалар / Армиябек Сағындықұлы. – Алматы: «Әдебиет» баспа үйі, 2021. – 504 бет (31, 5 б.т.).

2021 жылы әдебиет мәселелері туралы жазылып, түрлі баспалардан шыққан көп кітаптың ішінде біздің көзіміз түсіп, көңіліміз тоқтағаны – осы жеті кітап. Осы жеті жақсының ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша жарық көргені – Құлбек Ергөбек пен Жүсіпбек Қорғасбектің кітаптары. Аталған жеті кітаптың тақырыптық аясы айқын, жанрлық саласы анық, талдау, жинақтау, бағалау стилі сара.

Құлбек Ергөбектің кітабы бірнеше бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде автор қазіргі балалар поэзиясының а) бесік жыры, ә) тақпақ, б) жұмбақ сияқты түрлерін даралап, олардың әрқайсысына нақты сипаттама береді, таңдамалы үлгілері негізінде тиянақты, тағылымды талдаулар жасайды. Кітаптың екінші бөлімінде Өтебай Тұрманжанов, Бердібек Соқпақбаев, Қалмақан Әбдіқадыров, Мұзафар Әлімбаев, Әнуарбек Дүйсенбиев, Жақан Смақов, Мүбәрәк Жаманбаев, Қастек Баянбаев, Нұрсұлтан Әлімқұлов, Жәнібек Кәрбозин, Танаш Дәуренбеков, Совет Әлімқұлов, Молдахмет Қаназ сияқты қаламгерлердің оқырмандарына үлгі боларлық, тәлім-тәрбие, тағылым берерлік шығармаларын талдап, олардың шығармашылық даралығын, шеберлігін ашады. Кітаптың «Балалар әдебиетінің бақшасында» деп аталатын үшінші бөлімінде балалар әдебиетінің бірқатар өзекті мәселелері пайымдалған: 1) «Балдырған» журналының бір жылдық тәжірибесіндегі жетістіктер жинақталды; 2) «Жалын» журналында жас авторлардың жастарға арнап жазған шығармалары туралы сыни ойларын ортаға салды; 3) балалар әдебиетінің жанрлық құрамы, балаларға арналған поэма жайы сарапталды; халық аңыздарына негізделген 4) поэмалардың, 5) ертегілердің көркемдік, тәрбиелік, танымдық мәні арнайы қарастырылды; балалар әдебиетіндегі 6) сатиралық жанр түрлері, 7) фантастикалық жанр жағдайы, 8) балалар әдебиетіндегі кейіпкер тұлғасы сарапталды.

Автор қазақ балалар әдебиетінің қалыптасу, даму жолдарын саралап, қазіргі ахуалын бағалады, келешектегі өсу, өркендеу бағыттарын

барлады. Балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық жетістіктерін көрсетті, жетпей, жетіспей жатқан жайларына да назар аударды. Қайбір авторлардың шығармашылық өміріндегі бүгінгі заман адамдарының көбіне белгісіз, ашылмай жатқан, танымдық, тағылымдық маңызы үлкен деректер мен мәліметтерді қорытты.

Сыншының талдаулары заманауи әдеби үдеріске негізделеді. Ойлары нақты талдаудан өріліп шығады.

Гүлзия Жайлауқызының «Қазақтың қаламгер қыздары» кітабы екі бөлімнен тұрады. «Парасатты проза» бөлімі Нәзипа Құлжанованың (1887-1934) шығармашылық өмір жолынан басталып, Шәрбану Құмарова, Зейнеп Ахметова, Шәрбану Бейсенова, Мағира Қожахметова, Жұмагүл Солтиева, Сәуле Досжан, Роза Мұқанова, Айгүл Кемелбаева, Ділдар Мамырбаева, Лира Қоныс, Мәдина Омарова, Мағрифа Жылқыбаева мен Шарафат Жылқыбаева, Ұлбосын Айтөлен секілді қаламгер қыздардың шығармашылық портреттеріне жалғасқан. Кітаптың «Поэзия поэтикасы» атты екінші бөлімінде Қанипа Бұғыбаева, Раушан Асанқызы, Оңайгүл Тұржан, Қымбат Әбілдақызы, Шәмшия Жұбатова, Баян Бекетова сияқты бір топ ақын қыздардың өнері сипатталып, олардың ақындық әлемі сараланған. Автор әдеби сын, әдебиеттану саласында Әмина Құрманғалиқызы, Әлия Бөпежанова, Қанипаш Мәдібаева, Ләйла Мұсалы қатарлы тұлғалардың сынау, талдау, бағалау үлгілеріндегі ерекшеліктерді саралаған.

Автор бұған дейінгі бір кітабында қазақтың ғалым қыздарының шығармашылық портреттерінің бүтін бір галереясын жасаған болатын. Онда Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова, Шәмшиябану Сәтбаева, Рәбиға Сыздықова, Майя Бағызбаева, Үшкілтай Субханбердина, Алма Қыраубаева, Сара Күзембаева, Асылы Осман сынды тұлғалардың шығармашылық өмір жолы сараланып, олардың ғылыми келбеттері келісті көрініс тапқан еді. Осы еңбектерінің тобымен Гүлзия Пірәлі қазақ әдебиеттануы мен әдеби сынында үлкен іс атқарып, білім мен ғылым, әдебиет пен әдебиеттану, әдеби сын қазынасына ел үшін игілікті үлес салды.

Сәмен Құлбарактың «Уақыт және әдебиет» (2021), «Әдеби бейне және оның жасалу жолдары» (2021) кітаптарында автордың қазіргі әдебиеттің көркемдік ізденістері мен көкейкесті мәселелеріне қатысты әдеби зерттеулер мен сын мақалалары топтастырылған. Зейнолла Шүкіров, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза, Жарасқан Әбдірашев, Несіпбек Дәутаев, Қуаныш Жиенбай т.б. шығармашылығы дәстүр және жалғастық жүйесінде пайымдалып, қазіргі әдеби үдеріс бағыты, соны көркемдік ізденіс бағдары парықталды.

Авторлар ұжымының «Қазіргі қазақ әдебиеті» кітабы да әдеби сын-

ның байырғы сыры мен қазіргі қырларын сақтай отырып, заманауи әдебиеттің, әдеби шығарманың, әдеби үдерістің, шығармашылық тұлғаның табиғатын заман лебімен, уақыт талабымен бірлікте ашқан. Ұжымдық кітаптың авторларының құрамы мынадай: Жанғара Дәдебаев, Дандай Ысқақ, Қанипаш Мәдібаева, Гүлзия Пірәлі, Әлмира Қалиева, Еркінгүл Солтанаева, Ләйла Мұсалы. Кітапта қазіргі қазақ әдебиетінің барлық салалары бойынша жан-жақты талдаулар жасалған. Кітапта тәуелсіздік кезеңінің әдебиеті мынадай жеті сала бойынша сарапталған: 1) поэзия, 2) проза, 3) драматургия, 4) балалар әдебиеті, 5) әдеби-көркем сын, 6) көркем тәржіме жайы, 7) әдебиеттану. «Қазіргі қазақ әдебиеті» – 2021 жылғы қазақ әдебиеттануының, оның ішінде әдеби сынның үлкен нәтижесі.

Кітаптың жеті бөлімнің үшеуінен үзінділер алынып, Абай институтының вебсайтында жарияланды. Солардың ішінде ақындардың бірнешеуінің шығармашылық портреттерінен бейнекөрініс ұсындық.

Жүсіпбек Қорғасбектің «Қыш адамы» «Әдеби эсселер мен өмірбаяндық хикаяттар» деген жанрлық айқындауышпен нақтыланған. «Өмірбаяндық хикаяттар» дегенге қарап, бұл кітаптың жанры көркем проза болар ма деп ойланып қалуға болады. Кітаптың жанрлық айқындауышы ретінде берілген «әдеби эссе» сөзі де, «өмірбаяндық хикаяттар» тіркесі де өз орнында қолданылған. Кітапқа енген оннан астам эссе мен хикаяттың соңғысы дәстүрлі мағынадағы хикаят жанрында жазылғанда, қалғандары - әдеби эссе, әдеби-өмірбаяндық хикаят. Әдеби эссе, өмірбаяндық хикаяттар қатарында дәстүрлі үлгідегі әдеби сын да бар. Автор әдеби шығармашылықтың сынын, шығармашылық тұлғаның сырын талдау мен жинақтау, пайымдау мен парықтау, саралау мен бағалау сияқты ойлау әрекеттері арқылы ғана емес, бейнелеу, суреттеу амалдары арқылы да танытады. Сондықтан да автордың сыны әдеби эсседей, әдеби-өмірбаяндық хикаяттай жібектей есіледі, сыр болып қалқып, сезім болып шалқитыны да бар, ойды қозғап ойландыратын, сезімді тербеп толғандыратын жайы да бар.

«Қыш адам» - әдеби шығарма, шығармашылық еңбек, шығармашылық ойлау, шығармашылық тұлға болмысы туралы нұрлы әрі сырлы толғаныс, әдеби сын, әдеби эссе үлгісіндегі жаңа ізденіс нәтижесі.

Армиябек Сағындықұлының «Қиялдың көркем көкжиегі» кітабында Қабдеш Жұмаділов шығармашылығы (2011), Мағаз Разданұлының өмірі мен өлеңдері (1988), Жақсылық Сәмитұлының өмірі мен шығармашылығы (2011) туралы мақалалары – әдеби сынның сындарлы үлгілерінің қатарына жатады. Автордың мақалалары талдау нысанының нақтылығымен, ойларының негізділігімен, талдау

және баяндау мәнерінің анықтығымен ерекшеленеді. Асылы, шетелдегі қазақ әдебиетінің қазіргі жайы, қазіргі әдеби даму үдерісі туралы әдеби сынға кең өріс беруіміз орынды болмақ. Армиябек Сағындықұлының кәсіби жоғары деңгейін, мүмкіншіліктерін пайдаланып, оған осындай шығармашылық ұсыныс жасауды қисынды көреміз.

Әдебиет сыны саласында 2021 жылы жарық көрген кітаптардың тобынан таңдалып алынған және арнайы сипатталған жеті кітап – жыл қорытындысы аясындағы елеулі жетістік.

2021 жылғы әдеби сын жанрлық құрамы, стильдік қырлары, танымдық байлығы, көпшіліктің қабылдауына әсерлі болуы, қоғамның көркемдік-эстетикалық сұраныстарына сай келуі жағынан бір қалыпты даму үстінде.

Орны толмай тұрған олқылықтарымыз да бар. Олардың бастысы – әдебиет сыншыларының жаңа буынын қалыптастыруға қажетті жағдайдың жайсыздығы.

Жазушылар одағының жыл қорытындысын жасау тәжірибесі туралы мына жайға назар аударуды ұсынамын: жыл қорытындысында жанрлар бойынша баяндама жасайтын қаламгерлерді анықтаудың қалыптасқан тәртібін өзгерту орынды болмақ. Бүгінде проза бойынша баяндаманы – жазушы, поэзия бойынша баяндаманы – ақын, сын бойынша баяндаманы сыншы, драма бойынша баяндаманы – драматург т.т. жасайды. Осы үрдісті өзгертіп, жыл қорытындысында жанрлар бойынша жасалатын баяндамаларды, негізінен, сыншылар, әдебиеттанушылар жасауы орынды болар деп ойлаймын. Бұлай етудің сыншылар легінің қалыптасуына аз да болса әсері бар. Ұсыныс ыңғайында әдеби сынның мынадай жанрлық түрлеріне баса назар аударуды дұрыс көрміз:

Әдеби үдерістің іргелі мәселелерін қоғамдық сананың қазіргі даму ерекшеліктерімен өзектес өретін өзекті мақалалардың жазылуы мен жариялануын ұдайы назарда ұстау;

Жаңа кітаптар туралы рецензиялардың дер кезінде жариялануы.

Өндірістік сипатта мынадай бір ұсынысым бар:

«Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінің PDF нұсқаларын вебсайтқа еш өзгеріссіз салып, тұтынушылардың оларға жазылуына мүмкіндік беру.

18.05.2022



**Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,**  
филология ғылымының докторы  
профессор

**ҚАЛАМ ҰШЫНДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАҒДЫРЫ...**  
(2022 жылдың әдеби сыны)

Өткен жылы бірнеше елеулі әдеби-сын және әдеби-танымдық



кітаптар жарық көріпті. Соның бірі – абайтанушы, әдебиет сыншысы Ғарифолла Есімнің «Мұң» деп аталатын кітабы. Бұл жинаққа автордың көркемдік пәлсафалық толғаулары, әдебиет туралы көркем эсселері және әдеби портреттері еніпті.

Мұң – дүниетанымдық, пәлсафалық, мазмұндық және көркемдік, метафоралық тұрғыдан талдауға болатын күрделі ұғым. Мұң – әлем, жаратылыс, адамның тағдыры, ғұмыры. Мұң – жанды құбылыс. Осынау метака-

тегорияны автор көркем туындының бітім, болмысын тануға, таразылауға ұтымды пайдаланыпты. Ғарифолла Есімнің соңғы жылдардағы пассионарлық ізденістерінің бірі десем қателеспеймін. Кітаптағы «Абай мұңы туралы», «Жүмекен мұңы», «Адам дағдарысы: Шыңғыс Айтматов», «Адам дағдарысы: Иван Бунин», «Лев Толстой мұңы», «Экзистенция – мұң түрі» атты мақалаларын ерекше бөліп айтар едім.

1895 жылы басталып, 1905 жылы аяқталған Лев Толстойдың күнделіктеріндегі жазбаларына ой көзімен үңілген. Жалпы шығармашылық еңбек, оның адам жанын тазартатын күдіреті, ақындық өнер, адам пенденің жер бетіндегі қиямет ғұмыры туралы әдеби толғаулары Толстой күнделігіндегі астарлы жолдармен терең

сабақтасады.

Автор өз еңбегін «еркін ізденіс» әдісімен жазғанын ескертіпті. Бір жанрдың ғана шекарасымен шектелмеген. Онда қаламгердің эссе жанрының, әдеби портрет жасаудың мол мүмкіндіктерін пайдаланып, қысқа, мағынасы өте терең афоризмдерді, көркемдік метафораларды ұтымды пайдаланғанын байқаймыз.

Келесі кітап – әдебиет сыншысы, жазушы Бекен Ыбырайымның «XX ғасырдағы қазақ поэзиясы» атты еңбегі. Жиырмасыншы ғасыр – тек қана қазақ поэзиясы үшін ғана емес, жалпы тұтас қазақ әдебиеті мен өнері үшін де маңызды тарихи кезең болды. Бұл тұста қазақ поэзиясына зор ықпал еткен саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдени құбылыстар сан алуан. Соған сәйкес аталған кезеңдегі әдеби үрдіс те күрделі де қайшылықты көркемдік ізденістер мол. Осы мәселелерге терең үңілген, терең тарихи-әлеуметтік талдаулар жасаған сыншы-ғалым тың, толымды түйіндеулерін ұсынады. Бүгінгі көтерілген биігімізден бағалайды.

Бұл зерттеуде қазақ поэзиясының 1920 жылдан бастап 60-жылдарға дейінгі аралықтағы өзіндік сипаттары байыпталды. Бірінші бөлімде 1920-1956-шы жылдардағы қазақ лирикасы сөз болады. Екінші бөлімде отызыншы жылдардағы қазақ поэмалары қарастырылады. Үшінші бөлім тұтастай қазақтың көрнекті ақындары Ғ. Орманов, И. Байзақов, Қ.Аманжолов, С.Мәуленов, Жұбан Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, М.Мақатаев, М.Шаханов, Ж.Әбдірашев, Ғ.Салықбай, Керім Елемес шығармашылығына арналыпты. Автордың ұзақ жылдар үзбей ізденіп, тиянақтап жүргізген әдеби, ғылыми ізденістері жақсы нәтижеге қол жеткізіпті. Бүгінгі көзбен ұлан-ғайыр қазақ поэзиясының жүріп өткен жолын саралап шығу, бағалап шығу оңай емес.

Әдебиет сыншысы, зерделі қаламгер Әмірхан Меңдекенің екі еңбегі қолыма тиді. Бірі – «Жалғыздық сені қайтейін...» атты әр жылдары жарық көрген таңдаулы мақалаларының жинағы. Екіншісі – «Тіліңді әулие тұт, сөзіңді - пір» деп аталатын қазіргі әлемдік жаһандану мен жабайы нарық заманындағы ұлт тағдырына, ұлттық тілімізге, ұлттық тарихымызға, ұлттық әдебиетіміз бен өнерімізге қатысты ділгір мәселелерді арқау еткен толғауларын топтастырған жинағы.

Екі кітаптың да тұщымды дүниелері мол екен. Оқырманға әрдайым ой тастай сөйлейтін қаламгердің өзіндік қолтаңбасы, ешкімді қайталамайтын қалыптасқан стилі бұл еңбектерден де анық аңғарылады.

Кітаптағы «Мұхтар Әуезовтің «Қаралы сұлуы», «Жалғыздық сені қайтейін...», «Менің Темағам» атты көлемді талдау мақалаларын ерекше бөліп айтар едім. Өткен жылы ғана жүз жиырма бес жылдығын бүкіл әлем болып атап өткен Мұхтар Әуезовтің әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясынан коммунистік цензура қысқартып

тастаған бір сөйлемнің тарихын тарата айту арқылы автор ұлы суреткердің тағдырындағы көп түйткілдердің астарына үңіледі.

Жазушының ой азабы мен жан азабын қалайша қатар арқалағанын, қиямет қайымда ғайыптан аман қалғанын өзгеше өрбітеді. Отызыншы жылдары бір рет, елуінші жылдардың басында екінші рет Әуезовке жасалған қиянат, түрме, қайта қудалау, қызғаныш, қастандық, барлық азапты жылдары заман шындығы мен сол тұстағы қазақ әдебиетінің ахуалы айналасында сөз болады.

Шынайы суреткерлер Ғабит Мүсіреповтің, Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын да қатар тілге тиек ететін әдебиет сыншысы тарихымызда орын алған осынау құбылыстың қоғамдық, адами, әлеуметтік салмағын таразы басына салады. Тереңіне үңіледі.

Дарынсыздар мен талантсыздардың талауына түскен ұлы Мұханның тағдыры неге солай болды? деп сұрақ қояды. Ақын Темірхан Медетбектің Махамбет тағдырын толғау арқылы бүгінгі күніміздің бет-пердесін ашатын толғақты өлеңінің поэтикалық қуатын да дәл аңғарыпты. Осы бағыттағы, яғни терең әлеуметтік талдауға құрылған сүйекті дүниелерді екінші кітабынан да оқыдық. «Ұлтбездерлік», «Өз анамды өз қолыммен бауыздап өлтірдім!», «Көрмейін десем көзім бар», «Кімді алдап жүрміз!», «Тіліңді әулие тұт, сөзіңді – пір» атты сүбелі мақалаларды туған әдебиетімізге қатысы жоқ деп айта алмайсыз. Қаламгердің иін қандыра айтатын пікірлеріне айызың қанады.

Сөз өнерінің серті мен дертін түбірінен қаузап, талдай білетін, ащы шындықты бүркемелемей аршып айта алатын, соны төгілтіп ақ қағазға түсіруді қаламына дарытқан әдебиет сыншысының осынау екі кітабы да жылдың олжасы болды десем артық емес.

Ал енді Әмірхан Меңдекенің қазақтың ұлтсыздануына қатысты жазған мақалалар сериясын таратып айтуға уақыт тар болғандықтан, кітабын алып оқуға ұсыныс берер едім. Өкінбейсіздер...

Келесі кітаптың авторы – ақын, ғалым Бауыржан Жақып. Әдеби-сын, әдеби шығармашылық портреттер, эсселері енген еңбегін «Жүректен қозғайын» деп атапты. Бұл кітаптың ішіне кірген, әр жылдары жазылған мақалаларында автор туған әдебиетіміздің әралуан тақырыбын түгелдей қамтыған. Уақыт тынысын тап басып тани алғандықтан, бұл дүниелер де тереңдігімен, өзектілігімен назар аудартады.

Тақырып арқауына өзек болатын ақын, жазушылардың есімін санамалап шыққанның өзінде аталған кітаптың ауқымдылығы мен көркемдік көкжиегін аңғаруға болады. Абай, Ахмет Байтұрсынов пен Мұхтар Әуезов, Лияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сүйінбай, Жамбыл мен Кенен, Үмбетәлі, Қасым Аманжолов, Әбділдә Тәжібаев, Сафуан Шаймерденов, Қадыр Мырзалиев, Төлеген Айбергенов,

Мұқағали Мақатаев, Жұматай Жақыпбаев, Ұлықбек Есдәулет, Нұрлан Мәукенұлы, Маралтай Райымбекке дейінгі қазақ әдебиетінің ұзына тарихын санамалап, бүгінгі уақыт мінберінен бағалап, бағамдап, талдап, кестелеп шыққан әрбір мақаланың рухани-танымдық әрі көркемдік құндылығын айрықша бөліп айтуға болады. Қазақ поэзиясында орны бар, қолтаңбасы қалған бірде-бір ақын сыншы назарынан тыс қалмаған.

Кітаптан орын алған «Халқына сәуле шашқан жарық жұлдыз», «Ахмет пен Мұхтар», «Ілиястың ақындығы», «Арманда кеткен есіл ақын», «Өмірі өлеңге, өлеңі өмірге айналған ақын», «Сөйлейді сенің тілінде барлық құс біткен...», «Сендей саңлақ өмірге келер ме екен қайтадан...» атты әдеби-талдау мақалаларды автор жүрек нұрына, жан жылуына орап жазған екен. Терең толғаныстан туғандықтан оларды тебіренбей оқу мүмкін емес.

Бір жетсе, менің ажалым жетеді,  
Найзағай оттарынан,  
Сатқындар оқтарынан,  
Өйткені мен теңіз боп ақтарылам...  
Өле берсін күншілдер  
күйігінде,

Өз ғасырым өзімнің иінімде.  
Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты,  
Мен өлемін өзімнің биігімде.

«Бұл – шын ақынның шындық алдындағы шырқыраған жан дауысы» деп түйіндейді бір мақаласын. Мұқағали Мақатаев пен Төлеген Айбергеновті қатар алып талдайды. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр кешкен қазақтың дарынды қос ақынын өз өлеңдерін сөйлете отырып, оқырманға ой тастайды. Шығарманың өзін сөйлете отырып, көркемдік құндылығын дәл тауып айту – Бауыржанның қаламына дарыған. Шығарманың тереңіне үңіліп, дәнін, нәрін ажыратып талдау шеберлігі бүгінгі әдеби сынға ауадай қажет-ақ. Осыны автор дәлелдепті. Түйіндей айтқанда Бауыржан Жақыптың кітабын – тәуелсіздік алғаннан кейінгі отыз жылда қазақ поэзиясының жүріп өткен жолын, қол жеткізген белестерін бедерлеп берген бірегей еңбек деп бағалауға болады.

Өткен жылы жарық көрген құнарлы еңбектің бірі – ақын, қытайтанушы ғалым Дүкен Мәсімханның «Ұлт пен рух» кітабы. «Ұлт және тұлға», «Сөз және рух» деп аталатын екі бөлімнен тұратын әдеби-зерттеу негізінен әдеби сын және әдеби портреттерден тұрады. Ұзақ жылдардан бері өзі жүйелі түрде жинастырып, хатқа түсіріп, зерттеп, әр кезде жариялап қойып жүрген мол деректерді, сирек

қолжазбаларды, ел ішіндегі көнекөз абыз ақсақалдардың аузынан жазып алған қойын дәптеріндегі ой оралымдарын әр ғасырдағы орын алған тарихи оқиғалармен сабақтастыра отырып қағаз бетіне түсірген автордың қажырлы еңбегін бөліп айтар едім.

Бірінші бөлімдегі тарихи тұлғалар Қабылиса ақын (Қабан жырау), батыр, күйші Қожеке Назарұлы, жаужүрек Оспан батыр, есімі күллі елге тараған Нақысбек шешен, сөз саңлағы, дарынды сазгер Садықожа Мошанұлы, Қалибек хакім Райымбекұлы, еліне қорған болған Жарты баба, атағы алысқа кеткен Мұрын ана (Ақбүбі) – барлығының өмір-тағдырын, шығармашылығын бұлтартпас тарихи деректермен баяндау арқылы Дүкен Мәсімханұлы олардың шынайы бейнесін сомдап шығады.

Өзіне дейінгі жарық көрген ғылыми, әдеби-танымдық жарияланымдардың барлығына сілтеме жасап отырады. Шығыс Түркістанның саңқилы, терең қатпарлы тарихы да, оның қазақ тағдырына әсер-ықпалы қатар сөз болған тұстарда бұрын айтылмаған мол, тың ақпараттардың көзі ашылады.

Екінші бөлімдегі ақиық ақын Мұқағали Мақатаевқа, жазушы, кинодраматург Бұқара Тышқанбаевқа, жазушы Жолдасбай Тұрлыбайұлы және оның «Райымбек батыр» дилогиясына, суреткер қаламгер Мұхтар Мағауинге, тарихшы Хасан Оралтайға, оның «Елім-айлап өткен өмір» туындысына, фольклортанушы ғалым Сейіт Қасқабасовқа, шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісәліге, саңлақ сыншы Сағат Әшімбаевқа арналған көлемді мақалаларында тағылым аларлық терең ой-толғамдарын құнарлы тілмен, лирикалық шегіністер арқылы оқырманына ұтымды жеткізеді. Олардың өмір деректеріндегі, шығармашылығындағы елеусіз жатқан, айтылмай келген беттерді қайта тірілтеді.

Қазақ әдебиетінің бай тарихын толықтыратын, көрші жатқан Қытай Халық Республикасындағы қазақ қаламгерлерінің өмірбаянын, тағдыр жолын, шығармашылығын кең қамтып талдаған «XX – ғасырдың алғашқы жартысындағы Қытайдағы қазақ әдебиеті» атты әдеби зерттеу кітабы құнарлы, сирек деректерді қазақ оқырманына таныстырады. Авторлары – көрнекті әдебиеттанушы ғалым, педагог, профессор Ахметбек Кіршібай мен қытай тілі мен әдебиетін зерттеуші Гүлжан Ахметбек.

Шығармашылығы жан-жақты талдау арнасында қарасты-рылатын Әсет Найманбайұлының, Ақыт Үлімжіұлының, Көдек Маралбайұлының, Жүсіпбек қожа Шайхысламұлының, сондай-ақ Төлеубай, Күдері, Әріпжан сынды ақын-жазушылардың туындылары мен өмір сүрген кезеңі тарихи тұрғыдан сөз болады.

Бұл қатарға кейіннен қосылған Таңжарық Жолдыұлы, Қажығұмар Шабданұлы, Нұртаза Шалғынбайұлы, Асқар Татанайұлы, Нығмет

Мыңжани сияқты азаттық үшін күрескен қаламгерлердің де қаламынан шыққан танымал еңбектері де қазіргі күннің биігінен бағаланған.

Ұзақ жылдар түрме азабын көрген Қажығұмардың прозасын, Таңжарықтың поэзиясын да жаңа қырынан қарастырған. Мол тарихи деректерге, нақты өмірлік мәліметтерге табан тіреген әдеби зерттеудің рухани, танымдық, көркемдік маңыздылығын атап өтуіміз керек. Осы кітапқа енген ірі-ірі тұлғалардың, қазақ тарихында із қалдырған ержүрек, күрескер қаламгерлердің әрқайсысына бір-бір монография арнасақ та артық етпейді.

Ал енді ақын, әдебиет сыншысы Болат Шарахымбайдың «Қайшылықтар дилеммасы» атты әдеби-сын еңбегін әу дегеннен тұщынып оқыдым. Әрдайым өз тақырыбын терең қаузап, алдымен зерттеп алып қолына қалам алатын қаламгердің қолтаңбасын тағы да айнытпай таныдым.

Автор аталған еңбегіне үлкен дайындықпен келіпті. Бір топ қаламгердің шығармаларындағы нақты көркем мәтіндерді арқау ете отырып, ой-толғамдарын ашып айтады, әділін айтады. Көркем туындының шынайы құндылығын дөп басып тани білудің өзі де әдебиетке деген адалдық. Болат Шарахымбайдың осы қасиетін баса айтқым келеді.

«Егемен Қазақстан» газеті өткен жылы әдебиет пен өнер тақырыбында жүйелі түрде, жаңалығы бар мақалаларды үзбей жариялап отырды. Осынау басылымдағы екі қаламгердің – жазушы Жүсіпбек Қорғасбек пен сыншы Амангелді Кеңшілікұлының әдеби сын, әдеби танымдық мақалаларын бөле жара айтуға болады.

«Егемен Қазақстанның» әрбір нөміріндегі өткен жылы жарық көрген қаламгерлер Ғарифолла Есімнің, Серік Негимовтің, Дихан Қамзабекұлының, Рақымжан Тұрысбектің, Гүлжаһан Орданың, Ерлан Жүністің, Жәнібек Әлиманның, Дүйсенәлі Әлімақынның, Маржан Әбіштің, Батырхан Сәрсенханның, Азамат Есенжолдың мақалалары талдау мәнерімен, суреткерлік тілімен, өзіндік баяндау стилімен көзге түсті. Бұл мақалаларда лирикалық шегіністерге, қаламгерлердің поэтикалық метафора тудырудағы қолтаңба ерекшеліктеріне айрықша ден қойылады.

Әділғазы Қайырбектің Сәбит Мұқанов және Ғабит Мүсірепов жайында жайында жазған әдеби-танымдық мақалалары жаңалығымен құнды.

Қазақ әдебиетімен шектелмей, әлемдік әдебиеттің де айтулы, үздік туындыларын тосын қырынан, яғни ішкі көркемдік әлемін, поэтикалық қуатын, стильдік ерекшелік-терін, сюжеттік құрылымын салыстыра қарастыратын осынау жарияланымдардың да маңызы ерекше. Бұл оқырманның танымын, талғамын қалыптастыруға қажет.

Көлемі шағын мақалалардың да өз айтары болады екен. Компьютерге басқанда бар болғаны екі-үш беттік дүниеде әдебиеттің өткір мәселесі көтерілуі мүмкін. Осыны жоғарыда есімдері аталған әдебиетші қаламгерлердің қысқа-қысқа әдеби танымдық жарияланымдары дәлелдеді.

Жекелеген көркем туындыларды немесе жекелеген суреткердің шығармашылық тағдырын сөз ететін осынау мақалалар оқуға жеңіл әрі уақытыңды үнемдейді. Маған осынау әдебиетке арналған шағын, шымыр мақалалардың көркемдік сапасы, бейнелі тілі көбірек ұнады. Өткен жыл – Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық, ақиқаттың алдаспаны Шерхан Мұртазаның 90 жылдық мерейтойына арналған дүниелердің молынан жарияланған жылы болды.

Мұқағалидың шығармашылығына арналған, терең талдауға құрылған әдебиет сыншысы, әдебиет зерттеушісі Амангелді Кеңшілікұлының сериялы мақалалары қалың оқырманды елең еткізді. Әдебиет зерттеушісі, қаламгер Жақыпжан Нұрғожаев Мұқағали өмірінің әр сәттерін күллі туындыларымен сабақтастыра, түгел қамтып талдайтын «Кең дүние, төсінді аш, мен келемін» атты кітабы да жылдың атап айтарлық табысы болды.

Мұқағали Мақатаевқа арналған соңғы жылдардағы зерттеу еңбектер, кітаптар құдайға шүкір аз емес. Ал мына аталған зерттеу еңбегінің бұрын айтылмаған жаңалықтары мол екен. Сонысымен оқырман назарын өзіне аударды.

«Егемендегі» Ахаң арналған Қойшығара Салғараның, Әуезовке арналған Дархан Қыдырәлінің, Кенжехан Матыжанның «Әуезов және түркі әлемі», «Әлемнің – Әуезові» атты мақалалары әлемдік әдебиеттің, күллі түркі әдебиетінің аясында мәселе қоя алғандығы таным көкжиегін кеңейтті.

«Қазақ әдебиеті» газеті Шерхан Мұртазаның шығарма-шылығына арналған көлемді, елеулі мақалалар жариялады. Жазушы Тұрсын Жұртбайдың Әуезов тағдырына, оның туындыларына арналған тың ой-толғамдарын, ақын Мырзан Кенжебайдың «Жағдайың қалай, жас қалам?», жас әдебиеттанушы Ақерке Асанның жас прозашы Ғалымбек Елубайдың шығармашылығын талдаған «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі...» атты мақалалары есте қалды. Ақерке Асанның қаламынан жаңаша талдау мәнерін аңғардым. Бұл жас сыншылардың жаңа дискурсын байқататындай. Сондай-ақ әдеби басылым бетінде өзімді елең еткізген, терең тебіреніске түсірген әдеби сын, танымдық мақалаларды да атап айтқым келеді. Олар: Ермек Аманшаевтың терең талдауға құрылған «Қорғансыздың күні», Қасымхан Бегманның «Жырларын уақыт жеңе алмаған ақын», Айгүл

Үсенованың «Абай поэзиясы – өлең өлшемі», Смағұл Елубайдың «Қажығали», жас әдебиет-танушы Айнұр Төлеудің «Симулякр – адамзат ойлап тапқан тажал» атты мақалалары, Роллан Сейсенбаевтың «Қападан қан құсқан титан – тұлға» атты мақаласы да үніле қараған адамға тосын, терең дүние. Данте Алигеридің «Құдіретті комедия» туындысына ой өрбітеді.

Өткен жылы «Жұлдыз» журналында танымы терең, тілі құнарлы бірнеше сын мақала және әдеби портреттер жарық көрді. Солардың ішінен сыншы Мырзан Кенжебайдың «Киелі өнердің кейпін кетірмейік», әдебиет-танушы ғалым, эссеист Бауыржан Омарұлының «Арогонның оппоненті» атты мақалаларын ерекше бөліп айтар едім. (№8, 08.2022).

«Бүкіл Шығыс халықтары, оның ішінде қазақ халқы өлең, жыр өнерін, шайырлық өнерді өте киелі, қасиетті өнер деп білген» деген сөзден бастаған сыншы құдыретті қазақ поэзиясының өткеніне бір сәт тоқталады. Арғыдағы Абай, Асанқайғы, Қазтуған, Доспанбет, Әбубәкір Кердері, Сары шолақ Боранбайұлы, Есенкелді, Ақпан жырау, Шораяқтың Омары, Балқы Базар, Тұрмағамбет, Нұртуған сынды тума дарындардың сөз киесін қалай ұстағанын үлгі етеді. Бергідегі Мағжан, Ілияс, Қасым, Жүмекен, Мұқағали, Сағилардың поэзиясындағы адамды баурап алатын сиқырын, поэтикасын тебіrentіп, төгілте талдайды. Осыдан келіп, бүгінгі қазақ поэзиясындағы олқылықтарды, тайыздықты, жасандылықты, жәреуке поэзия жасаушы-ларды аяусыз сынға алады.

Қазақтың тұнып тұрған поэзиясын қойыртпаққа, арзан өнерге қалайша айналдырып алдық деп күйінеді. Ашынады. Оқырман талғамының түсіп кеткенін айтады.

Бауыржан Омарұлының әдеби-портрет эссесі дарынды ақын Өтеген Оралбайұлының шығармашылығына арна-лыпты. Бауыржан қаламының лирикалық астары, оқырманға терең әсер тастайтын юморы, төгіліп тұрған тілі, танымдық ауқымы кім-кімді болсын тәнті етеді. Қаламгердің шығармашылық портретін жасаудың нағыз шебері болып алған эссеист Бауыржан Омарұлы бұл жолы да мүлт кетпепті...

Біздің республикалық, ұлттық деңгейдегі газеттеріміз бен журналдарымыз осынау үрдісті тереңдете түскені дұрыс. Газет, журналдарымызда жыл бойы жарық көрген әдеби-танымдық мақалалардың басым бөлігінде бұрыннан белгілі туындыларға, танымал қаламгерлерге ғана басымдық беріледі.

Әдебиеттің тарихын қайта-қайта жаңғыртып отырғаннан әрине ұтылмаймыз. Дегенмен мерейтой мақалалары, марапат сөздер көбірек жазылды. Жаңадан оқырман қолына тиіп жатқан тың шығармаларды таныстыру, тұсауын кесу, талдау, кемшілігін айту



немесе сынау саусақпен санарлық қана...

Әдеби сынды жаңа белеске, жаңа көркемдік сапаға көтереміз десек, бүгінгі әдеби үдеріске, әдебиетіміздің бүгінгі аяқ алысына, ақсап жатқан тұстарына, әсіресе жас қаламгерлердің ізденістеріне көбірек назар аударуымыз қажет. Сыншы Мырзан Кенжебайдың дүркін-дүркін жас қаламгерлерге ащы болса да ашығын, әділін айтатын сынына ренжімеуіміз керек. Әдебиетіміздің болашағын ойласақ. Сонда ғана көркем сын әдебиетіміздің олқы тұстарын, кемшіліктерін көрсете алады. Жаңадан жарық көрген барлық жанрдағы тың туындыларды толықтай қамтып, баға беретін көлемді шолу сын мақалаларын байқай алмадым. Туған әдебиетіміздің жиырма бірінші ғасырдың басында қандай бағыттарға, қандай тақырыптарға басымдық бергендігі, нендей көркемдік құндылықтарды мақсат етіп отырғандығы туралы әдеби-теориялық, көркемдік таным биігіндегі зерттеулер, зерделеулер, талдаулар, болжамдар, сұхбаттар бүгінгі тарихи кезеңнің сұраныстарына жауап берер еді.

Әлемдік эстетика, әлемдік әдеби-көркем сынның бүгінгі бағыты осыны бізге көрсетіп отыр. Әдеби сынға аударма өнері призмасымен баға беру, көзқарас орнықтыру дискурсы бірте-бірте күш алып келе жатыр. Әдебиетке енді белсене араласа бастаған жас сыншылардың мақала-ларынан осынау бағыттағы алғашқы қадамдардың нышаны аңғарылады.

Әдеби көркем сындағы философиялық тереңдік, жан-жақты, ауқымды әлеуметтік-рухани талдаулар оның тынысын ашар еді. Сын мақалалардың танымдық, теориялық деңгейін де түптеп келгенде осы құндылықтар анықтайды. Зерттеу бағытында гуманитарлық ғылымдар-мен, пәнаралық байланыстармен шектелмей, жаратылыстану ғылымдарының да қазіргі қол жеткізген жаңалық-тарымен сабақтастыра сөз ететін көркемдік талдаулар әдеби сынға нәр береді. Озық елдердің әдебиеті, өнері осыны дәлелдеп отыр.

«Қазақ әдебиеті» газеті,  
18.04.2023



**Гүлзия ШРӘЛІ,**  
М.О.Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты  
«Әуезов үйі» ҒМО-ның бас ғылыми  
қызметкері, филология ғылымдарының  
докторы

**Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,**  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті Абай ғылыми-зерттеу  
институтының жетекші ғылыми  
қызметкері, филология ғылымдарының  
докторы, профессор



## **ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ӘДЕБИ-КӨРКЕМ СЫНІ**

Сын туралы сөз – әдебиет туралы сөз болуы керек. Шынында да сын әдебиеттің ең жедел жанры. Өмірге жаңа көркем дүние келсе, оған ең бірінші жанашырлық танытып, пікір білдіретін де сын болары сөзсіз. Ал сынның дәрежесі автордың әдеби білімінің дәрежесін танытады. 30 жыл толып отырған тәуелсіздік кезеңге дейін қазақ сыны талай тоқырауды, қиындықты, сонымен қатар шығармашылық ізденісті де бастан кешті. Даму диалектикасында жетістік пен кемшіліктің қатар жүріп өсуі заңды құбылыс. Осынау қиындықтармен шыңдалып өскен аға ұрпақ – М.Қаратаев, Р.Бердібаев, С.Қирабаев, Х.Әдібаев, Мұрат Әуезов, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, З.Ахметов, З.Серікқалиев, Н.Ғабдуллин, Р.Нұрғалиев, М.Дүйсенов, А.Нағыметов, Т.Тоқбергенов, Ә.Жәмішев, Ф.Оразаев, А.Сүлейменов, С.Әшімбаевтардың әдеби-көркем сын еңбектері ұлттық әдебиетте кәсіби сынның қалыптасып, дамығанын және бұл салада арнаулы білімі бар, тәжірибелері бай мамандардың өсіп-өнгендігін

дәлелдейді. “Өнерге өліп-өшкен шынайы сүйіспеншілік жоқ жерде сын да жоқ”, – деп А.С.Пушкиннің айтқанындай сынға шын жанашырлық танытқан, көркем шығарманың эстетикалық құндылығын ішкі бір түйсік, терең талғаммен талдап, танып, оқырман жүрегіне жеткізе білетін сыншылар ғана әдебиетті, сын мен әдебиеттануды жасай алады. Кәсіби сыншылардың (М.Қаратаев, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Ш.Елеуқенов, Т.Кәкішев, т.б.) ізбасарлары – Ә.Кекілбаев, З.Серікқалиев, А.Сүлейменов, Т.Тоқбергенов, Қ.Ысқақов, С.Әшімбаев, Ж.Әбдірәшев, Т.Әлімқұлов, Б.Ыбырайым, А.Егеубаев, Ә.Меңдеке, А.Кеңшілікұлы, Ә.Құрманғалиқызы т.б. әдебиетке лингвистикалық, эстетикалық, интеллектуалдық талдаулар, жаңа бетбұрыстар әкелді. Алғашқы беталыстарынан-ақ өткір ой, өзіндік пікірімен танылған талантты топтың сынғы эстетикалық талғам ала келгенін, соны бастаманың иегерлері болып, нені жазса да біліп жазғанын, олар не туралы айтса да ақиқатын айтып, дос-жаран демегенін, жақын-туыс демегенін, сондықтан да сын шын болды, шын сын болды деген пікірді кезінде Мұхтар Әуезов айтқан болатын. Структуралық талдау, интерпретация, микроталдау сияқты түрлермен т.б. толығып, олардың рухани құндылықтары мен сапасы өсті. Ой жарыстары, ашық пікірталастар пайда болды. Қаламгерлердің шығармашылық ізденістері, жанрлық, түрлік, стилдік ерекшеліктері эстетикалық тұрғыдан талданып, мағыналық мазмұн мәні артты. Көркем прозаның түрі, тәсілі туралы баспасөз беттерінде мәселе көтеріліп, пікір таласының басталуы қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет байқалып отырған құбылыс. Әдеби сында өзіндік пікірімен, тосын табиғатымен, ерекше тіл қолданыстарымен көрінген ойлы сыншының бірі – А.Сүлейменов еді. Ол жөнінде сыншы Сайлаубек Жұмабеков былай дейді: “Асқар Сүлейменов әдебиетке сыншы болып келді де, бірден көркемдік ақиқаттарға әділдікпен, парасатпен жүгінуге ден қойған, соған лайық бес қаруы бойында алдаспан сыншы ретінде ғаламат тез танылды, ғаламат аңызға тез айналды. Даңқтың олимпіне – биік тұғырына жиырма бестегі жалаңтөс жігіттің ашқұрсақтығынан аскеттігі, тектілігі басым “бірішек” аспиранттың шырқай көтерілуі өзін де, өзгелерді де тым ерен таңқалдырды” [1, 3 б.] А.Сүлейменов сын мақалаларында шығарманы көркемдік өлшемдер тұрғысынан қарап, талдауды, автормен бірге ой жарыстыруды бірінші кезекке қойды. Ол үшін күн тәртібінде тұрған идеялық, тақырыптық, т.б. көкейкесті мәселелер көркем шығарманың тағдырын шешпейтін болды. Сыншы әрбір туындыдан сөз өнеріне тән көркемдік құндылықтарды, тілдік қолданыстағы шеберлікті, ой тереңдігін, стильдік, көркемдік ерекшеліктерді талап етті. Оған А.Сүлейменовтің сын мақалалары куә: “Түр туралы бірер сөз”, “Тәкеңнің шаңқанбоздары”, «Дала-

дағы дүрбелең”, “Ой арманын аралағанда”, “Өлшеніп өнер тартылса”, “Болмыспен бетпе-бет”, “Күлкіден күміс шашқан” және тағы басқа да әр жылдары мерзімді баспасөздерде жарияланған сын-эсселері, мақалалары куә бола алады. Тіпті оның “Ситуация” атты прозалық шығармасының өзі осы сын жанрының көркем шығармаға айналған түрі болып табылады. Мұнда да сегізінші кітабын трактористер өмірінен жазып, жақсы қалам ақыдан үміткер “халтура” еңбектің ешқандай көркемдігі, не мазмұн-мәні, не эстетикалық талғамы жоқтығы қатты сынға ұшырайды. Шығарма сюжеті сол кездегі әдебиетте орын алған орасан зор рухани олқылықтардың көркем шежіресі сияқты. Сыншы да өз дәуірінің перзенті. Жалынды публицист, оперативті төреші ретінде өз кезеңінің өнер туындыларына ой жібере отырып, әділ сөзін айтуға тиіс. Қоғамдық пікір тудырып, оқырман қауымы атынан сол кезеңнің рухани айнасы болар сыншы арқылы жұртшылық жаңа шығарманы ғана емес, оның иесінің де көркемдік талғамын, шеберлігін, ой-өрісін таниды. Шындығына келгенде жазушыны танытатын да сыншы. Қай таланттың да шығармасы сыншының меңгеруінен соң ғана әдеби айналымға енетінін ескерсек, ұлы жазушы, кемеңгер ойшыл Л.Н.Толстойдың өзі Пушкинді В.Белинский арқылы таныған ғой. Оған В.Белинскийдің А.С.Пушкин туралы мақаласын оқып болғаннан кейін суреткер: “... Мен енді ғана Пушкинді таныдым”, – деген екен. Сондықтан сынсыз әдебиет жоқ, әдебиетсіз сын жоқ, әдебиеттің сынмен көркейетіні бесенеден белгілі жайт. Осы орайда белгілі қоғам, әдебиет қайраткері Смағұл Садауқасұлының мынадай сөзі әлі күнге дейін өз құндылығын жоймайтыны хақ: “Біз әдебиет туралы сөйлегенде екі-үш кісіні айналдыра бермей, барлық жазушыларды сынауға кірісуіміз керек. Сонда ғана жас жазушылар әдеби тәрбие ала алады. Қазақ әдебиетіне толық сын керек. Сынағаннан әдебиет ақсамайды, қайта сынның жоқтығынан әдебиетті тот басады. Жазушының қайрағы – сыншы” [2. 3 б.]. Міне, XX ғасыр басындағы әдебиет сыны осылай сөйлейді.

Енді М.Жұмабаевты тыңдап көрелік: “Жазушының шығармашылығы немесе жекелеген туындысы жайлы пікір айту үшін сыншы ол кітапта көтерілген мәселені білу жағынан автордан кем түспеуі қажет. Турасын айтсақ, білімділік жағынан сыншы қаламгерден бір мысқал болса да жоғары тұруы керек.” Олай болса, кезінде М.Жұмабаевтың поэзиясының құдыреті жайлы тамаша пікірлер білдірген Ж.Аймауытовтың “Мағжанның ақындығын сынауымызға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз, толық сынау үшін оның алды-артын орап, өрісін тарылтып шығарлық сегіз қырлы, негізді ілім керек”, – деп қарапайымдылық, бекзаттық, жауапкершілік танытуында терең мән бар екен [3.16 б.].

Міне, халқым деп жанын, елдің ертеңі, келешегі үшін өз өмірлерін құрбан еткен ардагерлеріміздің сөз өнеріне деген адал армандарын, үлкен жауапкершіліктерін алпысыншы жылғы әдебиетке келген тегеурінді жастар жүзеге асыруға атсалысты. Және олар ХХ ғасыр басындағы алаштың ардақтылары секілді тобырымен келіп, қазақ әдебиетіндегі сын саласының интеллектуалдық, теориялық деңгейін көтеруге сүбелі үлес қосты. ХХ ғасыр басындағы Алаш зиялыларынан тағлым алып, әдебиетке жақсы дайындықпен келген сыншылар әдебиетке көркемдік-эстетикалық талғам алып келді. Сол кезеңде сынға белсене атсалысқан Т.Әлімқұловтың “Жұмбақ жан” туындысы интеллектуалдық деңгейі жоғары, теориялық талдауы терең дүние. Мұнда автор Абай Құнанбаевтың шығармашылығын қазақ әдебиетіндегі ірі рухани құбылыс ретінде талдай отырып, ақынның өлең құрылысына алып келген көркемдік, түрлі жаңалықтарын атап көрсетеді. Абайдың қазақ сөз өнерінде бұрын-соңды байқала қоймаған тіл байлығы, дүниетанымның кеңдігі, шығыс, батыс әдебиетіндегі әдеби тәжірибені терең меңгергендік, әрбір өлең жолындағы философиялық, мағыналық, ойшылдық, сыршылдық сипат т.б. тәрізді даралық қасиеттері жан-жақты талданады. Тіпті, автор қазақтың өлең құрылысының теориясын жасаған, өзінің бүкіл саналы ғұмырын Абайдың шығармашылығын зерттеуге арнаған теоретик ғалым, академик Зәки Ахметовпен жиі пікірталасқа да түсіп отырады. Әрине, бұл жәйт сыншының жан-жақты білімдар, эстет болуымен қатар әдебиеттану ғылымының теориялық тұжырымдарымен кеңінен таныс әдебиет зерттеушісі екендігін айғақтайды. “Жұмбақ жан” жинағы – Т.Әлімқұловтың әлемдік әдебиеттегі рухани құбылыстарға жете қанық, өзіндік сыншылық ой-пікірі қалыптасқан, теориялық талдауы мен эстетикалық талғамы жоғары әдебиетші-сыншы екендігін танытарлық туындысы. Жинақтағы кез келген мақала көркем тілімен, көрікті ойымен, терең талдауларымен еліктіріп, оқушысын тың ойға шақырып отырады. Қ.Аманжолов, Ғ.Орманов, А.С.Пушкин, В.В.Маяковский, А.Тоқмағамбетов, Х.Ерғалиев сынды саңлақ суреткерлердің шығармаларын, олардың көркемдік құндылықтарын талдаған мақалалары (“Поэзия және поэзия сыны”, “Өнер алды – қызыл тіл”, “Кейіпкер сипаты”, “Сыншының табиғаты” т.б.) әдебиеттің өзекті мәселелерін қозғаған.

Осы орайда айта кететін бір жәйт – әдеби деректерге сүйенсек, азулы сынның мерзімі қашанда аз болған. Себебі, өткір сынға өшігушілер көп. Сондықтан да сыншы-мамандар алғашында батыл ойларымен көрінеді де уақыт өте көп қысымға шыдас бермей, басқа мамандыққа ойыса бастайды. Сорақы тірліктің бірі сыншы мақалаларын жарыққа шығара қалған тұстың өзінде ащылау айтылған, өзін ғана емес,

өзгелерді ойға салар-ау деген тұстарды сыдырып, жонып, жоғалтып жіберетін қырсық тағы бар. Сыншы еңбегінде сөз болған объект – атақ-абыройы, бедел-қызметі биігірек біреу болса – онда баспасөзіміз “ашы айтылған” тұсты автордың сыртынан-ақ сыпырып тастай беріп, сидитып, “сындарлы” ғып, тікірейген қылшықты “тазартып”, жүнін жығып, жүдетіп шығарып жатады. Мұндай ғадет барлық баспада бар. Сосын, әлгі сын жоқ, сыншыда азу қалмаған, марапаттан аспайды дескен жалпы байбаламға сол газет, баспаларда отырғандардың өзі қосақтала шауып, қосыла кететін кездері кездесіп жататыны да жасырын емес. Бүкіл сыншылардың сор маңдайындағы тағдыр теперіші кеше де, бүгін де, ертең де солай болары өкінішті. Сын жанрының тұрақты түрде дамып, жанданып-гүлденуіне де, міне, осындай кедергілер кесірін тигізетін секілді. Сыншы-мамандардың қалыптасып, өзіндік мектеп, шәкірт даярлайтындай қомақты қоғам құрып, дәстүр дамытарлық үрдістің жоқтығы да, міне, осындай олқылықтардың орын алуынан болса керек. Және бір кемшілік – сынның, оның иесі сыншы еңбегінің бағаланбауы, кітаптарын жариялаудың, Одаққа мүшелікке өтудің қиындығы, баспана алудың, т.б. тәрізді толып жатқан ұсақ, тұрмыстық кедергілер т.б.

Шындығына келгенде, сыншы – әдебиет ұстазы. Әдебиет атаулының әділ таразышысы. Ол үшін сыншыға жазушыдан да артық шеберлік, ақыннан да артық шабыт, тереңдік, ойлылық, ең бастысы әділдік, қара қылды қақ жарарлық турашылдық қажет. Өйткені сыншы бір ғана жанрда тұрақтап қалатын жазушы немесе ақын емес, оның қолынан қолжазбаның түр-түрі, шығарманың мың саласы өтеді. Және жақсысы да жаманы да, үлкеннің де кішінің де туындылары өз талдаушысын, өздері жайлы жаман болсын, жақсы болсын, әйтеуір бір пікірді баспасөз бетінен естігісі, көргісі келетіні табиғи талап-тілек. Сонда оларға ағынан жарылып, әділ пікір білдіру үшін сыншыға “түгі бар жүректілік”, төрелік танытарлық тереңдік, өз абырой-ары ғана емес, қазақ әдебиетінің абыройын арттырарлық асқан білімдарлық қажет. Сондай-ақ сыншыға қойылар тағы бір талап – автормен ой жарыстыра білу керек. Оқушы сынды оқи отырып, жарыққа шыққан жаңа туындымен, ондағы жазушының айтпағымен қарадүрсін қарап шығар танысу ғана болмай сыншының да ойөрісі, өз характері, ішкі жан-дүниесі, қалам сілтесі, шеберлігі де танылуы тиіс. Сыншы бейне бір өзі шығарма жазып отырғандай шабыттанып, ойды дамытып жазбаса ол бір жайдақ, солғын бір сын-рецензия болып қана шығады. Ал, әдеби сынның ең бірінші міндеті мен абыройлы борышы – талантты тани білу, шығарманың көркемдігін ашып, таныта білу және оны оқырман жүрегіне жеткізіп, әдеби жүйеге енгізу болса керек. Соңғы кезеңде әдебиет тарихы да, сыны да, көркем шығармалар да жаңадан жазыла бастады. «Елу

жылда ел жаңа» дегендей ғасыр басында жаңадан қалыптаса бастаған қазақ сөз өнері бұл кезеңде көркемдікті меңгеруде талай биік деңгейге, кәсіби шеберлікке жетіп, көптеген тәжірибе жинағандықтан оларды сын саласында игеріп, ғылыми тұрғыдан талдауға деген талап та күшейгені белгілі. Сынның сапасы өсіп, қазақтың көркем сөз өнерін зерттейтін ұлттық әдебиеттану ғылымына, оның тарихына, теориясына деген көзқарастар да өзгере бастағаны белгілі. Нәтижесінде қазақ әдебиет тарихы қайта, жаңаша сарапталып жазыла бастады. Әдебиетке жаңа келе бастаған сыншыларға аға буын өкілдері үлгі-өнеге көрсете бастады. Мысалы, М.Әуезовтің “Әр жылдар ойлары”, “Уақыт және әдебиет”, С.Мұқановтың “Өсу жолдары”, “Жарқын жұлдыздар” атты еңбектері, Ә.Тәжібаевтың “Өмір және поэзия” зерттеулері жас сыншыларға үлкен мектеп бола білді. Көркем шығарманы талдаудың көркемдік үлгісін танытты бұл еңбектер. Осы орайда, сыни еңбектер де жарық көре бастады. Айталық, Е.Ысмайыловтың “Сын мен шығарма”, “Жаңа белеске”, Б.Кенжебаевтың “Шындық пен шеберлік”, Қ.Жұмалиевтің “Стиль – өнер ерекшелігі”, М.Қаратаевтың “Шеберлік шыңына”, Т.Әлімқұловтың “Жемісті жолда”, “О прошлом и настоящем”, С.Қирабаевтың “Өрлеу жолында”, А.Нұрқатовтың “Идея және образ”, Қ.Нұрмахановтың “Литературные заметки”, “Дәстүрлі достық”, М.Базарбаевтың “Живые традиции”, “Әдебиет және дәуір”, Т.Кәкішевтің, Б.Сахариевтің, Т.Сыдықовтың жинақтары жарық көріп, әдебиет сынын жоғары деңгейге көтерді. Аталған сыншылар арнаулы білімі бар теориялық дайындықтары жоғары әдебиет методологиясын терең меңгерген кәсіби әдебиетші ғалымдар, сыншылар еді. Соңғы кездері сын жанрының шолу, рецензия секілді шағын түрлері ғана жиі көрініп, оның өзі көбіне оқырмандардың атынан ұйымдастырылып, жалпылама баяндаудан, мазмұнды қайталаудан аса қоймаған мақалалар да жеткілікті болды. Жеке шығармаларға жазылған пікірлер, сын мақалалардан кейін көп орын алған жанрлық түр – жыл қорытындыларында, әдеби жиындарда жасалатын баяндамалар мен шолулар еді. Сондықтан да бұларда кәсіби мамандардың көркемдік жүйелеу, теориялық талдауға соғарлық мінезді, салмақты, ойлы дүниелері тапшылық танытты.

Шығармалардың мазмұнын қайталау, ондағы идеялық-саяси ахуал, күн тәртібіндегі тақырып пен жағымды кейіпкер бейнесі т.б. сияқты таптаурын мәселелер сынды сынаржақ көзқараста қалыптастырды. Бұл кемшілік сыншыларымыздың кәсіби шеберліктерінің, эстетикалық талғам-танымының төмендігінен емес, керісінше сынға деген жауапкершілік пен шынайы жанашырлықтың жоқтығынан орын алған-ды. Соның салдарынан таза талант пен дарынсызды, көркемдік пен көріксізді айыра білерлік білгірлігі мен эстетикалық талғамы,

ішкі мәдениеттілігі жоғары сыншылардың сыннан шеттеуіне тура келді. Кезінде көрнекті суреткер Ғабит Мүсіреповтің “Қазақстанда әдебиет сынының жайы мен міндеттері” деген тақырыпта баяндамасында жазушы қазақ әдебиетінің жай-жапсары, творчестволық кадрлардың қалыптасып келе жатқаны жөніндегі көптеген келелі мәселелер турасында ой бөліседі. Әсіресе, қай кезеңде де көңіл толмайтын, қай кезде артта қалып, елді алаңдатып отыратын сын саласы жайлы, сол шын сынның жоқтығынан әдебиетіміздің ақсап отырғаны, көркем шығармаларда көркемдіктің кемшін түсіп жатқандығын ашына айтқан болатын. Суреткер айтқан сөздің құндылығы, сол кезде көтерілген мәселелердің зәрулігі әлі де құндылығын жоя қойған жоқ. Жалпы, шығармалардағы идеялық-көркемдік сәтсіздіктердің себебін басқа жақтан – творчестволық үйренуге немқұрайлы қарушылықтан, жалқаулықтан, жазушының өзіне тиісті талапты қоймайтындығынан іздеу керек. Бұл кемшілік сайып келгенде өз өнеріміздің шеберлігін, өз өнеріміздің мәдениетін үстірт игеруге әкеліп соқтырары сөзсіз.

Қазақ әдеби көркем сынындағы кемшілік – мамандардың жастығы мен аздығында ғана емес, сыншы еңбегін – қоғамдық ойдың ең озық өкілі жасайтын, нағыз творчестволық және қасиетті еңбек деп санайтын қажетті мәдени дәстүрдің жоқтығында екендігі де мәлім. Шынында да ұлттық құндылықтарды насихаттап, оның жақсы-жаманын айыра білетін талғамы жоғары, білімі терең кәсіби сыншылар қай кезеңде де сирек. Бұл, әрине, өкінішті жағдай. Қазіргі сынның біркелкі, қарадүрсін, бір мазмұнды болып келетіні, көбінде мерей тойларда жазылатыны көңіл толтырмайды. Тәжірибесі шамалы сыншылар не сөгеді, не жалған мақтап бөседі десек артық айтқандық емес. Оларда теориялық тұрғыдан талдау, ой тереңдігі жетісе бермейді. Сөз өнерінің қадірін бір кісідей біліп, бағалайтын сыншылардың жастарға қояр талабы жоғары. Айталық, біздің сынымыздың бір шығарма туралы айтқан пікірі сол шығарманың маңынан ұзамауы, өзінің негізгі идеясы арқылы әдебиеттің қандай болмасын жалпы творчестволық проблемаларын қозғамауы шынында да сын көтермейді. Міне, бұл сын жанры сөз болған жерде міндетті түрде айтылатын, көтерілетін келелі, ең бастысы күн тәртібінен түспейтін толғақты мәселелер. Тап қазір де сын мәселесі осы ойларды айтуға мәжбүр етіп отыр. Жалпы сыншы қауымы әдебиеттің әрбір қадамына, бағыт-бағдарына, келешегіне өте жауапты қарайтын ардақты шаруа. Өйткені, әдебиетте кеткен бір кемшілік болса, қай жанрда ойсырап жатқан олқылық болса бәріне сыншы жауапты. Сыншы тек өзінің ғана емес, бүкіл бір елдің, халықтың рухани өміріне жетекшілік ететін мамандар. Ол - әдебиеттің төрешісі, әділ бағыттаушысы, жөн сілтеушісі. Тәуелсіздік



тұсында да сыншыға осындай жауапкершілік, мерейлі міндет жүктеліп отыр. Әрине, мұндай абыройлы істі атқару кімге де болсын үлкен жауапкершілік болары сөзсіз. Алайда, жаттандылықтан, бір сыдырғылықтан сәл ауытқып, өткірлікке өтіп кетсең, солай қамқорлық көрсетіп отырған аға буынның өзі кейде аяқтан шалып, сыннан аластатуға тырысатыны өтірік емес. Рухани аренаға тәуелсіздік жылдары шыққан буынның өкілі, сыншы Амангелді Кеңшілікұлының шығармашылығы сыншының көл-көсір білімін, аналитикалық ой жүйесін, әлем әдебиетін терең білетін сұңғылалығын танытты. Сыншының алғашқы жылдары өткір мақалаларды өндіріп жазған кездері білім тереңдігімен, өз кезеңінің өмір мен өнер шындығын терең білетіндігімен танылғаны белгілі.

Тегінде, қара қылды қақ жарған әділетті сынды тек жанкешті сыншылар ғана жаза алады. Сын да, сыншылар да ең алдымен сұрыпталу белесінен өтуі керек. Сынның сұрыпталуы – әрине, қызмет бабының, ғылыми дәреженің көтерілуі емес. Кім, не жазғанын, қалай жазғанын, кімді бағдар тұтарын, кітабының саны емес, сапасын ұғынар ұрпақ табылады және олар өз қалауын айқындай алары ақиқат. Әдебиет сыншысының көлденең бір себептермен уақытша “тілі байланса да”, ол тіпті, жоғарыда айтқанымыздай, бойынан қуат, жүзінен әр тайғандығын аңғартпайды. Осының өзі – көбіне іштей тынып, межесін белгілер сұрыпталу сатысын тиянақтай береді. Осы саралану үрдісі (сынның жасану, даралануының бір шарты) сырт көзге бадырайып байқалмағанымен, іштей тынымсыз ізденісте болатыны сөзсіз. Шын мағынасындағы нағыз сыншы қаламгерлермен жарыса толғанып, автор ойын ұштаушы, қажетті жерінде тіпті жетілдіруші, дамытушы. Көзі тірісінде өзінің парасат-зердесімен ар-ожданын пір тұтып, артында қалдырар жазбаларымен келешек ұрпақ алдында да жауапты екенін жете сезінген, кейінгілер күле қарап, қасиетті қаламының қор болмауын көксейтін кез келген сыншы, өзіне-өзі ұялмай есеп беретін бір сәт туар деп ойлаймын. Сын жақсарсын деп сынды сүю шарт емес, сын мен санау шарт (З.Серікқалиев). Сыншы айтқандай сынды өрістетіп, кәсіби деңгейін көтеру үшін сынға өріс беру, жағдай жасау керек. Олардың өткір сынын қырып, жұлып тастау секілді сорақылықтарды тоқтату қажет. Сын өрісін кеңейтетін интеллектуалды сыншы қаламгерлік қабілетін, талантты тани білетін сезімталдығын, сыни көзқарасының қалыптасып, эстетикалық талғамының биіктігін үнемі байқатып отырады. Сыншының қай еңбегі де сыншының тынымсыз ізденімпаздығын, әлем әдебиетінің соңғы жетістіктерін терең танып, оны өз мәдениеті мен әдебиетімен бағдарлап, бағалауда, саралауда сонылық, жаңаша көзқарас, жаңаша пайымдаулар жасап отыруы тиіс. Жеке жазушылардың шығармашылығын талдаса да, бір туындыны нысана-

ға алса да сыншы жүрегінің бір түкпіріндегі бүкіл қазақ әдебиетінің, сыны мен өнерінің көкейкесті мәселелерін сөз етуі керек. Олардың алып отырған объектісі, талданып отырған тақырыбы, көтеріліп отырған мәселелері әр алуан болғанымен, олардағы ортақ арна – жалпы қазақ әдебиетінің төл шындығы, көркемдік шежіресі.

Сынға келген бетте-ақ өзінің терең білімімен, көркемдікті зерделеп тани білетін талғам түйсігімен, табиғи талант дарынымен таныла келген Сағат Әшімбаев өмірінің соңына дейін осы сын саласының бар азабы мен жауапкершілігін ауырсынбай арқалай білген азамат. Өзі тынымсыз ізденімпаз жас не туралы сөз сөйлесе де арғы-бергіні теріп, тереңінен қазып, ой қозғайтын С.Әшімбаев өткір сынды, ойлы сындарды рухани аренаға қайта жаңғыртты, сынға соны бір леп, тың көзқарастар, жаңаша талдаулар алып келді. Ең бастысы, ол сынға ағыл-тегіл ой, телегей теңіз терең білім, арқа-жарқа ашық ақиқаттың ауылын алып келді. Оның, тіпті, студент шағында-ақ оқырмандар мен аға ұрпақтың назарын аудартқан терең ойлы мақалалары мен тұңғыш кітабы “Сын мұратының” бірден көзге ілігіп, дер кезінде лайықты бағаланғандығының өзі талай нәрсені ұқтырса керек-ті. С.Әшімбаев бізге азаматтық тұғыр-тиянақ, адамгершілік туралы бір-бірімен өзектес біраз зерделі мақалалар сыйлап кеткені белгілі (“Азаматтық формуласы”, “Азаматтық позиция – айқындаушы күш”, т.б.). С.Әшімбаевтың тынымсыз ізденістерінен туған “Сын мұраты”, “Талантқа тағзым”, “Парасатқа құштарлық”, “Шындыққа сүйіспеншілік” атты кітаптарының аттары-ақ айтып тұрғандай сын жанрының табиғатына тән шындық, парасаттылық, ойшылдық, тереңдік, т.б. қасиеттер оның тұла бойынан да, ақыл-ойынан да табылатын-ды. Ол мақалаларында: “Сын – өнер. Сын – уақыт қажеттілігінен туған, қоғамдық, философиялық ой-сананың өзгеше бір формасы” [4.15 б.] деп жазса, енді бірде: “... сынды жанымен сүйіп, барша тәнімен күймейтін адамдардың сындының беделін түсіргеннен басқа берер пайдасы шамалы...” – [4. 41 б.] деп сынға талапты күшейтті. С.Әшімбаев сын биігін игергенге дейін ұзақ ізденіс жолынан, талай-талай таным баспалдақтарынан өтті. Оның әрбір мақаласы бейне бір философиялық толғаулар секілді әлемдік рухани әлемдегі байлықтардан сусындатқызатын білім бұлағындай еді. Әлемдік әдебиеттегі соны бір жаңалықтарды елдер сол Сағат Әшімбаевтың жаңа бір мақаласынан оқып, білмекке асығып тосып отыратын-ды. Ендігі бір айта кететін мәселе жас сыншылардың аға буынның тәжірибесінде тәрбиеленіп, маманданып келген жастардың өзі – Б.Ыбырайымов, Н.Ақышев, Б.Сарбалаев, Ж.Сомжүреков, Ә.Бөпежанова, М.Құлкенов, М.Айымбетов т.б. сынға сирек көз салатын болды. Бұл сыншылардың ой орамы, талдау талабы, таным шеңбері іштей дайындықтарының мол екендігін кезінде сын

мақалаларымен көрсеткен болатын. Әйтсе де көркем әдеби сында терең білімдарлық, көркем шығарманы әдебиеттің өзінің көркемдік өлшемдері мен шарттары тұрғысынан талдап, таразылар теориялық талдаулардың тапшы екендігі аңғарылады. Автор мен сыншының ой жарыстырулары, пікірталасы, шын мәніндегі әдебиеттің келелі мәселелері қозғалар мәнді мақалалар жетіспей жатады. Қазіргі қазақ сыны – үнемі творчестволық ізденіс, өсу үстінде келе жатқан кең тынысты сын. Сондықтан да бүгінгі әдебиетіміз қандай да бір айтулы табыстарға жетпесін соның бәрінде сынның да өзіндік үлесі бар. 1990-2020 жылдар аралығында қазақ әдебиеттану мен сынында белең алған әдеби үрдіс пен творчестволық ізденістердің бағыт-бағдарына, даму сатысына, жеткен жетістіктері мен кемшіліктеріне осы әдеби процеске белсене атсалысқан көрнекті ғалымдар мен сыншылардың азды-көпті еңбектеріне тоқтала отырып, сол кезеңдегі уақыт пен рухани кеңістіктегі көркемдік жүйеге көңіл бөлінді. Сондай-ақ, тәуелсіздік алған жылдардан бастап қоғам тынысы кеңі бастағаны белгілі. Бірнеше жылдар бойы жеке басқа табынудың, жалған саясаттың салдарынан талай талантты тұлғаларынан айрылып, еңсесі езілген халықтың ұлттық рухын «қайта құру, жариялылық, жеделдету, бетбұрыс, демократияландыру, «адам факторы» деген жаңа сөздер мен ұғымдар көтеріп, қоғамның дамуына серпіліс берді. Қашанда қоғамдық ой-сананың алдыңғы шебінде жүретін тәуелсіздік алғанға дейін коммунистік партияның басты идеологиялық қаруы саналған әдебиет пен оның өкілдері де осы тарих сынынан шет қалмады. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан соң да талай қазақ зиялыларының, ғалымдарының жұмыстан қуылуы секілді тарихи деректер ұлы орыс шовинизмінің әр кезеңде бір сылтаумен қылаң беріп, қазақтың ұлттық рухани қаймақтарын қалқып алып тастауды әсте ұмытпайтынын аңғартады. Әйтсе де, қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымы, көркем сын салалары қашан да елдің рухани өмірінің көшбасшысы қызметін атқарып келеді. Тәуелсіздік жылдардан бастау алған саяси бұғалықтан босану тенденциясы ақыры халқымыздың рухани тәуелсіздігінің тұсауын кесті. Оның бірден-бір көрінісі – ұлттық сөз өнерінің тарихында орны ойсырап, олқы тартып тұрған “ақтаңдақтарды” айқындау міндеті еді. Осы кезеңдегі басты бағыттағы жұмыстар 1988 жылғы “қаулыдан” соң жүзеге асты. Бұрындары қазақ әдебиетінің ұлттық тарихи құндылықтары тек Қазан төңкерісінен бері ғана қарастырылып келсе, түркі халықтарына ортақ мәдени мұра – ежелгі дәуір әдебиетінен бастау ала бастады. Әдебиетіміздің тарихы түбірімен өзгеріп, тұтастай бір жаңа көркемдік ойлау жүйесі қалыптасты. Ұлттың әдеби-мәдени мұраларына жаңаша көз жіберіп, оларға сөз өнерінің өзіндік категориялары арқылы теориялық және көркемдік тұрғыдан

баға беру жағы қолға алынды. Осы орайда, әдеби-мәдени даму мен әдеби процестің басты сипаттары айқындалып, ұлттық әдебиеттану ғылымы саласындағы оң өзгерістерге кең өріс ашылды. Жарық көрген ғылыми еңбектер мен іргелі зерттеу жұмыстарында жүйелеген теориялық тұжырымдар т.б. бір ізге түсіп, ғылыми айналымға енді. Ұлттың рухани құндылықтарының бастау көздері ашылып, кәсіби қалыптасуы, даму жолдары, әдебиет теориясы, сыны, тарихы жаңаша көзқарастар тұрғысынан сарапталды. Әдебиетіміздің тарихы көптеген жаңа есімдермен, жалған жаланың кесірінен жетпіс жыл әдеби айналымнан шығып қалған көркем шығармалармен және ХХ ғасыр басындағы қоғамдық-саяси мәселелерді, ұлттық сананы оятуға әсері бар ғылыми-публицистикалық еңбектермен толықты. Олардың бәрі қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа беттерін ашуға мүмкіндіктер тудырды. Сынның белсенділігі мен оның сапалық қасиеті өсу үшін оны теориялық жағынан қаруландыру, бұрынғыдай көркем шығармадағы оқиғаны баяндаудан гөрі ондағы сюжеттік желіге, көркем образдарға, бейнелеу құралдарының міндетіне т.б. ғылыми тұрғыдан талдау жүргізу талаптары қойыла бастады. Әдебиеттану ғылымы осы тұста сынның да ролін жақсы атқара білді. Ғалымдардың көркем шығарма табиғаты, ондағы жазушының шеберлігі т.б. деген өзекті мәселелер төңірегінде ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасаған жұмыстар саны көбейді. Көркем шығармалар таза сөз өнері тұрғысынан қарастырылып, талдана бастады. Әдебиеттің жалпы табыстары қазақ әдебиеттануы мен сынның да негізгі зерттейтін объектілері, сондай-ақ осы жылдар аралығында қазақ әдебиетінің негізін қалаушылар мен көзі тірі көрнекті ақын-жазушылар, әдебиетші-ғалымдар төңірегінде де ғылымизерттеу жұмыстары жүре бастады. Және әдебиеттің жекелеген салалары мен жанрлары да (поэзия, драматургия, проза, роман, сатира, әдебиеттер байланысы, әдебиет теориясы мен сыны т.б.) туралы да іргелі еңбектер жазылды. Осы кезеңдер аралығындағы ғылыми-теориялық тұжырымдар мен сын еңбектерде ғасыр басындағыдай бет жыртысу, таптықкөзқарас пен саяси астар іздеу секілді сорақылық саябырсып, мәдениетті, сыпайы, сауатты сын өріс алды. Сында ғылыми сипат, ал ғылымда әдеби-эстетикалық сыни көзқарас негізге алынды. Алайда, сынның шын мәніндегі өз дәрежесіне жетуі үшін өнердептанитынталантты жастардың бұл жұмысқа жегілуі керек еді. Осы мақсатты З.Серікқалиев, А.Сүлейменов, С.Әшімбаев, Т.Тоқбергенов, Б.Сарбалаев, Қ.Ергөбек, Б.Ыбырайым, Н.Ақыш, Б.Алдамжаров, Ә.Сығаев, Т.Жұртбаев, Қ.Керейқұлов, Б.Дәрімбетов, Ә.Бөпежанова т.б. сияқты таза әдеби сын саласында табанды еңбек еткен талантты жастар жүзеге асыра білді. Бір мақалада аталған сыншылардың еңбектеріне тоқталу

мүмкін емес. Сондықтан осы толқынның бірі, сыншы, қаламгер Бекен Ыбырайымның «Сөзтану әлемінде» (Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2016. – 448 бет) атты жинағына ғана тоқталып, қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркем сынның үрдісіне азғана үңіле кетсек дейміз. Өзгенің кемшілігін көре біліп, өзінің көркемдік эстетикалық талғамын тәрбиелей білген, содан сабақ ала алған автор ғана шығармашылық шеберліктің шыңына жетіп, өзінің өресі мен өрісінің өсуіне мүмкіндік жасай алады. Белгілі ғалым, сыншы Бекен Ыбырайымның сын мақалалары мен зерттеулеріндегі көркемдік-эстетикалық талғам, әдебиет әлеміндегі ерекше танымы мен қатаң талапшылдығы, сыншылық сарапшылдығы бізге осылай ой салады. Нағыз ғалымға тән аналитикалық ойлауға бейімділігі мен әдебиеттану ғылымының үш саласынан (әдебиет тарихы, теориясы, сыны) да жан-жақты қаруланған зерттеушінің шығарманың көркемдік әлемін терең танып, талдай білуі шынында да кәсіби сыншы шеберлігінің куәсі. «Өзіңе өзің сыншы бола алмасаң, не керек қиялыңды құр алдаған», – деген өзінің сүйікті ақыны Қасым Аманжоловтың жыр жолдары өзінің өмірлік ұстанымы екендігін екі сөзінің бірінде ескертіп отыратыны да жәйден жәй еместігі белгілі. Лев Толстой айтпақшы, талант бір пайыз, ал еңбек 99 пайыз болмай саңлақ сөз зергеріне айналу мүмкін еместігін, ол үшін ғұмыр бойы оқу, үйрену, іздену, яғни шеберлік шыңдау ғана жетістіктерге жол ашары ақиқат. Табиғатынан өз ісіне деген адалдық пен тазалықты, талғам мен танымды өнерлік те өмірлік те ұстаным еткен Б.Ыбырайымның шығармашылық ерекшелігінің өзі-өзіне де өзгегеде қатал талап қоя білуінде болса керек. Орынсыз қолданылған сөз, олақ құрылған сөйлем көрсе сайтаны қозып кететін сыншы сөзді тани білмейтіндермен жаны қас. Әдебиеттің құралы тілді танып, түсінбей, көркемдікті эстетикалық, философиялық, суреткерлік сезімталдықпен сезінбей сөз өнерінде өріс жайып, өре көрсетудің мүмкін еместігін Бекен Ыбырайым өзінің барлық еңбектерінде жүйелі түрде жазып келеді. Білікті маман өзі оқыған туындыдан, ең бірінші, автордың өмір шындығын бейнелеу бедерін, сөз тану сипатын, оның оқырманға әсері қандай деген мәселелерді іздейді. Өзі зерттеп отырған кезеңдегі көркемдік құбылыстарды, әдеби, рухани кеңістіктегі жетістіктер мен кемшіліктерді тек көркемдік талғам арқылы таразылауды да басты мұрат тұтқан сыншы ғалым сөйтіп, оқырмандардың көркемдік-эстетикалық талғамын тәрбиелеуді көксейді. Б.Ыбырайымның «Жазушы» баспасынан жарық көрген 4 тараудан тұратын «Көркемдік көкжиегі» деген әдеби сын жинағынан бастау алған көркемдік эстетикалық талғам мен таным тарихы күні бүгінге дейін толастамай толқын толқынмен толағай табыстарымен танылып келеді. «Таным диалектикасы және образ шындығы»,

«Көркем шығарма және концепция», «Тұлға. Тәсіл. Түйін», «Тақырып пен шешім» деген төрт тараудағы күрделі мәселелер өткен ғасырдағы сөз өнерінің өрісі мен өресін танытарлық мақалалардан тұрады.

Талдау нысанына алған шығармалар мен авторлардың кәсіби шеберліктері, туындыларындағы кемшіліктер мен жетістіктер жөнінде ашық айтылған, достық ниеттегі лебіздер бүгінде бағалы, ойлы, қажетті пікірлер. Жалпы сөз өнеріне, көркемдік әлемге, талдаудағы талғам мен танымға қатысты пікірлер бүгінгі әдебиетке керек және тән құбылыстар мен көзқарастар, талаптар. Б.Ыбырайымның сынға араласқан алғашқы жылдардағы белсенділігі сол жылдары жиі жарық көріп тұратын сын мақалалар жинағы «Жас қаламгерлер сериясымен» шыққан «Сөзстан» және «Жастар жастар туралы» айдарымен танылған «Беталыс» деген жинақтардың барлық кітаптарында жарық көрген танымды туындыларымен танылғанын атап көрсетуге болады деп ойлаймыз. Айталық, «Сөзстандағы» Б.Ыбырайымның «Ендігі асу...» деген мақаласында қашаннан бері ұлтымыздың ұрпақ тәрбиесін ұмытпай, үнемі назар салып отыратын балалар әдебиеті, оның ішінде прозасы саласындағы жетістіктерге көңілі толып, кемшіліктерін көңілге қарамай ашық айтуымен ерекшеленеді. Сол кезеңде осы салада сөз бастаған жас қаламгерлердің таланты мен табыстарын тап басып, сын мұратының қанаттандыру ұстанымын ұлықтаған әдебиетші әуелден-ақ адаспаған сыңайлы. Тұңғыш туындысынан, алғашқы сөйлемінен-ақ сөйлем құрай білетін талантты жастарды жазбай тани білетін сыншылық қасиетті осы дүниесі дәлелдегендей. Мақала нысанына алынған Сайлаубай Жұбатыров, Молдахмет Қаназов, Мәди Айымбетов, Қабыш Жәркенов, т.б. сынды қаламгерлердің балалар прозасына өзіндік өрнектері мен ойларын, тың тақырыптарын ала келгендігін кәсіби сыншыға тән көркемдік талғаммен танып, шығармаларындағы шуақты ойлар мен шұрайлы тілді нәзік сезімталдықпен барлай білуі, сөз жоқ, жақсы табыс. Бүгінде қазақ әдебиетіндегі балалар прозасының белді буындары атанған бұл қаламгерлерді қанаттандыратын қолдау, қошеметтеу құп аларлықтай. Шеберлік дегеннен шығады, аталған авторлардың қай-қайсысы да оқиға өрбіту, сюжет құруды біледі. Дегенмен тілге салақ қарау, асығыстық та шеберлік белгісі емес екені белгілі. Балалар прозасында интеллектуалдық айрықша қажет деуіміздің бір себебі – балғындар кітапта жазылған сөйлемді, сөзді тура мағынасында түсінеді де, ойы да соған орай қалыптаса береді. Ендеше, олардың ой-өрісін, талап-талғам деңгейін мейлінше ескеру керек-ақ. Жастар тіл білмейді деп айтуға ауыз бармайды, керісінше, олар сөз сырына көп үңіліп, өздерінше құбылта, түрлентіп қолдануға талпынады. Сосын, тіл білу дегеніңіз, түптеп келгенде,

мындаған сөздердің жиынтығын жатқа білу ғана емес, ең алдымен сөздердің бір-біріне сәулесін де, көлеңкесін де түсіретінін, нәрі мен әрін, нәзік нақышы мен биязы бояуын терең түйсініп, ойынды мөлдіретіп жеткізе білу. Жазушы үшін ең бастысы – өзінің рухын таныта білу, ал тіл материалын пайдалану мен игеру болса, жаттығудың жемісі. Қай салада жүрсе де (әдебиетте, сында, ғылымда, педагогикада болсын) сөз өнеріне үлкен өре мен өлермендік махаббатпен, өлшеусіз жауапкершілікпен келу керектігін кредо еткен Б.Ыбырайымның қай мақала, зерттеу, оқулық, қарапайым тіршіліктегі әңгіме- дүкен кезіндегі сөзіне назар аударсаңыз да осы бағыт, осы ұстаным, осы талап пен талғам алдыңыздан шығады да тұрады. Оған әдебиетші ғалымның «Сөзтану әлеміндегі», «Көркемдік көкжиегіндегі», «Қазақ лирикасындағы» (Алматы, 2013 – 114 б.). «XX ғасырдағы қазақ поэзиясындағы» (2019. – 242 бет) т.б мақалалары мен зерттеулері даусыз дәлел. Жыл сайын Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен жиын өткізіп, бір жылдық руханиятымыздың өсуінде нендей өзгерістер бар деп електен өткізу жақсы дәстүр. Өмірдің өзі сол өткеннен, бүгіннен және келешектен тұратынын ескерсек, бүгінгі жетістігіміздің бәрі кешегінің жемісі. 2014 жылы сыншы, әдебиетші ғалымдардың санаулы ғана еңбектері жарық көріпті. Солардан біздің қолымызға тигені сыншы, әдебиетші ғалым Бекен Ыбырайымның «Қазақ лирикасы», Тұрсын Сыдықовтың «Дүлдүл ғұмыр», Қанипаш Мәдібайдың «Көркемдік көкжиегінде», жазушы Жанат Ахмадидің «Әдебиет – жан нұры» атты әдеби сын мақалаларының жинақтары. Бұл еңбектерге әр жылдары жазылған әдеби зерттеулер мен сын мақалалар жүйеленіп берілгендіктен оларға кеңінен тоқталуды жөн көрмедік. Бұлардың бәрі кезінде оқырмандарынан өз бағасын алған, баспасөздерде жарияланған жұмыстар. Мәселен, Бекен Ыбырайым «Қазақ лирикасы» атты зерттеуінде өткен ғасырдағы қазақ поэзиясында көрінген М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағамбетов, Қ.Аманжолов өлеңдеріндегі көркемдік құндылықтарды талдай отырып, тарихи кезеңнің, кеңестік идеологияның көркем шығармашылыққа ықпалын айқындайды. Қазақ лирикасындағы түрлік, стилдік ізденістерді байыптауға арналған еңбекте уақыт сынынан мүдірмей өткен шығармаларға бүгінгі әдеби талап тұрғысынан сараптама жасалады. Тұрсын Сыдықовтың «Дүлдүл ғұмыр: портреттер, зерттеулер» атты 551 беттік жинақта академиктер Қ.Жұмалиев, С.Қирабаев, ректорлар Ә.Бектұрғанов, М.Арын, жазушы-драматург Р.Сейсенбаев, сыншы-ғалым Т.Бейісқұлов, ақындар Еркін Ібітанов, Жұматай Жақыпбаевтардың өмірі мен шығармашылықтары әдеби деректер негізінде зерттелген. Ал, Қанипаш Мәдібай әдеби сын мақалалар

жинағында бүгінгі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістердің қандай сипатта жүріп жатқанын С.Асылбеков, М.Қаназов, Т.Мәмесейітов, Қ.Жиенбай, Ж.Шаштайұлы, Р.Мұқановалардың шығармалары арқылы зерттеп, кәсіби пікірін білдіреді. Жанат Ахмадидің «Әдебиет – жан нұры» (Рецензия, әдеби сын мақалалар, эсселер) жинағының «Тіл – ділдің атқосшысы» деген бірінші бөлімінде қазіргі проза мәселелері қарастырылса, «Поэзия діл нәрі» деген екінші тарауында қазақ өлеңінің бүгінгі өрісі мен өресі сөз болады. Төрт еңбекте де шығармаларды интеллектуалдық тұрғыдан талдап, әдеби сынның ғылыми әлеуетін көтеруге көп мән бергендері байқалады. Біз соңғы жылдардағы әдеби үрдістен нақты ақпарат беретін республикалық әдеби журналдар «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» және «Қазақ әдебиеті» газеттеріндегі әдеби сын айдарларымен жарық көрген мақалаларға тереңірек үңіліп, мән беруге, мүмкіндігінше әдеби сын жанрының талаптарына жауап беретін тұстарына тоқталуды жөн көрдік. Және олардағы мақалалар біздің қазіргі қазақ әдебиетінде көркем сын бар ма, жоқ па деген сауалға жауап беретін нақты әдеби деректер мен фактілер болады деп ойлаймыз. Бұл сандық көрсеткіштер бүгінгі сынымыздың сапалық өресін танытып, кемшілігіміз бен жетістігіміз қайда деген сауалдарға жауап болары сөзсіз. Өйткені, әдеби үрдіс, көркем сын өмірі мерзімді басылымдардан көрініп, әдебиеттің «айнасына» айналары ақиқат. 2014 жылы ұлттық руханиятымыздың жедел басылымы «Қазақ әдебиеті» газетінің 80 жылдық торқалы тойы аталып өтті. Осыған орай қария қаламгерлерімізден бастап қаламы жаңа қалыптасып келе жатқан жас буындарымызға дейін баспасөз беттерінде жылы лебіздерін білдірген. «Қазақ әдебиеті» газетінің 2014 жылдың №1 санындағы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Төрағасы, Парламент Сенатының депутаты Нұрлан Оразалин «Ту тігер биіктеріміз аласармасын» деген бас мақаласында «Қазақ әдебиеті» – таным мен талдаудың, барлау мен бағдардың, қоғамдық пікірсайыстың ашық алаңы екендігі, бұл басылымсыз қазақтың көркем әдебиетін толық елестету мүмкін еместігі жөнінде баяндай келіп, талай тарихтың көмбесін ашып, кешегіге көз жібереді. Ақын әрі сыншы Роза Сейілханның «Жүрек түкпіріндегі адам» деген мақаласы да әдеби газеттің беттерінде жарияланған поэзиядағы парасат мәселелері, шынайы сезімдер шарпысулары жайлы ой толғайды. 2014 жылдың №1 санындағы «Қазақ әдебиеті» газеті Ертай Ашықбайдың «Есенқұлдың шындығы» деген көлемді мақаласынан бастап, осы жыл бойына аға буын ағаларынан бастап, өз замандастарының шығармашылық портреттерін жазуы да бүгінгі сынның көркін беріп, шырайын ендірген. Оқырман қауым бұрындары Ертайды ақынретінде таныса, өткен жылдан бері әдеби



көзқарастары қалыптасқан, ойы орнықты, поэзия поэтикасын танып-талдауға пайым парасаты жетерлік сыншы екендігіне көз жеткізеді. Ертай Ашықбай ұлт әдебиетінде өзіндік орны бар әдеби ортада мойындалып, бағаланған ақындар шығармашылықтарын әріптес ретінде талдап, өз бағасын беруге моральдық та кәсіби құқығы барлығын танытқан. Ең бастысы сыншы-автор поэзия табиғатын терең танып, көркемдік-эстетикалық талғаммен талдай біледі. Поэзиялық шығармалардың шырайын ендіретін шындық пен таза сезімдер сиқырын ақындық сезімталдықпен сезініп, өз бақылауында үнемі ұстап, жүйелі оқып, ізденгені, әр ақын шығармашылығы туралы өзіндік пікірі мен сыни көзқарасы бар екендігін газеттің №4-ші санындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған Ғалым Жайлыбайдың «Тобылғыжарған» жыр жинағы туралы «Тамырға түнеген тағдыр», №6-шы санындағы «Өтебай кешкен өрттің бояуы», №25-інші сандығы «Нармаханнның нақыштары» (Н.Бегалұлының шығармашылық портреті), №32-інші сандығы «Тұтас Тұмаған» (Т.Молдағалиев шығармашылығы жайлы), №43-44-інші санындағы «Сағидың сыры» (Сағи Жиенбаев поэзиясы жайлы), №51-інші санындағы «Тосын Тоқаш» (Т.Бердияровтың туындылары туралы) атты сериялы әдеби-сын мақалалары дәлелдесе керек. Бүгінгі сынның өрісі мен өресі, сапасы мен сандық көрсеткіші туралы айтқанда «Қазақ әдебиеті» газетінің жетекшілік және ұйымдастырушылық тұрғыдан белсенді әрі жүйелі жұмыс атқарғанын атап өтпеске болмас. Біздің пікіріміз дәлелді болуы үшін бір жылғы газет сандарында жарияланған әдеби-сын мақалаларға шолу жасауды жөн көрдік. Газеттің №5-інші санындағы «Үш талшыбық» деген мақала авторы Нұрбек Түсіпхан жас толқын Алмас Нүсіптің «Барлау», Әлібек Байболдың «Теміржол вокзалы», Арман Әлменбеттің «Режиссердің түстері» деген прозалық шығармаларында үміт күтерлік талпыныстар барлығын, алайда үшеуінің шығармашылықтарына ортақ олқылық ретіндегі тілдік түйткілдер, кейіпкер іс-әрекеттері мен сөздеріндегі сенімсіздік, сюжет құру, композициялық құрылымдарды шебер пайдалану, әдеби әдіс-тәсілдерді қолданудағы тәжірибесіздіктердің бой көрсететініне аса мән берген. Жастардың өз замандастарының шығармашылықтары жайлы ашық әрі әділ пікірлер айта бастауы қуантады. Жанашырлық танытуы да жарасымды. Міне, осындай адал ойлы сын мақалалар бізде әлі де жетісе бермейтінін жасыруға болмас. Қазіргі әдеби сынға араласа бастаған жастардың кәсіби деңгейдегі жүйелі ізденістерге, салыстырмалы-типологиялық, ғылыми-теориялық және аналитикалық талдауға деген талпыныстары көңіл аудартады. Осы орайда Қозыбай Құрманның «Еркін өлең немесе Ерлан» (жас ақын Ерлан Жүністің «Хауас» деген жыр жинағы туралы), Бауыржан Жақыптың

«Тағдырлы қаламгер» (ақын Ғалым Қалибекұлының шығармашылығы туралы), соңғы кездері сынға белсене араласып жүрген Айгүл Кемелбаеваның «Отамалы», Қастек Баянбайдың «Кішкентай әдебиеттің үлкен мұңы», Сұраған Рахметұлының «Ахилестің өкшесі немесе оқу мен оқшаулық» (Ұ.Есдәулеттің шығармашылық портреті), Марал Ысқақбайдың «Жазушының тарихи ізденістері» (Әнес Сарайдың «Еділ Жайық», «Көнеліктер», «Ноғайлы» жеке зерттеулері жөнінде), Мұхтар Құл-Мұхаммедтің «Тағы да «Тар кезең» романы туралы» (Қажығали Мұқамбетқалиұлына хаты), Т.Жұртбайдың «Өзіңді айтып, халқынды бейнеледің...» деген эпистолярлық жанрдағы әдеби сындары бүгінгі сынның формалық ізденістерін көрсетеді. Кемелбек Шаматайдың «Қарауылбектің «Ақбантигі» деген мақаласы да «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген даналықты еске салады. «Әдеби сын» айдарымен жарияланған Жолдасбек Мәмбетовтің «Бүгінгі кейіпкер: бейненің екінші жағы» атты мақаласында Т.Нұрмағамбетовтің «Мешкей» романы, Н.Ораздың «Қайыршының жұлдызы» әңгімесі, Нұрлан Камидың «Шизофрения» деген хикаясы, Асқар Алтайдың «Казино», «Кентавр» әңгімелері талданса, Серік Нұғыманның «Көл» немесе жан ақауы жайлы жазба» деген мақаласы Тұрсынжан Шапай шығармашылығындағы сана астарындағы психологиялық құбылыстарды бейнелеудегі жаңашылдығы, суреткерлік шеберлігі туралы сөз қозғайды. Әдебиетші ғалым, сыншы Құлбек Ергөбектің «Жапырақпын жаңбыр шайып жаңарған...» (С.Мәуленовтің шығармашылығы туралы) мақаласында автор қазақ әдебиетінде «Бір өлең талдау» дәстүрін орнатқысы келетінін, сыншыл ойды жеткізудің бір жолы, өткір жанрды өрістетудің тағы бір формасы «Бөлшектік талдау» тәсілін тиімді пайдалану жолдарын ұсынады. Б.Сарбалаевтың «Көктеммен қоштаспаған жаз» (Ханбibi Есенғараеваның шығармашылығы туралы), «Көркемдік құпиясы» айдарымен жарияланған Айжарық Сәдібекұлының «Әбдіжәміл әлемі» (Ө.Нұрпейісовтің 90 жылдығы қарсаңындағы ой-толғауы), академик С.Қирабаевтың «Сүю мен жеккөрушілік сезімі» (Серік Ақсұңқарұлының шығармашылығы туралы), Гүлзада Ниетқалиеваның «Жаңа қазақтар немесе «Тордағытоты құстар»(Заря Жұманованың «Сіз іздеген әлем» деген прозалық жинағы туралы) атты мақалалары бүгінгі прозадағы жаңашылдық жайлы әдеби ақпарат береді. Марат Мәжитовтің «Қ.Мұхамбетқалиұлының «Тар кезең» романы туралы», Б.Тұрсынбайұлының (Г.Салықбайдың шығармашылығы жөніндегі) «Сұлу сөзді көкке ұшырған», Маржан Ершудің «Қағбаның қарлығаштары» (ақын Ө.Оралбаевтың осы аттас жыр жинағы туралы) деген мақалалары олардың шығармашылығы жайлы толық мағлұмат беруімен бағалы болғанымен өзге емес, Мемлекеттік сый-

лыққа ұсынылған туындылардың жетістіктерін кәсіби деңгейде талдамай, жалпылама шолумен шектелуі өкінішті. Жас сыншылар Әлібек Байболдың «Әдебиет әлемі: ағымдар мен үрдістер» деген мақаласы мен Роза Сейілханның «Поэзиядағы данагөйлік: кеше, бүгін, ертең» деген көлемді әрі күрделі әдеби мәселелерге арналған терең талдаулары сыншылық білімдарлық өресімен назар аудартады. Жоғарыда аталған жас сыншылар мен қаламгерлер, әдебиетші ғалымдардың бәрі де өткен жылдың әдеби үрдістеріне белсене араласып, түрлі тақырыптарда ой толғап, сыни көзқарастарын білдірген. Олардың көркем шығарманың қасиетті міндеті – кейіпкер тағдыры, характерлер қақтығысы, образдар жүйесі, сюжет пен композиция, әдеби тіл мәселелері төңірегіндегі талдаулары бүгінгі әдеби сынның сапасынан сыр береді. Әсіресе, жастардың сыншылық ойлары орнықты, талпыныстары көңіл толтырады. Алайда, қаламгерлердің шығармашылық, эксперименттік ізденістерін, кейіпкер іс-әрекеті мен мінез-болмысындағы психологиялық тартыс, сана қақтығыстарын бейнелеудегі жетістік пен кемшіліктерді ашып көрсетуге олардың кейде білімдері мен тәжірибесіздіктері жетіспей жататындығы анық байқалып отырады. Көркем мәтінді әдеби сын жанрының өз категориялары, талап-шарттары бойынша талдап-түсіндіру мәселесі де көбінде ақсап жатыр. Әйтсе де бүгінгі сында әлі келгенше әділдік танытуға, ойларын нақты көркем мәтіндегі мысалдармен дәлелдеуге, деректермен дәйектеуге тырысушылық бар. «Қазақ әдебиеті» газетіндегі бір жылғы әдеби сын мақалаларға шолу жасағанда байқағанымыз мұндағы талдаулар, пікірлер қазіргі жастардың интеллектуалдық деңгейге, әлемдік әдеби үрдістерден хабардар болуға деген ұмтылыстарынкөрсетеді. Әсіресе, «Әдеби талқы» айдарымен жиі жарияланып отыратын пікірталастар, дөңгелек үстелдер, ашық ойлар алаңдарындағы әдебиет туралы әңгімелер де оқырман ойынан шығып отырады. Алайда, осы ретте айта кетер бір ақау сол сұхбаттардың көпшілігі асығыстықты аңғартады. 2014 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының 80 жылдығы да аталып өтіп, оған газетте арнаулы қосымшалар берілген. Енді республикалық әдеби сын журналы «Жұлдыздың» 2014 жылғы сандарына көз жүгіртер болсақ, тек №7-санында ғана «Әдеби сын» айдарымен Дулат Тұрантегінің «Талғам мен таным таразысы» деген мақаласы мен «Қанатты қалам» рубрикасымен Б.Майтановтың «Әдеби ортаға бірден танылған ақын» деген Ұлықбек Есдәулетовтің қазақ поэзиясындағы орны туралы толғамы жарияланған. Қалған сандардағы әдебиет әлемі жөніндегі 10 мақала «Әдебиеттану» деген айдармен берілген. «Жұлдыздың» бес санында (№2, №3, №4, №8, №9) әдебиеттанушы ғалым Шериаздан Елеукеновтің «Тәуелсіздік дәуір романы (Тұлғалық, ұлттық, адамзаттық мүдделер тұрғысынан

көзқарастар)» деген көлемді зерттеу еңбектері жарияланған. Бір дәуірдегі әдеби үрдісті бір ғана роман жанры тұрғысынан талдаған ғылыми-зерттеу еңбекте қазіргі қазақ

прозасындағы әдеби үрдіс, көркемдік бағыттар, рухани кеңістік кеңінен әңгіме болады. Ескеретін мәселе, тәуелсіздік кезеңінде жарияланған ең көлемді жанр романдар туралы зерттеушінің 2012 жылдан басталып, 2014 жылдың №9 санымен аяқталған күрделі еңбегі туралы бір баяндамада айтып шығу мүмкін емес. Ондағы әдеби сын пікірлерді ғана емес, зерттеу нысанына енген жазушылар мен шығармалар тізімін жасаудың өзі талай уақытты алатындықтан оларға кеңінен тоқталуды жөн санамадық. Журналдың №1 санындағы Назигүл Мұсабаеваның «Асқар әлемінен бір үзік сыр» атты А.Сүлейменовтің шығармашылығы турасындағы мақалада не ғылымилық не сыни пікірлер байқалмайды. Ойдан гөрі мазмұндауы басым дүние.

Әдебиетші ғалым Рахымжан Тұрысбековтің «Ақындық өнердің асқақ даңқы» деген мақаласы Қалижан Бекхожин поэзиясының поэтикасы жөнінде сөз қозғайды. Тұрлыбек Мәмесейітовтің «Таңжарық» деген мақаласы Герольд Бельгердің «Тұйық су» романындағы тарихи шындықтың шынайылығы, кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі арпалыстар, толғаныстар төңірегіндегі ой айту, пікір түйю ерекшеліктерімен назар аудартады. Журналдың №5 санындағы Айман Найзабаеваның «Жармақ» романындағы «қазақ» микроконцептісі» деген мақаласы мен Рита Сұлтанғалиеваның «Драмадағы психологизм» атты әдеби сын мақалаларында нақты бір әдеби теориялық мәселелер төңірегінде ой топтастырып айтуға деген талпыныстар бар. Авторлардың ғылыми талдаулары, сыни пікірлері кәсіби деңгейде көрінген. Екі мақалада да сөз өнерінің өзіндік категорияларын, әдеби ұғым-түсініктерін кеңінен және орынды пайдаланған. Бауыржан Жақыптың «Қара өлеңнің қаймағын қанып ішкен» деген мақаласы Ғалым Жайлыбайдың ақындық келбеті мен суреткерлік шеберлігі жөнінде ой толғайды. Ақын зерттеушінің поэзия поэтикасын танудағы талғамы мен талдау тереңдігі, байқампаздығы байқалады. Сондай-ақ, №12 сандығы Дулат Тұрантегінің «Ой кешу» атты сын-толғауы Тұрысбек Сәукетаевтың «Ай қараңғы» романы туралы мақаласы шығарма сюжетін баяндаудан, жалпылама шолып, жоғары баға беруден аса алмаған. «Жұлдыз» журналы қазақ әдебиетінің жетістігі мен кемшілігі жөнінде жүйелі ой қозғап, әдеби үрдіске үнемі назар аударатын басты басылым болғандықтан мұндағы әдеби сындар өзінің өткірлігімен, ащы шындықты қаймықпай айтатын азулығымен ерекшеленсе әдебиеттің абыройы асқақтары сөзсіз. Кез келген әдеби журналдың, өзге де басылымның беделі жаңа шыққан шығармалармен оқырман-

ды таныстыру ғана емес, оқырманның көркемдік-эстетикалық талғамын қалыптастырып, шындықпен суарылған сыни пікірлер мен көзқарастар алаңын ашу, әдебиет әлеміне келген жаңа есімдерді айқындау, таныту, талантты тану болып табылады. Әдеби басылымдарда айдарынан жел ескен ащы шындыққа құрылған сесті сындар, ғылыми талдаулары терең, әдеби ұғымдармен сөйлейтін кәсіби деңгейдегі бүгінгі заман талабына сай интеллектуалды зерттеулер жарияланып отырғаны қандай жарасымды болар еді. «Әдебиеттану» айдарына қоса «Әдеби сын» рубрикасы да жүйелі жұмыс жүргізсе жоғарыда көрсетілгендей бірсыдырғы баяндаулардан тұратын шолу мақалалардан гөрі өткір ойлы мақалалар көбейер еді. Ал «Жалын» журналындағы әдеби сын мәселесі тіпті сын көтермейді десек те болады. 2014 жыл бойына мұнда «Бүгінгі сын» айдары бойынша бар-жоғы 5 мақала жарық көрген. Журналдың №1, 2, 3-сандарында тіпті әдебиет туралы әңгіме де болмайды. Тек №4 санында Думан Рамазанның қос әңгімесі хақындағы «Әңгіме сиқыры – мистика образы» атты Ә. Әліәкбардың әдеби сын мақаласы жарияланған. Онда автор бүгінгі көркем прозадағы мистика бағыты, жазушының қазақ әдебиетіне әкелген өзіндік өрнегі мен кәсіби шеберлігі жөнінде мағынасы терең әдеби талдау жасайды. Ермек Зәңгіровтің «Ар алдындағы адалдық» (жазушы Әлмембет Әлішев шығармашылығы жайлы) деген мақаласы баяғы құрғақ баяндаушылықтан ары аса алмаған. Мұнда әдеби сыннан гөрі қаламгердің қоғамдық қызметін, жеке басын марапаттау басым. №7 санындағы Елубек Оспановтың «Сана суреттеріндегі сәулелі жолдар» деген мақаласы ақын Аманғазы Кәріпжанәулетінің жыр туындыларындағы сөзден сурет салудағы ерекшелігіне тоқталған. №10 санындағы «Бүгінгі сын» айдарындағы әдебиетші ғалым Бақтияр Смановтың «Мәңгіліктің мәнін ұққан қаламгер» атты мақаласында жазушы Ораз Қауғабайдың шығармаларындағы өмір мен өнер шындығы мәселелері нақты тарихи шындық негізінде зерттеліп, талданады. Журналда әдебиет мәселесіне қатысты «Бүгінгі сын», «Қаламгер дидары» деген айдарлар жұмыс істегенімен оларда да бүгінгі қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелерін көтерген келелі мақалалар, өткір сындар, әдеби көркем талдаулар, пікір сайыстары, дөңгелек үстелдер, сұхбаттар, жалпы әдебиет әлемі туралы әңгімелер кемшін түсіп жатыр.

Негізінде жастар шығармашылығы таныстырылып, насихатталуы, жариялануы тиіс журнал болғандықтан жас сыншылар мен әдебиетшілер қауымының да мақалалары көптеп басылғаны мақұл болар еді. Қаншама таланттың тұсауын кесер әділ пікір, кәсіби сын осы аталған басылымдарда көрінбегенде қайда жариялануы тиіс?

Әдебиетіміздің бағы да осы кәсіби талдауға зәру әдеби сында екенді-

гін ұғар ұлт зиялылары қоғамдық ой-пікірдің ордасы болған әдеби басылымдарға көңіл бөлуі керек. Республикалық орыс тіліндегі әдеби басылымның бірі – «Простор» журналында да бүгінгі әдеби үрдіс, оның түрлі жанрлары бойынша жарияланып жатқан көркем шығармалар жөнінде әдебиетші ғалымдар мен қаламгерлердің кәсіби пікірлері орын алған. 2014 жылға тиесілі 12 санының №6-шы санынан өзгесінің бәрінде «Критика» деген тұрақты айдармен 20 сын мақала және ғылыми зерттеу жұмыстары жарияланыпты. Журналдың №1 санында жарияланған әдебиетші ғалым Уәлихан Қалижановтың «Два письма-две судьбы» деген мақаласында М.Әуезов пен М.Ғабдуллиннің баспасөз беттерінде жарияланған хаттарына, сол кезеңдегі әдеби үрдістерге талдау жасалса, әдебиетші Светлана Ананьеваның осы сандағы «Право на творческую свободу» деген және №8 сандағы «Диалог эпох и цивилизаций» атты мақалаларында қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңашыл бағыттар, ақын Геннадий Емкиннің поэзиясындағы ырғақ мәселелері талданған. №2 сандағы Валерий Михайловтың «Тайна Лермонтова» деген әдеби сынында ұлы орыс ақынының шығармашылығын талдаудағы бүгінгі интерпретация мәселелері мен автордың сыншылдық әдеби интеллектісі назар аудартады. Ал, осы сандағы Альфия Смирнованың «И слова это вместо души моей...» деген Шыңғыс Айтматовтың 85 жылдық мерей тойына орай бүкіл шығармашылығын талдаған мақаласы мен №3 сандағы ғалым Вера Савельеваның жазушы Салахитдин Муминовтың әңгімелері туралы «Жизнь, какую мы себе слепили» деген әдеби көркем сындарындағы ой айту, пікір түйе ерекшеліктері бүгінгі интеллектуалдық өрені көрсететін кәсібилікті танытады. Татьяна Сидихменованың «Род – главное наследия» деген мақаласында ақын Надежда Чернованың «Когда зацветает шиповник» деген жыр топтамасындағы автор мәселесі көтерілсе, №5 сандағы Люция Абдуллинаның «Женский разговор с историей» деген әдеби сынында 1960-70 жылдардағы қазақ поэзиясындағы Фариза Оңғарсынова, қырғыз ақыны Тенты Адышева, тәжік ақыны Гүлрухсор Сафиеваның шығармаларындағы тарих, тағдыр, образ, ой, үндестік мәселелерінің салыстырыла зерттелуі авторлардың талдау шеберлігін, байқампаздығын көрсетеді (№7). Исмаилжан Иминовтың Сейдахмет Құттықадамовтың орыс тілінде жарық көрген «ДАО Алтая» деген жаңа кітабы жөнінде «Оригинальный взгляд на историю человечества», Ольга Тарлыкованың өскемендік ақын, прозашы Валентин Алексеевич Бальмочныхтың шығармашылық өмірі туралы «Я не сыграл своей роли...» (№9), Марина Асылбекованың қазақ поэзиясындағы, әсіресе Н.Чернова, Б.Қананиянов, Б.Қайырбеков, С.Үсенбаеваның туындыларындағы жаңашылдық ізденістер, диалог, әңгіме, тағы басқа да категориялар-

дың көріністері туралы «Диалоговое сознание в поэзии Казахстана конца XX века начала XXI веков», Зинаида Поляктың қазақстандық жазушы И.Щеголихинның шығармашылығындағы сілтеме түсінігіне, 315 беттік романда кездесетін 300-ден астам тарихи деректер мен құжаттар, цитаттарға талдау жасаған «Цитата в поэтике автобиографической прозы» (№11), өткен ғасырдың сексенінші жылдары өмірден өткен әдебиетші, сыншы Тамара Мадзигонның ақын Павел Васильевтің поэзиялық туындыларындағы ұйқас, теңеу, образ мәселелері жөніндегі «Поэзия могучее цветенье» (Мақаланы басылымға ұсынған әдебиеттанушы ғалым В.В. Савельева), Семейдегі Достоевский мемориалдық музейдің ғылыми қызметкері Айжан Аманжолдың жазушы Дулат Исабековтің осы шығарманы тәржімалаудағы тәжірибесі, кейбір түсінік-ұғымдарды аударудағы ақаулар жайлы «Некоторые особенности перевода «Белых ночей» Ф.М. Достоевского на казахский язык» (№12) деген әдеби зерттеулері мен көркем сын мақалалары мәтінді жаңаша талдау тереңдігімен және оларды нақты мысалдармен дәйектей отырып, кәсіби ой айтуларымен маңызды. Ескертетін жәйт – бұл еңбектердің бәрі журналдың «Критика» деген айдары бойынша жарияланған. Бұл фактілер орыс тілді әдеби журналда сын мәселесінің жүйелі түрде жарияланып отырғанын көрсетеді. Және бұл еңбектерде әдеби сын жанрының талап-шарттары ескеріліп, шығарма туралы ойларын құрғақ баяндауға құрмай ғылыми теориялық талдауларға кең өріс ашқандығын атап өтерлік табыс деуге болады. Сонымен бүгінгі сынды кәсіби деңгейі өскен, көркемдік-аналитикалық талдау дәстүрі бай, өзіндік мектебі қалыптасқан деп дәріптегенімізбен оларда әлі де шығарманың жетістігі мен кемшілігі неде деген нақта сауалға жауап берерлік эстетикалық, этикалық, философиялық, психологиялық, интеллектуалдық, ғылыми танымдық сараптамалардың жетіспеушілігі де жетіп артылады. Әдебиет тарихының қай кезеңінде де көркем сынға көңіл толмаушылықтың сыры да биік өрені, тура билікті талап ететін жанрлық қасиетінде болса керек. Әдебиеттің балаң кезеңіндегідей шығарма мазмұнын қайта баяндап беретін сын мақалалар әлі де көп. Автордың айтпағының астарын ақтармаған, оның әдебиетке әкелген тақырыбы қайсы, кейіпкері кім, олар нені мақсат тұтып өмірге келді, қазіргі кейіпкер санасында қандай психологиялық құбылыстар жүріп жатыр, оларды не ойлантып, толғандырады деген сауалдарға жауап іздемеген сынды салмағы бола ма? Автормен ой жарыстыру жәйі бізде жетімсіз. Көркем мәтінді интеллектуалды тұрғыдан оқып, интерпретациялау, талдау мен бағалау ғана әдеби сынды сапасын арттырары анық. Бүгінгі көркем сынды басты міндеті – қаламгердің суреткерлік қасиеті мен шеберлік құпиясын, стилдік ерекшеліктерін айқындау

емес пе еді? Сондай-ақ «Қазақ әдебиеті» газетінің қызметкерлері, жас та болса білімдарлығымен, жан-жақты ізденімпаздығымен танылып жүрген Әлібек Байбол, Бағашар Тұрсынбайұлы, Алмас Нүсіп, Роза Сейілханқызы, Қарагөз Сімәділдердің келешегінен үлкен үміт күтуге болады деп ойлаймыз. Олардың «Қазақ әдебиеті» секілді әдеби басылымда тұрақты қызмет етіп, қаламдарын қалыптастырулары, әдеби процеске жүйелі түрде араласып, кәсіби білімдерін жетілдіруі, батыл ой айтуға деген талпыныстары қуантады. Бұл жастардың көркем шығарманы әлемдік әдебиеттегі жаңалықтармен, үрдістермен үндестіре, үйлестіре талдауға үмөтылыстары құптарлық. Алайда әлі де болса кәсіби білім мен тәжірибесіздік жетпей жатыр. Кешегі Т.Токбергенов, А.Сүлейменов, З.Серікқалиев, бертінгі С.Жұмабеков, А.Егеубаев, Б.Ыбырайым, Ә.Бөпежан, Ә.Меңдеке, т.б сынды сыншылардың бәрі осы «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Жалын» журналдарындағы сын бөлімдерінде ұзақ жылдар қызмет етіп, сынның кәсібилігіне үлес қосқан. Жалпы ол жылдары әдебиетте таныламын деген жастар әуелі әдеби сында әбден ысылып, шеберлікке жететін. Әдеби басылымдардағы «Жас сыншы мінберлері» қаншама сыншыларды, әдебиетшілерді тәрбиелеп, қалыптастырды. Бұл ретте бір ғана мысал, 1972 жылғы «Әдеби-көркем сын туралы» қаулыдан кейін «Жазушы» баспасынан 70-тен астам сын кітаптар мен «Уақыт және қаламгер» атты сериясымен 7 томдық жинақтың жарыққа шығуы дер едік. Ал, бүгінде сол кәсіби деңгейде қалыптасып, тәжірибесі толыққан сыншы мамандарымыз жоғалуға шақ қалды. Өкінішті. Тіпті сынның ауыр жүгін көтергелі жүрген «Сын» журналы міне бірнеше жылдар бойы бір ашылып, бір жабылып, құрдымға кеткелі жүр. Егер де «Сын» журналы тұрақты жұмыс істесе осы жас ғалымдар мен әдебиетке жаңа қадам басқан сыншылардың қалам ұштар ұстаханасы, кәсіби шеберліктерін шыңдар мектебі болар еді. «Сын» журналы соны жүргізуге моралдық құқығы бар басылым. Жақсы шығарма бар шығар, бірақ оны танытарлық биік өредегі зиялы сын жоқ. Соның нәтижесінде әдеби пікірталастарға шақыратын проблемалық мақалалар, теориялық терең талдаулар, жоғары кәсіби әңгімелер жоқтың қасы. Сондықтан келешекте ұлттық руханиятқа, әдебиетке, әсіресе әдеби сын жанрына жүйелі түрде қызмет ететін басылымдардағы сын бөлімдерін қайта жаңғырту, оларға қамқорлық танытып, жастардың әлеуметтік-шығармашылық жағдайларын түзеуге мемлекет тарапынан көңіл бөлінуді талап ету жөн болар еді. Өйткені, сынның тоқырауы мен өрістеуі қоғамдық-әдеби атмосфераға, оқырман аудиториясының белсенділігіне де тікелей байланысты. Сындағы интеллектуалдық деңгейді көтеріп, шығарма идеясы мен автордың айтпағын анықтарлық аналитикалық интерпретациялауды дамытып, сынның



ғылыми дәрежесін, теориялық талдаудың тәжірибесін кеңінен қолданған мақұл. Бұл жөнінде бізге бағыт, кеменгерлікпен көш бастап берген М.Әуезов «Әдебиет туралы» баяндамасында: «...әдебиеттің өсу проблемасын тереңдеп талдап, ғылымдық анализге кең жол беріп шешкен бірден-бір зерттеуді көре алмай келеміз...

Осыған әуелі, өнімді және жоспарлы түрде көмек шара бар ма? Бар, бірақ аз. Соған жас кадрларды, ғалымдарды тарту керекпіз... жазушылар, терең ғылымдық сынға ұдайы мұқтажбыз. Күнде мұқтажбыз... Сонымен, бізде жоқ сынның олқысын, орнын толтырайық... Бұрынғы Белинскийден басталған ұлы сыншылардың барлығының еңбек тәжірибесіне қарасақ, олардың үлкен ғылым тудыруға себепші болған үлкен сындарының тең жартысы жақсылықты айту емес, кемшілік пен мінді нақтылап көрсету арқылы пайдалы болғанын есте ұстайық», – деген.

Міне, бұдан бір ғасыр бұрын айтылған ойлар, әдеби сынға қажетті талап пен шарттар әлі де сол қалпы орындалмай келеді. Соның нәтижесінде заманауи талапқа сай интеллектуалды деңгейі жоғары, ғылыми аналитикалық талдауы бар, жетістік пен кемшіліктің аражігін ажыратып бере алатын сауатты да сапалы, шынайы да адал пікірлі сындарға зәрулік кеміген жоқ. Сын мәселесі жалқы емес, жалпы болып ойлануды, көп болып көмектесуді, қолдауды қажет етеді. Олай болса, «Кемшілікті сын түзейді, көп болып біріккен ой түзейді» деген М.Әуезовтің даналығын тағы да есте ұстамасқа болмас.

Көркемдік процесс және қазіргі әдеби сынның хал-ахуалы кімді де ойлантпай қоймайды. Соңғы жылдары қазақ әдебиетіндегі сын саласын қалай дамыту керек, оның өткірлігі мен ұшқырлығын дамыту үшін қандай шаралар қолдану керек деген сауалдар төңірегінде түрлі деңгейде, түрлі мінбелерден ойлар айтылып, көптеген ұсыныстар мен пікірлер, ұйымдастыру шаралары жүргізіліп келеді. Алайда осы әдебиеттің қайнаған ортасында жүрген республикамыздағы санаулы әдеби басылымдардың тізгінін ұстаған шағын ұжымдар бүгінгі әдеби көркем үдерістің үдесінен толық шыға алмай отырғаны жасырын емес. Бұл бір айтыла-айтыла жауыр болған тақырып. Бірақ, әдебиет бар жерде оған дұрыс бағыт көрсететін сын жанрын жандандыру да өз өзектілігін өзгерте қоймас. Және күнделікті баспасөз беттерінде жаңа кітаптардың жарық көргені және олардың белгілі бір мекемеде белгілі бір мерзімде талқыланатыны жөнінде хабарландырулар жариялау, оған оқырмандарды, әсіресе сыншы, әдебиетшілерді кеңінен тартып, араластыру арқылы сынды жанды пікірталасқа ұластыру да өз шешімін күткен келелі мәселе. Өйткені, әдебиет тарихынан байқағанымыздай әділ сөз, шынайы пікірге деген зәрулік қай заманда да болған. Бұл әдеби пікірталастар-

дың көркем сынның, әдеби ойлардың тууына, қалыптасуына, тәжірибе жинақтауға, кәсіби талғамның өсуіне өзіндік үлесін қосқаны хақ.

Тегінде, әдеби сынның мақсаты – өнер туындысының көркемдігін тану, оның оқырманға, оның жанына қалай әсер еткенін, қандай ой салғанын, қандай эстетикалық әсер мен тәрбие бергенін анықтап, баға беру. Көркем шығарманың рухани құндылығын әдебиеттің өз категориялары арқылы танып, жүйелеген және әдебиетті жеке бір көркемдік әлем деп танығанда ғана шынайы сын туатындығы тағы белгілі. Тәуелсіздік кезеңіндегі көркемдік процесс пен әдеби сындағы үзілмес дәстүр жалғастығын қазіргі әдеби басылымдар, әсіресе «Қазақ әдебиеті» газеті шағын шығармашылық топпен болса да шашау шығармай жалғастырып келе жатқаны жасырын емес. Бүгінгі рухани құндылықтарға жете мән бере қоймайтын қатыгез уақыт пен кеңістік аясында қайсарлық танытқан жауынгер жанрымыз сынды жоқ деп құрғақ сөзбен ауыз сүрте бермей бір кез бардың бағасын білген де жөн. Сонда ғана біз елдігімізді, ұлттық әдебиетімізді, интеллектуалдық өрісімізді көрсете де таныта да аламыз. Қазақ әдебиетінің әр кезеңінде байқалатын көркемдік процесті, рухани өмірдегі сыншыл эстетикалық ойды, теориялық тұжырымдарды, әдеби ағымдар мен түрлі жанрлардың әр алуан сыр-сипатын дер кезінде назарға алып, талдап отыратын көркем әдебиет сыны осы қоғамдық-әлеуметтік ойдың биігін танытып, әдеби процеске тән идеялық, эстетикалық жинақтаулар жасауға, қаламгерлердің жаңашыл ізденістерін әр қырынан аша отырып, одан қалыптасқан әдеби дәстүрлер тағлымымен тамырластық себептерін тауып, тануға, танытуға міндетті көркем сынның көкейкесті мәселелері, бүгінгі жүйесіз жарияланып жатқан дүмбілез дүниелерден талдауға тұрарлық туындыларды таңдап, тақырыптық желісін анықтау да оңай шаруа емес. Ал, әрбір жаңа дүние өзіне тиесілі байыпты пікір таразысына дер кезінде түсуі шарт. Олай болса, бүгінгі қаламгерлер шығармаларындағы жанрлық, стильдік тың ізденіс нәтижелерін заманауи талабына сай деңгейде жүйелеп, зерттеу – рухани қажеттілік. Тәуелсіздік алғалы бері үздіксіз жүріп жатқан (алабөтен көрінбей, іштей болса да) көркемдік процесті әлемдік ауқымдағы көркемдік даму процесімен сабақтастыра қарастыру, ғылыми негізі мол, әдеби сипаты биік, терең мағыналы сын арқылы жүзеге асатыны ақиқат. Олай болса қазіргі қазақ сыны зәрулік танытып отырған кешегі көркем шығармалар мен бүгінгі беталысты байланыстырып, жаңаша барлауға бару, әдебиеттің даму заңдылығынан өрбитін келелі мәселелерді кешенді әрі кең көлемдегі концептуалдық пікірлер, проблемалық тақырыптар төңірегінде зерттеу бүгінгі күн талабы.

калық, аналитикалық талдаудан гөрі шолу, жинақтап, жүйелеуден гөрі мазмұндау басым болып, ғылыми сауаттылық, терминологиялық дәлдік жетіспейтіні, көркем мәтінді талдауда нақтылық пен теориялық дәлелді ойлар қажеттілігі – әдеби сынның кәсіби деңгейін көтеру мәселелерін күн тәртібіне еріксіз көтереді.

Бүгінгі әлемдік әдебиетпен теңесерлік құндылықтарымызды, қазақ әдебиеттануы мен әдеби сынның ғылыми мәселелерін қазіргі көркемдік процесс аясында саралап, эстетикалық ой мен талғам, саяси-философиялық, әлеуметтік-этикалық таным биігінен танып, талдау әдеби сынның зәру мәселелері. Осы ретте өткен жылғы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған әдеби сын мақалаларға шолу жасау барысында түсінгеніміз – әдебиетіміз өлмепті, сынымыз сөнбепті. Қазақпен бірге өлетін сөз өнері өлермендікпен өрге өрлеп келеді екен. Төрт құбыласы тең дүние қайда бар дейсіз, сынның жетістігі де кемшілігі де үзеңгілес қатар келеді. Оған дәлел – ең бірінші, осы сынды қалай көркейтем деген жанкешті еңбек етіп келе жатқан «Қазақ әдебиеті» газеті, оның қалам ақысының аздығына да жұмысының көптігіне қарамай табанды еңбек етіп жүрген жап-жас қыздар (Қарагөз Сімәділ, Нұрайлым Батыр, Айнара Ашан, Маржан Әбіш) мен жігіттер (Алмас Нүсіп, Әлібек Байбол) тобы. Қазақ «жас келсе іске» деп бекер айтпайды. Осы азғана жастардың арқасында әдеби сынымыздың түрлі жанрындағы (сұхбаттар, пікір таластар, дөңгелек үстелдер, жеке әдеби толғаулар, әдеби шолулар) мақалалар газеттің атына затын сай етіп әдебиет әлемінен өз әлдері келгенше ақпараттар беріп, оқырманның көркемдік эстетикалық көзқарастарын қалыптастыруда қайсарлықпен еңбек етіп келеді. Ал енді олардың ерен еңбегіне сай моралдық, материалдық жағдайлары қандай десек жүрегің сыздайды. Кезінде әр бөлімінде кемінде 3-4 әдеби қызметкер (олардың өздері кімдер еді, атын атасаң аттан құлайтындайсың) отыратын «Қазақ әдебиетінде» бүгінде еңбек ететіндер кеше ғана университет бітірген бозбалалар екенін өздеріңіз де жақсы білесіздер. Сөйте тұра сынның сағын сындырмай жүйелі жазып, үздіксіз ізденісте жүргендеріне сүйсінесіз. Өткен жылдың шынында да сынға өкпесі жоқ секілді. Жылдың басы өткір сынның ірі өкілі – әдебиетіміздің ақсақалы, көрнекті сыншы, академик Серік Қирабаевтың 90 жасқа толған мерей тойына орай Нұрайлым Батырдың «Өсер әдебиетке төзімді сын керек» деген айқара бетке жарияланған сұхбатымен ((17.03.2017) басталып, онда қазіргі сынның көкейкесті мәселелері қозғалыпты. Газеттің «Тұлға» деген қосымшасындағы сұхбатта аға сыншы Серік ағамыз бүгінгі сынның көсегесін көгерту үшін кәсіби сыншылардың, ақын-жазушылардың сын мақалаларын мезгіл-мезгіл басып тұруды, кейінгі жастарға сол сын үлгі болуы керектігі жөнінде кеңес береді. Расында да, газеттің

бір бағанасын батыл ойлы, өткір сын айтқан тарихымыздағы тұлғаларымыздың сөздерін жүйелі түрде беріп отырса, ол тағлымды тәрбиенің бір түрі емес пе? 2017 жылғы «Тұлғаның» №41-ші саны – қоғам және мемлекет қайраткері, көзі тірісінде-ақ «Азаматтық формуласы» атанған көрнекті сыншы Сағат Әшімбаевтың Шығармашылығына арналыпты. Әдебиетіміздің айтулы тұлғаларының сыншы Сағат туралы айтқан сөздері, берген бағалары әр бетке әр беріп, кейіпкердің табиғатын әр қырынан ашқан. Әсіресе, жазушы Төлен Әбдіковтің: «Батылдық пен туралық – мінездің тентектігі емес, ол өмірлік принциптен, адалдықтан, жауапкершіліктен тұрады. Сағатта осылардың бәрі болды. Ол бет-жүзге қарамайтын қатты сынды да, байыпты терең талдаулардан тұратын парасатты сынды да жазды. Бірақ оған өкпелеп «мынауың артық болды» деген адамды өз басым көрген емеспін. Өйткені, ол кімді сынаса да, ар жағындағы адалдығы, сол адамға тілектестігі сезіліп тұратын. Әдебиетті жеке бастың мақсатына пайдалану, яғни жек көргенді сынау, «қажет» адамды мақтау деген оның табиғатында болып көрген емес» деген пікірі қазақ сынының тарихындағы Сағат Әшімбаевтың орны мен рөліне берілген жоғары баға деуге болады.

Ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрлан Оразалиннің «Рух ақиқаты» деген 2 беттік көлемді әдеби толғауы Сағат Әшімбаевтың сыншы, ойшыл, қайраткер, азамат сынды бір адамның бойынан сирек табылатын табиғи қасиеттерін зерделеген. «Сыншыл ой туралы сыр» атты алғашқы мақаласындағы: «...Сын – өнер. Сын – уақыт қажеттілігінен туған қоғамдық, эстетикалық, философиялық ой-сананың өзгеше бір формасы», – деген тамырын тереңнен тартар концепциялық ұстаным да жас сыншының талғамы мен танымынан мол ақбар айтып тұрған жоқ па?!», – деген бағасы «Сын мұраты» (1979), «Талантқа тағзым» (1982), «Парасатқа құштарлық» (1985), «Шындыққа сүйіспеншілік» (1993), «Сын сымбаты» (2010) секілді бірнеше кітап жазған небәрі 44 жас ғұмыр кешкен Сағат Әшімбаевтың нағыз кәсіби сынның жанкешті маманы, осы жанрдың шын мәніндегі еңбекторысы екендігін дәлелдесе керек-ті. Жазушы Мағира Қожахметованың «Сын мұраты» – сәтті туынды» деген рецензиясында С.Әшімбаевтың сыншылық ойпікірлерінің тереңдігі, әдеби-эстетикалық танымының биіктігі, әлем әдебиетіндегі көркемдік үрдістерден ғылыми ақпараттарды көп беретіндігі, жалпы әдебиет тарихы мен сынның жанрлық табиғаты, оның әдеби категориялары жөніндегі білімдарлығы жөнінде сөз қозғалған. Өз кезеңіндегі көркем шығармалар мен жеке жазушылардың әрбір ізденістеріне немғұрайлылықпен қарамайтын сыншының елгезектігі, әдебиетке деген адалдығы мен шексіз сүйіспеншілігі М.Қожахметова талдауларынан танылады. Қазақ әдебиетінің талантты тұлғаларын та-

ну мен танытудағы табанды ізденістерін сыншылық талғамымен тамырластырып, өз табиғатындағы тектілік пен ұлтжандылықпен байланыстыра тұтас қараған автор С.Әшімбаевтың қазақ сынының профессионалдық тұрғыдан дамуына үлкен үлес қосқандығын, «Сын мұратын» қазақ әдеби сынының мәдениетін аңғартар сәтті туындыларының бірі» деп бағалайды. Заря Жұманованың сыншының жары, жазушы Шәрбану Бейсеновамен жүргізген «Сәкеңмен өткен 23 жыл – ғұмырымның жазы екен...» деген сұхбаты да осы сын төңірегінде өрбиді. Олай болса өткен жылғы қазақ сыны табыссыз емес деп ойлаймыз. 2017 жылы сынның сайыпқыраны атанған Сайлаубек Жұмабектің шығармашылығын жаңаша зерделеген Жанғара Дәдебайдың «Сын симфониясы және Сайлаубек» (13.10.17) атты мақаласы мен қазіргі кездері сын жанрында адал еңбек етіп жүрген Бақыт Сарбалаевтың шығармашылығы жөніндегі Құлбек Ергөбектің «Бағдары айқын Бақыт» (12.05.17), Жақыпжан Нұрғожаевтың (Ар мен ақиқат сыншысы» (24.11.17) деген естелік эсселері сыншы мәртебесін көтеретін дүниелер. Сондай-ақ ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің 120 жылдығына орай қоғам қайраткері, публицист Сауытбек Абдрахмановтың «Өркениетті өшірмеген өнер», Қасым Аманжоловтың шығармашылығы туралы жазушы Сұлтан Оразалының «Менің бәйтерегім..», Мыңбай Рәштің әдебиетші ғалым Нығмет Ғабдуллин туралы «Сағындым ғой, қаламгер, қайран досым» деген эссе естеліктері де атап өтерлік танымды дүниелер. Әдеби сынның кәсіби деңгейде қалыптасып, дамуына өзіндік үлес қосқан сыншылар еңбегінің ескерілуі, көркем әдебиет туралы ғылыми-сыншылық пікірлер мен әдеби-эстетикалық көзқарастар сын бар жерде әдебиет, оқырман, шығарма және оларға деген сүйіспеншіліктің болатындығын дәлелдесе керек-ті. Әсіресе, өткен жылдың өңін ендіріп, өткір сынымен елді елеңдеткен Әмина Құрманғалиқызының «Тепсініп туған текті жыр» (24.11.2017), «Біржан сал ма, Біржан шал ма?» (13.10.2017.), «Аты жоқ әңгіме немесе айдың арғы беті» (14.04.2017) деген мақалалары әдеби сынның әлі де шоғы сөнбегендігін шамалатады. Әмина апамыздың нені жазса да нақты көркем мәтін мысалдарымен нақыштап, айтатынын ашық және дәйекті дәлелдермен, «1.2.3...» деп келетін сандармен санамаланып, түйдек-түйдек ойларға тұжырымдалып берілетін өзіне тән өткір ой, салмақты сындары бүгінгі әдеби процестегі жетістіктер мен кемшіліктер төңірегінде толғақты ой толғайды. Айталық, «Тепсініп туған текті жыр» деген мақаласында ақын Әлия Дәулетбаеваның «Жандауыс» атты өлеңдер жинағындағы көркем ерекшеліктерді былайша айшықтап береді: «1. Кірме сөздің сұстылық, тылсымдық сипаты. 2. Көне сөздердің – ұлылық, көнелік, шайырлық, экзотикалық сипаты....», – деп тың түрлік түзіліс-

терді жоғары көркемдік эстетикалық талғаммен талдай отырып, сөз қолданудағы тапқырлықтарына оң баға береді. Поэзияның поэтикасын ашатын тереңдік пен көркемдік кеңістікті жырдағы жүйелі философиялық ойлар мен образдардан іздеген сыншы ақын автордың өзгеге ұқсамайтын өрнектерін өзгеше бір сүйіспеншілікпен, адалдықпен аңғарып, бар асылын алға жаяды. Тегеурінді жырымен талантын танытып үлгерген ақын сіңлісіне айтар арызы да жоқ емес. Ақын қыздарға тән ортақ олқылық ойдан шығарған «Сіздерге» арналған тұтас өлеңдер циклінің «поэзиялық тұрғыдан тағар міні болмағанымен» Әлиядай әдепті, рухани тегі мықты таланттарға жараспайтын, тақырыбын тарылтатынын айтып, осы сарыннан сақ болуын ескертеді. Жеке ақынның шығармашылық шеберханасын, оның поэзиясын жан-жақты талдаған әдеби сын мақалада өлең сөздің қисындары, мазмұн мен пішін мәселелері, теңеу, эпитет, әсірелеу тәрізді бейнелеу құралдарын ұқсатып қолдану шеберліктері арнайы сөз болады. Ақынның өлең құрылысындағы жаңашылдық, мазмұнды жеткізудің қарапайым ұстанымдарына жүгінуін, сұлу сөз, ұйқас қуып кету сияқты кемшіліктерден ада екендіктерін нақты көркем мәтіндерді талдау барысында дәлелдейді. Талғам танымы мен білімдарлық, кәсіби шеберлік автордың көр-кемдікті тани білетін көрегенділігіне байланысты екендігін ескерген сыншы ақынның өз табиғатынан шыққан тегеурінді толғаулары өзі көрген нәрсесін, білгенін, байқағанын, сезініп, жүректен өткізгенін жазғанда ғана осындай отты да ойлы, шынайы шығарма тудыра алатынын, таза талант қана осындай биік тұғырдан көрінетінін жеткізеді. Сыншының өзі де ақын болғандықтан ақынның шығар-машылық табиғатын танып, көркемдік әлеміне еркін еніп, шеберлік сырын тереңдей талдай алған. Және оның туындылары туралы әділ де батыл пікір айтуға моральдық құқыққа ие сыншы Әмина апамыздың сөзді тани білетіндегі, не айтса да біліп айтатындығы қуантады. Ал, «Біржан сал ма, Біржан шал ма?» деген атынан-ақ көңіл толмаған адуын ашудың лебі есетін мақала әдеби қауымды бір дүрліктіргені мәлім. Біржандай халықтың санасында сұлу да сазды әнімен, келісті де көркем мінезімен, ешкімде жоқ ерке салдығымен есте қалған әншінің «Біржан сал» киносындағы қораш бейнесі, сал мен серіге жараса қоймайтын кейбір қылықтары мен сөздеріне шыдамаған сыншы апамыз не дейді: «...Қандайкино түсірсе де «Мен осы кинода өз ұлтымды, оның ұлттық кодын, қадір-қасиетін қаншалықты көрсете алдым, ұлттың намысына тиетін, оны қорлайтын іс-әрекет жасап, басқа елдің алдында күлкі-мазақ етіп тұрған жоқ па?» – дегенді, әсіресе тарихи кино түсіргіштер ойлауы тиіс... Егер тек нақтылықты, дөрекі натураны сол қалпында көрсете берсек, көркем өнер не үшін қажет?», – деген ойлары көпшіліктің кө-

кейіндегі сауалдар екендігі шындық. Сыншының жүректен шыққан шын сындары мен шынайы сөздері кинодағы өрескелдіктердің (атүстілік, асығыстық, ұлттық салт-дәстүрді дұрыс дәріптемеу, білімсіздіктен туындаған кемшіліктердің көзге ұрып тұрғандығы шымбайына батқан сыншы шамырқанып сынға алады.

Бас кейіпкер Біржанның образының ашылмауы, әншілік талантының танылмауы, қазақтан өзге еш елде жоқ салдарға қатысты өрескел қателердің өріс алуы (ауылға қарайатпеншабуы, т.б.) секілді көптеген кемшіліктерді тізіп беруі сыншының ұлтжандылығына қоса не айтса да біліп айтатындығын аңғартады. Ұлт мүддесі, ел мұңынан шет қалмайтын халық өкілі өнерлі адам – Біржанның соншалықты бос, салғырт, жауапсыз бейнесі мақалада өткір сынға алынған. Уытты тілмен ащы сын, ақиқат ой айтқан Әмина Құрманғалиқызының сын пікірлері шымбайына батқан Ербол Алшынбайдың «Сын сындарлы болсын» (03.11.17.) деген мақаласында 2008 жылы көрсетілімге шыққан киноға енді байбалам салып жатуды оғаш санай келе: «...Автордың мақсаты сынау ма, әлде мінеу ме? Сын әдепті болса сын. Мақаланың тұтас болмысынан дүрсілдеген, зіркілдеген эмоция мен өзі айтқандай «не де болса қамтып қалайын» деген ызасы көрініп тұр», – дейді. Сыншы апамыздың кинода алты аласы бес бересі бар ма екен, әлде біреуден ала алмай жүрген өші бар дейсіз бе? Әр адам, көрермен өзінің ойына қозғау салған туынды туралы өз әсерін, ойын жазуға құқылы емес пе? Қазақ қиялындағы Біржанды, оның әдемі әндері мен көркем кескінін көргісі келгені айып па? Және ол жалғыз сыншының ғана емес бүкіл қазақтың арманы емес пе еді? Меніңше, сыншы ызасы мақаласында айтып өткен кемшіліктерге деген өз көзқарасы. «...Тағы бір күлкілі жайт, өз жазбаларын тұтас этнографиялық мәселеге арнаған сыншының қазақтың «Сал-сері» деген әлеуметтік әскер орденінің жайы мен жапсарын білмейтіні, олардың бір мағына беретінін ескермей екі категория ретінде қарастырады деп қынжылады, оған ән мәтінінен мысал келтіреді: «...Ал, өз жанымыздан қосарымыз, сізге себеп болып отырған Біржан салдың «Баласы Қожағұлдың Біржан салмын, Өзім сал, өзім сері кімге зармын», – деген әнін біздің сыншымыз тыңдап көрмегені өкінішті. Сондықтан жарты ақпарат, жартыкеш біліммен өлі аруақты күңіретпей, тарих туралы сөз айтар алдында кез келген ұстазсынған жазарман сауатын ашып алғаны абзал», – дейді. Дұрыс-ақ. Алайда әдебиеттен қара жаяу емес Әминаның сынында аруақпен алысу емес кино түсірушілерге деген өкпе-базына ғана жатыр емес пе? Тегінде фольклортанушы мамандар сал мен серіні екі категория ретінде қарастыратыны анық. Өйткені олардың атқаратын функциясы да, мақсат-талабы да екі түрлі. Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, Ш.Керімов секілді осы тақырып төңірегінде ғылыми еңбектер жазған ғалымдар-

дың пікіріне сыншы сүйенген болу керек. «Киноның тілі деген болады. Оны үгіттің, насихаттың жалынды сөзіне үйреніп қалған апам қайдан түсінсін...», – деген кекесін, мұқатулар, жеке бастың намысына тиісу біздің сынымызды өсіре қояр ма екен? Сын авторға емес, тек туынды төңірегінде айтылуы тиіс емес пе? Мұндай мысқылдар сын мәдениетінің төмендігін көрсетпей ме? Осы ретте «Көркем әдебиетші болудан оның сыншысы болуқиын. Сын – мін тағу емес әрине, өзінің қолынан келмеген іске, сырттан қарап тұрып мін тағу оңай ғана нәрсе. Ол әркімнің қолынан келетін көкшолақ, бірақ әдебиет шығармасына тіл алғыш ұшқалақ қаламды айдап мін тағу мен негізгі тексеріспен толық сын берудің арасы жер мен көктей нәрсе», – деген Сәкен Сейфуллиннің сөзін тағы бір ескермеске болмас. Әрине, Сәкен ағамыз айтқандай, «сынаймын деген адамның аузына ешкім қақпақ бола алмайды. Бірақ сынды былғамай сынасын, сын шын жолымен жазылған жолдастық сын болсын». «Дұшпанымның жаны шыға жамандағанынан сөзімнің тәуір шыққанын білдім...», – дегендей, Әмина апамыздың қазақ өнеріне деген жанашыр сөзі кино төңірегінде жүрген талайлардың шымбайына батқан секілді. Рухы мықты адамды ешқандай сын сындыра алмасыхақ және сын – қайрақ, олшындайды, қайрайды, қайта қуаттандырады, сонсын «сырт көз – сыншы» бөгде адамның байқағанын автор біле бермеуі мүмкін, сондықтан әділ сынға шамданбай дұрыс қабылдаған оң болар. Сыншы міндетінің өзі – барды бар, жоқты жоқ деу, бұлай болса тәуір болар еді деп, түзеу, жөн сілтеу, жазушыға жәрдемдесу, жанашырлық таныту емес пе? «Турасын айтып туғанына жақпаса да» сыншының міндеті – әділ сөйлеу, дұрыс бағалау, елді адастырмай жазушыға дұрыс бағыт беру, ал өнердің құдіреті – адамның жан әлемін әсемдікке тәрбиелеу. Әминаның шын жүректен шыққан шынайы сыны, мінезді міні ешкімді мүйіздемейді, сынаса да авторды емес, оның туындысын, ондағы олқылықтарды сынайды. Сыншы өзге елден өнеге алар ісін үлгі етіп, рухани кеңістегі түсінушілікті тілге тиек етіп отыр. Сөз өнері – дерт десек, дауасы жоқ дерттің шипасы сын, шын достың жылатып айтар ақиқаты. Кісі тебіренерлік тағдыр тағлымы тапшы, әсерлі де әсем, адам рухын көтерер киелі сөзі жоқ, ұлт мақтанар, ұрпақты өсірер өнегесі жоқ өнер кімге дәрі? Жалпы сында артық, кем пікірлер айтылуы заңды құбылыс, керісінше түрлі ой таласы, пікір қайшылығы болған сайын көркем шығарма табиғаты жан-жақты ашыла түспей ме? Қазір жақсы кітап шықса да, жаман кино шықса да көңіл аудармайтын, селт етіп не жақсы, не кемшін тұстарын айтпайтын алмағайып заманда Әмина секілді елгезек, батыл сыншылардың арамызда барына қуанбаймыз ба? Өлі тыныштықтан гөрі санамызды селт еткізер сынды сағынбаған қазақ бар ма, бүгінде?



Ол олқылықтың орнын толтырып өз сындарында әдебиет тарихынан да, тіл білімінен де, сөз өнерінің поэтикалық әлемінен де жақсы хабары бар, әрбір сөздің құнын білетін, олардың көркемдік қызметін аңғара алатын алғыр апамызға алғыстан басқа айтарымыз бар ма? Әрбір сыншы ең болмағанда осы кісі секілді әдеби процеске белсене атсалысып, өзінің жеке болса да сыни көзқарастарын білдіріп отырса, онда біздің сынымыз сауаттана әрі құнарлана түсер еді.

Наполеонның «Когда народ перестают жаловаться они перестают мыслить...» деген сөзі осы сынға арналғандай. Адамзат тағдыры, ұрпақ келешегіне қатысты қандай саладағы кемшіліктерге көз жұмып қарау, оларға сыни көзқарас болмаудың түбі рухани тоқыраушылыққа түсірері табиғи заңдылық. Біздің рухани өмірді жандандыруға деген енжарлығымыз шынында сын көтермейді. Көпке ортақ ұлттық рухани құндылықтар төңірегіндегі пікірталастарды көбіне жеке басқа тұсаулаудың кесірінен шынайы көркемдікті танымау тәрізді теріс көзқарас, кесапатты кесірлік, сынды қабылдай алмаушылық қанат жайып келеді. Бұл, әрине, біздің мәдениетіміздің кемшілігін, мамандардың өз ісіне деген енжарлығын, қағылез еместігін, жауапкершілігі төмендігін танытады. Мәселен, Несіпбек Дәутайұлының шығармашылығына байланысты жарық көрген үш мақаланың ішінде сыни бар мақала да осы Әмина Құрманғалиқызының «Аты жоқ әңгіме немесе айдың арғы беті» деген еңбегі. Қарапайым оқырман байқай бермейтін жердегі сұлулықты көре білетін де, оны бағалап, жеткізе білетін де сауатты сыншы. Н. Дәутайұлының әңгімелеріндегі әдемілік, көркемдік, шеберлік, шындық, кәсіби шеберлік мәселелері талданып, шығармашылық ізденістері мен ерекшеліктері салыстырыла талданған мақалада міні де ескерусіз қалмайды. Танылған, әдеби ортада әбден мойындалған сақа суреткердің сөз қолданысындағы салақтық, біреудің төлқұжатына айналған сөздер мен көркемдік детальдарды біле тұра қолдануы секілді әбестіктерін де байқап, батыл сынады. 2017 жылғы әдеби сында әдемі ойларымен, жаңа бір формалық ізденістерімен танылған тағы бір талантты сыншының бірі – Маржан Әбіш. Сындағы жаңа тың есім Маржанның «Әділетсіз баға немесе көркемдік» (05.05.2017.205 қаралды) атты мақаласында республикамыздағы белгілі әдеби журналдарға («Үркер», «Жамбыл», «Адырна», «Жұлдыз») шолу жасап, олардағы шығармашылық ізденістерге баға береді. Жас сыншы әрбір әдеби басылымдардағы айдарлар санына, соларда жарияланған өнімдерге өз тарапынан талдау жасай отырып, сын мақалалардың аз жазылатынына, осы орайдағы ұйымдастыру мәселелерінің кемшін тұстарына, көбіне дайын проза мен поэзиялық шығармаларды шығаруға бейімділікті, жылдар бойы бір романды басуға, бір басылымда

жарияланған мақалалардың екінші басылымдарға көп ұзамай қайта жарияланып жататын авторлар этикасына жатпайтын өрескел қылықтардың өріс алуына өз өкпесін білдіріп, өткір сынға алды. Әдетте әдеби журналдар жаңа шығарманың ең бір шұрайлы бөлігін ғана басып, оқырманды қызықтырып, сол кітаппен жүздесу сәтін ұйымдастыруға ұйытқы болуы, бүгінгі бәсекеге барынша дайын болуы жөніндегі батыл ұсыныстары оқушыға ой салады. Маржан Әбіштің «Үшеуден бастадық» (14.07.2017.556 қаралды) деген формасы да жазылу стилі де өзгеше сын хаттары да оқырман назарын аударады. Өз қатарлас қаламгер шығармаларына айтқан батыл болса да қамшысы батпайтын қиянатсыз, жанашырлықпен айтылған сындары салмақты. Зілі жоқ замандас арасындағы зиянсыз сындар авторға да оқушысына да ой тастайды. Эпистолярлық жанр стиліне тән лаконистік леп, аз сөзге көп мағына сыйдыратын сырбаздық сыншының ізденімпаздығын, жанрды түрлендіріп, стилін сонылауға талаптанатынын көрсетеді.

Оқып көрелік: «Сіз – ақынсыз! «Сіздің «Мөлтіліңіз» туралы айтылар әңгіменің ауаны адам шаршатарлық. Жағымды пікірге қарағанда жағымсызы көп пе деп қорқамын. Мейлі «шешінген судан тайынбас». Бармай жүрген тәуекел ме бұл?! ... («Мөлтілге» енген 7 әңгіме, 1 хикаят жөнінде) Пышақтың қырынан да жіңішке жинақтан, шынымды айтсам, селт еткізер көп дүние көре алмадым. Әлқиссасы«Әнсарқалпеден»басталғанкітапіш пістырарлық десем, артық болар, әйтсе де ара тұра қалғып кетуге мәжбүрлейді. Жазуыңызда да, тақырыбыңызда да, баяндауыңызда да жаңалық жоқ». Мәссаған! Не деген батылдық, тап бір төбеден қойып қалғандай. Апырмай автордың жүрегі қалай еді деп ойлайсыз еріксіз. Аз сөзге салмағы ауыр сын жүктеген автордың амбициясы оқырманды ынтықтыра түседі. Ары қарай оқылық: «...Сіздің орныңызда болсам, мазмұндағы бес әңгімені («Әнсар қалпе», «Бүйрек пен талап», «Жұмыс тапқан әйел», «Тау басындағы қардың дәмі», «Самұрықтың зары») жинаққа мүлдем қоспас едім. Бұларды көркем шығармадан гөрі естелік-эссеге көп ұқсастықтан болар, «тіске басар» әңгіме сықылды қабылдадым. Аталған шығармаларыңызда ошақ бар, от жоқ. «Мөлтіл» жазушылық қабілетіңізді толық көрсете алмаған кітап», – деп түйіндейді. Мазмұндау емес, жүйелеу, түйіндеу бар, туған биде туыс жоғы аңғарылады. Сыншы әрине, көріпкел емес, алайда ащы сын авторды қайрап, шеберлігін шыңдауға себеп болары сөзсіз. Кейін сыналған жазушының бір бәйгеден бірінші орын алғанын естіп, қуанып қалдық. Мақаласындағы өзге авторлар – Қанат Тілеуханның «Қараштың әңгімелері» мен Қанат Әбілқайырдың «Көршінің қызына» айтылар сындарды да оқыған оқушы өкінбейді. Сынға жаңа келген автордың айтары бар, өзіндік пікірі, сыни көзқара-

сы бар, өзгеше өрнек алған жазу стилі бар. Үміт күттіретін сыншы, тек әдеби басылымда жүріп бай тәжірибе, білім жинаса, өзін кәсіби сыншылыққа бейімдесе, тәп-тәуір «тура би» боп шыға келер еді. Өзі айтқандай рас айтам.

Өткен жылдың өзекті мәселесінің бірі – әсіресе әдеби басылымдарға кеңінен сөз болып, Қазақстан Жазушылар одағының 300-ден аса қаламгері қатысып, депутат Бекболат Тілеуханның қатысуымен өткен алқалы жиын қазақ әдебиетін мектептер мен ЖОО-да оқытуы мәселесінің көтерілуі еді. Оқырманы жоқ әдебиет құрдымға кеткен әдебиет. Бүгінгі баладан бастап жүйелі дұрыс оқытылмайтын әдебиет қайда барып оңбақ? «Қазақ әдебиеті» газетінің тілшісі Қарагөз Сімәділдің әзірлеуімен жарияланған «Ар ілімі немесе әдебиет ғылымы туралы» деген (24.02.2017.1354 қаралды) жыл бойғы мақалалардың ішіндегі ең көп оқылған мақала да осы екен – 1354. Республиканың бірнеше ЖОО-ның профессор ғалымдары (Ж.Дәдебаев, А.Ісімақова, С.Ержанова, Ж.Дәулетбекова) қатысқан пікірталаста «қазақ әдебиеті», «қазақ тілі», «филология» мамандықтарының жоғары және Жоғары білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының жаңа тізіміне енбей қалуы, осы мамандықтағы бакалавр бағдарламаларын толық аяқтаған студент бұл мамандықтар емес, «Тіл білімдері бакалавры» деп аталатыны жөніндегі пікірталасқа шет елдік мамандар да қызу араласып, өз тәжірибелерімен бөліскен. Болашақ ұрпаққа, ертеңгі оқырманға әдебиетті қазақ тілінде оқытпай ұлттық құндылықтардан айыру ұлттың тамырына балта шабу екендігі, оған әрбір қазақ, әрбір зиялы қауым, елдің ертеңін, ұлтын, ұрпағын ойлаған зайырлы мемлекет немғұрайды қарамайтындығы өткір де өзекті мәселе ретінде көтерілген.

Әдетте әдебиеттану ғылымы мен сын қашаннан бір-бірін толықтырып, көркем әдебиетті тұтастай зерттеудің нысаны етіп келеді. Әдебиетші ғалымдар жеке жазушылар шығармашылығы мен әдебиеттегі жаңа бағыттар, әдеби кеңістіктегі тақырып, идея, образ, стилдік ерекшеліктер мен поэтика мәселелері жөніндегі ғылыми теориялық талдауларды тандаса, сыншылар көбіне шығармашылық портреттермен шектеледі. Соңғы жылдары біздер мерейлі той иелеріне арналған мақалаларды да сын санатына қосып жүргеніміз шындық. Ақынның көтеріп отырған мәселелері, тақырыптары дәл сол кезеңнің рухани айнасы, көркем шежіресі екендігін айтады. Бұл мақаланы көрнекті қазақ ақыны қаламгерлік қасиетін, көркемдік әлемін, стилдік ізденістерін, жаңашылдық, кәсіби шеберлігін тұтас жүйеде талдаған ұлттық әдебиеттану ғылымындағы бірден-бір ғылыми зерттеу жұмысы деп таныған дұрыс. Елді елең еткізерлік жаңа ой, тосын талдау, сыни пікірлер бой көрсете қоймайтын бір са-

рынды жазылған мақалалардың дені мерей той иелеріне арналған. Сондықтан оларды тізіп жатуды жөн санамадық. Қажет деп тапсаңыздар, газеттегі мақалаға беруге болады. Сондай-ақ Нұрлайым Батырдың Тұрысбек Сәукетаевтың «Жынды» романы туралы жазған «Бұл «жынды» қай жынды?» мақаласында бүгіндері елді жайлаған немкеттіліктің дәуір дерті ретінде көрініс тапқанын, жеке адам өмірінің құнсыздануы, отбасы институтының құлдырауы төңірегінде көтерілген мәселесінің маңызын айта келіп, кейіпкердің тағдырын өзгерткен басына кірпіш түсуінен ерекше қабілет пайда болып жазушы болып кетуі, Америкадағы жындылардың мәжілісіне қатысуы, кездейсоқ кездескен Үміт секілді Алаш зиялысының ұрпағына үйленуі, т.б. сынды сенімсіз сюжеттердегі олқылықтарды орынды сынайды. Аманхан Әлімнің Қуандық Түменбаевтың шығармашылығы туралы «Өмір сыры немесе қояншық тақырыбына қалам тартқан жазушы Қуандық Түменбайдың үш әңгімесі» деген мақаласы тамсанудан гөрі «турасын айтып туғанына жақпағаны» әлдеқайда тұшымды болар еді. Жазушының талай оқырманды оғаш ойлы кейіпкерлерімен, заманның зұлымдығын өлердей суреттеуге деген құмарлығын, әсіресе Аманхан талдап отырған «Адам» деген әңгімесіндегі анайылық, «Ана» атты қасиетті ұғымға жат жабайы сөздердің айтылуын, жұртты жирендіріп жүрген шығармаларын мадақтаудың орнына орынды сынмен авторға ой саларлықтай етіп жазса ұтымды болар еді. Немесе ондай шығармаларын зерттеу нысаны етпеу керек еді. Керісінше, «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтпас» па? Сын жанрының күрделі бір түрі – проблемалық мақалалар. Қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселесінің бірі – кітап басылымы, оның таралымы, насихаты, тиражы, жөніндегі проблемалық мақала авторы – көрнекті ғалым, баспагер Шериаздан Елеукенов. Оның «Жазушының жазғаны елге жетпесе...» (10.02.17) деген мақаласында қазіргі уақытта елімізде баспа, полиграфия және кітап саудасы мәселелерінің мүлдем күн тәртібінен алынып тасталғаны, онымен шұғылданатын арнайы министрлік түгілі агенттіктің де жоқ екендігі, бұл мәселеге мемлекеттік тұрғыдан көңіл бөліп қамқорлық көрсетілмей рухани жаңғырудың болмайтындығы өткір сынға алынса, Исраил Сапарбайдың «Іште пікір өлгенше...» (30.03.17) деген мақаласында тәуелсіздік тұсындағы тоқыраушылық, қаламгерлер тағдырындағы қиыншылықтар, киелі сөздің құлдырауы, оқырманнан айрылу, рухани демеуші халықтан айрылу, т.б. секілді бүгінгі күннің кескін-келбеті, әдеби процестегі өзекті мәселелері сөз болады. Әдеби басылымдардың бірі – «Жұлдыз» журналында жарияланған Айгүл Кемелбаеваның «Аманатқа адалдық», Қасымхан Бегмановтың «Этнографиялық әңгіме» атты кітабы туралы мақаласы, Ж.Дәдебаевтың «Зейнолла Қабдоловтың романдары», Б. Сарбалаев-

тың «Жүректің сөзі – өмірдің өзі» деген Өмірзақ Қажымғалиевтің «Кемел» деген романы туралы, Айгүл Ісімақованың «Ұлы көш туралы роман» атты мақалаларында да бүгінгі әдеби сын, әдебиеттану мәселелері сөз болады. «Ақиқат», «Жалын», «Жамбыл», «Простор» журналдарында да бүгінгі әдебиет мәселелері жөніндегі мақалалар сирек болса да жарық көріп жатады. Әдеби басылымдардағы әдебиетке, сынға, жеке көркем шығармаларға қатысты дүниелерді бір шолып өткенде байқаған кемшілігіміз – жазушының жеке басындағы кемшіліктерді теру мәселесі көзге көп түседі. Оған Қазақстан Жазушылар одағының кезекті пленумы айналасындағы айтыстарды айтудың өзі жеткілікті. Жалпы әдебиеттің көркемдік шарттарын жүйелеген поэтикалық әлемді тануға деген талаптың тапшылығы өкінішті. Осы ретте өз тарапымынан өтініш, әлде ұсыныс ретінде айтарым: Біріншіден, қазір уақыт өзгерді, көркем әдебиет те олардағы әдеби ағымдар да, оларға деген көркемдік шарттар да, талаптар да өзгерді. Кез келген ұлттың сөз өнерінің даму, жетілу процесі әлемдік ақыл-ой қазынасымен бірлікте дамитыны белгілі. Олай болса, қазіргі қазақ әдебиетінде бой көрсеткен постмодернизм бағытына бет бұрған проза мен поэзияны бұрынғыша талдай алмаймыз. Екіншіден, қазіргі әдеби сында көркем эстетикалық және аналитикалық талдаулар тапшы. Кәсіби деңгейде, әдеби көркем сын жанрының шарты мен талабы көбінде ескеріле бермейді. Жанр табиғатын ашатын көркемдік категориялар, әдеби ұғым-түсініктер, ғылыми терминдер қолданылмайды, көбінде көпірме мадақ, сылдыр сөздер, нақтылы туындыны аналитикалық, эстетикалық, теориялық тұрғыдан талдаудан гөрі жалпылама шолу, үстүрт баяндау басым. Нақты сөйлеу, тақырыпты зерттеп, көркем мәтіннің жетістігі мен кемшілігін, көркемдік ерекшелігін жіті байқап, біліп жазу, талдау жетіспейді. Үшіншіден, біз шын мәніндегі кәсіби сынды өсіргіміз келсе, әр жылдары жарияланып жататын әдеби конкурстар талаптарына сын жанрындағы мақалаларға да бәйге жариялау ендірілсе, сөйтіп сынға келген жастарға моральдық және материалдық қолдаулар мемлекеттік, одақтық тараптан тұрақты түрде көрсетіліп отырса нұрүстіне нұрболареді. Әдебиетінде тәжірибесі мол кәсіби мамандарға әдеби басылымдардан бағана беріліп, көркем әдебиет процесі туралы ой пікір тұрақты ұйымдастырылып отырса... Бұл жас сыншыларға бағыт бағдар берерлік, шеберлік мектебі болар еді. Қазіргі әдеби-көркем сынның эстетикалық, тәрбиелік қасиеттеріне, теориялық тұжырымдамасына сүйенсек, шынында да таланттарды танытын да, табатын да, оларды тәрбиелейтін де таза сын, әділ пікір, жанашырлық ой. Ең бастысы, әдеби шығарманың көркемдігін, оның авторының таланты мен кәсіби шеберлігін тап басып, дәл диагноз қоятын сыншының асқан білгірлігі

мен талғампаздығы, әділдігі, әдебиет алдындағы ар тазалығы, жауапкершілігі. Жазушының қайрағы – сыншы. «Сын – мидың жануы. Сын ойларды қосып, адамның пікірін қайрап отырады. Сынсыз жазылған сөз қайралмаған пышақ сықылды. Сондықтан бізге сын керек», – деген Смағұл Сәдуақасовтың сөзі бүгін де көкейкесті. Қазақ зиялысы, қаламгерлер жүгі ауыр сынды жастарға жүктеп қоймай қазіргі мәдениет, әдебиет, өнер мәселесінің зәру тақырыптарына белсене араласып, ұлттың рухани келешегі үшін аянбай күресе білгені жөн. М.Әуезовтің: «...Гогольді Тургенев танытқан жоқ, Белинский түсіндірді. Сөйтіп, тарихта жазушыны сыншы мен әдебиет тарихшысы түсіндіреді» деген сөзі де тегін айтылмаса керек.

#### Әдебиеттер

1. Жұмабекұлы С. А. Сүлейменов – сыншы // “Алматы ақшамы”, 1992, 29 желтоқсан. 3-бет.
2. Сәдуақасұлы С. Әдебиет әңгімелері // “Еңбекші қазақ”, 1927, 15-16 ақпан.
3. Жұмабаев М. Шығармалары. 2-3-т. – Алматы: Білім, 1989. – 400 б. 16-бет.
4. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – Алматы: Жазушы, 1993. 4-15, 5-41 б.

#### Қосымша әдебиеттер:

1. Котков Г.К. От структурализма к постструктурализму. – М., 1998.
2. Керлот Х. Словарь символов. – М., 1994.
3. Ланче Н.Н. Психический мир. – М., 1996.
4. Леви-Стросс К. Структурная антропология. – М., 2001.
5. Литературные архетипы и универсамы. – М., 2001.
6. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы, 1996.
7. Руднев В.П. Словарь культуры XX века. Ключевые понятия и тексты. – М., 1999.
8. Швейбельман Н.Ф. Опыт интерпретации сюрреалистического текста. – Тюмень, 1996.
9. Шмид В. Нарротология. – М., 1991.
10. Эко У. Роль читателя. Исследования по семиотике текста. – СПб, 2005.
11. Ильин И.М. Постмодернизм. Энциклопедия. – Мн.: Интерпрессервис; Книжный дом, 2001. – 1040 с.
12. Исмакова А. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. – Алматы: Ғылым, 1998.

## **ЕКІНШІ БӨЛІМ**

### **СЫНШЫ ТҰЛҒАСЫ**

**Гүлзия ШРӘЛІ,**  
филология ғылымдарының докторы,  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және  
өнер институты «Әуезов үйі»  
ҒМО бас ғылыми қызметкері

## **СӨЗТАНУ ӘЛЕМІНДЕГІ СЫНШЫ МҰРАТЫ**

### **1. ӘДЕБИЕТШІ, ҒАЛЫМ, СЫНШЫ Б.ЫБЫРАЙЫМНЫҢ КӘСІБИ СЫН ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ОЙЛАРЫ ТУРАЛЫ**

#### **Автордың өмір шындығын бейнелеудегі шеберлігі**



Ғалым, сыншы, қаламгер Бекен Ыбырайым «Сөзтану әлемінде» (Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2016.- 448 бет) атты жинағындағы «Сын – айыптау емес, байыптау» деген мәселе төңірегінде: «Нағыз сын ынтықтыратын, қанаттандыратын, асқақтататын көркемдік шындықты – шығармадағы объективті эмоциялық-эстетикалық қуаттарды, шын сұлулықты таныту үшін, әлеуметтік әділеттілікті орнықтыру үшін,

олқылықтардан арылу үшін қажет десек, ешкімге де жаңалық емес», – деді (Қазақ әдебиеті, 2012,14 қыркүйек.301 -302 бб.). Сөзді өнер деп ұққан қаламгердің өзіне де, өзгеге де сын көзімен қарауы – табиғи заңдылық. Ал мұндай талап жоқ жерде таланттың танылуы екіталай. Өзгенің кемшілігін көре біліп, өзінің көркемдік эстетикалық талғамын тәрбиелей білген, содан сабақ алған автор ғана



шығармашылық шеберліктің шыңына биіктеуге, өзінің өресі мен өрісінің өсуіне мүмкіндік жасай алады. Белгілі ғалым, сыншы Бекен



Ыбырайымның сын мақалалары мен зерттеулеріндегі көркемдік-эстетикалық талғамы, әдебиет әлеміндегі ерекше танымы мен қатаң талапшылдығы, сыншылық сарапшылдығы бізге осындай ой салады. Нағыз ғалымға тән аналитикалық ойлауға бейімділігі мен әдебиеттану ғылымының үш саласынан (әдебиет тарихы, теориясы, сыны) да жан-жақты қаруланған зерттеушінің шығарманың көркемдік әлемін терең танып, талдай білуі – шынында да кәсіби сыншы шеберлігінің куәсі.

Өзіңе өзің сыншы бола алмасаң,  
Не керек қиялыңды құр алдаған, –

деген сүйікті ақыны Қасым Аманжоловтың жыр жолдары өзінің өмірлік ұстанымы екендігін екі сөзінің бірінде ескертіп отыратыны да жайдан-жай еместігі белгілі.

Табиғатынан өз ісіне деген адалдық пен тазалықты, талғам мен танымды өнерде де, өмірде де ұстаным еткен Б.Ыбырайымның шығармашылық ерекшелігі – өзіне де, өзгеге де қатал талап қоя білуінде болса керек. Оған туындысын, еңбегін оқуға берген кез-келген шәкірттен бастап, үлкенді-кішілі әріптестерінің өзі де ұстараның үстінде отырғандай сезінетініне күмәнім жоқ. Өйткені ғалым-сыншының сіздің бет-жүзіңізге де, шен-шекпені-ңізге де қарамай, қолжазбаңызды қызыл қаламмен қып-қызыл етіп, шимайлап қайтаратыны шүбәсіз. Орынсыз қолданылған сөз, олақ құрылған сөйлем көрсе, «сайтаны» қозып кететін сыншы сөзді тани білмейтіндермен жаны қас. Әдебиеттің құралы – тілді танып, түсінбей, көркемдікті эстетикалық, философиялық, суреткерлік сезімталдықпен түсінбей, сөз өнерінде өріс кеңейтудің мүмкін еместігін Бекен Ыбырайым өзінің барлық еңбектерінде жүйелі түрде жазып келеді. Білікті маман өзі оқыған туындыдан, ең бірінші, автордың өмір шындығын бейнелеу шеберлігін, сөз тану сипатын екшей келе, «оның оқырманға әсері қандай?» деген мәселелерді іздейді. Өзі зерттеп отырған кезеңдегі көркемдік құбылыстарды, әдеби, рухани кеңістіктегі жетістіктер мен кемшіліктерді тек көркемдік талғам арқылы таразылауды да басты мұрат тұтқан сыншы ғалым ең әуелі, оқырмандардың көркемдік-эстетикалық талғамын тәрбиелеуді көксейді.

Б.Ыбырайымның жетпісінші жылдардағы сын мақалалары мен «Көркемдік көкжиегі» атты мақалалар жинағында (1981) да көркемдік-эстетикалық талғам мен таным тұрғысынан таразылау талабы айқын көрінді. «Таным диалектикасы және образ шындығы», «Көркем шығарма және концепция», «Тұлға. Тәсіл. Түйін», «Тақырып пен шешім» деген төрт тараудағы күрделі мәселелер өткен

ғасырдағы сөз өнерінің өрісі мен өресін танытады. Талдау нысанына алған шығармалар мен авторлардың кәсіби шеберліктері, туындыларындағы кемшіліктер мен жетістіктер жөнінде ашық айтылған, достық ниеттегі лебіздер – бүгін де бағалы, ойлы, қажетті пікірлер. Жалпы, сөз өнеріне, көркемдік әлемге, сыни талдаудағы талғам мен танымға қатысты толғамдары – қашанда қажет талаптар.

### **Балалар прозасына қажет басты дүние – интеллектуалдылық**

Б. Ыбырайымның белсенділігі сексенінші жылдары жиі жарық көріп тұратын сын мақалалар жинағы – «Жас қаламгерлер сериясымен» шыққан «Сөзстан» және «Жастар жастар туралы» айдарымен танылған «Беталыс» деген жинақтардың барлық кітаптарында жарық көрген мақалалары арқылы да танылғанын атап көрсетуге болады деп ойлаймыз. Айталық, 1983 жылы жарияланған «Сөзстандағы» (А: Жалын, 264 бет) «Ендігі асу...» деген мақаласы қашаннан бері ұлтымыздың ұрпақ тәрбиесін ұмытпай, үнемі назар салып отыратын балалар әдебиеті, оның ішінде проза саласындағы жетістіктерге көңілі толып, кемшіліктерін көңілге қарамай, ашық айтуымен ерекшеленеді. Сол кезеңде осы салада сөз бастаған жас қаламгерлердің таланты мен табыстарын тап басып, сын мұратының қанаттандыру ұстанымын ұлықтаған әдебиетші әуелден-ақ талапшыл. Тұңғыш туындысынан, алғашқы сөйлемдерінен-ақ талантты жастарды жазбай тани білетін сыншылық қасиеті сол жылдары-ақ дәлелдегендей. Мақала нысанына алынған Сайлаубай Жұбатыров, Молдахмет Қаназов, Мәди Айымбетов, Қабыш Жәркенов, т.б. сынды қаламгерлердің сол тұстағы балалар прозасына өзіндік өрнектері мен ойларын, кейіпкерлерін ала келгендігін кәсіби сыншыға тән көркемдік талғам таразысы арқылы танып, шығармаларындағы шуақты ойлар мен шұрайлы тілді нәзік сезімталдықпен барлай білуі – сөз жоқ, биік талғам куәсі. Бүгінде қазақ әдебиетіндегі балалар прозасының белді буындары атанған бұл қаламгерлерді қанаттандыратын қолдау, қошеметтеу құп аларлықтай. Мәселен, «...Бір қуаныштысы соңғы жылдар бала-лар прозасына жаңа толқынның, жас толқынның нық басып келгенін көрсетті. Қалай дегенмен де, олар бүгінгі балалар өмірін жақсы біледі, психологиясына да қанық. Шетінен дерлік сауатты, ой айтып, мәселе көтере біледі. Ендігі асу – шеберлік асуы. Қаламдастарымызды сол асудың биігінен көрсек дейміз» (177 бет), – деген тұсаукесер сынды тұспал өмірде орындалып, олардың дені қазіргі қазақ балалар әдебиетіндегі бата берер ақсақалдар алдында жүргені ақиқат.

Өткен ғасырда айтылса да, өзектілігін жоғалтпаған, балалар прозасына тән кемшіліктерді қазіргі қаламгерлерге құлаққағыс ете

кетудің де айыбы жоқ шығар. Мәселен, «...Шеберлік дегеннен шығады, аталған авторлардың қай-қайсысы да оқиға өрбіту, сюжет құруды біледі. Дегенмен тілге салақ қарау, асығыстық та шеберлік белгісі емес екенін баса айтамыз. Балалар прозасында интеллектуалдық айрықша қажет деуіміздің бір себебі – балғындар кітапта жазылған сөйлемді, сөзді тура мағынасында түсінеді де, ойы да соған орай қалыптаса береді. Ендеше, олардың ой-өрісін, талап-талғам деңгейін мейлінше ескеру керек-ақ. «Жастар тіл білмейді» деп айтуға ауыз бармайды, керісінше, олар сөз сырына көп үңіліп, өздерінше құбылтуға, түрлентіп қолдануға талпынады. Сосын, тіл білу дегеніңіз, түптеп келгенде, мыңдаған сөздердің жиынтығын жатқа білу ғана емес, ең алдымен сөздердің бір-біріне сәулесін де, көлеңкесін де түсіретінін, нәрі мен әрін, нәзік нақышы мен биязы бояуын терең түйсініп, ойынды мөлдіретіп жеткізе білу ғой. Жазушы үшін ең бастысы – «өзінің рухын таныта білу, ал тіл материалын падалану мен игеру болса, жаттығудың жемісі», – деген сол жылдардағы жас сыншының ойлары бүгін де бағалы (177-бет).

Және бұл мақала осыдан қырық жылдан аса уақыт бұрын жазылған, сондықтан ондағы ой-пікірлер, мысал объектілері өз мезгілімен өлшенетіні заңды. Дегенмен ондағы өзекті ойлар бүгін де көкейкесті екендігін ұмыт пайық. Өйткені неғұрлым қысқа жазамыз деп сөз құнарын құлдыратып, «ба-ла тіліне бейімдейміз» деп, шалағайлық жасап жүргендерге бұл сын қажет-ақ.



Сондай-ақ қазіргі технология мен ақпараттар ағынынан бас ала алмайтын «білімді, вундеркинд» балаларды бейнелейтін «интеллектуалы жоғары жазушылардың» шығармаларындағы терминология мен фразеологияның күрделілігі мен көптігі бала түгілі ересектердің түсінуіне үлкен күш түсіретінін де жасыра алмаймыз. Сын жанрында ұзақ уақыт бойы табанды еңбек еткен сыншы балалар әдебиетіндегі осындай олқы тұстарды ұзақ жылдар бойы зерделей келе, кейін М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы ғылыми жұмыстарына тақырып етіп, жалғастыруы да өз кәсібіне адал жанның тазалығын, жанкештілігін дәлелдесе керек-ті.

Сондықтан да болар, оның ғылыми талдаулары, аналитикалық ойлары мен сыншылдық, суреткерлік талғам мен танымнан таратқан толғамдарының өзіндік өзгешелігі, бөлек бедері, дербес дидары бар. Сөзтану әлеміндегі сырлы да сұлу сөз өнеріне қойылар талаптар, өткен мен жаңа ғасыр белесіндегі сыншылдық ойлар мен әдеби процестегі парасатты пікірлер, бай тәжірибеден туындаған тағылымдар оқырманға әдемі ой салары анық. Өйткені оқырман тәу етер таланттарымыздың өмірді өрнектеуде, сөз өнерін еншілегендегі ең басты ұстанымы да сыншы сөз еткен осы көркемдік талғам тұрғысынан, көркемдік-эстетикалық талап өресінен шығып жатса, өзі қолданып отырған әрбір сөзге, қолданған құралы – тілге асқан жауапкершілікпен қарап, шеберлік куәсі – зергерлікті игерсе, қазақтың әдебиеті, сөз өнері, сөзтануы керемет көктеп, рухани кеңістігін кеңейтері де сөзсіз емес пе?

Қай салада жүрсе де (әдебиетте, сында, ғылымда, педагогикада), сөз өнеріне үлкен өре мен өлермендік махаббатпен, өлшеусіз жауапкершілікпен келу керектігін кредо еткен Б.Ыбырайымның қай мақала, зерттеу, оқулық, қарапайым тіршіліктегі әңгіме-дүкен кезіндегі сөзіне назар аударсаңыз да, осы бағыт, осы ұстаным, осы талап пен талғам алдыңыздан шығады да тұрады. Оған әдебиетші ғалымның әр жылдары жарық көрген зерттеу кітаптары мен жүздеген сын мақалалары – даусыз дәлел. Оның барлығын бұл арада талдап жату мүмкін емес. Бір ғана жинақ туралы айта кетейік.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Бекен Ыбырайымның «Сөзтану әлемінде» (Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2016.-448 бет) атты қазақ әдебиетінің әр кезеңдеріндегі көркемдік ахуалын арқау еткен сын, зерттеу мақалаларының жинағын да оқырман қауым кезінде жақсы қабылдаған болатын. Кеңестік кезеңнің, 1970-1990 жылдар аралығындағы әдеби процесс, қазақ прозасындағы ерекше көркемдік құбылыс болған шығармалар, білімі мен суреткерлік шеберліктері биік интеллектуалды, талантты, тегеурінді топтың сол тұстағы табыстары жөніндегі толғақты ойлары топтастырылған жинақты бүгін оқысаңыз да, көңіліңіз толары хақ. Себебі ұлттық сөз өнерінің өрісін кеңейтіп, өресін биіктеткен, көрнекті қаламгерлерді танытқан негізгі туындыларын таңдап ала отырып, олардың қазақ прозасына әкелген жаңалықтарын, көркемдік-стильдік ерекшеліктерін өз тұрғысынан айқындаған. Осы ретте М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы, І.Жансүгіровтің «Күйші» поэмасы, С.Мұратбековтің «Жусан иісі», Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» сияқты повестері әлем әдебиетінің үздік үлгілері екендігін, өкінішке қарай, бұл шығармалардағы шырқау шеберлік, эстетикалық-эмоционалдық қуат әлі тиісті деңгейде айтылып, ашылмағанына қынжылыс білдіре-

ді.

«Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті» деген мақаласында «Абай жолының» эпикалық ауқымына, роман, повесть, пьесаларындағы кесек тұлғалар галереясына, ғажап дарынның ересен қуатының айғағындай қиыннан қияға асатын қыруар шеберлік мысалдарына тоқтала келіп, әлемдік деңгейдегі классиктермен сабақтастыра салысты-рып, олардан өзгешелеп тұрған ерекшеліктерін екшеуге, өзіндік мәнерін, ойлау, сезіну сипаттарын саралап, көркемдік құндылықтарын айқындайтын айырмашылық-тарын 5 тармақ бойынша топтастырып, талдаудағы ойлары да тың. «...Дарынның ең қуатты қаруы – байыптап асқақтататын (осмысленно возвышающий) психологизм деп бағалағанымыз әділ», – дейді. Зерттеуші Әуезовтің мұндай психологизмінде рухани-эстетикалық түлеу, жан дүниенің жарқ етіп сәулелену, нұрлану процесі жүйелене келе, дүниені тану мен қабылдау қасиеті ретінде стильдік сананы айқындайтынына назар аударады.

Психологизмді тек қана қасаң ғылыми категория ретінде қарамай, шығарманың көркемдік әлемін, рухани қуаты мен қасиеттерін, суреткер сиқырының сипатын қарапайым оқырман, кәсіби сыншы, білікті ғалым ретінде түсініп, тіл мен сөздің құдіреті тұрғысынан талдайды (70 бет).

«Тағдырын сөзіне айналдырған» деген мақала да М.Әуезовтің суреткерлік шеберлігінің сырын бүгінгі уақыт контексінде қайта бір ой елегінен өткізу, жаңаша қарау, көркемдік шеберлік, сын тұрғысынан таразылау қажеттігін айрықша атап көрсетеді. Б.Ыбырайым жазушының үздік туындысында байқалар олқы тұстарын анықтап айту арқылы сол заманның зілі мен зобалаңын танытуды жөн санайды. Нақты дәлел, мысалдар арқылы суреткер шығармашылығын жеке-дара, оқшау, тұйық құбылыс секілді қазақ әдебиетінің ғана контексінде қарау оның тұлғасын толық, объективті таныта алмайтынын айта келіп, оның қарасөз әлеміндегі көркемдік құбылыс ретінде танытқан қаламгерлік құдіретін әлемдік классика деңгейін-де зерттеп, зерделеу, бағалау қажеттілігі турасындағы ойлары да назар аударарлық.

Жинақтың «Портреттер» деген бөлімінде С. Омаров, М. Иманжанов, Ә. Нұрпейісов, Т. Ахтанов, Б. Соқпақбаев, Қ. Мұхамеджанов, С. Жүнісов, М. Мағауин, М. Ысқақбай, О. Бөкей, Т. Нұрмағамбетов сынды қаламгерлердің көркемдік әлемі жөнінде әңгімелеген. Олардың қарым-қабілеті, кәсіби шеберліктері көркем мәтіндерді талдау арқылы айқындалады.

«Пікірлер» деген топтамада әдебиеттің әртүрлі мәселелері, қазіргі қазақ прозасының бағыт-бағдары, кәсіби сынның көрінісі, талап пен талғам, сыршылдық пен сыншылық сынды тақырыптар төңірегіндегі өзекті мәселелер сөз болады. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі көптеген келеңсіз құбылыстарды, олқы тұстарды да орынды сынайды. Мәселен, жинақтағы: «Көкірек көзімен өлшенетін көркемдік әлем» деген сұхбатқа берген жауабында көркем шығарманы түсіну мен талдаудың ең алдымен, көркемдік талғамға қатыстылығын, көркемдік талғамның көркемдік танымға, өмірлік, эмоциялық тәжірибеге тікелей сабақтас-тығын, бұл мәселенің қаншалықты күрделі екендігін нақты мысалдармен дәлелдей келе: «... Жасыратыны жоқ, мерзімді басылымдарда немесе түрлі деңгейдегі зерттеулерде, оның ішінде кандидаттық, докторлық диссертацияларда көркем шығармалар өзінің әділ бағасын алмайды. Немесе ортақол туындылар мен жасық дүниелер ретті-ретсіз мақталып жатады. Сонымен бірге, әдебиет тарихына қатысты еңбектерде, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда, хрестоматияларда шығармалар дұрыс ірікте-ліп, объективті бағаланбайды. Бұған мысал бізде де, шетел-дерде де қыруар. Мәселен, кешегі кеңес кезеңінде асыра мақталған талай шығармалар бүгінде оқылмайды. Оған кім кінәлі? Автор ма, ғалым ба, қоғам ба? Әңгіме кінәліні табуда емес. Әңгіме – көркемдік талғамда.

...Әдебиетшінің қате пікірі оқырманның әдеби талғамына нұқсан келтіреді. Көркем шығарманы оқырманның бәрі өз көзқарасымен бағалай бермейді. ...Жоғары оқу орындары мен мектептерге арналған оқулықтарда кеңестік жүйе саясатының әсерімен енген шығармалардың оқытылып жүргенін айтып, қайта қарап, екшеу туралы мерзімді басылымдарда бірнеше рет мақала жазып едім. Бірақ «баяғы жартас – бір жартас» күйінде қалып отыр... Көркемдік талғам төмен болған сайын рухани отарлануға бейім тұрамыз. Көркемдік талғамның бұзылуына себеп көп... Дәл қазір неге көркем шығарма оқылмай жатыр?...» – деген сауал тастай отырып, оның себеп-салдары туралы ой өрбітеді (77-бет).

Қазіргі кезде де көркемдік талғамның төмен болуы салдарынан әлеуметтік әділетсіздікке, рухани құлдырауға түсіп жатқанымызды, сөз өнерінің қасиеті мен құдіретін түсінбей, тек терминдермен сөйлейтін ғылыми-теориялық талдаулардың көркемдікпен «үш қайнаса, сорпасы қосылмай» сықиып қалатынын, әдеби тілдің нәзік нақышын танып сезінудің орнына әлемдік әдебиеттанудағы барлық бағыттарға келсін-келмесін байлап беруді бағасы артық құндылық санайтындарды сынайды.

кемшіліктерді дер кезінде көтеріп, ортақ істе белсенділік танытып жүргендігі көңіл қуантады. Қара басының қамы үшін емес, ұлт мұқтажы үшін үлес қосып жүрген жанның «Сөзтану әлеміндегі» өзіндік сөзі мен өресі биік ойлары, жүйелі сыни көзқарастары мен аналитикалық талдаулары қазақ сыны үшін мол олжа дер едік.

Кәсіби сынның көзден біржола бұл-бұл ұшып кетпеуіне лайықты үлес қосып жүрген ғалым сыншының баспасөздегі бағалы ой-пікірлері топталып, бір кітапқа жинақталып, жүйелі берілгесін бе, «сын жанры жоғалмапты, оның жоқтаушылары баршылық екен», – деген ой түйіндедік.

Ендеше аталған көлемді жинақ қазіргі қазақ руханиятындағы әдеби процесті, оның саналуан ахуалын аңғартатын күрделі де жүйелі ойларымен қымбат.

Жалпы Бекен Ыбырайымның зерттеулерінде ғылыми-теориялық талдаумен шектелуден гөрі танымдық-аналитикалық сараптау, көркемдік-эстетикалық бағалау, көркемдік талғам тұрғысынан талдау басым және соған бейім, ең бастысы – соны ғылыми, әдеби ұстаным ретінде басты мұрат тұтады. Кей ғалымдардың шығарманың көркемдік әлемін биік эстетикалық талғаммен айқындай алмай, сюжетін мазмұндап беруді малдануы қарын ашыратынын, оның себебі терең көркемдік танымның қалыптаспағанынан екенін әрқашан ескертіп, дүмбілез дүниелерден, бүгінгі диссертациялардағы жалған ұғымдар-дан сақтану қажеттігіне назар аударады. Талданатын шығарманың көркемдік әлемін түсінбеу әдебиетші мен сыншының кәсіби біліктілігінің төмендігін көрсетсе керек.

Жинақта автор талғам саралығы мен сыншылық сарап-шылдығы бар әдебиетте ғана өсу мүмкіндігі молаятынын нақты мысалдар арқылы талдай отырып, өзінің көзқарасын, кәсіби пікірін қайта сүзгіден өткізіп, жинақтап, жүйелеп, түйіндеп айтуды парыз көреді.

Өзі зерттеп отырған кезеңдердегі әдебиет әлемінде өріс алған санқилы шығармашылық ізденістер, көркемдік тұрпаты тосын да күрделі, алуан сырлы туындылардағы түрлік, стильдік, жанрлық жаңалықтарға, ұлттық әдебиеттану ғылымына еніп жатқан жаңа категорияларға, сөз өнеріндегі өзгешеліктер мен тың өрнектерге ғалым ретінде де, сыншы ретінде де кәсіби деңгейде назар аударды.

### **Сөз өнерінде өз өрнегін тапқан**

Бекен Ыбырайымның ой өресі мен эстетикалық талғампаздығын, нағыз ғалымға тән ғылыми біліктілігін толық дәлелдейтін докторлық монографиясы – «Сырлы әлем», «Сөзтану әлемінде», «Қазақ лирикасы», «XX ғасырдағы қазақ поэзиясы», «Қасым Аманжолов», «Академик Серік Қирабаев», т.б. зерттеулері мен Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде құрылған «Авторлық ауызша әдебиет» ғылыми орталығындағы қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет арнайы зерттеліп, жинақталып, жарияланған авторлық ауызша әдебиет өкілдерінің «Ақындар аманаты» сериясымен басылым көрген 50 томдық жинақтары, оқулықтары – сөз жоқ, қазақ әдебиеті мен тарихына қосылған қомақты үлес.

Бұл еңбектер жазушы, ғалым, сыншының қандай эстетикалық күрделі құбылыстарды да ғылыми категориялар мен көркемдік талаптар тұрғысынан жіліктеп бере алатындығын көрсетті.

Көркем сынға жаны ашып, адалынан сөйлеп, ақтарылып сыр айтар жанашыр сыншы осы жанрда жылдар бойы жанкештілікпен еңбек етіп, біреуге жағып, біреуге жақпай жүрсе де, өзінің көркемдік талғам мен таным төрінен түспей, турасын айтудан бас тартқан емес. Әділін айтып, әдебиеттің көркемдік көкжиегін көркейтуге, рухани кеңістігін кеңейтуге үлкен үлес қосты. Ол жылдар тегін кетпеді, талғамы өсті, білімі байыды, тәжірибесі молықты, сынай, талдай жүріп, өзі қаламгерлікке қадам басты, кемшілік пен жетістіктің ара жігін ажырата білді. Әдебиет әлемінің қыр-сырын таныды, танып қана қоймай, әдебиеттану ғылымының кәсіби білікті маманына айналды. Филология ғылымдарының докторы атанып, профессор-лық атаққа ие болды. Алайда атаққа алданып, абыройсыз қалудан ада тынымсыз ізденімпаз ғалым шығармашылық азапты өзінің күнделікті дағдысына айналдырып, ізденуден танған емес. Көркемдік талғам мен танымды тек классикалық шығармаларды тандап, талғап оқу мен зерттеу арқылы зердеге құйған зерттеуші – өзі де бүгінде сөз зергері. Өзіне өнеге тұтқан тұлғасы Л.Н. Толстой, А.П. Чеховтің туындыларын қайталап оқудан жалықпайтын, әрбір шығармасындағы көркемдік әлемді талдап, танудан танбайтын табанды да тынымсыз ғалым әдебиетті, сөз өнерінің тамырын басып барлауды айнымас қағидасы еткен. Сөз сиқырын асқан алғырлықпен, сезімталдықпен сезініп оқып, көркем шығарманың нәрін, нақышын нәзік түйсініп, жоғары талғаммен талдау арқылы өз өрнегін тапты.

Әдеби сынның деңгейін, жанрлық ерекшеліктерін, руханияттағы құбылыстарын өзіне тән табиғи көркемдік қабылдау қасиетімен талғап, талдай білетін маманның өзіне қояр сыны мен талабының нәтижесінде биік эстетикалық талғамға қол жеткізді.

Талғампаз да талантты ғалымның тағы бір ерекшелігі – әрбір сөзге мән беріп, оның дұрыс қолданылуын қадағалауы. Әдебиеттің басты құралы – тілдің мүкістігін мүлдем қабылдай алмайтын ол шығарманың көркемдік құндылығын арттырып, шырайын енгізетін шұрайлы сөздің сауатты қолданылуына да аса сергек қарайды.

Тегінде, әдебиеттегі інжу-маржанды, өмір шындығын, көркем туындыдағы күрмеуі қиын күрделі өнер шындығына айналдыра



білген рухани құбылыстарды қалт жібермей таныту – әділ сынның ауыр жүгі. Міне, осындай мылтықсыз майданда жүріп, өзінің біліктілігі мен мәдениетті ой сараптауларымен ерекшеленген зерттеуші табиғаты Белинскийдің «Сыншы таланты – сирек талант» дегенін еске түсіреді.

Жалпы, жоғарыда аталған жинақтардағы мақалаларды оқып отырып, қазіргі қазақ әдебиеті мен кәсіби сынының көкейкесті мәселелері, әдеби процесс, жеке шығармашылық тұлғалар, олардың таңдаулы туындылары туралы жоғары талғамды сыни көзқарастармен, қай кезеңнің оқырманына да ой салатын тақырыптармен кез-дестік. Әсіресе, аты аталған көрнекті суреткерлердің шығармашылық ерекшеліктерін екшеп талдауы, оларды ғылыми еңбектерге тән таза теориялық түсініктермен, әдеби категориялармен ғана тірестіріп-сірестіріп қоймай мәтіннің мәні мен маңызын сезінген нәзік сыншылық сезімталдықпен, сөз өнерінің сыры мен қырын танитын байыптылықпен таразылап, таныта алуы кәсіби сыншы мен зерделі зерттеушінің біліктілігін байқатады. Бұлайша талдау қарапайым сияқты көрінгенмен, шығарманың табиғатын, көркемдік әлемнің әлеуетін, күрделілігін жете әрі нәзік сезінген жазушы, сыншы, көреген әдебиетші ретінде танытатын бірден бір бағалы биіктік, төте жол екендігін ескергеніміз жөн.

Насихатқа әуесі жоқ, үнемі іштей ізде-ністе жүретін, адал тірлігімен, қарапайым мінезімен жеке жүріп жазуды меже тұтатын ол кісінің қасындағыларын күлкіге қарық қылып, әзілімен әдемі әңгіменің тиегін ақтаратын жақсы мінездері де елге жұғымды.


Талғампаз прозашы, талантты сыншы, әдебиетші ғалымның бір адамның бойынан табылар сыншылық сергектік пен жазушылық сезімталдықтың табиғи тұтасуы – қаламгер танымының тереңдігі деп есептейміз.

Ол үшін әрбір кәсіби сыншы, әдебиетші, ғалым, қаламгер Б. Ыбырайым секілді ғұмыр бойы оқу, іздену, үйрену, шеберлік ұштау, жетілдіру, өзін-өзі дамытуды күн тәртібіне қоя білуі қажет-ақ. Біз қаламгерге, сыншыға, ғалым әдебиетшіге қыранның қайтпас қанат қағысын, дарияның тынбас ағысын тілер едік.

12.06.2020

## **2. ӘДЕБИЕТ СЫНШЫСЫ ӘМІРХАН МЕНДЕКЕНІҢ МҰХТАР ӘУЕЗОВ МӘТІНІНІҢ АСТАРЫНА БОЙЛАУЫ**

Еліміз егемендік алып, тоталитарлық режимнің түрлі тұсауларынан, жан-жағымызды қаптаған саяси құрсауларынан шідерімізді үзіп, рухани тәуелсіздік алғалы бері ұлы суреткеріміз Мұхтар Әуезовтің әлеміне деген көзқарасымыз да өзгеріп, оның классикалық туындыларын жаңаша көзқараспен оқып, тоқи бастадық. Кеңестік кезеңдегі әдебиеттану ғылымындағы басты тәсіл социалистік реализм әдісінен арылып, енді оларды сөз өнерінің таза әдеби, ғылыми теориялық талап-шарттары бойынша бағалап, көркемдік құндылық ретінде таныдық.



Коллажды жасаған Қонысбай ШЕЖІМБАЙ, «EQ»

Кеңестік кезеңде біржақты талданған көркем дүниелер қазір тұп-тамырымен өзге-ріп, тіпті қарама-қайшы келетін бағытта өріс ала бастады. Соның бірден-бір дәлелі белгілі қаламгер Әмірхан Мендекенің «Жалғыздық, сені қайтейін...» деген кітабына енген Мұхтар Әуезовтің «Әйел һәм еркек», «Жалғыздық сені қайтейін», «Әуезов және... әйел айырбастау» атты аттарының өзі еріксіз назар

аударатын мақалалары. Көлемі жағынан да көтеріп отырған күрделі мәселесі тұрғысынан да бұларды жай ғана мақала емес, бүгінгі мұхтартану саласының үлкен тақырыбын көтерген соны саралау, зерделі зерттеу, тың талдау деп қабылдаған оңды. Кітаптың беташары болған «Әйел һәм еркек».

Мұхтар Әуезовтің «Қаралы сұлуы» хақында» атты мақаласында: «Қаралы сұлудың» ауға оралған алтын балықтай зейінін аударып әкететін сиқырлы күшінің сыры неде?» деген сауал тастап, соған жауап іздеу барысында біраз ізденістер жүргізеді. Бұл әңгімені «...қазақ әдебиеттануының арсеналындағы әдіс-тәсілдер мен үлгі-үрдістердің ая-айналасында ғана қарастыруға әсте болмайды...», дейді. Неге? «Бұған «Қаралы сұлу көнбейді». Оған біз ойлағандай ұлттық әдебиеттану ғылымының талдау тәсілдері, ғылыми әлеуеті емес, Әуезовтің суреткерлік сиқыры көнбейді екен...

Автор әлем әдебиетіндегі әйел мен еркек тақырыбына арналған көркем шығармаларды шарлай келе өзіміздің де осы тақырыпта тұңғыш роман жазып өз кезеңінде рухани төңкеріс жасаған Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілегіндегі» бір күнде бүлікшілердің зорлығына түсіп, тіпті бөтен адам болып өзгерген, қазақтың қыз баласына тән әдептен озып, түрлі бұзақы ойларға ерік беретін бойжеткен Ақбілектің ішкі ойларына, ешкім жоқта мазасын алатын монологтерге тоқталып, өз сауалына жауап алғысы келеді.

М.Әуезовтің «Қаралы сұлуындағы» Қарагөздің ішкі психологиялық ахуалын салыстыра келіп: «Мұқият зер салып байқасаңыз, Ж.Аймауытовтың Ақбілегі мен М.Әуезовтің «Қаралы сұлуындағы» Қарагөздің бітім-пішінін психологиялық тұрғыдан тереңдете түскен, я болмаса осы бейнелердің жасалу жолы мен жаралу баянын генезистік-психологиялық, көркемдік-пәлсапалық тұрғы-дан одан әрі дамытқан, байытқан елеулі образдарды қазақ әдебиетінен кезіктіре алмайсыз», дейді (384-б.).

Аталған екі жазушыға, оған Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсін» қосыңыз, үшеуі де ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасының көшбасында тұрып-ақ осын-дай күрделі, әлем әдебиетінде сирек кездесетін адамның таза табиғатына тән физиологиялық, психологиялық, эмоциялық сезімдерге бай көркем бейнелер галереясын жасаған. Оларға дейін ешкім мән бере қоймаған әйел затының табиғатындағы жеке сезімдерге, түрлі әлеуметтік, қоғамдық қайғы-қасірет болғанда тартатын жан азабын, тәни ауыртпа-лықтарды, сыртқы көз сезе де, біле де бермейтін ішкі сезім иірімдерін, жат жыныс иесінің бөгде жұрт біле бермейтін табиға-тындағы тылсым сырларды соншалықты шебер суреткерлікпен, кәсіби көр-кемдікпен өрмекшінің өрнегіндей нәзік нақыштармен бейнелей білуі, сөз жоқ, асқан білгірліктің белгісі.

Әлемдік әдеби кеңістікте кеңінен танымал модернистік бағыттағы көркем дүниелердің біздің әдебиетімізде сол XX ғасырдың басында-ақ молынан көрініп, ешқандай «измге» көне қоймаған бүкіл адамзаттық құндылықтарды бейнелеп, өз кезеңіндегі идеологияға деген ішкі қарсылығын танытқан көрнекті суреткерлер Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы мен Мұхтар Әуезовтің «Қаралы сұлуын» салыстыра отырып, тіршіліктің тұтқасы болған әйел мен еркек арасындағы табиғи физиологиялық, тәндік, рухани, моральдық, психологиялық құбылыстар бұл еңбекте терең талданған. Әдебиетші Әмірхан Меңдеке Шығыс және Батыс ойшылдары мен бүкіл қаламгерлерінің әйел мен еркек арасындағы табиғи қарым-қатынасына қатысты құнды ой-пікірлеріне жүгіне отырып, қазақтың қос қаламгерінің шығармаларындағы шындықтың қайнар көзіне, өресі мен өрісі өте биіктегі суреткерлік шеберліктің сырына үңіледі. Әмірханның бағалауында Әуезовтің әрбір шығармасы, ондағы философиялық ойлар біздің әдебиетіміздегі баға жетпес рухани байлық, көркемдік құндылық. Әуезов қазақ әдебиетінде ғана емес, әлемдік рухани кеңістікте осы «Қаралы сұлуымен-ақ» рухани төңкеріс жасап, жесір әйелдің жан дүниесіндегі қарама-қайшы қақтығыстар мен тоқтаусыз, еріксіз жүріп жатқан сезімдік, психологиялық үдерістердің қопарылысын, қозғалысын қазбалай зерттеп, суреткерлік зергерлікпен зерделей білген-дігін әдебиетші Әмірхан жақсы танып, бағалай білген.

Және олардың көтеріп отырған мәселесі де – мәңгілік тақырып әрі әлемдегі әйел затына, жесір әйел табиғатына тән табиғи құбылыстар. Олар жылдар өтсе де, ғасырлар өтсе де өзгермейтін сезімдер сыры, психологиялық құбылыстар, жан азабы мен тәни тілектер... Осы турасында Әмірхан: «Ей, адамзат, өз жаратылыстарыңа көз жіберіп көріңдерші бір! Жаныңа - дауа, тәңіңе тәбділ таппай неге шарқ ұрдың? Осыны тексердің бе? Нәпсі өліммен құрдас. Осыны тексере алдың ба?...» (әл-Бұхари риуаят еткен Хадистен). Мұхтар Әуезовтің қаралы сұлудың ішкі әлеміне сұғына еніп тексеретіні де әйелдің жаратылысы», дейді.

«Ұлы адамдар өзгені емес, ең әуелі өзін танып алуға тырысады» деген Достоевскийдің сөзін сілтеме ете отырып, автордың: «...сонымен қабат, Әуезов пен Аймауытовтың «жазушылық мәдениет», «эстети-к калық өлшем», «көркемдік шындық» деген үйірлі ұғымдарды да бізден гәрі өзгешелеу түсінгенін байқайсыз. Және олардың осы өзгешелеу түсінуінің ар жағында өз заманымен бірге ескіріп, өз заманымен бір мезгілде қартайып шыға келетін шарқы, жайдауыт көзқарастар емес, піл сауырлы қара жердің өзіндей самиянды, баябанды-байтақты көзқарастар жүйесі мен қорабалы дүниетаным жатқанын байқайсыз», деген тұжырымы да сенімді (16 бет – Ә).

Өйткені Әуезовтің көтеріп отырған тақырыбы мәңгілік, оған арқау болған әйел адамның тағдыр табиғаты да, жан арпалысы мен азабы да, жесірдің жат адамға жұмбақ жаратылысы мен тылсым сырлары, құпия қалтарыстары да мәңгілік. Әуезовтің «Қаралы сұлуы» кеше де болған, келешекте де болады. Олар адамзат өмірі бар жерде әр елде, әр ұлтта, әр кезеңде де Қарагөз болып өмір сүреді, тап соның тағдырын, сол сезімдерді бастан кешеді, сол психологиялық эмоционалдық сезім шырмауында болып жан азабын бастан өткереді. Өйткені ол өмір, одан адамзат баласы қашып құтыла алмаған. Қарагөз түскен тозаққа ол да түседі. Жаны мен ары таза жесір әйелдің күн мен түн сайын бастан кешетін сезім қайшылықтары, ой арпалыстары, сана қақтығыстары – М.Әуезов секілді сирек кездесетін талантты суреткердің ғана баратын күрмеуі қиын күрделі тақырыбы.

Тақырыптың да, көркем бейненің де мәңгілік бейне болуының, өмірдің өзіндей өзекті басты себебі де сол. Әдебиетші Әмірхан сондықтан да: «Бірақ осы жерде мынадай ақиқат-шындыққа: тартыстың көкесі, майданның үлкені, арпалыстың атасы адамның өз ішкі дүниесінде жататынына, өзіңіздің ішкі дүниеніңде жатқанына көз жеткізесіз. Және де жаныңыз аман, тәніңіз есен, сезіміңіз тірі тұрғанда мұндай ішкі арпалыстың әлегі мен азабынан ешқайда, еш жаққа, ешбір тарапқа қашып құтыла алмайтыныңызды да анық, айқын сезіне аласыз», - дейді. Адам табиғатына тән жаратылыстан аса алмасыңыз анық.

«Әл-Қайстың «адамның қызығы, қуанышы, бақыты да жан мен тәннің бірлігінде, адамның қасіреті мен тауқыметі де жан мен тәннің бірлігінде» дейтіні осыдан» (23-б.). Өйткені Қарагөз «виновата только телом, а не душой» (Достоевский).

М.Әуезов осы шағын әңгімесімен-ақ бүкіл адамзаттық құндылыққа қосылар әйел затының классикалық көркем бейнесін сомдап, өзгелерде кездесе қоймайтын психологиялық сезімдік құбылыстардың өзгеше өрнегін салды. Әңгімедегі бір эпизодты оқып көрсек осы психологиялық көріністің сәттілігіне, көркемдігіне куә боласыз: «...Қарагөз көрпесін сілкіп тастап, қатты күрсініп дауыстап:

– Аллай, түншықтым ғой!.. Құдай-ау, мұнша неге сорлы еттің? – деп қайнап қызған қанмен, қайда барарын білмесе де, үйден атқып шығып кетті...».

Марқұм Тәкен Әлімқұловтың өз аузынан естіген едім. Кезінде Мұхтар Әуезовтің кітабына редактор болған бір қаламгер «Қаралы сұлудағы» осы «Аллай» деген сөзді «Үһ» деген одағаймен, «Құдай-ау» дегенді «Қу тағдыр-ай» деген сөзбен ауыстырсақ қайтеді деп қолқа салыпты. Бірақ Әуезов бұған қатты ашуланып, қарауыта түнеріп көнбей қойыпты», - деген мәлімет бар. Әдебиетші Әмірхан

Мендеке Әуезов әлемін тек көркемдік тұрғыдан талдап қана қоймай, оның рухани жоқтаушысы да. Әлгінде келтірген мысал – соның айғағы. Әуезовтің әрбір сөзі мен әрпінің түпнұсқадан түсіп қалу тарихы мен тағдыры да оны ойлантпай қоймайды. Ол турасында арнайы зерттеуі де бар.

Әмірхан Мендеке Әуезовтің әңгімесіндегі әдеби тілдің қолдану шеберлігіне де кең тоқталған: «...Әңгіменің тілі көне күмбезге түскен бәдіздей бедерлі. Бұдырлы... Әр сөзі, әрбір сөйлемі жерден пішіп алғандай құйқалы. Уызды. Қауқарлы.

...Жазушы өз көкейіндегі бұйраланып жатқан қуатты ойдың еркеленіп, емін-еркін және дітті жерден шығуы үшін сөзді де «диірменге тартып», електен өткізіп, тереңнен сүйреп, суырып, талғап қолданады» (48-б. – Ә). «Тозбайтұғын сезімге тозбайтұғын зат шыдайды» (Ж.Нәжімеденов) дегендей, Мұхтар Әуезовтің тозбайтұғын сезімге суарылып, ескірмейтін мәселеге, көнермейтін күйге құрылған «Қаралы сұлуы» да тозбайтұғын, тот баспайтын әңгіме», - деп түйін түйеді автор.

Сыншы, әдебиетші Мендеке Әуезовті өзгелер тани қоймаған қырынан алып қарастырады. Көлеңкеде қалып қойған көмескі кезеңдеріне көз тігіп, соның астарындағы ақиқаттарды ашқысы келеді. Суреткердің іштен шыққан шұбар жыланы, әрбір туындысындағы сан уақыт санасында сақталып, әбден сұрыпталып, қимасындай, қасқалдақтың қанындай етіп қағазға қондырған құнды сөздері мен оймақтай болса да ауыр ой, салмақты жүк арқалаған сөйлемдерінің өз еркінсіз қысқарып кеткен жағдайлары Әмірханды біраз әуреге салып, жанын ауыртқан, жүрегін сыздатқан сияқты. Талай уақыт өтсе де, бүгінде біреу біліп, біреу білмейтін сол оқиғаларды қайта қарап, оқырмандарына ой сала отырып, жанымен, жүрегімен жазады. Уақыт – емші болса да өкініші өте қоймаған тарихи фактілер бүгінгі әдеби сын талабы тұрғысынан талданып, жазушы ғұмырының контекстінде ерекше көркемдік эстетикалық мән-мағына алған, бірақ өз кезеңінде керексіз болған кесек-кесек үзінділер («Абай жолындағы» әйел айырбастау эпизоды), бүгінде басқаша бағалануы әбден мүмкін. Осы эпизодтық үзіндімен өзінің де жүрегінің жартысы үзілгендей күй кешкен кемеңгердің сол сәттегі көңіл күйін, қайғы-қасіретін, жан азабын кім жеткізе алады? Оны Әмірхан өзінше интерпретациялап, қайшылыққа толы қаламгер тағдырын жаңа бір қырынан талдап жеткізеді. Әр ұрпақ танымындағы ұлы адамның өмірлік, өнерлік бейнесі қалай бедерленді деген сауалға өз бетінше жауап іздейді.

1943 жылы Жазушылар одағының ұйымдастыруымен М.Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясының бірінші кітабы талқыланған жиында мақтауынан даттауы көп болуы сол дәуірдің дерті десек те,

Ғабит Мүсірепов сынды сирек суреткердің ақиқаттан айнымайтын, ардан аттамайтын адалдығы: «...Қаншама қайталап оқысам да ылғи жаңа бір ой, жаңа бір көркемдікті, бұрын байқамай кеткен тереңдікті табам» деген дана сөзін дүниеге әкелгені әмбеге аян. Сондықтан да Ғ.Мүсіреповтің саясаттың қандай қиын тосқауылы болса да тарихи шындықтан алыстамаған Әуезовтің шеберлігіне қатысты құнды ойларына тоқталмасқа болмас: «Мұхтардың қасиеті Абайдың жүзін қызарта түсем деп, шындыққа жатпайтын, осы күнгі ауыз оп-оңай айтса да, Абай заманында алты қырдың астында жатқан, жақсы да болса жалған болып шығатын әрекеттерден Абайды аулақ ұстауында. Бұл – романның тарихи шындығы! Бүгінгі осында отырған жұрт сөгер-ау деп романдағы Абай өз тұсына дәл келмейтін бір қимыл істемейді. Бүгінгі жұрт кінәлар-ау деп Абайдың дәуірі де жалған «революция» жасайтын емес. Пісірмей жатып, аса демеген жазушыға алғыс айта білуіміз керек. Тарихи шындық деп осыны айтамыз!», деген сөзі сол кез үшін үлкен рухани ерлік, жоғары баға еді. Ғ.Мүсірепов осы сөзінде ел есінде қалған екі ескертпесін де жасырған жоқ. Оның бірі Қодар өліміне қатысты болса, екіншісі – жігіттердің келіншектерін айырбастаулары туралы болды. Алайда алғашқы ескертпені М.Әуезов қабылдамайды, ал екінші ескертпені назарда ұстап, 1942 жылдан кейінгі басылымдарда ескергені де мәлім.

Қазақтың ар-намысына тиер көп қылықтарды ашық, ашына жазып, одан сабақ алуды, нәтиже шығаруды, санаға сілкініс тудырып ойға түрткі болуды көздеген, әлемдік әдебиеттің інжу-маржандарын мейлінше білген, сөз өнерінің бүкіл көркемдік талабы мен талғамын терең танитын энциклопедист суреткердің сол сұңғыла ойларына ота жасалуына бүгінгі көзқарас басқаша.

Осы оқиғаны бүгінгі тәуелсіз ой-сана тұрғысынан интерпретация жасар болсақ ше? Ақтар ма едік, әлде даттар ма едік? Әуезовке жасалған қиянаттың қаншалықты ауыр екенін ұға алар ма едік?

Меніңше, белгілі әдебиетші, сыншы Әмірхан Меңдекенің «Әуезов және ...әйел айырбастау» деген мақаласындағы бүгінгі көзқарас, әдеби талдау, терең біліммен жасалған байыптаулар осы сауалдарға сауатты жауап берері сөзсіз.

Тағы да автор Әуезовті былайша ақтайды: «...Абайды мезі еткен, Абайды құсаға ұрындырған, Абайды жалғызсырат-қан «қазақи» қаперсіздіктеріміз бен ғапылдықтарымызды Әуезов қалай көрсеткен? Қалай өлшеген?». Одан әрі әдебиетші Әмірхан Әуезовтің көкейіндегі ой мен көркем мәтіндегі мақсатты интерпретациялайды, герменевтикалық тәсілмен түсіндіреді. Ауыл арасындағы осындай оспадар қылықтар «асқына келе мұндай дерт ұлттық мінездің құрамдас бір бөлшегіне, ажырамас серігіне айналып кетпесіне кім кепіл (З.Фейсал).

Міне, осындай оқушысын ойлантар, опық жегізер ұлт қайғысы Әуезовтің романында қысқарып қалды. Әмірхан айтпақшы «Әдеби заңға ұста, көркемдік шарттылықтарға да ерекше жетік жазушының тосын үзіндісін түсінуге һәм қабылдауға, мүмкін біздің өзіміздің өреміз, зиініміз жетпей жатқан шығар?»». Дегенмен ұлының әрбір сөзі келешек ұрпақ үшін құнды екендігін ескерсек, суреткердің саф алтындай сөздерінің сыры мен сыны да кетпегені, сабақ алар ойлары да бүгінгі жүгенсіз кеткен жат қылықтардың жолын қияр ойлар екенін ұмытпаған жөн.

Расында да, жазушы мұрағатында бөлек-бөлек қағаздарға, кейде дәптер беттеріне, кейде қолжазбалар мен кітаптардың жағалауына жазылған қосымшалары, түртпе ойлары, шашпа пікірлері, оқыста түскен ой-тұжырымдары кездесіп жатады. Кезінде жазылып, түрлі себеппен шығармаға енбей қалған көркемдігі жоғары көріністер, үзінділер, тармақ-тараушалар да баршылық. Міне, осындай оймақтай ойлы дүниелерді жинап, жүйелеп, жарияласа да Әуезовтің әрбір сөзі қайта тіріліп, саналыға ой салары сөзсіз еді. Бұл да келешекте ескерілер мәселелер екенін ойда ұстаған жөн.

Қаламгерге жасалған тағы бір қиянат – өмірінің соңында өлең жазу, оңаша ой түйіп кітап оқу мұңға айналғандықтан, жалғыздықты аңсаған ақын жайлы ең көрікті, көркем ойлы, философиялық тереңдікті танытатын «Абай жолындағы» бір абзацтың, көркем мәтіннің қысқартылуы. Ол мәтінді біз Ә.Мендекенің («Жалғыздық сені қайтейн...») Әуезовтің «Абай жолына» енбей қалған бір сөйлемінің сыры мен сипаты» атты эссесінен кездестіреміз: «Абай тегінде бар өмір, бар мінез, бар сезімдерді көп уақытта жұрттан бөлініп алып, жалғыз сезініп, жалғыз ойлай бергенде, ішіне әрқашан елден өзгеше салқын сыншылдық тынысын көп жия беруші еді».

«Бұл не жалғыздық? Ненің жалғыздығы?»

Шығыс ойшылдарының айтып отырғаны дүниенің ақиқатын, жазмыштың сырын, өмірдің нарқы мен тіршіліктің мәнін тереңдей зерделеуді, түпкірлей тексеруді мақсұт еткен ірі ойшылдар мен үлкен өнер иелеріне тән жалғыздық. Шартты түрде айтар болсақ, шығармашылық жалғыздық. Шығармашыл, шыншыл, ақиқатшыл адамдар-ға тән жалғыздық», - дейді интерпретатор Әмірхан.

Әдебиетші, Әуезовтің рухани жоқтаушысы Әмірханмен бірге біз де «Абай жолынан» алынып тасталған эп-әдемі сөйлем кімге залал әкелді екен десеңізші деген ойға қаламыз. «Ұлы жазушының ішкі қуаты зор, қат-қаты мол көпқабатты (многослойная) сөйлемін, Мысырдың пирами-дасындай қиыннан қиыстырылған күрделі конструкциясын қолы барып, көзі қиып кім қысқартқан?». Осы ретте тағы да әдебиетші Әмірхан: «...Әуезовтің аталған сөйлемі де кешегі «қырағы» редакторларымыз бен «аса байқампаз» рецензенттері-



міздің бірінің осындай тобанаж, доғал түсінігінің салдарынан қысқарып қалған секілді», - дейді.

Кешегі кеңестік кезеңдегі науқандық көзқарастардың бақылауынан шыға алмағандар ұлылардың асыл ойларына осылай рухани қастандық жасап, жаны күймей қысқарта салып отырды емес пе? Ойға опасыздық жасау тәнге жасалған қиянаттан да ауыр ма дерсіз. Әмірханның бүгінгі интерпретациясы Әуезовтің сол жалған науқанда нақақтан нақақ қиылған ой қиындысында кеткен ұлттық идеяның ұшқынын, жазушының тұлғалық табиғатын танытатын тіркестер екенін танытып отыр.

Бұл сауалға тағы бір жауап ретінде автор Ф.М. Достоевскийдің әдебиет сыншысы Н.Н. Страховқа жазған хатынан мынандай сілтеме келтіреді: «...Сізге енді бір достық тілек айтқалы отырмын. Ойсыз жазушы туралы жазып уақыт кетірудің және оның шығармасының түкке тұрғысыз екенін дәлелдеп жүйкені жұқартудың керегі бар ма? Мұның орнына ойшыл жазушының әрбір сөйлеміне (!) жеке, дербес мақала арнасаңыз, әдебиетіміз үшін бұл әлдеқайда пайдалы болар еді...». Әмірханның мақала-ларындағы Әуезов әлемі, оның кейіпкерлері туралы толғаулары осындай мақсатымен мәнді, олар оқушысын ойлантап қоймайды. Әмірханның Әуезов туралы толғаулары ұлы адам кешкен өмір бұралаңдарын, қайғы-қасіретін, жан азабын, жеңістері мен жеңілістерін көрсетеді. Осынау бір абзацтың тағдыры ұлы суреткердің ғибратты ғұмырының ғасіретін, шерлі шежіресін таныт-қандай өрттей өкінішімен өзекті өртейді.

Олай болса ойшыл, шебер суреткеріміз Мұхтар Әуезовтің романдағы ең құнды, ең дүйім жұртқа ой салар, ешкімге зиян-залалы жоқ, терең философиялық ойға жетелейтін жалғыз сөзінің қысқартылуының себеп-салдары, сөз жоқ, келешекте ғылыми мәселе ретінде арнайы зерттелуге тиіс. Кеңестік кезеңнің саяси идеологиясының салдарынан М.Шолоховтың бір ғана атақты «Тынық Донына» автордың келісімінсіз 500-ден аса түзету енгізілгенін ескерткен әдебиетші Әмірхан Мендекені Әуезовтің де әр сөйлеміне жасалған қастандықтың қаншасының құпиясы ашылып, қаншасы бүркеулі түрде жатыр деген ой қатты мазалайтыны мәлім. Бұл да мұхтартану саласының назарға алар маңызды мәселелері болса керек.

Қалай болғанда да, шындықты көркемдік тұрғыда тану мен өрнектеу үдерісі, шығармашылық субъектінің, яғни шығармашылық тұлғаның табиғаты, ішкі ой-арманы, жан айғайы кейіпкер бейнесінен көрінеді. Сондықтан сол тап бір қысқарып кеткен тұста жазушының, яғни жаратушы автордың өзі, оның ойы мен жан сезімі, ішкі әлемі беріліп, сол қысқарып қалуы да ғажап емес. Ұлт трагедиясын, оның мінезіндегі міндерді, табиғатындағы темпераментік түйт-кілдерді түсініп, бейнелеу ерекшелігі де кез келген қаламгердің қолынан

келер шеберлік емес еді. Ол да Әуезов секілді әулиелігі бар қасиетті қалам ұстаған қолы мен ұлт пен ұрпаққа айтар сөзінің дуасы бар дара дарындарға ғана даритын қасиет, үздіктердің ғана еншісіндегі үкім мен үлес болса керек.

<https://egemen.kz/article/346319-mukhtar-aezov-matininh-astaryna-boylau>

26 шілде, 2023

**Жандос СМАҒҰЛОВ**

филология ғылымдарының докторы,  
профессор  
Б.О. Рахимбаева

### **ДАНДАЙ ЫСҚАҚҰЛЫ ЖӘНЕ СЫН ЖАНРЛАРЫ ТАБИҒАТЫ**



Филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақұлын әдебиет сүйер қауым жақсы біледі. Д.Ысқақұлы - әдеби сынға ерте араласқан ғалымдардың бірі. Ғалым-сыншының қазақ әдебиет-тану ғылымы мен сынындағы әрбір еңбегі сыншылдық-эстети-калық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық тұрғыдағы талдауда ғылыми тереңдігі жағынан ерекшеленеді. Ғалымның ғылыми зерттеу жүргізу аясы көбіне көп әдеби сынның теориясы мен тарихын және ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің келелі

мәселелерін қамтиды. Оның бұл саладағы ізденістері 1967 жылдан бері баспасөз беттерінде үзбей жарияланып келеді. Қазірде сыншы - әдебиет пен өнердің сан-алуан мәселелеріне арналған 300-ден астам мақалалардың иесі. Оның «Әдеби көркем сын», «Сын шын болсын», «Сын жанрлары», «Сын сымбаты», «Сын өнері», «Сынсонар» сияқты бірқатар еңбектерінде әдеби сынның теориялық мәселелері қазақ әдебиеттануында алғаш рет арнайы зерттеліп, жеке ғылым саласы ретінде негізі қаланды. Дандай Ысқақұлы өз зерттеулерінде әдеби сынның өркенді дамуын өзек етіп алып, оның табиғаты, әдістері, әдеби көркемдік процестегі орны, атқаратын қызметі, принциптері, түрлері мен жанрлары сияқты ғылыми-теориялық мәселелерді тұңғыш рет зерттеу нысаны етіп, жан- жақты сараптаудан өткізіп, ғылыми негіздегі тұжырымдамасын түзеді.



Белгілі әдебиетші-ғалым Дандай Ысқақұлының «Сын шын болсын» атты еңбегі - біз сөз еткелі отырған сынның теориясы дейтін қиын да, күрделі салаға арналған тұңғыш теориялық еңбек. 1920–30 жылдардағы әдебиет, сын тарихына тереңірек барып, толғана қалам тартып, тұжырымды ойлар айтып жүрген Д.Ысқақұлы бұл еңбегінде әдеби сынның табиғатын таны-

тып, принциптерін жүйелеп, түрлерін түстеуде алғашқылардың бірі болып қалам тартып, құнды еңбек жазып отырғанын айрықша айту қажет. Яғни, әдеби сынның ғылыми негіздерін жүйелеп қарастыруда бұл кітаптың маңызы зор екені даусыз. «Әдеби сынның табиғаты» деп аталатын тарауында сынның әдеби, ғылыми, публицистикалық және әлеуметтік сипаттарын жеке-жеке талдау жасап, тұжырымды ой айтады. Сынның көркем әдебиетпен астасып жататын тұстары болғанымен, екеуінің ара-жігі ажыратылып ерекшеленетін тұстарын да автор ескерусіз қалдырмайды. Яғни, көркем шығармаға қойылатын талаптар басқа да, сынға қойылатын талаптар басқа. Екеуінің алдына қойған мақсаты да - екі түрлі. Әдебиеттің негізгі объектісі - өмір. Ал әдеби сынның негізгі мақсаты - бүгінгі күн әдебиетінде, әдеби процесте болып жатқан сипатты жаңалықтарды, ондағы жетістіктер мен кемшіліктерді уақтылы ашып көрсету. Сыншы бұл міндеттерді орындау үшін аналитикалық талдау әдістерін қолданады [1: 9, 10]. Бұл пікір, әрине, сын мен көркем әдебиеттің байланысын жоққа шығармайды. Қайта сынды көркем әдебиеттің дамуына көмектесіп отыратын негізгі сала ретінде қарастырады. Әдеби сынды әдебиеттану ғылымына теліп қоюға автор келісе бермейді. Екеуінің қаншама ортақ, ұқсас жақтары болғанымен, өз кезегінде бірімен-бірі қатыса бермейтін тұстары да баршылық. «Сын көбіне, бүгінгі әдеби процесті зерттейді; оның ертеңгі даму қамын ойластырып, жол нұсқап отырады. Бұл ретте сынды әдебиеттің келешегіне бағыт сілтер ғылым деп шартты түрде атауға болатын секілді. Ал ғылымға келсек, ол көбіне әдебиеттің өткенін зерттейді. Осы мәселеге дәстүр мен жаңашылдық проблемасы тұрғысынан келетін болсақ, сын оны жаңа асуларға жетелейді. Ғылым әдебиетті бұрыннан келе жатқан дәстүр ізінде қарастырады».

Дандай Ысқақұлы әдеби сынның ғылыми сипатына да ерекше ден

қояды. Автор сынның сипаттарын айқындай келе, әдеби сынның негізгі субъектісі, мазмұны, методология мен әдістері, құралдары, өмір сүру арнасы, жанрлары, зерттеу объектісі, бағыты, қызметі, принциптері деп құрылымын да жүйелейді. Әдеби сынның табиғатын жан-жақты талдай келе, автор «әдеби сын дегеніміз - әдебиеттану ғылымы мен қоғамдық ғылымдардың тоғысқан түйінінен пайда болып, күнделікті әдеби процесті зерттейтін, оған баға беріп, оқырманның рухани әлемі аясында қызмет атқаратын әлеуметтік сананың сан қырлы саласы», - деп толыққанды тұжырым жасайды [1, 14].

Сонау 1990 жылдар аяғында шыққан «Сынсонар» монографиясы қазақ әдеби сынының соғысқа дейінгі дәуірін түгендеп, отызыншы жылдар ойранындағы әдеби сынның «ақтаңдығын» аршыды.

«Қазақ әдебиетінде, - деп жазады ғалым осы кітабында, - әдеби сынның «ішкі» жақтарына, теориясына, методологиялық мәселелеріне назар аудару соңғы уақыттарға дейін қаға берісте қалып келді. Ал, сынды қалай болса солай «дамыта» салуға келмейтін жағдайы тағы бар. Әдеби сынның да уақыттар бойғы жетілуінде табиғи қалыптасқан, өзіндік «физиономиялық құрылысы, даму заңдылықтары бар» [2]. Ғалым, алдымен, алған бағытты айқындап алып барып, өзі белгілеген «заңдылықтардың» сырын ашады. Сөйтіп, әдеби процестегі сынның орнын, сын жанрларының даму үрдісін, 1930-жылдардың аяғында солақайлығынан усойқылығы басым келіп, алаштың асыл азаматтарының басына қара түнек орнатқан қатыгез сынның сырына бойлайды. Бұл кезеңдегі жалпы сынға тән жайттар туралы ғалым былайша тұжырым жасайды: «Саяси солақайшылдықтың салдарынан әдебиетте де солақай сындар өріс алды. Көптеген көрнекті қалам қайраткерлерінің шығармашылықтарына саяси кінәлар тағылып, қуғынға ұшырады, аяғы жаппай саяси жазалауларға жалғасты». Осы кезеңге қатысты ғалымның көз майын тауыса қилы қаріптердегі (араб, латын, кириллица) ескі басылымдардан іздеп тауып, ғылыми айналымға қосқан сыни ой-пікірлер бұрын сол материалдар авторларының атын атауға қорыққан тұста назардан тыс қалған дүниелер болатын.

Ғалымның жаңа ғасырмен жарыса жарыққа шыққан «Сын сымбаты» еңбегінде қазақ әдеби сынының өткен ғасырдың екінші жартысындағы жай-күйі сараланып, сын жанрының өркендеуіне «Жұлдыз», «Жалын» сияқты әдебиеттің төл басылымдарының көркем сынды дамытудағы қызметіне назар аударылған. Бұл да әдеби жыл қорытындыларында ғана арақидік сөз болғаны болмаса, тың жатқан «тыныш» дүние болатын. Сондай-ақ мұнда қазақ әдеби сыны мен зерттеушілік пайымның өркендеуіне елеулі үлес қосқан кешегі Н.Төрөқұлов, М.Әуезов, С.Мұқановтардан бастап, әдебиеттану

ғылымына солардың ізін баса келіп, тау төңкерердей күш-жігермен еңбек еткен Х.Сүйіншәлиев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Бердібаев, З.Қабдоловтардың сыни еңбектері мен әдеби зерттеулері кеңінен талданып, таразыланды.

Зерттеуші Д.Ысқақұлының «Сын өнері» атты еңбегі әдеби сынның теориялық мәселелерін ғылыми тұрғыдан қарастырады. Басты мұраты мен негізгі принциптері, әдеби дамудағы орын-үлесі, көркемдік-эстетикалық құндылықтары, өзіндік сыр-сипаттары кеңінен сөз етіледі. Зерттеу еңбекте қазақ әдебиетіндегі сынның әлеуметтік-публицистикалық, әдеби-ғылыми, лингвистикалық-эстетикалық, шығармашылық һәм сатиралық сипаттары жеке-жеке қарастырылып, ондағы халықтық мұраттарға, тарих тағылымы мен өмір шындығына зор маңыз беріледі. Сол арқылы сынның идеялық-көркемдік дәрежесіне, әдеби процестегі орын-үлесіне, теориясы мен методологиялық мәселелеріне кең орын беріледі. Сын мен сыншы мұраты, осыған байланысты арғы-бергі кезеңдердегі алуан ізденіс пен қилы көзқарастар да белгілі бір жүйеге түсіп, бүгінгі уақыттың талап-тілектері негізгі назарда болады. Нәтижесінде әдеби сынның табиғаты мен жанрлық жүйесі, әдістері мен түрлері, басты мұрат, ерекшеліктері кеңінен сөз етіледі.

Ғалым әдеби сынның даму жолдары жөнінде «Әдеби сынның тарихына көз жібергенде, оның пайда болу, даму жолдарының әдебиеттің өсіп-өркендеу бағытымен сәйкес келіп отырғандығы байқалады. Әріге бармай-ақ, XIX ғасырдағы орыс әдебиетінде А.Пушкин, Н.Гоголь, Л.Толстой сияқты алыптардың кезінде әдеби сын да шарықтап, шырқау биігіне көтерілді. XX ғасырдағы әдебиеттің сыны күні бүгінгі биігіне шықты. Қазақ әдебиетінде үстіміздегі ғасырдың алғашқы кезеңінде Абайдың, Ахметтің, Мағжанның, Шәкәрімнің, Жүсіпбектің, тағы басқалардың шығармаларының жарық көруі әдеби-сыншылық ой-пікірлердің жаңаша қарқынмен дамуына түрткі болды. Әсіресе Абайдың, Мағжанның шығармашылығы жайлы таластар шын мәніндегі кәсіби сынның қалыптасып, өріс алуына ұйытқы жасады. Мысалы, кезінде М.Жұмабаевтың шығармашылық сипаты, бағыты төңірегінде түрлі даулар дуылдап тұрған кезде жазылған Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласы қазақ әдеби сынының биік үлгісіне айналды. Әдебиетте түрлі ағымдар, бағыттар пайда болып, тарау-тарау жолдармен дамыған тұстарда оған шырылдап жүріп тура жолды көрсеткен де - осы әдеби сын», - деп жазады. Ал, әдеби сынның ғылыми қырлары хақында: «...Әдебиеттің сыны мен ғылымының ұқсастық жақтары олардың зерттеу объектілерінің бірлігінен, адресінен — оқырманға бағышталғандығынан, методологиялық негізі мен зерттеу әдістерінің ортақтығынан, ойлау ерекше-

лігі, жазу мәнері жағынан да көрінеді екен. Әдеби сынның ғылымилық сипаты әдебиеттану ғылымымен байланыстылығында ғана емес, бүкіл қоғамдық ғылымдармен қатыстылығынан да көрінеді. Әдеби шығарма қоғамдық өмірдің көркемдік көрінісі болса, сол өмір шындығының қалайша көркемдік сипатқа ие болғандығын анықтауға тек әдебиеттану ғылымының шамасы келе бермеуі мүмкін. Әлеуметтік өмірдің сан-саласын түрлі қырларынан зерттейтін тіл білімі, тарих, этнография, философия, заң, экономика, психология, педагогика, этика, эстетика сияқты ғылым тарауларымен де әдеби сын тікелей байланысты болады», - деп түйін түйеді.

Сондай-ақ сын мұраты туралы: «...әдеби сын дегеніміз - көркем әдебиет, оның ғылымы мен журналистиканың тоғысқан түйінінде пайда болып, күнделікті әдеби процесті зерттейтін, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралап баға беретін, оқырманның дұрыс түсінуіне көмектесетін, рухани әлем аясында қызмет атқаратын әдеби, ғылыми, публицистикалық, әлеуметтік сипатты шығармашылық түрі; қоғамдық сананың бір саласы; көркем әдебиет жайлы дәуір үні. Әдеби сынның басты мақсаты — әдеби процесте болып жатқан жаңалықтарды дер кезінде бағалап оқырмандарға түсіндіріп отыру», - деп байыпты байлам жасайды.

Сөз өнері ғылымында жанр мәселесі - аса күрделі проблемалардың бірі. Дандай Ысқақұлының қазақ әдеби сынындағы жанрлар жүйесін қазақ баспасөзінің тәжірибелеріне сүйене отырып, типологиялық тұрғыдан қарастырып, зерделеуі осы жолда атқарған елеулі еңбегі деуге болады. Сыншы осы тақырыпта әңгіме қозғамас бұрын жалпы жанр мәселесінің жай-күйіне тоқтала кеткен.

«Әлемдік әдебиеттану ғылымының тарихында жанр туралы түрлі кездерде айтылған пікірлерді Аристотельден бастап кездестіреміз. Бұларда жанр сипатын әр түрлі қырынан әңгімелеп, табиғатын аша түсушілік бар. Солай бола тұрса да «жанр дегеніміз не?», «оны жіктеудің шарттары» деген сияқты негізгі сауалдарға жауап іздегенде басы ашылмаған қиындықтар туындайды».

Ғалым ойын былай жалғастырады: «Белгілі әдебиет теоретиктерінің өздері де жанр проблемасының аса күрделілігіне назар аударып отырған. Б.Томашевский жанрларға жіктеудің өте қиындығын, оны әдеби дамудың белгілі бір тарихи кезеңіне ғана қатысты қарастыру керек екендігін ескертеді [3]. Ю.Тынянов жанрдың барлық белгілерін жан-жақты қамтитын анықтама беру мүмкін емес дегенді айтады [4]. Академик Д.С.Лихачев әдеби дамумен бірге жанрлардың да өзгеріп отыратындығын, сол себепті де алдымен жанрды емес, жанрды тудыратын принциптерді зерттеуді ұсынады» [5]. «Жанрдың әдебиеттегі жағдайы осылай болғанда, оның сынындағы күй бұдан да күрделілеу. Ол күрделірек әдеби сынның көркемдік, ғылыми, публи-

цистикалық сипаттарынан, қоғамдық-рухани өмірде атқаратын қызметтерінен тікелей туындайды. Әдеби сын жанрларын анықтау оның осындай сан сипатты табиғатына тікелей байланысты».

Сыншы Дандай Ысқақұлы сын жанрларының теориялық тұрғыдан арнайы зерттеу объектісі болмай келе жатқанын атай отырып, оны жіктеуде қалам тартқан зерттеушілер жайлы сөз етеді. Сын жанрларын зерттеп, алғаш жүйелегендердің бірі Л.П. Гроссман оның он жеті типін көрсетеді [6]. Автордың сын жанрларын жіктеуде қандай өлшемдерді басшылыққа алғандығы мәлімсіз. Мұның ішінде сынның негізгі жанрларымен бірге, олай деп санауға келмейтін, оның ішкі мүмкіндіктерінің көрінісі ретінде қабылдауға болатындары бар [6].

Зерттеушілер әдеби сын жанрларын анықтауда түрлі ұсыныстар білдіруде. Б.Егоров жанрға бөлу тәсілінің үш түрлі типін айтады. Олар:

1. Сынау әдісі бойынша (мысалы, публицистикалық сын, академиялық пікір т.б.).
2. Әдеби тек бойынша (пародия, памфлет т.б.).
3. Қамту объектісіне қарай (рецензия, творчестволық портрет т.б.) [7].

Жалпы сын жанрларының ара жігін дәл ажырату мүмкін емес, өйткені ол - тарихи категория, сын дамуының әр түрлі кезеңдерінде оны анықтауда түрлі белгілеріне қарап отыру керек. Әдеби сын қалыптасуының алғашқы дәуірінде көрініс табатын хабар, аннотация, рецензия сияқты жанрлар көбіне қамту объектісінің ауқымына қарай анықталған.

Ал қазақ әдеби сынының жанрлық сипаттары ХІХ ғ. І жартысында шыға бастаған «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде айқын көрініс тапты. Онда әр мезгілде жарияланған мақалаларда жанрлық белгілер саралана түсті дей келе, осы жайлы өз ойын сыншы былай толғайды: «Қазақ топырағында көркем әдебиет жайлы ой-пікірлердің өмір сүретін көрініс табатын орта - баспасөздің дамуымен бірге сын жанрлары да қалыптасып, жетіле түсті. Қазір қазақ әдеби сынының барлық жанрлары дерлік қалып-тасқан, жанрлық мол мүмкіндіктерді толық пайдалануға жағдайлары бар деуге болады.

Әдеби сынның жанрлық жүйесін айқындау оның сан сипатты табиғатынан туындайды. Сол себепті де оған бір ғана әдеби, не публицистикалық принциппен, өлшеммен келуге болмайды. Сынның жанрларын анықтағанда, оның көркемдік сипаты әдеби принципті қажет етсе, публицистикалық табиғаты, публицистикалық ғылымилығы ғылыми өлшемдерді қолдануға міндеттейді. Осы тұрғыдан сын жанрларын алдымен әдеби, публицистикалық, философиялық деп жіктеуге болады. Сынның көркем жанрлары әдебиет-



тің тегі, түрі, жағынан эссе, пародия, эпиграмма, памфлет т.б. болып бөлінеді. Сын жанрын іштей шартты түрде қарасөзбен (рецензия, шолу, эссе, шығармашылық портрет т.б.) және өлең сөзбен (эпиграмма, пародия) жазылған деп бөлуге болады. Публицистикалық жанрға әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шолу, творчестволық портрет, әдеби фельетон, әдеби очерк, әдеби есеп т.б. жатады. Бұларды тағы да хабар (әдеби хабар, аннотация), талдау (рецензия, мақала, шолу, шығарма-шылық портрет), әдеби-публицистикалық (әдеби фельетон, әдеби памфлет, әдеби очерк т.б.) жанрлары деп жіктеуге болады. Бүгінгі әдебиет жайлы жазылған көлемді ғылыми еңбекті «монография» деп атайды. Сын жанрларын шартты түрде осылай жіктеген Д.Ысқақұлы енді осылардың басқа жанрларды айқындайтын жалпы белгілері жайлы сөз қозғайды: «Әдеби сынның жанрларын ажыратуда оның қандай стильмен жазылғандығы, қандай көркемдік құрал-дарды, әдістерді пайдаланғандығы көмектеседі».

Сын жанрларын айқындаудың басты белгілерінің бірі – оның зерттеу объектісі. Әдеби сын қарастыратын негізгі объектілер – шығарма, жазушы, әдеби процесс. Осы үш түрлі объектіге орай, соларға сәйкес келетін рецензия, шығармашылық портрет, мақала жанрлары қалыптасқан. Сынның басқа жанрлары осы үшеуінің төңірегінде топталып, түрліше жағдайдағы көріністері іспеттес. Зерттеу объектісі аннотацияда, рецензияда, пародияда – біреу, ол жекелеген шығарма, кітап. Творчестволық портрет, эпиграмма, әдеби фельетон, эссе сияқты сын жанрларының негізгі объектісі - жекелеген қаламгер. Ал, мақала, шолу, әдеби памфлет, әдеби есеп, т.б. негізінен әдеби өмірдің өзекті мәселелеріне арналады. Демек, сын мақалаларының қамту аумағы да – олардың жанрлық ерекшеліктерін анықтай түсуге көмектесетін өлшемдердің бірі.

Сөйтіп сыншы ұлттық сынымыздың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ әдеби сынының мынадай негізгі жанрларын атап көрсетеді: әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шығармашылық портрет, шолу, эссе, әдеби фельетон, әдеби пародия, әдеби эпиграмма, монография. Бұлардан басқа библиографиялық көрсеткіш, әдеби есеп, әдеби очерк, әдеби шарж, т.б. жанрлар бар екенін ескертіп кетеді.

Профессор Д.Ысқақұлы сын жанрларын жіктеп қана қойған жоқ, оларға сипаттама беріп, ой зердесінен өткізе білді. Енді кезекті осы сын жанрларының ең негізгілері жайлы қысқаша сипаттамаларға берейік. Өз әңгімесін сын жанрлары ішіндегі ең маңыздысы әдеби хабар жайлы бастаған сыншы «әдеби хабар - сын жанрларының ішіндегі» жасы жағынан ең үлкені, көлемі шағын, икемділігі жағынан шапшаң, ең елгезек «тіл алғышы» деп атап көрсетіп, өз сипаттамасын

былайша жалғастырады: «Баспасөз бетіндегі әдеби пікірлер ең алдымен, хабар түрінде көрінді десе болғандай. Мәдени өмірдегі елеулі деп табылған әдеби фактілер оқырманға, ең алдымен, хабар түрінде баспасөз арқылы жетеді. Қандай оқиғаны хабардың объектісі етіп арудың өзінде де сыншылық-бағдар-лаушылық сипат бар. Көбіне оқырманға пайдасы бар, ұнамды оқиғалар хабардың объектісіне айналады».

Сыншы алғашқы қазақ баспасөзінде көрінген әдеби сынның мұндай түрі профессор Т.Кәкішев «Жарнама сынның «өзіндік ерекшеліктерін сипаттап берген мына пікірін келтірді: «Сын жанрының ішкі түрлері дамып-жетілмеген кезеңде талдаудан гөрі, көңіл білдіру, тілек айту басым болатыны аян», «Жарнама сын пәлендей көркем шығарманың дүниеге келгенін хабарлау міндетін атқарады» [8].

Сын жанрының келесі бір маңызды да негізгі түрі – аннотация жайлы Д.Ысқақов былай деген:

«Аннотация – сын жанрының ішіндегі ең шағын көлемдісі, шын мәніндегі әдеби сынның бастау алар бұлағы. Алғаш көрінген түрі десе де болғандай. Аннотация объектісі – бір ғана шығарма, кітап. Мақсаты – кітаптың не туралы екендігімен таныстыру. Әдеби сынның басқа жанрлары сияқты алдына көп міндеттер қоймайды, жоғарыда айтылған бір мақсатты шағын көлемде орындау аннотацияның негізгі жанрлық ерекшелігін айқындайтын өлшем болып табылады».

«Рецензия – сын жанрларының ішіндегі ең көп қолданылатын, өрісі кең жанр», - деп бастайды сыншы. Әрі қарайғы оның ойы былай жалғасады: «Рецензия – латын сөзі, қазақша тексеру, бағалау, пікір білдіру дегенді біл-діреді. Рецензия дегеніміз - әдеби шығарманы сыни тұрғыдан талдап қарастырып бағалайтын, пікір білдіретін әдеби сынның жанры».

Сыншы ойынша, рецензияның ең маңызды міндеті - сапасыздыққа қарсы күрес. «Әдетте, - дейді ол, - рецензияның көпшілігі сәтті делінген туындыларға арналады да, сапасыздыққа қарсы күрес жағы әлсіздеу соғып отырған. Әсіресе бүгінгі күн сынында әдебиеттегі кемшілік атаулыға қарсы күрес жағы сын көтермейді. Солай бола тұрса да, әдеби сынымыздың әдеби сауат-сыздыққа қарсы қажырлы қайрат көрсете білген үлгілерін көптеп көреміз».

Келесі сөзді Д.Ысқақұлының сын жанрлары ішіндегі ең ауқымды түрі - мақала жайлы пікірлеріне берейік: «Мақала терминінің әдетте екі түрлі ұғымы бар. Біріншісі, көбіне баспасөз бетінде жарияланған материалдардың жалпы аты ретінде қолданып жүр. «Газетке мақала шығыпты» дегенде, ол рецензия да, хабар да, шолу да, фельетон да болуы мүмкін. Екінші - нақтылы баспасөз жанрының атауы. Газеттің хабар, аннотация, репортаж, очерк, рецензия сияқты жанрлары бар

десек, мақала да сол секілді осы қатардан белді орын алады. «Мақала – баспасөз жанр-ларының ішіндегі ең көп қолданылатын және кеңінен талдайтын мүмкіндігі молырағы. Біз мақаланы осы жанрлық тұрғыдан қарастырамыз.

Әдеби ой-пікірлерді кеңінен насихаттау үшін әдеби сын баспасөздің мақала жанрын барынша пайдаланды. Кей зерттеушілер мақаланың әдеби сында ең көп қолданылатындығын талдаушылық, пікір білдірушілік мүмкіндік-терінің молдығын, көлемі, формасы жағынан ыңғайлығын ескере отырып, оны сын жанрларының ішіндегі ең бастысы, негізгісі деп біледі». Ғалым сондай-ақ мақала жанрының мақсатын, зерттеу объектісін, құрылымдық жағы мен басқа жанрлардан ерекшелігін де саралап берген екен: «Мақаланың мақсаты - әдеби өмірде болып жатқан маңызды құбылыстарды, оқиғаларды талдап – бағалау, оның заңдылықтарын ашу, оқырмандарға түсіндіріп отыру. Сондықтан да мақалада әдеби сынның ғылыми-публицистикалық сипаты айқын көрінеді. Мақала әдетте белгілі бір идеяның «әлеуметтік ой-пікірдің негізінде жазылып», сол мәселені талдауға, түсіндіруге, осыған қатысты өз пікірлерін білдіруге құрылады. Көбіне қазіргі әдебиеттің бір немесе бірнеше зәру мәселесі көтерілген мақаланың проблемалық сипаты анық. Демек, мақаланың зерттеу объектісі - әдеби процестің жекелеген зәру мәселелері. Мысалы, рецензия бір кітап туралы жазылып, соған жан-жақты сипаттама беріп, бағалауға ұмтылса, мақаланы бұл кітап тұтас көркем туынды ретінде қызықтырмайды, онда көркем бейнеленген әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық проблемалардың бірі төңірегінде әңгіме қозғалады, немесе шығарманың идеялық-көркемдік жағының бір ғана қыры сөз болады. Мақала авторы көтеріліп отырған мәселеге қатысты өз ойларын дәлелдеуге дәйектерді бір кітаптан немесе бірнеше кітаптардан, тіпті бүкіл әдебиеттерден алуы мүмкін. Сондықтан да мақала - әдеби өмірдің өзекті өңірлеріне батыл барып, толымды пайымдаулар жасауына шамасы да, мүмкіндіктері де мол жанр. Профессор Д.Ысқақұлы сын жанрының ең бір маңызды түрі әдеби шолуға кеңінен тоқталып, саралап берген. Біз сол пайымдауларға қысқаша ғана тоқталмақпыз.

«Аннотация, рецензия, шығармашылық портрет, мақала сияқты сын жанрлары негізінен әдеби өмірдің бір ғана құбылысын, не мәселесін қарастырып, сол төңіректе ғана сөз қозғайды. Олар әдеби процестен үзік-үзік мағлұматтар ғана береді, мүмкіндіктері шектеулі. Ал көркемдік дамудың тұтас көрінісін жасап, ондағы басты тенденцияларды анықтау шолудың еншісінде. Атынан-ақ көрініп тұрғандай, көркем әдебиетте жүріп жатқан өмірдің біртұтас көрінісін жасау әдеби шолудың басты мақсаты болып табылады. Әдеби шолу-

дың негізгі зерттеу объектісі - әдеби өмір де, мақсаты соны шолып, пікір білдіру. Әдеби шолудың сынның басқа жанрларынан басты ерекшелігі – шолынып отырған әдеби объектінің шынайы көрінісін жасау. Шолудың негізгі жанрлық белгісі қарастырылып отырған объектінің, яғни әдеби өмірдің, біртұтас панорамасын жасау, сол туралы пікір білдіру болса, осы мақсатқа жету үшін ол сынның басқа жанрларының мүмкіндіктерін еркін пайдаланады. Шолудың ішінде библиографияның, хабардың, аннотацияның, рецензияның, мақаланың, шығармашылық портреттің т.б. элементтері жүре береді. Сыншы айтар ойының бағытына қарай баяндау, толғаныс, суреттеу, талдау, жинақтау секілді тәсілдерді кеңінен қолданады» - деп, сыншы жалпы әдеби шолуға түсінік береді де, олардың құрылымына былай тоқталады: «Әдеби шолудың ішкі анатомиялық құрылымы негізгі үш түрлі құрамдас бөліктерден тұрады. Оның біріншісі - әдеби фактілер, яғни фактілердің жиынтығы. Олар бір-бірімен органикалық байланысты, көркемдік дамуды бейнелей алатын айтылар басты мәселеге тікелей қатысты болуы керек. Екіншіден, шолуда міндетті түрде әдебиеттің фактілеріне негізделген ой айтылу қажет. Үшіншіден, сыншы өз ойын тиімді жеткізудің түрлі жолдарын таңдайды. Бұл ретте әдеби фактілерге берілген түсініктемелер негізгі роль атқарады».

Зерттеуші Д.Ысқақұлы сын жанрының тағы бір түрі - эссе жайлы былай дейді: «Эссе латынның — таразылау, ағылшынның, француздың очерк, мақала деген ұғымын білдіреді. Эссе жанрының негізін салған француздың үлкен гуманист, философ жазушысы М.Монтень. Кейіннен бұл жанрда көптеген жазушылар, философтар, қоғам қайраткерлері қалам тартып, әдебиеттің ерекше эссеистика саласы қалыптасты.

Эссенің өміршеңдік танытуы оның көркем әдебиет пен ғылымның жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп, оқырман ойын қозғай білуіне байланысты болса керек. Жүрекке жылы тиетін лиризм — эссенің сипатты қасиеттерінің бірі. Қайсы бір эсселерді автордың әдебиет, өмір туралы философиялық толғаныстары дерлік. Эссенің жанрлық ерекшелігі — оның композициялық құрылымының еркіндік танытуы. Мұнда басқа жанрлар секілді қалыпты стандарт байқалмайды. Автор өз ойларын жүйелі, жүйесіз баяндайды. Пікір білдіру бір кітап, жазушы, тақырып, әдеби өмір жайлы нақтылы болуы да, не жалпы әдебиеттің кейбір мәселелері хақындағы үзік-үзік ойлардан тұруы да мүмкін. Кейде естелік түрінде жазылып, жазушының шығармашылығы жайлы пікірлер оның іс-әрекетін көрсету, айтқан сөздерін келтіру арқылы да білдіреді. Кей эсселер әңгіме-естелік түрінде жазылса, енді біреулері қара сөзді лирика, яғни әдебиет жайлы толғаныс болып келеді. Соңғы жылдарда эссенің әдеби трак-

тат, әдеби тезис, әдеби күнделік түрлері де бой көрсетіп жүр. Эссе көркемдік жанр болса да, оның сыншылық сипаты айқын. Әдетте әдебиеттің тарихында өзіндік орны бар үлкен қайраткерлер жайында естелік, не толғаныс түрінде жазылып, оған деген автордың субъективті пікірлері айтылады. Эсседе ғылыми талдаулардан гөрі автордың өзіндік әсерлері, шығарма-шылық тәжірибелеріне негізделген ойлары басым, шағын көлемді еркін құрылымды келіп, көркем әдеби стильде жазылады. Сонымен, сын жанрларының ішіндегі эссе жанры — әдебиет жайлы не бір құнарлы ойлардың бір бұлағы, әдебиетіміз, қаламгерлеріміз хақында жүректі жарып шыққан ақжолтай пікірлерді оқырмандарға жан жылуымен, әсем әсерімен, бейнелі бояуымен сол күйінде жеткізудің бірден бір арнасы. Көркем әдебиет пен оның сынының арасында жүріп, екеуіне бірдей қызмет ететін өміршең жанр. Қазақ сыншылдық тұрғыдағы эссеистикасы әлі жас. Қазақ әдебиеті мен сынында эссенің эссеистика аталатын үлкен өркенді алаңға айналатындығына сеніміміз мол. Сонымен, әдеби сының жанрлық түзілісі әдеби фактінің сипатына, соған байланысты сын міндеттеріне де тікелей байланысты екендігі көрінеді. Міне, осындай әдеби сынның басты белгілерін ескере отырып, Д.Ысқақұлы сын жанрларын бірнеше топқа бөлді. Оның классификациясын жасады.

Әдебиет - ардың ісі. Демек, көркем әдебиетке жүктелер жүк айрықша. Әдебиет - әрбір ұлттың болмысын, ар намысын, рухани, мәдени дәрежесін байқатар айнасы. Әдебиеттің осындай биікте көрінуіне бірден бір жағдай жасап, жол нұсқайтын, арын арлап, жоғын жоқтап, қоғамдық сананың сын сарабынан өткізіп, таразылап отыратын - оның сыны. Нақтылай айтсақ, ұлттық әдебиет, оның ғылымы, оқырман қауым әдеби сынға дәуір талабы тұрғысынан белгілі бір дәрежеде өз аттарынан сөйлеуге өкілеттіктерін берген. Сондықтан да әдеби сынға қоғамдық өмірдің рухани әлемінде аса маңызды міндеттер жүктелген.

Сынның дәрежесі белгілі бір шамада көркем әдебиеттің де жай күйін аңғартады. Әдеби сын көркем әдебиетпен бірге пайда болып, дамиды. Сынның тағдыры - қиын да күрделі. Ойымызды түйіндей келе, қазақ әдеби сынының теориялық мәселелерін зерттеп, сын жанрларын жүйелеп, арнайы оқу құралын жасап, жоғары оқу орындарына «Сын теориясы» деген арнайы курстың енуіне себепші болған ғалым - Дандай Ысқақұлы. Ғалым-сыншы Д.Ысқақұлы әдеби сынның табиғатын анықтап, әдеби сынның негізгі құрамдас бөліктерін (әдеби сынның мазмұны, әдіснама мен әдістері, жанрлары, зерттеу объектісі, бағыты, қызметі, түрлері, принциптерін) атап көрсетті. Ғылыми принциптерге сүйене отырып, әдеби сынның жанрларын жіктеді. Әдеби сынның сатиралық жанрларын қарастырып, әдеби сынның

басқа да жанрлық түрлерін анықтап, әдеби айналымға енгізді. Сондықтан да әдеби сынның табиғатын теориялық, практикалық тұрғыдан зерттеген Д.Ысқақұлының еңбектері әдебиеттанудың, әдебиет сынының дамуындағы маңызды құндылықтардың біріне айналмақ.

#### Әдебиеттер

1. Ысқақұлы Д. Сын шын болсын. — Алматы: Санат, 1991.
2. Ысқақұлы Д. Сынсонар. — Алматы: Рауан, 1994.
3. Томашевский Б. Теория литературы. — М.: Федерация, 1928.
5. Лихачев Д. Поэтика древнерусской литературы. — М.: Наука, 1979.
6. Гроссман Л.П. Жанры литературной критики. — М.: Искусство, 1925.
7. Егоров Б. О мастерстве литературной критики. — Л.: Наука, 1980.
8. Кәкішев Т. Сын сапары. — Алматы: Жазушы, 1971.

## **Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ**

филология ғылымдарының докторы,  
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры,  
Қазақстан Жазушылар Одағы Басқармасының хатшысы,  
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

### **ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТЕРЕҢ ТАМЫР ЖІБЕРГЕН ТҰЛҒА**

Елімізде Тәуелсіздіктің таңы атқанда, бодандықтың да күні батты. Ғасырлар бойы армандап, үздігіп жеткен егемендіктің арқасында, қазақтың жарық күні туып, өлгені – тірілді, өшкені – жанды, жоғалғаны – табылды.

Тағдыр таукіметімен атамекеннен алыстап қалған ағайындар ортамызға оралды. XX ғасырда құйындатып соққан замана дауылы тамыры бір, тарихы терең Алаш жұртының алып бәйтерегін шайқағанымен, құлата алмады. Құлата алмайтын да еді. Себебі, қайыңның шорындай қалың қатпар-қатпар тектілікке балтаның жүзі батпайтыны анық.

Өзге жұрттарда соншалық мығым орнықпаған «тек, тектілік» деген түсініктің қазақтағы маңызы мен рөлі мүлдем өзгеше. Тектілік дегеніміз жеті атасынан бері қыз алысып, қыз беріспей, қанын таза ұстаған қазақтың бойындағы қонақжайлылық, көргендік, көрегендік, сабырлық, иманға негізделген тәрбие, тағылым, үлкенін құрметтейтін, кішісін ізеттейтін, асылын ардақтайтын, жасығын жамандатпайтын, туған өлкесінің топырағын қасиет тұтып, қадірлейтін, көлі мен шөлін, өзені мен өзегін, тауы мен талын, әрбір түйір тасына дейін қасиет дарытып, әулиелі мекенге – қасиетті жерге айналдыратын қазақтың ғана дүниетанымына сіңген ерекше ұғым. Сондықтан, мен тектілікті түсінген қазақты нағыз қазақ деп есептеймін.

Жат ел, жат жерде жүрсе де, тектіліктің тамырын үзбеген, ұлттық қасиет пен қадірді жоғалтпаған, атажұрт ұғымын сан ұрпақ бойына өшірмей сақтаған қандас бауырларымыздың үлкен көші тәуелсіздіктің таңы туғанда елге оралды.

Бұл көшпен бірге мол ырыс, қазақы болмыс, ұлттық тәлім-тәрбие, азат сана, тектілік, атадан қалған салт-дәстүр, бабалар ұстанған шаруашылық тұрмыс, сонымен бір, өздері туып-өскен елден жоғары білім алған мықты мамандар мен өрелі өнерпаз, айтулы ақындар, ғажап ғалымдар легі жөңкіліп келіп, қатарымызға қосылды, қоғамда өз орынын алды, қазақтың санын көбейтті, мейманасын тасытты. Бұл жазбамыздың негізгі кейіпкері – аса көрнекті қытайтанушы ғалым, әдебиет сыншысы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ұлағатты ұстаз, талантты ақын, танымал аудармашы, қазіргі күні Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас директоры Дүкен Мәсімханұлы.



Менің де өмірім мен шығармашылығымның алтын дiңгегiне, өзек-тамырына айналып кеткен қазақ әдебиеттану ғылымына олжа салғандар қандастар қатарынан да көптеп табылады. Тiптi тек әдебиеттану ғылымы ғана емес, шығыстану ғылымында да өзiндiк орынын күреп алған, жаңа күш болып қосылған, сөйтiп отандық шығыстану ғылымын биiк, жаңа, сапалы белеске көтерген ғалымдар аз емес. Солардың бiрi әрi бiрегейi – миллиард қытайдың арасынан рухын түсiрмей, еңсесiн тiк ұстап келген қарымды қаламгер, шынайы шығыстанушы ғалым – Дүкен Мәсiмханұлын ерекше бөле-жара атап

өтуге болады.

Мен бүгiнде елiмiздiң iшi-сыртына кеңiнен танымал айтулы ғалым, аса дарынды ақын, қабырғалы қаламгер Дүкен Мәсiмханұлын 1993-шi жылдан берi бiлемiн.

Отыз жыл бойы жұбымыз жазылмай бiрге келе жатырмыз. Бiздi таныстырған, табыстырған қара шаңырақ Қазақ ұлттық университетi. Осынау университетте Дүкен ұзақ жылдар қытайтану, шығыстану мамандықтары бойынша дәрiс оқыды. Шәкiрт тәрбиеледi.

Бiрнеше жыл шығыстану факультетiнде қытай тiлi мен әдебиетi кафедрасын басқарды. ҚазГУ-дегi 1990-2000 жылдар аралығында еңбек еткен, дәрiс оқыған оқытушы-ұстаздардың арасынан Дүкен Мәсiмханұлы жарқырап бiрден танылды. Ғалым-зерттеушi ретiнде Қазақстандағы қытайтану ғылымының көшiн бастады.

Сүбелi-сүбелi зерттеу монографиялары мен сұхбаттары республикалық, облыстық газеттер мен журналдарда апта сайын, ай сайын жарияланып жатты. Теледидардан, радиодан да Дүкеннiң ой-



пікірлері жиі-жиі берілді.

Дүкеннің әрбір жарық көрген дүниелеріне қазақ қоғамы құлақ түріп отырды. Әсіресе 1995-2005 жылдар аралығында жазылған өткір, терең, зәру әлеуметтік, рухани, мәдени, әдебиет пен өнерге қатысты батыл, ашық көтерген мәселелерін ұлттық газеттер қағып алып, жариялап жататын.

Ана тіліміздің тағдырына, қазақ жері мен тәуелсіздіктің болашағына қатысты ой-пікірлері 90-шы жылдардағы жаңа көтеріле бастаған елдік мәселелерді қозғайтын қоғамдық пікірлердің алдыңғы легінде нақты Дүкеннің жарияланымдары жоғары бағаланатын. Осылайша он-он бес жылдың ішінде Дүкен Мәсімханұлы қазақ руханиятының, қазақ ғылымының, қазақ әдебиетінің тұғырлы тұлғасына айналды.

Ғалымдығына, оқымыстылығына, ізденгіштігіне тең түскен, әдемі үйлескен талантының екінші бір қыры – ақындығы да құстың қос қанатындай оны биіктетіп алып кетті.

Дүкен бауырымыз егемендіктің алғашқы күндерінде-ақ, атажұртына оралуды ұлы мақсұт тұтып, тұңғыштардың қатарында еліне жеткен ерен ақын, ғажап ғалым. Шегіншектемей, шешім шығарып, ата-бабасының қаны тамған қасиетті топыраққа азаттықтың алғашқы жылында алып-ұшып келіп, туған отанына адал қызмет қылуды аңсаған ақ адал ақындық жүрегінің өзінен-ақ тек тазалықты тануға болар еді.

Қазақтың қаны мен жанында бұрыннан бар қасиет, ол – ақындық. «Ғылым таппай мақтанба» деп хакім Абай айтқандай, сөздің парқы мен нарқын, құдіретін білетін парасаттылық, білімі толысқан сайын, Дүкенді де ғылымға құштар қылады. Демек ол да ақындық алғырлығын ғылымға ұштастыра білген ерен жүйріктеріміздің бірі.

Мәймөңкелемей, ақиқатын айтар болсақ, ол шын мәніндегі талантты ақын, сондықтан да, оның әдеби шығармашылық әлеміне тоқталып өтпеу мүмкін емес. Дүкен Мәсімханұлы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. Одан бөлек, отанға деген ыстық сезім мен лирикаға толы сөз маржандары төгілген жеті бірдей жыр жинағының авторы. Оның өлеңдерін қазақ қауымы сүйіп оқиды, поэзия патшалығынан өзіндік орнын күреп алған ақын бүгін де елдің ыстық ықыласына бөленген айтулы жыр жампозы.

Терең білімінің арқасында тың тақырыптарға қалам тартып, халықаралық, республикалық көптеген жыр мұшайраларына қатысып, талай бәйгенің басын бермей жеңімпаз атанып, жүлдегер болды. Түркі дүниесі ақындары фестивалінің екі дүркін дипломанты атанды, ежелгі түркілік сарындағы тамаша жырларымен түркітілдес халықтар арасында кеңінен танылды.

Ақын өлеңдері бүгінге дейін ағылшын, жапон, түрік, қытай, орыс,

қырғыз, ұйғыр тілдеріне аударылып, шет елдерге тарап, әлемдік поэзия көшінде көрініс тапты. Жақында ғана Дүкеннің поэзиясы туралы Түркияның Стамбул қаласынан шығатын «Türk Kültürü İncelemeleri» (Түрік мәдениетін зерттеу) журналының 2023 жылғы №49 санында Түркиялық ғалым, филология ғылымдарының докторы, Түркия Кастамону университетінің профессоры Өмер Фарух Атештің ағылшын тілінде «Қазақ ақыны Дүкен Мәсімханұлының поэтикасы» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Төрт бөлімнен тұратын іргелі зерттеуде Дүкен Мәсімханұлының өлеңдері ғылыми тұрғыдан егжей-тегжейлі қарастырылған. Бұл жаңалықты тек Дүкен ақынның ғана емес, күллі қазақ әдебиетінің әбыройы мен қуанышы деп қабылдасақ еш артық емес.

Өткен отыз жылдың ішінде ақтаңгер ақынның қаламынан қаншама шырайлы, шымыр жазылған жыр жинақтары да жарық көрді. Солардың бір парасы «Жүрекке саяхат» (1991), «Семсер суы» (1998), «Көкпар» (2003), «Алтынның буы» (2006), «Алкүрең арман» (2008), «Өз аспаным өзімде» (2014), «Сап, сап көңілім» (2021) атты қадау-қадау поэзиялық кітаптары.

Әсіресе Дүкен Мәсімханұлының «Сап, сап, көңілім» атты өлеңдері, поэмалары, қытай және өзге де шетел ақындарынан тәржімалаған аударма өлеңдері енген поэзиялық жинағы қазақ жырындағы өз орнын ойып алған болмысы бөлек дүние.

Көркем сөздің бояуына, өрнегіне, ішкі сиқырына және сөз астарында терең ағыстай тұнып ағатын поэтикалық мазмұнға мән беретін арқалы ақын осынау кітабын кемеліне келген тұсында жазыпты. Төрт аяғынан тең тұрған төкпе күйлерді құлағымның құрышы қанғанша тыңдағандай күй кештім. Дүкеннің поэзиясы қазақ әдебиетіне қасиетті қоңыр күйдің сарынын әкелді!

Бұдан бөлек, ақынның көптеген өлеңдері әнге айналып, отыздан астам әні халық жүрегінен орын алды. Қалам ұстағандықтан, тек қана поэзиямен шектелмей, прозалық шығармаларға да мойын бұрып, біраз повесть, әңгімелер де жазды. Прозалық туындылары да ойлы, әсерлі, көркемдігімен жұрт жүрегінен орын алды. Құдайдың бойға берген ерекше дарын қасиеті болып табылатын ақындық қуат әркімге қона бермейді. «Өнер алды – қызыл тіл» деп бағалайтын қазақ халқы үшін шаршы топта сөз бастайтын ақындар әрқашан қадірлі болып қала бермек.

Дүкен Мәсімханұлының таланты мен қадір-қасиетін ерекше айшықтап тұрған бір қыры, ол – қытай ақын-жазушыларының шығармаларын түпнұсқадан аударып жүрген шебер аудармашы. Ол Қытай елінде жүрген сонау студент кезінен бері көркем аударма жасаумен шұғылданған екен. Сөзді қолданудың шеберлігін әбден меңгерген ақын әрі ғалым болғандықтан, оның үстіне әдебиеттану

теориясын терең игерген маман болғандықтан, өзге елдің тілінде жазылған шығармаларды тек сөздік қор тұрғысынан ғана түсініп қоймай, ұлттың тұтас болмысы, дүниетанымы тұрғысынан терең пайымдап барып, оны қазақ дүниетанымына сіңетіндей етіп аударма жасайды. Әдетте қытай ақын-жазушыларының сан қатпарлы тарихи оқиғаларға негізделген астары қалың туындыларын аудармақ түгілі жәй түсінудің өзі қиындық тудырады. Ал, оның мағынасын жоғалтпай, туған халқының тіліне аудару үшін, үлкен мектеп, шынайы шеберлік керек екені анық.

Дүкен Мәсімханұлы Қытай руханияты мен ұлттық санасының саңлақтары болып есептелетін Ли Бай, Лу Шүн, Мо Янь бастаған неше ондаған қытай қаламгерлерінің шығармаларын қазақ тілінде шебер сөйлетті. Қытай елі ақындарының өлеңдері қазақ жұртшылығына аса қатты таныс емес. Мәселен, араб-ислам әлемі ақындарының шығармалары мұсылман әлемінің барлығына ортақ, екі қазақтың бірі араб-парсы ақындарының шығармаларын оқиды, тіпті, жатқа айтатындары да бар. Бұның басты себебі, барлығын тоғыстырып тұрған мұсылмандық діни ұстаным. Ал қытайдың тілі ғана емес, діні де басқа, салт-санасы да бөлек ел болғандықтан, қазақ жұртшылығына мүлде тың дүние, бөтен әлем. Сондай сырлы әрі тылсым әлемнің әдеби шығармаларын қазақша сөйлетіп, қазақ жұртшылығына таныстырған Дүкеннің аудармадағы шеберліктері өз алдына айтуға тұрарлық дүние.

Мәселен, Тан династиясы тұсында өмір сүрген қытайдың әйгілі ақыны Ли Боның мына өлеңіне жасалған аудармаға тоқталсақ:

Қолыма алып кесе толы шарапты,  
Маңдайымды көк аспанға қараттым.  
Ай астында көлеңкеме шер төгіп,  
Жан жарамды ай нұрына жалаттым.

Ішпей қойды шарабымды ай бірақ,  
Ал көлеңкем жатыр жерде жай құлап.  
Ай астында көлеңкеммен қалғаным,  
Жалған достың сарайынан жайлырақ, –

деген жолдарда ақынның аймен сырласқан ішкі шері керемет көрініс тапқан. Бұны қазақ тілінде беру шеберлігі – өзі жазған өлеңдей болып шыққан. Қытай ақынының «Ал көлеңкем жатыр жерде жай құлап» деген тіркесі, «Аймен сырласу» монологтары арабтың Имру әл-Кайыс, Антара, Әбу Нуас, Мәжнүн сияқты ақындарында кездесетін өлең өрнектерімен үндестік барын байқайсың.

Отанына оралған күннен бері қытайдың ең танымал қаламгерлерінің

поэзиялық және прозалық шығармаларын тәржімалап, қазақ оқырмандарына тұрақты түрде ұсынып келе жатқан Дүкеннің аудармалары да біраз томдарға жүк болары анық. Әлі де тамаша аудармалар күтеміз. Біздің өскелең ұрпақ үшін бұның барлығы қажет. Қазақ тіліндегі зерттеу, мақала, ақпараттардың барлығы біздің әдебиет пен мәдениеттегі бос орындарды толтырады. Қазіргі таңда білемін, оқимын деген адамға өз тіліміздегі дүниелер дайын болуы аса қажет.

Мен мақаламда филология ғылымдарының докторы, профессор, Шығыстану институтының директоры Дүкен Мәсімханұлының жақында ғана қолыма тиген, 2022 жылы «Әдебиет» баспасынан жарық көрген сүбелі еңбегі «Ұлт пен рух» деп аталатын кітабына қысқаша тоқталғым келеді.

Еңбек ғылыми зерттеулер мен әдеби зерттеулерден тұрады. Әрі ғалым-зерттеуші, әрі арқалы, арынды ақын, жүйрік, қаламы төселген талантты аудармашы ретінде бүгінгі қазақ тарихына, қазақ руханиятына, қазақ әдебиетіне, осынау мәңгілік мұраларымызды дүниеге әкелген, жасаған тарихи тұлғаларымызға қатысты кең қамтып жазып, ой елегінен өткізген автордың әрбір мақаласының құндылығы өте жоғары.

Бұрын білмеген, оқымаған қаншама рухани құндылықтарымыз алдымнан шықты.

Дүкеннің жаңа кітабы оқырманды бірден баурап алады. Таным көкжиегін, ой ауқымын кеңге салған автор-зерттеуші, ақын-қаламгер, ойшыл-оқымысты ретінде әрбір зерттеу нысанасына тыңғылықты дайындалған. Әрбір мақаласының дереккөздері де, ғылыми-танымдық мәліметтері де өте салмақты.

Тілі, жазылу стилі көркем мәтінмен терең қабысып, қатар жарысып, жымдасып, жарасым тапқандықтан тұтас кітап тартымды оқылады. Осынау дүниелердің бір шоғырына тоқталып өтейін.

Ұзақ жылдардан бері өзі жүйелі түрде жинастырып, хатқа түсіріп, зерттеп, әркезде жариялап қойып жүрген мол деректерді, сирек қолжазбаларды, ел ішіндегі көнекөз абыз ақсақалдардың аузынан жазып алған қойын дәптеріндегі ой оралымдарын әр ғасырдағы орын алған тарихи оқиғалармен сабақтастыра отырып қағаз бетіне түсірген автордың қайырлы еңбегін бөліп айтар едім.

Бірінші бөлімдегі тарихи тұлғалар Қабылиса ақын (Қабан жырау), батыр, күйші Қожеке Назарұлы, жаужүрек Оспан батыр, есімі күллі елге тараған Нақысбек шешен, саз саңлағы, дарынды сазгер-әнші Садықожа Мошанұлы, Қалибек хакім Райымбекұлы, еліне қорған болған Жарты баба, атағы алысқа кеткен Мұрын ана (Ақбүбі), барлығының өмір-тағдырын, шығармашылығын бұлтартпас тарихи деректермен баяндау арқылы Дүкен Мәсімханұлы олардың шынайы

бейнесін сомдап шығады.

Өзіне дейінгі жарық көрген ғылыми, әдеби-танымдық жарияланымдардың барлығына сілтеме жасап отырады. Шығыс Түркістанның саң қилы, терең қатпарлы тарихы да, оның қазақ тағдырына әсер-ықпалы қатар сөз болған тұстарда бұрын айтылмаған мол, тың ақпараттардың көзі ашылады.

Екінші бөлімдегі ақиық ақын Мұқағали Мақатаевқа, жазушы, кинодраматург Бұқара Тышқанбаевқа, Жолдасбай Тұрлыбайұлы және оның «Райымбек батыр» дилогиясына, суреткер қаламгер Мұхтар Мағауинге, тарихшы Хасан Оралтайға, оның «Елім-айлап өткен өмір» туындысына, фольклортанушы ғалым Сейіт Қасқабасовқа, шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісәліге, саңлақ сыншы Сағат Әшімбаевқа арналған көлемді мақалаларында тағылым алаларлық терең ой-толғамдарын құнарлы тілмен, лирикалық шегіністер арқылы оқырманына ұтымды жеткізеді. Олардың өмірдеректеріндегі, шығармашылығындағы елеусіз жатқан, айтылмай келген беттерді қайта тірілтеді.

Кітапта Әсет Найманбайұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Көдек Маралбайұлы, Жүсіпбек қожа Шайхысламұлы, сондай-ақ Төлеубай, Күдері, Әріпжан сынды тарихи тұлғалардың шығармашылығы мен өмір сүрген кезеңі жан-жақты талдау арнасында тарихи тұрғыдан сөз болады.

Бұл қатарға кейіннен қосылған Таңжарық Жолдыұлы, Қажығұмар Шабданұлы, Нұртаза Шалғынбайұлы, Асқар Татанайұлы, Нығмет Мыңжани сияқты азаттық үшін күрескен қаламгерлердің қаламынан шыққан танымал еңбектері де қазіргі күннің биігінен бағаланған.

Мол тарихи деректерге, нақты өмірлік мәліметтерге табан тіреген әдеби зерттеудің рухани, танымдық, көркемдік маңызды-лығын атап өтуіміз керек. Осы кітапқа енген ірі-ірі тұлғалардың, қазақ тарихында із қалдырған ержүрек, күрескер қаламгерлердің әрқайсысына бір-бір монография арнасақ та артық етпейді.

Осынау құнарлы, сирек талдауларға құрылған мақалалардың ішінен екі дүниесіне ерекше назар аударғым келеді. Бірі – «Жыр жазды Мұқағали адам деп кіл...» деп аталатын мақала, екіншісі – «Сарабдал сынның сардары» атты саңлақ сыншы Сағат Әшімбаевтың шығармашылығына арналған толғауы.

Бірі қазақтың қара өлеңін ғасыр биігіне көтерген айбоз ақын болса, екіншісі сөз өнерін, сөз сынын әлемдік кеңістікке, жаңа, тың өрістерге көтеріп алып шыққан айбынды сыншы. Лирикалық шегіністерге, қымбат, құнарлы өмір деректеріне табан тіреген талдау мақалалар оқырман іздеп жүрген, сағынып жүрген қос саңлақтың шығармашылық лабораториясынан сыр шертеді.

«Мұқағали Мақатаев есімі – ұлт әдебиетінің тамырында тулап жатқан

ізгілік пен ізеттің, іңкәрлік пен ынтықтықтың, сағыныш пен сарғаюдың, шаттық пен қуаныштың, сырлы жүрек пен сиқыр сезімнің арзу қаны іспетті» - деп бастайды автор кіріспе сөзін. Ары қарай оқырманды Мұқағалидың мұхиттай терең, саф алтындай таза, мөлдір бұлақтай тұма тұнық поэзиясына жетектеп алып келеді. Мұқағали туралы соңғы жиырма жылда қаншама зерттеу, талдау, саралау мақалалар, кітаптар жазылды. Дүкен олардың бірде біреуін қайталамайды. Ескі сүрлеуді шиырламайды. Тыңнан жол іздейді. Мақатаев поэзиясындағы адам концепциясы деген тақырыпты бөліп алып, осынау арнадағы ой-талғамдарын тыңнан, тосыннан ұсынады. «М.Мақатаев поэзиясы адам баласының, соның ішінде, қазақ жанының ұңғыл-шұңғылын зерттеді» - деп түйіндейді.

Сағат Әшімбаевқа келген тұста тыңнан түрен салады. Әсіресе, аса білімдар, терең, оқымысты, биік кәсіби деңгейдегі әдебиет сыншысының ұлттық құндылықтарымызды, елдік мәселелерді таңдап, талдап, таразылаудағы тапқырлығы мен талант қуатын, кең құлашты, сыншылық ауқымы мен ой көкжиегін талдайтын беттерінде қайталанбас қалам қайраткері, әдебиет сынында өз мектебін қалыптастырып кеткен Сағаттай сыншының биік тұлғасымен қайта қауышамыз.

Көрнекті шығыстанушы ғалым, өзінің ұстазы академик Әбсаттар Дербісәлі еңбектеріне арналған мақала да жан жылуымен, жүрек іңкәрімен жазылған екен.

Түйіндей айтқанда, көрнекті шығыстанушы ғалым, зерделі әдебиет зерттеушісі, ардакүрең, айтулы ақын, қабырғалы қаламгер-публицист, профессор Дүкен Мәсіханұлының аталған еңбегі 2022 жылдың олжасы болды десем қателеспеймін. Қазақ әдебиеттануындағы биік белес дегім келеді.

Ұлттық құндылықтарға терең тамыр жіберген ғұлама ғалым, қытайтану сияқты өте қиын, күрделі салада аса құнды және құнарлы еңбектерді дүниеге әкелген, сол арқылы Қазақстандағы шығыстану ғылымын жаңа өрістерге алып шыққан дарынды әдебиеттанушының қаламынан шыққан кітаптар жалғыз зерттеулермен ғана шектелмейді.

Дүкен Мәсіханұлының аудармашылық, ақындық, ғылыми-зерттеу, ұстаздық бағыттағы еңбектерінен бөлек, оның ұйымдастырушылық, басшылық бағыттағы жұмыстарының өзі бір төбе. Николай Некрасовтың «Ақын болу шарт емес, азамат болу – міндетің!» дейтін тәмсілі бәрімізге аян. Демек, ақындық пен ғалымдық аса құнды қасиет болғанымен, ер азамат болған соң, өз отаны мен атажұртына пайдасын тигізіп, елінің патриоты ретінде қоғамдық жұмыстарды атқаруы, ол адамдықтың аса биік кісілік дәрежесі. Батыр Бәукең

(Момышұлы): «Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, патриот болу – парыз», - деген екен. Ендеше, Дүкен осы қасиеттерді елдің, халықтың, ұлттың мүддесі тұрғысынан жүзеге асырып келеді.

Дүкен Мәсімханұлының жеткен жетістіктері мен жан-жақты жұмыстары мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, көптеген наградаларға ие болды. Ұстаздық ерен еңбегі үшін Ы.Алтынсарин төсбелгісіне, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мәртебелі атағына ие болды. Қытайтану мәселелері бойынша халықаралық аренадағы еңбектеріне орай Шанхай ынтымақтастық ұйымының «Жібек жолы: гуманитарлық ынтымақтастық сыйлығымен» (алтын медаль) марапатталды. Көп жылғы ұстаздық, ғылыми-зерттеу, ұйымдастырушылық-басшылық қызметтеріндегі маңдай тері, қажырлы еңбегі ақталып, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» мемлекеттік құрметті атағына ие болды. Өткен жылы Республика күні қарсаңында, Президент жарлығымен «Парасат» орденінің иегері атанды.

Дүкен Мәсімханұлының шығыстанудағы жан-жақты еңбектерін бағамдап отырып, оны шын мәніндегі жаңашыл және өнікті шығыстанушы деп бағалауға әбден болады. Шығыстанушы мамандығы өзге мамандықтардан өзгешелігі – шығыстанушы белгілі бір Шығыс елінің тілін білу ғана емес, бүкіл Шығыс әлемінің тілі, діні, әдебиеті, мәдениеті, әлеуметтік әлеуеті, экономикасы, технологиясы және басқа да салаларын тұтастай танып білуді қажет ететін көп қырлы мамандық. Дүкен Мәсімханұлы тек қана Қытай Халық Республикасы емес, бүкіл Тынық мұхиты және Тая Шығыс, Орта Азия аймағы елдерінің саяси-экономикасын, тарихы мен мәдениетін терең білетін маман. Себебі, Оңтүстік Азия, Тынық мұхиты аймағы елдерінің барлығына Қытайдың тілінің де, саясатының да ықпалы өте зор екені айдан анық. Бір жарым миллиардтық алыптың қасында тұрған Қазақстанның айдаһардың аузына жұтылмаудың сан қырлы жолдарын іздеу – Дүкен Мәсімханұлы сияқты нағыз ұлтжанды, отаншыл, шынайы шығыстанушылардың мойынындағы аса мәртебелі міндет, елінің алдындағы азаматтық парыз.

Мейлі ол кім болса да, ұлтымыздың игілігі үшін жасап жатқан еңбектерге, тың ізденістерге, әрбір жарық көрген жаңа көркем шығармалар мен ғылыми зерттеулерге дер кезінде тілектестік білдіріп отыру менің әдетіме айналған. Сол үшін де мен Дүкен інімнің табыстары мен жетістіктерінің барлығына ылғи да қуана қол соғып жүремін.

Ал бүгін күні атан түйе тарта алмас қыруар шығармашылық жетістіктер мен жауапты жұмыстардың жүгін қайыспай арқалап, алпысқа аяқ басқан әйгілі ақын, ғажайып ғалым, ізетті іні, отбасының

тірегі, асқар тау әке, ардақты ата атанып отырған Дүкен Мәсімханұлына зор денсаулық, шығармашылық жетістіктер мен ғылыми тың жаңалықтар, толағай табыстар мен мол ырзық, бақ-береке тілеймін! Әлі де алатын асу, шығатын шыңдары көп болсын! Тәуелсіз еліміздің ертеңі үшін ерен еңбектер атқарып, Алаш жұртының абыройын арттыра беруіне ағалық жүрекпен шын тілектестігімді білдіремін.

2023



**Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ,**  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор

## **СЫНДАРЛЫ СЫННЫҢ САҢЛАҚ ТҮЛҒАЛАРЫ**

### **1. ТӨЛЕГЕН ТОҚБЕРГЕНОВ**



Өмірдің мәні туралы ойлансақ, көз алды-мызда адам тұрады. Өнердің пәні туралы толғансақ, көңіл ай-дынына адам шығады. Адамсыз өнер пәнсіз, өнерсіз өмір мәнсіз. Сондықтан да өнер туындысында басы ақ қар, бауыры көк шалғын тау суреттеле ме, сайын даланың бір мамыражай тоқ тартқан, толықсыған уыз сәті көрсетіле ме – бәрі бір, бұл жерде суреткер барлық күш-қайратын, шеберлігін бір ғана мақсатқа – адам жүрегінің

сырын, адам жанының шындығын танытуға - жұмылдырады. Көркем шығарманың әр тамшы, жалқы деталіне дейін адам өмірінің жарығы мен сәулесін, сыры мен шынын тануға, танытуға қызмет етуі шарт. Сондықтан да өнер туындысының мәні, оның тек өзіне ғана тән ерекше табиғаты дегенде, әдебиет, өнер зерттеушілері, сыншылары өз тұжырымдарын өнер туындысының осындай даралығынан өрбітеді. Адам өмірі, адам өмірімен байланысты белгілі құбылыс қаншалықты дәрежеде жоғары көркемдік сатыда жинақталды – әңгі-

менің түп төркіні осыдан басталып, осы мәселеге келіп тіреледі. Әдеби шығарманың көркемдік әлемі, жазушының жүрегін жандырған немесе мейірін қандырған өзекті ойы адам образы арқылы ашылады. Жазушы еңбегінің танымдық тағылымы, тәлімдік мәні, эстетикалық нәрі оның образ жасаудағы саралығы мен даралығынан өсіп, өнеді. Қазақ әдеби сынының дара тұлғаларының бірі Төлеген Тоқбергеновтің шығармашылық мұрасындағы, әсіресе, “Тоғыз тарау”, “Үш тоғыс”, “Қос қағыс” секілді еңбектеріндегі сыншыл ой осы тұрғыда жүйеленеді.

Т.Тоқбергенов “Үш тоғыс” әдеби-сын кітабының бастауында көне дәуірден бері қарай бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы ойшылдардың, көркем сөз шеберлерінің творчестволарына, ой-пікірлеріне шолу жасай отырып, өнердің ішкі табиғаты мен қызметі, мәні мен сәні туралы салиқалы, салдарлы ойлар қозғады. Автордың, әсіресе, ерекше ықылас қойып, бөлек атап көрсеткені – өнердің өнегелік қызметі. Өнер туындысының маңызы мен мәні, сәні мен салтанаты, сыншының пікірінше, бірінші кезекте оның өнегелік мазмұнымен өлшенбек. Өнегесіз маңыз бен мән болған емес, жоқ және болмайды. Өнегесіз сән мен салтанат та мағынасыз. Бұл – өнердің қоғамдық мәні мен мазмұнына қатысты ұстаным. Осындай оң ұстанымына сай, сыншы әдебиет пен өнердің қоғамдық маңызы мен мағынасын, эстетикалық мәні мен сәнін өте жоғары бағалады.

“...Өнер болғанда, оның оқушыға берер тәлімі де үш түрлі. Олар: эстетикалық тәрбие, этикалық тәрбие және ой-сезім тәрбиесі боп тоғысады”, – деп жазады сыншы. Өнердің өнегелік қызметін оның тегі мен түріне қарай даралап талдау, тәрбиелік мәнін ерекше жарқыратып көрсету автордың эстетикалық нысанасының баяндылығын, әдеби шығарманы талдау және бағалау өлшемдерінің жүйелілігін танытты.

Өнер туындысының мазмұндық бірліктерін, олардың негізгі, жетекші сыңарларын, осылайша, анық белгілеп алған соң, сыншы суреткерлік шеберлік сырларын саралауға ауысады. Жазушы шеберлігі туралы анықтамалар аз емес. Көркемдік шеберлік жайында жазылып, жарыққа шығып жатқан еңбектерде есеп жоқ. Сыншы осылардың бәрін сараптап отырғанмен, біріне де мойын бұрмай, өзінше парлайды. Шеберлік, көркемдік мәселелерін өнердің өнегелік мәнімен тығыз бірлікте қарастыра отырып, әдеби сындағы шын шеберліктің шыңын бетке алып самғайды.

Сыншы белгілі бір нақты мәселе төңірегінде ой өрбіте отырып, өзі қолдамайтын, өз көкейіне қона бермейтін, ғылыми дәлдігі, нақтылығы дүдәмел-ау дейтін ойларға, пайымдауларға сыншыл көзбен қарайды. Оларды өз шығармашылық тұрғысынан сарапқа салып, саралап келіп, ұсынар ойын тереңнен қозғап толғанады. Қарсы

пікір білдіріп, ой жарыстыруға барып отырғанда да жан ауыртар, аяспастай қалып танытпай, сыпайы, сырбаз қалпынан жаңылмайды. Автор тақырып, ой, мұрат секілді өзекті теориялық мәселелерде де өзінің сырбаз тұрғысының асыл арнасынын ауытқымайды. Әдеби шығарманың құрылым-жүйесіндегі буын, нышан, нысана секілді жалқы құбылыстарды пайымдауда да, өлең өнері, сын сипаты секілді бүтін құбылыстар жайын толғағанда да төске өрлеп, басқа шаппай, тереңнен бастап, жүректен қозғайды. Өмір мен өнерді, өнер мен өнегені, сын мен шынды бір арнада тоғыстырып, өзінің ойларын әдебиеттегі тықырыптық, идеялық, мағыналық-құрылымдық даму мәселелерімен өзектес өрбітеді, сабақтас саралайды.

Сыншы айрықша ынтамен талдап, үлкен жауапкершілікпен таразылайтын бір іргелі мәселе – тарихи тақырыптың хал-ахуалы, одан әрі бүгінгі күн, бүгінгі өмір тақырыбы. Автор қазақ тарихи прозасының туып, қалыптасуы, дамуы жолдарын М. Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясымен байланыстырып, тарихи роман деген ұғымның өзінің қазаққа “Абай жолымен” ілесе келгендігіне назар аударады. Сонымен қатар ұлы жазушының ілгеріректе жазған “Қараш-Қараш”, “Қилы заман” шығармаларының эпикалық тынысы мен “Абай жолына” әкелетін алғашқы соқпақтар сырын ашады. Сыншы тарихи роман жанрының тууын осы туындылармен өзектес түсіндіреді. Тақырып әдебиет пен әдебиеттанудағы аса бір ірі, іргелі мәселе қатарына жататынында сөз жоқ. Сонымен қатар ол барынша ескі, көне бола тұра, өте өзекті. Әсіресе, сын мен сыншы үшін ағымдағы әдебиеттің маңызы мен мәнін тақырыптық тұрғыдан талдау мен бағалаудың қажеттігі зор. Өйткені әдеби дамудың өзегін тақырыптың өзектілігі түзеді. Т.Тоқбергеновтің әдеби шығарманы, әдеби процесті барлауы мен бағалауында, тақырыптық дамуға үлкен мән беруінде сыншылдық танымның осындай сара ұстанымы бар.

Тарихи тақырыптың жай-күйін сөз еткенде, сыншы Ғ. Мүсіреповтің “Ұлпан”, А.Нұрмановтың “Құланның ажалы”, Ә.Кекілбаевтың “Аңыздың ақыры” секілді шығармаларға кеңірек тоқталады. Мәселенің кейінгі күйіне көбірек көңіл аударады. Бұл ретте сыншының Ұлпан образының әдебиет үшін үлкен олжа екендігі туралы ойлары эстетикалық тұрғыда барынша әдемі, әсерлі. “Ұлпан кейпінің тарихи тұлға боп қайта тіріліп алып, ендігі жерде мәңгі өлмес ұлы кейіпкерге айналғаны”, жазушының үлкен жетістігінің осы бейненің салиқалылығымен байланысты екендігі жайындағы жалпы пікірлеріне жалқы ойларының жарығын түсіріп, талдаулары мен бағалауларын үлкен танымдық, эстетикалық биікке көтереді. Ал “Құланның ажалы” романының ерекшелігін жазушының кейіпкер психологиясын ашудағы суреткерлік даралығы, көркемдік шеберлігі аясында анықтайды. Осылардың бәрінде сыншы өз тұжырымдарын

нақты деректерге, дәйектерге негіздейді. Сыншылдық сындарлылық бір тақырыпқа жазылған бірнеше шығармалардың, Қ.Бекқожиннің “Ұлан асу”, І.Есенберлиннің “Жанталас”, Т.Ахтановтың “Ант”, Ә.Әлімжановтың “Жаушы” секілді түрлі жанрдағы туындылардың, жетістіктері мен кемшілік жайларын саралау, сарапқа салу өнерінен де көзге түсіп тұрады. Автор бұл жерде тарихи шындық пен көркемдік шындық арақатынасы мен арасалмағы туралы, белгілі тарихи шындықтың көркем шығармада көрінуі жөніндегі ойларын сабақтай отырып, негізі берік теориялық топшылаулар жасауға барады. Аталған шығармаларды өзара және тарихи деректермен салыстыра талдау барысында автор айтарлықтай салмақты, эстетикалық, әлеуметтік маңызы бар жаңа ойлар ұсынып, тың қорытындылар жасайды.

Сыншының көркем шығармаларды, басты бір нышандарына орай, топтастырып талдауы және соның нәтижесінде жасаған қорытындылары сыншының шығармашылық ізденістерінің өрісті әрі келісті кеңістігін аңғартады. Автор белгілі бір тақырыптағы романдардың өзін ішкі ерекшеліктеріне қарай тек пен түрге бөліп пайымдауы жүйелі талдаудың ғана емес, жүйелі ойлаудың да салдары екендігінде сөз жоқ. Әдеби құбылысты тақырыптық бірлік, образдар жүйесіндегі тектестік, шығармашылық шешім жасаудағы даралық және басқа да көркемдік ерекше белгілер бойынша жүйелеу сыншы танымының тереңдігіне, сыншы талғамының биіктігіне негізделген. Ә.Кекілбаевтың “Аңыздың ақыры”, Ғ.Мүсіреповтің “Ұлпан”, Т.Ахтановтың “Шырағың сөнбесін” романдары аясында сыншы түрлі кезеңде өмір сүрген үш әйел образын жарыстыра талдай келіп, қазақ әдебиетіндегі әйел образын жасау мәселесіне қатысты танымдық маңызы жоғары жаңа қорытындылар жасаған. Жоғарыдағы шығармаларды топтап талдауда тақырыптық бірлік негізге алынса, бұл жерде кейіпкер сипатының бір тектілігі оқшау қойылған. Осындай жүйелеуді, көркемдік құбылыстарды даралап және топтастырып қарастыру тәсілдеріндегі ізденістерді сыншының заман тақырыбына жазылған шығармаларды талдауынан да байқайға болады. Мұнда да автор белгілі тақырыптың қазіргі халіне жалпы сипаттама берумен бірге, ондағы әр жекелеген туындының ерекшелігін де көрсетіп береді. Ауыл, дала тіршілігінен жазылған Қ.Ысқақовтың “Тұйық”, К.Ахметбековтің “Ақдала”, Т.Иманбековтің “Тұт ағашының көлеңкесі”, Д.Досжановтың “Дария”, С.Адамбековтің “Атылған қыз туралы аңыз” және басқа туындыларды бір бөлек қарастырады да, өндіріс, жұмысшы тақырыбын көтеретін З.Қабдолов, Т.Әлімқұлов, І.Есенберлин, С.Шаймерденов, Ш.Мұртаза, О.Сәрсенбаев және басқа жазушылардың шығармаларын бір бөлек саралайды. Сөйтіп, белгілі бір уақыт

әдебиетінің тақырыптық дамуының бағыты мен бағдарын, өрісі мен өнісін талдап-таразылап, анықтап береді.

Сыншы талдауларында Ғ.Мүсірепов, Т.Әлімқұлов, Ә.Кекілбаев шығармашылығына тән бірнеше көркемдік қасиеттер бөлек аталады. Сыншы байқауында, үш авторға ортақ бір қасиет – жақсылық пен жамандық проблемасының бөлекше трактовкасы: “... бұл жолда үшеуінің де қазық қып қағары – сезім, ішкі дүниенің арпалысы, характердің қақтығысы. Үшеуінің де қамшы ғып ұстары – бейнелі, кестелі, нақыс-нақышы мол көркем тіл. Үшеуінің де тізгін ғып ұстары – өнеге, үлгі, жақсылық”. Автордың ойы образды, тілі суретті, пікірі негізді. Міне, осы үлгілер енді кейінгі буындағы, кезекті лектегі жазушылардың ізденістерінде қалай, қандай дәрежеде – сыншы осы жайларды сарапқа салған. Дәстүрлік сипаттағы көркемдік құбылыс әдебиетшілердің бір буынынан келесі буынына қалай ауысып, қандай жолдармен жалғасып келеді, мұндағы жетістіктер қайсы, жалаң еліктеушілік неде, жадағайлық қайдан шығады – осыларға жауап іздеген. Бұл ретте автор көбіне, лирикалық проза үлгілеріне сүйеніп отырады. Қ.Ысқақов, Қ.Жұмаділов тұрғылас жазушылардан бастап, қаламгерлік өнерге алғаш қол артқан жас талапкерлерге дейінгі аралықтағы ізденіс бағыттары тұтасқа жуық қамтылады.

Сыншының енді бір кең қанат сермейтін тұсы – сын өнері жайлы сырласатын сәті. Сынның Герцен, Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Писаревтерден бері өнер ретінде қабылданып келе жатқанына ден қоя отырып, көркем әдебиетті, әдеби шығарманы, әдеби процесті тану мен танытудағы, барлау мен бағалаудағы сын мен сыншының орны, қызметі туралы түйген пікірлері салдарлы да салиқалы. Сын туралы, сынның қоғамдық сана әлеміндегі орны төңірегінде жинақталған ойлар әр түрлі: біреулер оны әдебиеттанудың саласы ретінде бағалайды; енді бір мамандар оны көркем әдебиет жүйесінде тануды оң көреді; сынды эстетикамен, элеуметтанумен сабақтас қарастыру үрдісі де бар. Сыншының үлкен ыждағатпен назар аударатыны - әдеби-көркем сынның эстетикалық мәні, сөз өнерінің сара да дара түрі ретіндегі ерекшеліктері. Бұл орайдағы ойларын топтап та, түйдектеп те түйіп, кей тұстарда эстетикалық саралау мен шығармашылық пайымдаудың шырқау биігіне шығандап шығуы – автордың талант табиғатына тән эстетикалық ерекше қуаттың көрінісі. Осы қуат оны сынның көркем әдебиеттің дамуына ықпалы жөнінде арғы-бергі дәуірлердегі ойшылдардан қалған қағидалардың тереңіне үңіліп, соларға сүйене отырып, әдеби талдау мен бағалаудың үздік үлгісін жасауға құлшындырады. Бірінен бірі туып, бірі екіншісін қуалай жарысқан ойларына жалғас, өзіндік бір шегініс ретінде, әлемдік әдеби сын тарихына үңілгенде де автор өзіне тән эстетикалық нысана биігінен

төмен түспейді. Сын жанрының ерекше өркен жаюына аса мол еңбек сіңірген көрнекті сыншылардың, әсіресе, В.Г. Белинскийдің шығармашылық еңбегінің маңызы зор, деңгейі тым жоғары, дара тұрғанын ризашылық көңілмен көрсете келіп, әдеби сынның көркемдік, эстетикалық қызметінің құндылығы туралы бағалы тұжырымдар ұсынады. Сынның бөлек жанр, жеке сала ретінде толық орнығуын және қалыптасуын, оның мәнін өткір көз, жүйрік көңілмен бір шолып шыққан соң, сын сардары бүгінгі қазақ әдеби көркем сынын да сыншыл көзбен барлайды. Бұл орайда да ол қазақ сынының қазіргі халін жеке, өз алдына бөлек аяда қарастырмай, бүгінгі әдеби процеспен сабақтас, сонымен тығыз бірлікте алып бағалайды. Сын көркем әдебиеттегі қандай құбылыстарды, ізденістерді ашып берді, бұл бағытта оның өзі қаншалықты тереңге бойлай алды, оның көркемдік әрі ғылыми жаратылысындағы өзгерістер, жетілулер қарқыны қандай сатыда тұр, сыншы пайымы, сыншы таланты қай белесте – автор өз талдауларында осыларды тығыз байланыста анықтауды дұрыс көрген. Бұл, әрине, мәдени, әлеуметтік маңызы жоғары ұстаным еді. Сыншы ізденісі ойдағыдай нәтижеге қол жеткізген. Мұның өзі көркемдік ойлау мен сыншылдық танымды ғана емес, ғылыми ойлау машығын, әлеуметтік және эстетикалық талдау шеберлігін де талап ететіні анық-ты. Қаламгер аталған талаптардың айдынында да еркін парлайды. Мұндай талдаулардың эстетикалық болмысы мен бітімі сыншының шығармашылық тұлға, сыншыл ойдың шебері ретіндегі ерекшелігін айшықтап, анықтап тануға септігін тигізеді. Сынның теориямен байланысы, теорияның сынға әсері, бұл әсердің көркем әдебиеттің күнделікті ағынын, оның бағытын бағдарлаудағы маңызы жайындағы ойлар мен тұжырымдардың да дәлелді, соны болумен бірге қоғамдық өмір үшін бағалы да пайдалы екендігін арнайы атап айту дұрыс. Сыншының пікірінше, сын жазушы танымының баюына, жазушы шеберлігінің жетілуіне тікелей ықпал етеді, әдебиеттің алдағы уақытта алар асуларын бағдарлайды. Ең бастысы, сыншы сын туралы, сын мен әдебиет, әдебиет пен өмір жайындағы пікірлеріне нақты әлеуметтік мән берген. Әдебиетте көрініс тапқан өмір шындықтарына әлеуметтік талдау жасай отырып, қоғамның сипатын бағалау, жазушы көркем образдар арқылы ашқан шындық құбылыстарға өз көзқарасын терең негіздеп, батыл білдіру, сонысымен де әлеуметтік өмірдің жақсаруына, жаңаруына, ізгіленуіне ықпал ету – Төлеген Тоқбергеновтің сыншыл да сыншыл шығармашылық қызметінің ерекше маңызды жетістігі.

Қазақ әдеби-көркем сыны өкілдерінің қатары толыға, толыса түсуде. Кәсіби сыншылар қатары ғалым-сыншылармен, ақын-жазушы сыншылармен, оқырман-сыншылармен және лингвист-сыншылар-

мен де қарасын көбейтіп отырғаны белгілі. Т.Тоқбергенов сын туралы ойларында осы түрліше типтегі сыншылар еңбектерінің әдеби процесс үшін қаншалықты тиімділігі, ділгірлігі жайлы мәселеге көңіл бөліп, ондағы өзекжарды, көкейкесті жайларға да терең бойлайды. Сынның түрлі жанрлық формаларын, олардың түрлі жағдайлардағы қызметінің маңызын айрықша тебіреніспен зерделейді. Сыншының әдеби процесс, әдеби шығарма және әдеби сын мәселелері жайында толғаған ойларының бір сарасын М.Шолохов творчествосы аясында жүйелеп, жаңа бір деңгейде жинақтайтыны бар. Бұл ретте де жазушы шеберлігінің кейбір қайнар көздері мен ерекшелігін, қазақ және басқа ұлт әдебиеттеріне ықпал-әсерінің сипатын биік талғаммен, терең таныммен сараптайды.

Бұдан біраз жылдар бұрын жазылған сын кітаптардың қамтитын мәселелері әрқелкі, түрліше болып келетін-ді. Автордың ойлары мен толғаныстары, талдаулары мен жинақтаулары ортақ проблема төңірегіне топтастырылмайтын, тұтас болмысқа иеленбейтін. Жетпісінші жылдардан бері қарай сын еңбектердегі мұндай үлгі өзгеріске түсе бастады. Осы өзгеріс, жаңару нәтижесінде көзге көрінетін бір ерекшелік – сыншылардың өз еңбектерін, сын мақалаларын әдебиеттің басты бір түбегейлі мәселесінің айналасына топтастыруы. Осы бүтіндік Т.Тоқбергеновтің “Үш тоғыс” атты жинағына да тән. Өзінің тұтастық, бірегейлік қасиеті жағынан бұл кітапты қазақ әдеби сынында алғашқы нәтижелердің бірі деуге болады. Сыншы бүгінгі әдеби процесс туралы ойларын түрліше формада, әр бағытта сабақтағанмен, барлық талдаулар мен байыптаулардың тоғысатын, жинақталып бір бүтін бірлікке, тұтастыққа айналатын жері, бар мәселенің ортақ өзегі – адам мен адамгершілік. Автор айтып отырған өнеге, тәжірибе де, таным мен талғам, тәрбие де, кеше мен бүгін, ертең секілді мәселелердің даралығы мен өзара ортақ сабақтастығы да осы басты бір арнаға келіп құйып жатады. Мұның өзі сыншы еңбегіне бірегейлік сипат дарытқан, сыншының ойлауына тән биіктік пен кеңістіктің шегі мен тегін танытқан. Сыншы арнайы бөліп алған “өнер, өнеге, тәжірибе” және “таным, талғам, тәрбие”, сондай-ақ “кеше, бүгін, ертең” деген үшкіл ұғымдар оның бас мақсатына орайлас пайымдалған. Бұл жерде де сыншы шеберлігі қапысыз танылады.

Сыншы “Қос қағысының” [Алматы: Жазушы, 1981] сазы мен сарынына, сыртқы сәні мен ішкі мәніне, құрылым жүйесіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Автордың қос қағысының бір қағысынан “түгел сөз” табылып жатса, бір қағысынан “түйдек сөз” төгіледі, түгел сөз арнасында да, түйдек сөз жүйесінде де қазақ әдебиетінің даму бағыттары, басты сипаттары пайымдалады. Түгел сөз шегіндегі “Уақыт және қаламгер”, “Әдеби сынға сауал көп” секілді толғаныста-

ры сынның “Әдеби-көркем сын туралы” қаулыдан (1972) кейінгі мерзімде қол жеткен табыстары мен жетістіктерін таразылауға арналған. Эпостың үлкен түрінің қазіргі жай-күйі, ішкі тұтастану және даралану ерекшелігі, жаңашылдығы секілді күрделі мәселелерді сыншы “Қазіргі қазақ романы” атты көлемді мақаласында зерделеген. “Түйдек сөз” аясында ғұлама жазушы М. Әуезовтен бастап, Ш. Айтматов, З.Қабдолов, Х.Есенжанов, С.Бақберген, Ш.Мұртаза, Қ.Мұхамеджанов, Т.Әлімқұлов секілді сөз өнерінің белгілі шеберлерінің творчестволық портреттері топтастырылған. Сөйтіп, сыншының саралауларында әдеби процестің жалпы мәселелері мен жекелеген қаламгерлердің шығармашылық даралығы қатар бағаланған. Сыншы талдауларының “түгел сөз” және “түйдек сөз” болып жүйеленуі оның шығармашылық ұстанымындағы осындай жалпы мен жалқының бірлігіне негізделеді. Сыншылдық ойлары мен толғамдарын, байқаулары мен бағалауларын шығармашылық ұстанымы мен нысанасына сай жүйелеудегі, топтастырудағы осы даралық пен осы саралық сыншы еңбегінің мазмұны мен құрылымына бірегей сындарлы сипат берген.

Сыншы өз тұсындағы әдеби дамудың басты ерекшелігін оның философиялық тереңдікке, психологизмге бой ұруының мағыналылығымен, нәтижелілігімен түсіндіргенде де ойлауға жүйріктігімен, талдауға шеберлігімен ерекшеленеді. “Прозалық туындыларда талдауға бейімділік, суретке, образды сомдап беруге ұмтылушылық бар. Кейіпкердің ой өрісін, жан сырын, пиғыл-пейілін бедерлі бейнелеуге ұмтылу салауатты прозаның анық үлгісі болса, әдебиетіміздің ендігі аңғары осыған ауып барады” [10-бет], – деп сара пікір түйеді сыншы.

Автор белгілі бір уақыт пен кеңістік шегіндегі әдеби процесс арнасында қазақ прозасының басты жетістіктері қатарында белгілі бір көркемдік құбылысты толық игеруді, меңгеруді атамайды, сол көркемдік құбылысты меңгеруге деген бейімділікті, ұмтылысты көрсетеді. Әрине, проза үлгілері түгелдей осындай тереңдігімен, келелі жетістігімен ерекшеленеді десек, ол жаңсақтық болып шығар еді. Онда философиялық тереңдік те, психологиялық талдаудың үлгілі өрнектері де бар, мазмұн мен пішінді тамаша үйлестірген жазушылық шеберліктің айтулы үлгісі де жетеді. Сонымен қатар жазушылық парасат пен шеберлікке бейімділік қана көрсету, соған ұмтылыс таныту тәжірибелері мен жазушылық өнерден мүлде тыс, одан алшақ жатқан шығармалар да жоқ емес. Әдеби процесстегі жалпы мен жалқыны, бүтін мен бөлшекті саралап қана қоймай, сыншыл пікірлерін сығымдап әкеліп, жоғарыдағыдай бір ғана тұжырыммен бірегей бағалау профессионал сыншының талдау және жинақтау жүйесіндегі нақтылық пен шарттылық, көркемдік



шарықтау мен ғылыми парықтау арақатынасын, ондағы келісімнің келісті де күрделі табиғатын танытады.

Қазақ романы жанрындағы жақсы, тәуір дерлік шығармаларды сұрыптап келгенде, сыншы: “...әр жылдың тәуірінің тәуірі қайсы деп сұрар болсақ, ұшбу тізім және де үш есе азайып кетердей. Ал енді сауал сыңайы ұлылыққа лайығы қайсы деп өзгеріп жатса, қиналған тұс сол болар-ау” (49-бет), – деп, орынды толғанады. Ұлылыққа лайық шығарма ұлы суреткердің ғана қаламынан туатын болар немесе ұлы суреткер атын ұлылыққа лайық туынды шығарар. Қалай дегенде де ұлы туынды мен ұлы суреткер өзара сабақтас ұғымдар деуге тура келеді. Соған орай, ұлылыққа лайық шығарма іздегенде, сыншының тіліне тиек таба алмай, шарасыз қиналуы, түптеп келгенде, қазақ әдебиетінің нақты уақыт аралығындағы ахуалына байланысты.

С.Сматаевтың “Елім-ай” романына қатысты сыншы мынадай пікір білдіреді: “Артықшылығы – жас жазушының тіл байлығы, ал кемшілігі – салауатты прозаға ерсі көріне беретін шалқыма-шарықтау лептің мөлшерсіз молдығы” (66-бет). Сонымен бірге: “Жазушының батыры да, бағбаны да, дау-дамайда төрелік қып төтен сөзін айтқан төбе биі мен ақын-жырауы түгіл, жарлы-жақыбайы да, бәрі-бәрі де есіп сөйлеп, ағыл-тегіл көсіліп жүре беретіні несі?” (67-бет) – деп, орынды ойландырады автор. Осылайша, сыншы “Елім-ай” романының стиліндегі, тіліндегі бірден-бір басты олқылықты дәл басып көрсетіп береді. Расында да “Елім-ай” романының басты көркемдік жетістіктерінің бірі жазушы тілінің пафостылығы, құштарлы сипаты десек, шығарманың елеулі бір кемшілігі де сонымен тікелей ұштасып жатыр. Жазушылық тәжірибесінде, көбіне, нақты, затты құбылыстардың шындығын көрсетуге күш салатын, өмірлік ақиқат пен көркемдік шындық арақатынасындағы өлшемді межені қырағы екшеп, сыралғы болмыспен толғайтын жазушының, тілге келгенде, бірыңғай төгілме ырғақпен сөйлейтіндігінің артықтығы сыншы тарапынан орынды ескертіледі.

Автордың З.Қабдолов, Т.Ахтанов, Қ.Мұхамеджанов, Т.Әлімқұлов және басқа жазушылар творчествосы хақындағы талдаулары мен сараптаулары да сырлы, әсерлі тілмен жазылған, талдаулар мен жинақтаулардың амалдары мен тәсілдері де ұтымды. Әсіресе, Т.Әлімқұлов туралы толғаныс әдеби-көркем және ғылыми сипаттарымен ерекше дараланады. Сыншы бұл жерде әрі зерттеуші, әрі суреткер зердесімен әдеби құбылыстың көркемдік-идеялық маңызы мен мазмұнын терең пайымдап, шебер талдайды. Сол арқылы сыншы шеберлігінің жазушы шеберлігімен өзектес, тектес екендігі туралы ойға бастайды. Төлеген Тоқбергеновтің әдеби сындағы даралығы мен саралығы, шығармашылық беті мен бағыты

танылатын кеңістіктің бір саласы осындай.

Төлеген Тоқбергенов - әдеби шығарманы, әдеби процесті нақты да затты талдаудың шын шебері. Сыншы шығармада суреттелініп отырған өмір шындықтарының маңызы мен мағынасын жазушының шығармашылық ойымен жарыса сараптайды, тіпті өзінше алға озып, саралау мен жинақтаудың өзіндік үлгісін ұсынады, қаламгер шығармашылығының ерекше жарқылы мен жалпы жарығын эстетикалық биік таныммен таразылайды. Әдетте әдеби шығармада суреттелініп отырған өмір шындықтарын сыншының жазушыдан артық білмейтіні туралы айтыла береді. Әр жазушы осылай ойлайды. Төлеген Тоқбергеновтің сыншылығы бізді басқа ойға жетелейді: сыншының өмірді білуі жазушының өмір туралы білімінен артық болмаса, кем емес; сыншының әдеби, эстетикалық танымы жазушының көркемдік танымынан терең болмаса, таяз емес. Төлеген Тоқбергенов әдеби шығарманың, әдеби процестің тамыршыдай байқап-бақылаушысы ғана емес, талдап-талқылаушысы, барлап-бағалаушысы да бола білді. Әдеби процесс бағдарының баяндылығына, жазушының көркемдік эстетикалық танымының баюына, шығармашылық шеберлігінің жетілуіне сыншы осы биіктен ықпал етті. Бұл - сыншылардың бәрісі емес, Төлеген Тоқбергенов сынды ірісі ғана шыға алатын биік.

#### **Әдебиеттер:**

1. Тоқбергенов Т. Қос қағыс: мақалалар мен портреттер / Төлеген Тоқбергенов. - Алматы: Жазушы, 1981. – 281 б.
2. Тоқбергенов Т. Тоғыз тарау: әдеби сын / Төлеген Тоқбергенов. – Алматы: Жазушы, 1974. – 224 б.
3. Тоқбергенов Т. Ай мүйіз: портреттер, эсселер / Төлеген Тоқбергенов. – Алматы: Жалын, 1990. – 335 б.
4. Тоқбергенов Т. Тәкен Әлімқұлов: монография / Төлеген Тоқбергенов. – Алматы: Рауан, 1992. – 118 б.
5. Тоқбергенов Т. Үш тоғыс: Әдеби сын / Төлеген Тоқбергенов. – Алматы: Жазушы, 1977. – 196 б.
6. Тұрантегі Д. Асқар әлемі. Сыншы Төлеген Тоқбергенов. – Алматы: «Теларна», 2004. – 152 б.

<http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1106348&lang=kk>

## 2. САҒАТ ӘШІМБАЕВ



Сағат Әшімбаев 1965 жылы Алматы облысы Райымбек ауданында қазір өзінің атындағы орта мектепті алтын медальмен бітіріп, Қазақ ұлттық университетіне оқуға түсті. Мектептің әдебиет үйірмесінің жетекшісі С.Омаров деген кісі Сағаттың мектептегі “Жас қалам” газетінің бас редакторы болғанын, сол газетте “Ана”, “Туған жерім”, “Тянь-Шань”, “Бейбіт өмір” және басқа өлеңдері жарияланғанын айта келіп: “Сағат – мектебі-міздегі әдебиетке ең қабілетті, үздік оқушы. Үнемі ізденгіш, түрлі әдеби кітаптарды оқушылар арасында көп оқитындардың бірі. Әде-

биетке деген зор талабына қарап, үйірмеміздің мүшесі С.Әшімбаевтың болшағынан үлкен үміт күтеміз”,- деп шәкіртіне мінездеме береді. “Әдебиетке деген талабың шарықтап өсе берсін. Ой-арманыңның асқар асуын таймай, талмай асып, әдебиеттік арманыңа жет!”-деп сәт сапар тілейді.

Сағат бойындағы талантты, Сағаттың әдебиетке деген зор сүйіспеншілігін алғаш таныған және бағалаған осы азаматқа, мектептің әдебиет үйірмесінің жетекшісіне, бүгін, кеш те болса, разылығымызды, құрметімізді білдіргіміз келеді.

Қазақ ұлттық университеті аудиториясында өткен бес жыл, ұстаз ғалымдардың әдебиеттің тарихы мен теориясы, жазушы шеберлігі туралы терең мағыналы лекциялары, күнделікті ақыл-кеңестері Сағаттың әдебиет сыншысы болып қалыптасуына, қаламгерлік талантының жарқырап ашылуына алып келді. Қазақ сөз өнері, әлем әдебиеті мен мәдениеті, даналық ойлар тарихы туралы телегей теңіздей шалқыған шалқар білімді Сағат университеттен тапты. “Әдеби сын мәселелері” деген тақырыпта жазып, қорғаған диплом жұмысы әдебиетші ұстаздарының бәрінің де көңілінен шықты, әдеби өмірге жаны да жүзі де жарық, білімді де мәдениетті тағы бір жас таланттың келгеніне көпті көрген қарт профессорлар мен жас ұстаздар бірдей қуанды.

“Жас Алаш” (“Лениншіл жас”) газетінде әдебиет және өнер бөлімінің әдеби қызметкері, меңгерушісі (1969-1973), “Жұлдыз” журналының сын және библиография бөлімінің меңгерушісі (1973-1976), “Жас алаш” (“Лениншіл жас”) газетінде редактордың орынбасары (1976-

1979), Бүкілодақтық авторлар құқығын қорғау жөніндегі агенттіктің (ВАПП) Қазақ бөлімшесінің бастығы (1980-1986), Қазақстан Радио және телехабарлары жөніндегі Мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары, комитет төрағасы (1986-1991) қызметтерін атқара жүріп, Сағат Әшімбаев аса көрнекті әдебиет сыншысы, жалынды публицист, қоғам және мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілді, әдеби-эстетикалық, қоғамдық және әлеуметтік ойдың жетекші тұлғасына айналды. Бір ғажабы, қай жерде қандай қызметте жүрсе де өзі түлеп ұшқан Ұлттық университетіне деген айырықша асық құрметін ашық білдіріп отырды. Қазақ әдебиеті кафедрасы бойынша студенттерге “ Қазіргі кезең әдебиеті” атты лекциялық курс оқыды. Мемлекеттік емтихан төрағасы болып келіп, талантты жастарды шығармашылық қызметке тартты. Студент жастармен кездесуге бүкіл шығармашылық ұжымын алып келіп жүрді. Қазақстан Радио және телехабарлары жөніндегі Мемлекеттік комитет төрағасы болып қызмет атқарып жүрген жылдардың бірінде университет студенттерімен кездесуге судай жаңа тұтас бір телестудия алып келіп, оны бүкіл ұжымымен құрастырып, іске қосып, пайдалануға беріп кеткені бар. 1986 жылғы декабрь оқиғасынан кейін студент жастарды рухани демеу, қолдау мақсатында жасалған осы бір айтулы әрекетте де Сағаттың Ұлттық университетіне, шығармашылық жастарға, қазақ сөз өнеріне, халқына деген оттай ыстық сүйіспеншілігі бар еді. Мұндай ерлікке пара-пар елдік іс жасау үшін дарынның дарасы, таланттың сарасы болу керек еді. Сағат дарынның дарасы, таланттың сарасы ғана жасай алатын жасампаздық іс жасады.

Иә, Сағат Әшімбаев қазақтың әдеби көркем сынындағы, шығармашылық өміріндегі таңғажайып тамаша талант еді. Оның әдеби-эстетикалық әлемі – кітапарының аты мен затынан көрініп тұрғандай тереңдік пен кемелдіктің, азаматтық пен адамгершіліктің әлемі. Ол – сыншы мұратының, талантқа тағзымның, парасатқа құштарлықтың, шындыққа сүйіспеншіліктің, ақиқатқа іңкәрліктің әлемі, шындықты жазып қана емес, күнделікті өмірде айтып та, айтысып та қорғаған қайраткер сананың әлемі. Сыншы әлемінің алтын қақпасын ашып, асыл қазынасын тамашалаған кісі қиялын шарықтатады, сезімін серпілтеді, жанына қуат, ойына от алады, сөйтіп жаны мен жүрегі, ойы мен тілегі, рухани өмірі айдай жаңарып, тазарып шығады. Адамзат рухының жалпы кемелдігі де өмір мен өнердегі Сағат секілді дара тұлғалардың жалқы да болса осындай жарқын әлемінен түзілетін болар-ау.

Публицистикалық құштарлық, сыншыл пафос, көсемдік көзқарас – суреткер әрі ойшыл Сағат шығармашылығының ерекше жарқын, қайталанбас дара ерекшеліктері. Сыншы қаламынан туған көркем сөз де, көсем сөз де, теледидарда өзі негізін қалап, өзі жүргізген «Жүрек-

тен қозғайық”, “Парыз бен қарыз” секілді авторлық бағдар-ламалар да ойды балқытатын отты құштарлыққа, жан тербеп, жүрек тебірететін сертті сүйіспеншілікке, ар мен ожданның көзін ашқандай жарық пен жарқылға толы. Сондықтан да автордың әлемнің ірі қаламгерлері мен кемел суреткерлерінің өнері туралы ойлары, қазақ әдебиетінің бас жазушысынан жас жазушысына дейінгі көкейкесті мәселелер жайлы толғаныстары, адам мен қоғам туралы телехабарлары оқырманы мен көрерменін парлаған парасат биігіне бастады, тіл өнері туралы, жазушы мен жазушылық туралы алтындай аққан асыл ұғымдар тереңінде тебіrentті. Сыншы сыншыл ойды бір тереңге тартып, бір биікке бастап жүріп жазушының қоғам өміріндегі орнын, адамзат игілігі жолындағы еңбегін бағалауда өз тұрғысын тұрақтандырды. Бойына біткен талант қуаты мен кісілік қасиеті шынайы суреткердің бар байлық-дәулеті, салтанат-сәулеті, асыл қазынасы парасатты ойында, керемет интеллектінде екендігі туралы ерекше ойға ұйытты. Ойлана, толғанта жүріп, өзінің де байлық-дәулеті мен салтанат-сәулетін, бар асыл қазынасын осыдан іздеді, осыдан тапты. Қоғамның рухани өсіп-өркендеуі мен адамзат ой-сезімінің рухани дамып, гүлденуіне әдебиеттің, нағыз қаламгердің қосатын үлесі орасан зор деп түсінді. Бұл тегеурінді де текті түсінік болатын. Сонымен қатар автордың мұнысы түсінік қана емес, терең таным, биік көзқарас еді. Осы таным, осы көзқарас тұрғысынан Сағат шынайы әдебиетті осынау алмағайып өмірдегі рухани прогресс атаулының қайнар көзі, алтын бастауы ретінде бағалады. Бұл ерекше прогресс әдебиет пен өнердің арқасында ғана жүзеге асатын күрделі құбылыс деген теория ұсынды. Әрине, ойшылдық көзқарастың көрінісі болып табылатын мұндай ұғымдар жүйесі мен қағидалар негізінде автордың әдебиетке деген сүйіспеншілігі, қоғам мен адамның рухани дамуына деген құштарлығы жатты. Сыншы әдебиетті шексіз сүйіп қана қойған жоқ, әдебиеттің қоғам мен адамның рухани дамуының қайнар көзіне, алтын бастауына айналуын мақсат тұтты, осы мақсат жолында ащы терін төгіп, тәтті ұйқысын бөліп, ерен еңбек етті. Әдебиет абыройын халық абыройындай, ұлт мерейіндей көрді. Әдеби сынды, сөз өнерін, соның ішінде теледидардағы көркем сөз бен көсем сөзді қоғамдық құбылыстарды әлеуметтік талдау мен бағалаудың ерекше құралы әрі амалы ретінде таныды. Ол үшін әдебиетке адал қызмет етуден, сол арқылы қоғамның дамуына септік жасаудан артық бақ та, бақыт та жоқ сияқты еді.

Сағаттың сындарлы, дара да сара ойларының жүйесінде суреткерлікке ерекше мән берілді. Суреткерліктің көркемдікке алып келетініне, суреткерлік дегеніміздің өзі көркемдікпен егіз ұғым екендігіне көз жеткізді. Әдеттегідей суреткерлік ұғымына да, көркемдік ұғымына да көл-көсір мазмұн мен мән дарытып, олардың

эрқайсысына терең талдау жасады, әрқайсысының өзіне ғана тән қыры мен сырын сарқа сипаттады. Мысалы, суреткерлікке берген сипаттамасына назар аударып қарайық:

- танылмағанды таныту
- жұрт байқамағанды аңғарту
- жұрт елемегенді електен өткізіп көрсету
- жұрт білмегенді биіктете елестету
- танығаныңа таңқалтып дүйім қауымды табынту
- шын мен жалғанның, ез бен ердің, адал мен арамның, кесепат пен парасаттың ішкі-сыртқы белгілерін таңбалап беру
- басқаны қасіреттінің қайғысына ортақтастыру, бақыттының бағына қуанту
- жақсылыққа тебірену
- зұлымдыққа лағнет айтқызу

Сыншыл танымның киелі кеңістігінде бұлайша еркін парлау қанатты да қуатты ойдың қызметіне тән. Ойдың қанаттылығы, ойлаудың тереңдігі сыншыны әдеби шығарманы талдау мен әдеби процесті бағалаудың методологиялық тың ұстанымдарын негіздеуге алып келді. Үздік көркем шығарма жазудың, шындығында, шығармашылық шексіздік әлеміндегі, шегі жоқ шығармашылық ой әлеміндегі жаңаша ойлау шеберлігінің жаңаша үлгісін көрсету, жаңаша философиялық концепция ұсыну, соны да сом характерлер жасау екендігі туралы әдеби-эстетикалық және практикалық мәні жоғары тың пікірлер тұжырымдады. Сыншының адамзат әдебиеті мен өнерін, философиясын, тарихы мен мәдениетін жете білу және сол білгенін ел игілігіне жұмсау жолындағы ізденістері – оның өзі үшін де, оның тұсындағы сыншыл ой үшін де ілгерілеу жолы, биіктеу жолы болды. Сағаттың әдебиет туралы, әдебиеттің өзекті мәселелері туралы ойлары мен пікірлері қазақ әдеби сынында жаңа әдеби-эстетикалық қағидалар жүйесінің қалыптасуына алып келді.

Сағат Әшімбаевтың шығармашылық мұрасында сын мен сыншы талантына қатысты құнды ойлар мен пікірлердің тұтасқан асыл өзегі бар. Өз заманының әлеуметтік, көркемдік, эстетикалық ізденістерінің алдында болған сыншы халықтың рухани өмірінде әдеби сынның алатын орны мен атқаратын қызметі туралы бұрын-соңды ойға келмеген, ауызға түспеген озық ойлар, тамаша толғамдар толғады. Сыншы болу оңай емес. Сын – қиын өнер. Сын жазғанның бәрі жұрттың көңілінен шығып, көзіне түсе бермейді. Сыншы таланты – аса сирек талант. Өйткені сыншы жазушыдан гөрі таланттырақ болуы шарт; ол өмір шындықтарын, елі мен жерінің тарихын, философиясын, тұрмыс-салтын жазушыдан артық білуі қажет; ол интеллект жағынан да жазушыдан биік тұруы ләзім. Сонда ғана оның сыны жазушыға ой салып, әдебиеттің дамуына, қоғамдық, әдеби-эстетика-

лық ойдың өсуіне ықпал ете алады. Сағаттың әдеби көркем сынға, сыншы талантына көзқарасы осындай болды. “Сын - уақыт қажеттілігінен туған, қоғамдық, эстетикалық, философиялық ой-сананың өзгеше бір формасы”, - деді ол. Әдеби сынды шындықпен, ақиқатпен сабақтас қарады. “Шындыққа – сүйіспеншілік, ақиқатқа іңкәрлік жоқ жерде сын да жоқ”, – деп ойланды. “Сынның аты – шындық, заты – сүйіспеншілік”, - деп толғанды. “Сынның аты ащы болғанымен, заты тұщы”, – деген қанатты сөзді де Сағат айтты. Осының бәрі сыншының үлкен азаматтығынан өсіп-өнген биік мәдениеттіліктің, ойлау мен сөйлеудегі, талдау мен жинақтаудағы тереңдіктің үлгісі еді.

Сыншының азаматтық позиция, азаматтық пафос туралы қалыптастырған ұғымдары, әдеби-эстетикалық ойлары мен толғаныстары, анықтаулары мен айқындаулары дәлелді де дәйекті болумен бірге эмоциялық мазмұнының байлығы жағынан да аса бағалы. Азаматтық позиция, сыншы пайымдауында, суреткерлік айрықша парасаттылық. Ал суреткерлік айрықша парасаттылық дегеніміз – рухани қасиеттің төресі. Азаматтық позицияға таланттың өзі де тәуелді. Сағат әдеби сында суреткердің азаматтық позициясы туралы осындай тың ұғым ұсынып қана қоймай, оның негізін түзуші мынадай факторларды да даралап көрсетіп еді:

- адамгершілік биік болмыс
- суреткерлік белсенділік
- кемел көзқарас
- ойлау мәдениетінің жоғарылығы
- қайраткерлік іс-әрекет
- гуманистік қарым-қатынас
- дүниетаным тереңдігі
- телегей терең парасат әлемі
- интеллектуальдық ізденіс
- әділдік пен адалдыққа құмарлық
- ұлттық ұлы мүдделерге қызмет ету
- шындыққа деген сүйіспеншілік, т.б

Ойшыл, қырағы ойдың қыранындай алғыр қаламгер азаматтық позиция, азаматтық пафос ұғымдарының негізінде азаматтық формуласын ойлап тапты. Онда қаламгер һәм қайраткер тұлғаның асыл мұраты мен асқақ арманынан туған терең мағына бар. Азаматтық формуласын автор мынадай құрамдас бөліктер мен олардың өзара үйлесімінен түзеді:

- халықтық масштабта үлкен іс тындыру
- ұлттың рухани-мәдени дамуына және әлеуметтік прогреске лайықты үлес қосу
- адамгершілік ерлікке пара-пар өмірлік мәні зор өнегелі

іс-әрекеттер жасау.

Сағат Әшімбаевтың шығармашылық өмірі, суреткерлік өнері, азаматтық формуласы өмір мектебіндей ғибратты. Өзінің суреткерлік биік тұрғысымен, азаматтық берік ұстанымымен ол қазақ әдебиетінің тұтас бір буынының көркемдік көзқарасының қалыптасуына ықпал етті, тіл өнері, сын мұраты туралы ұғымдарын байытып, эстетикалық талғамы мен танымын таудай биікке көтерді.

Сағаттың шығармашылық мұрасы, қоғамдық және мемлекеттік қызметі оның асқақ та арналы рухани өмірінің айнасы іспетті. Онда шығарамашылық дара тұлғаның қоғамдық-әлеуметтік зор болмысын танытатын суреткерлік айырықша парасаттылық, елдік, ұлттық үлкен мүдделерге қызмет ететін азаматтық биік нысана көрініс тапқан, адамзаттың қоғамдық ойының нәрі мен мәні жинақталған. Онда қоғам және мемлекет қайраткерінің талант даралығы, әлеуметтік белсенділігі мен қайраткерлік қарымдылығы, сондай-ақ саяси көзқарас берендігі мен күрескерлік позиция тереңдігі, патриоттық ой-сана кемелдігі көрініс тапқан. Сағат Әшімбаевтың өмірі мен өнерінің мұндай қасиеттері оның өз тұсындағы әдебиет пен әдеби сын, қоғамдық ой-сана үшін мүлде жаңа, қозғаушы, алға бастаушы, жетектеуші қызмет атқарған аса зор рухани құндылықтар еді. Олардың әлеуметтік мәні мен маңызы бүгінгі әдебиет пен әдеби сын, бүгінгі қоғамдық ой-сана үшін де аса зор екендігінде сөз жоқ.

Сағат қоғамдық және мемлекеттік қызметі, бүкіл шығармашылық өмірі мен өнері түгелдей шынайы талант пен шырайлы талғам, азаматтық құштарлық жарығына оранып, жанып тұрған тұлға еді.

### **Әдебиеттер:**

1. Әшімбаев С. Сын мұраты: әдеби сын мақалалар, портреттер / Сағат Әшімбаев. – Алматы: Жазушы, 1974. – 247 б.

2. Әшімбаев С. Талантқа тағзым: әдеби сын мақалалар / Сағат Әшімбаев. – Алматы: Жазушы, 1982. – 250 б.

3. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық: әдеби сын мақалалар, портреттер / Сағат Әшімбаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 248 б.

4. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: сын мақалалар, портреттер, эссе / Сағат Әшімбаев. – Алматы: Жазушы, 1993. – 617 б.

5. Әшімбаев С. Ақиқатқа іңкәрлік: әдебиет және өнер жайлы ойтолғау / Сағат Әшімбаев. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 251 б.

6. Әшімбаев С. Азаматтыққа адалдық: әдеби сын мақалалар, зерттеулер, толғаныстар / Сағат Әшімбаев. – Алматы: Раритет, 2007. – 334 б.

7. Жалындап өтті жас ғұмыр: әдебиетші, сыншы, философ, қоғам қайраткері Сағат Әшімбаев туралы естелік / Құраст. Ш.Бейсенова, Ғ.Қабашұлы. – Алматы: Алатау-Ана тілі, 1997. – 198 б.



### 3. САЙЛАУБЕК ЖҰМАБЕК

Қазақ әдеби сынының тарихы тереңде. Әдебиет туралы ой әдебиетпен бірге туып, әдебиетпен бірге жасауда. Сондықтан әдебиеттің тарихы секілді әдеби сынның тарихы да ғылыми таным таразысына тартылып, арнайы қарастырылып келеді. Іргелі зерттеу еңбектер жазылуда. Сынның тегі мен түрі сарапталды, қоғамдық мәні, көркемдігі пайымдалды. Кандидаттық, докторлық диссер-тациялар, монографиялар жазылды. Алайда қазақ әдеби сынының теориясы мен қолданбалы мәселелері, әдеби талдаудың, әдеби шығарманы сынаудың әдіснамасы, сыншының талдау және бағалау шеберлігі, сыншы шығар-машылығының көркемдік және эстетикалық болмысы туралы қазақ әдебиеттануында қолға ұстап, қажетке жаратқандай арнайы зерттеу бүгінге дейін жүргізілген емес. Бұл ретте әдебиет сыншысының жолын таңдаған жанның арнайы әдеби білімімен қатар эстетикалық танымы мен талғамы, теориялық дайындығы, әдеби шығарманы талдау және бағалау шеберлігі аса маңызды екендігінде сөз жоқ. Тиянақты әдеби білімі жоқ кісі өмірде көргендері мен білгендерінің негізінде ақын немесе жазушы ретінде еңбектеніп, қатардан озбаса да, көштен қалмай жүре беруі мүмкін. Сында жай да, жағдай да басқа. Әдебиет саласында терең теориялық білімі жоқ жан сын сарайының ішіне кірмек түгіл, оның қақпасын қағуға да жарамайды. Сыншыда әдеби-теориялық терең білімге қоса әдеби-эстетикалық талғам-таرازы болуы шарт. Талғам-таرازы қалам ұстаған қайраткерлердің бәрінде де болуы ықтимал. Сыншының әдеби-эстетикалақ талғам-таرازысы – өзгеше талғам, өзгеше таразы. Ол әдебиеттің тарихы мен теориясы саласындағы терең білім жарығымен анықталып, соның таразысымен өлшенеді. Бұл жерде басқа мөлшер, өзге өлшем жоқ. Ал әдеби шығарманы талдау шеберлігі мен бағалау тұрғысы дегенде, тек қана сыншы шеберлігі, сыншы тұрғысы туралы ғана айтуға болады. Әдеби сынның дамуы, әдебиет сыншысының кәсіби қалыптасуы үшін осы қасиеттер мен олар туралы әдеби ойлардың бәрі де маңызды. Алайда сын саласында мұндай ізденістер үшін соқпақ болмаса, айдау жол болған емес. Сыншы мұзды мұхит төріндегі мұзжарғыш секілді әдеби сындағы бағыт-бағдарын өзі анықтады, мұзды өзі жарды, мұхитты өзі кешті, әдеби талдауларын өмірден, әдебиеттің тарихы мен теориясынан тапқан білімдері мен біліктеріне, шығармашылық ізденістері мен эстетикалық нысаналарына сай жасап, өздігінше жол тапты. Осындай

жағдайда кәсіби сыншы болып қалыптасып, жетілген самородный, бітімі дара, табиғаты таза шығармашылық тұлғалардың бірі - Сайлаубек Жұмабек.



Сайлаубек Естайұлына университетте тәлім берген, білім берген ұстаздар әдебиеттанудың көш басындағы тарландар, көркем сөздегі көсем таланттар еді. Өзі де, бірге оқыған достары мен жолдастары да университет аудиториясында отырып-ақ әдебиетке баланың көзімен емес, ағаның көзімен қарайтын, әдебет туралы сөз сөйлеп қана қоймай, ой айтатын, пікір ұсынатын. Университетті бітірген соң, әрқайсысы әр саладан орын тапты. Сайлаубектің ортасы,

әдеби жақын айналасы айбарлы болды. Асқар Сүлейменов, Төлеген Тоқбергенов, Зейнолла Серікқалиев, Қалтай Мұхамеджанов, Сейдахмет Бердіқұлов, Шерхан Мұртаза, Тахауи Ахтанов, Ғабит Мүсірепов секілді сөз өнерінің өнегелі, өрелі өрен жүйріктерімен бірге қызмет етудің, қатар жүрудің, сұхбаттас болудың тағылымы, тәлімі мен тәрбиесі аса маңызды болғанында сөз жоқ. Сайлаубекті осы ортаның жарығы жарқыратты. Өзі де оттай шалқып, шоқтай жайнады. “Сын пернесі” (1989), “Ғабит Мүсірепов” (1989), “Жұлдызы нұрлы суреткер” (1993), “Жүрегі - мұң, жүрегі - нұр” (1989), “Қазығұрт перзенті” (1998), “Сын әуені” (2001), “Шерхан Мұртаза. Жұлдызы нұрлы суреткер” (2002), “Тахауи Ахтанов. Талант тектоникасы. Роман-портрет” (2003), “Сын симфониясы” (2005), “Қалтай Мұхамеджан. Титан драматург. Шығармашылық портрет” (2007) және басқа еңбектерінде автордың сол ортада тебіренген күйінің лаулаған жалыны, саулаған жарығы бар.

Сыншы талантының жарығы да, жалыны да ерекше. Әдеби шығарма табиғатында барды көріп, дұрыс тани білу - қасиет. Әдеби шығарма табиғатында барды көріп, тани білумен қатар оны саралап, талдай білу - өнер. Алайда сыншының міндеті әдеби шығармадан нені көріп, нені таныса, тек соны талдап, соны сараптау ғана емес. Әдебиет сыншысы, алдымен, көреген болуы шарт. Көреген болу - көздің емес, көңілдің қасиеті. Ол көркем әдебиеттің, өнер мен мәдениеттің, тұрмыс пен салттың, тарих пен философияның ғасырлар бойы жинақталған асыл үлгілері мен қағидаларын, жалпыадамзаттық сипатқа иеленген рухани құндылықтарды көңілінде балқытып, көкірегінде қорытып, зердесіне құя білген зергер жаннан ғана табылмақ. Сонда ғана сыншының әдебиет пен өмір туралы, әдеби шығарма туралы оның тек өзіне ғана тән эстетикалық мұраты, шығармашылық ұстанымы айқындалмақ. Осындай эстетикалық мұраттың, осындай шығармашылық танымның сыншысында ғана әдеби шығарманың келісті келбеті, әдемі әлемі, тамаша табиғаты туралы өзгелерде жоқ, тек оның өзінде ғана бар ерекше таным болмақ. Ол сондай таныммен ғана әдеби шығармада бар және жоқ, сондай-ақ болуға тиіс құбылыстар мен ерекшеліктерді, басқаша айтқанда, көркем әдебиеттің бүтінгісі мен ертеңгісін, осы шағының болмысы мен келер шағының сипатын қатар, салыстырып көре алады. Әдебиет сыншысының көреген болуы керектігі туралы ойымыздың мәнісі осында. Зейнолла Серікқалиев, Төлеген Тоқбергенов, Сағат Әшімбаев сынды Сайлаубек Естайұлы да әдебиет сынын шынайы әдеби көркем сын деңгейіне, одан әдебиеттану деңгейіне көтеруге ұмтылған осындай қайраткер блмыстың сыншысы еді. Ол әдеби шығармадан, алдымен, шындық болмыстағы қоғамдық, әлеуметтік мәні бар құбылыстардың терең ашылуына

назар аударды. Қоғамдық мәні зор өмір шындықтарының сырын терең ашып, шынайы суреттеген әдеби шығарма ғана эстетикалық мәні маңызды талдаулар мен бағалауларға негіз бола алады деп білді. Қоғам үшін мәнді, мағыналы шындық құбылыстарды суреттеу жазушыдан өмір шындықтарын терең білуді, қоғамның әлеметтік даму заңдылықтарын, сұраныстарын жете зерделеуді талап ететіні сөзсіз. Өмірді терең, жете білмейтін жазушы шынайы көркем шығарма жаза алмақ емес. Сыншы туралы да осыны айтуға болады: өмірді терең білмеген сыншы әдеби шығармада көрініс тапқан өмір шындықтарының қоғамдық мәнін жете тани алмайды. Сыншы өмір шындықтарын әдебиет пен өнер заңдылықтарынан терең білмесе, кем білмеуге тиісті. Сонда ғана оның сыны сындарлы болмақ. Сайлаубек профессионал сыншы ретінде берік ұстанған қағидалардың бірі осындай болды. Сыншы жазушы шығармасының сюжеттік өзегі болған шындық құбылыстарды ірі не ұсақ деп жіктеуге бара бермеді. Шығармада суреттелініп отырған шындық құбылыстың қоғамдық, әлеуметтік, эстетикалық маңызы мен мәніне назар аударды. Сыншы “дүниежүзілік әдебиетте Антон Чехов қалдырған эстетикалық принцип өмірдің өзіне, оның небір елеусіз жәйттеріне жүгіну, боямасыз-қоспасыз жазу” екендігіне сүйсіне отырып, Қалаубек Тұрсынқұлдың “Бүйрек”, “Анды-Қарақыз” шығармаларынан осы ұстанымның бойды балқытып, ойды толқытқан шынайы да шырайлы көрінісін тауып марқаяды. Жазушы шығармаларында, рас, өмірде болған оқиғалар суреттеледі. Дегенмен автордың шығармасындағы шындық - көркемдік шындық. Шынтауайтқа келгенде, өмірдің шындығынан суреткердің қаламынан туған көркемдік шындық әлдеқайда шынайы. Боямасыз, қоспасыз жазу туралы сыншы сүйсінісі, айналып келгенде, көркемдік шындықтың шынайылығына деген сүйсініс болып табылады. Содан да болу керек, Қалаубек Тұрсынқұлдың “Бүйрек” әңгімесіне қатысты ол: “Шығарма, сөз жоқ, адамзат баласының бойындағы ең бір асыл, ең бір аяулы, ең бір қастерлі, ең бір өмірлік ұлы сезімдердің көркемдік кардиограммасы”, - деп, поэтикалық тұжырым жасайды. Әдеби шығарманың көркемдік шындығын эстетикалық қабылдаудан туған әдемі әсер мен әдеби-эстетикалық терең талдаудан туған қуатты ойдың жараса ағылған тамаша жарасымы сыншы тұжырымына мейлінше сәулетті сипат берген. Сыншы әдеби шығарманың өмірлік құндылықтарға эстетикалық қатынастарын пайымдай отырып, өз талдаулары мен сараптауларында ғылыми тарихилық ұстаным тұрғысынан да қол үзбейді. Әрине, әдеби шығарма, оның көркемдік-идеялық әлеміндегі әр құбылыс толып жатқан басқа құбылыстармен сан саладан байланысып, сабақтасып жатады. Оларды қай тұрғыдан, қай бағытта, қандай қатынаста және қандай деңгейде қарастыру қажеттігі

сыншының алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес анықталады. Сайлаубек Естайұлы өз шығармашылығында жалқы жайын айта отырып, жалпыдан, жалпы жайында ой толғай отырып, жалқыдан қол үзген емес. Сондықтан оның ойлары мен толғаныстарында, талдаулары мен сараптауларында жалпының мәні мен жалқының сыры, көркемдік шарықтау биіктері мен ғылыми парықтау ірімдері жұп жазбай, тұтасып жатады.

Сайлаубек үнемі шарықтаған шығармашылық ізденіс үстінде болды. Сыншы ізденісі қажырлы, тынымсыз еңбекпен ұштасып жатты. “Көтеріліс және көркемдік танымдар генетикасы”, “Талант тектоникасы”, “Сын симфониясы” секілді әдебиеттану мен сын үшін академиялық жүйеде тосын, ерекше, тіпті оқыс көрінетін мәселелерді көтеруі, сынға жаңа ұғымдар, түсініктер қатарын алып келуі осы тектес көркемдік эстетикалық, шығармашылық ізденістердің тереңдігі мен шығармашылық ойлаудың ерендігінен еді. Осындай ерекшелік сыншының жеке шығармашылық тұлғалар туралы туындыларына да тән. Бұл ретте автордың Шерхан Мұртаза, Қалаубек Тұрсынқұл, Тахауи Ахтанов, Қалтай Мұхамеджан хақындағы ірі де іргелі, бір текті шығармаларын арнайы атап көрсеткен дұрыс. Аталған қаламгерлер шығармашылығы жайындағы еңбектерінің бірін автор “эссе” деп атайды, екінші біреуіне “шығармашылық портрет” деп айдар тағады, келесісін “роман-портрет” деп айшықтайды. Сыншы, осылайша, әдеби көркем сын айналымына сыры бір, сипаты бөлек ұғымдарды енгізді. Автордың көрсетілген кітаптары зерделеу пәні жағынан өзара сарындас. Бірақ бәрі де өдеби көркем сын саласындағы жаңа, дара тұрпатты шығармалар болып табылады. Анығын айту керек, жазушының шығармашылығы туралы роман-портрет жазу сын саласында тек Сайлаубек Жұмабектің ғана қолынан келді. Бұл - сын тарихында бұрын соңды болмаған жаңа құбылыс, сыншының талант даралығын танытқан шығармашылық жаңа үлгі.

Сыншының шығармашылық туындыларының бәрі ғылыми ұстанымға, ғылыми бағалауларға негізделіп тұра, суретті, образды. Баяндау, сипаттау, талдау мәнерінде де шығармашылық құштарлық құшағында құлпырған суретті өрнектер мол. Осы ерекшеліктерді негізге алғанда, сыншының Шерхан Мұртаза, Қалаубек Тұрсынқұл, Тахауи Ахтанов, Қалтай Мұхамеджан туралы еңбектерінің бәрін де тектес деп қабылдауға болады. Ал нақты ат, затты атау айту қажет болса, автордың “роман-портрет” деген жанрлық анықтама бағытында негізделген термин сөзіне назар аударған оңды. Расында да сыншының Тахауи Ахтанов шығармашылығы жайында жазған туындысының жанрлық табиғатын “роман-портреттен” артық ашатын лайықты терминді табу оңай емес.

Сыншы “Талант тектоникасына” Ахтанов Ахтановтың көзімен деген айқындауыш атау қосады. Мұның мәнісі автордың Тахауи Ахтановтың шығармашылығын Ахтановтың өз көзімен талдап, өз көзімен пайымдауында. Бұл - сыншының өзі іздеп тапқан жаңа ұстаным, сыншының өзіне ғана тән дара тұрғы. Осы жерде ескеретін бір жай бар. Ол - Ахтанов шығармашылығына Ахтановтың көзі мен Сайлаубектің көзінің бір көз екендігі. Ахтанов шығармашылығына Ахтановтың көзімен қарайтын - Сайлаубек Жұмабектің өзі. Мұндай батылдыққа сыншының сыншысы ғана тәуекел ете алады. Өйткені мұндай шығармашылық мақсатқа жету үшін білім мен білік, талап пен талант, еңбек пен ізденіс қана емес, осылардың бәрінің төбесінен қарап тұрғандай биік қасиет қажет. Оның аты - Ахтановтың өзі мен шығармашылығына, шығармашылық тұлғасына деген азаматтық құрмет пен адамдық сүйіспеншілік. Сыншы Ахтановты, Ахтановтың шығармашылығын, Ахтановтың шығармашылық мұратын, шығармашылық ойы мен ойлауын, көркемдік-эстетикалық әлемінің жарығы мен жарқылын осындай құрметпен, осындай сүйіспеншілікпен барлап, қабылдады. Бұл - Сайлаубек талантының сыншыл хәм сыршыл ерекшелігі. Бұл - Сайлаубек Жұмабек табиғатының адамдық, азаматтық, адамгершілік, кісілік қасиеті. Талантқа құрмет, талантқа деген сүйіспеншілік жоқ жерде сын да, сыншы да жоқ. Сайлаубектің сын саласындағы шығармалары жазушыға, жазушы таланты мен жазушы табиғатына деген құрмет пен сүйіспеншіліктен туды. Жазушының еңбегі, жазушының таланты, жазушының шеберлігі туралы әдебиеттанушы да, сыншы да аз айтып жүрген жоқ. Соған қарамастан бұл мәселелер туралы айтылған, жазылған ойлардан айтылмаған, жазылмаған, шешілген мәселелерден шешілмеген, шешімін күтіп жатқан міндеттер әлдеқайда көп. Зерттеушілер де, сыншылар да бұл мәселелер аясындағы күрделі, іргелі құбылыстар туралы, көбінесе, жалпы айтуға бейім. Мұны айып санаудың жөні жоқ. Қалпы айтқаннан жалпы айтқан көш ілгері. Жалпы сипаттағы іргелі мәселелер туралы нақты айтуға ұмтыла отырып, қапелімде, қалпы айтып қою қиын емес. Ең бір қолайсызы - еңбексіз, талантсыз, шеберліксіз жазылған шығармадан көркемдік кесте іздеп тапқан болу. Тіпті талантты қаламгердің талантсыз шығармасын тамашалаудан да сақ болған абзал. Талантсыз жазылған шығарманы тамашалау талантты өсірмейді, өшіреді. Сондықтан да Сайлаубек Естайұлы мұндай тамашалаудан бойын да, ойын да аулақ ұстады. Үстірт, таяз жазылған шығарманы тас-талқан етіп сынауға да бармады. Ондай сыннан әдебиетке де, сынға да ғибрат болар пайда жоқ деп білді: алтын қаламының ұшын тасқа салуға қимады. Жүрегін жылытпаған шығармаға да, көңілі толмаған жазушыға да бірқалыпты сабырмен

қарады. Жазушылық мұратының адалдығымен, суреткерлік табиғатының тазалығымен, кісілігінің ірілігімен, дарынының даралығымен жанына жарығын түсірген, сезімін тербеген, жүрегін тебіrentкен, ойын балқытқан қаламгерлердің шығармашылығына жайбарақат қарап отыра алмады, жазды: сырын айтып, эссе жазды; шынын айтып, шығармашылық портрет жазды; сынын айтып, роман-портрет жазды. Сүйгені мен сүйсінгеніне ғана мойын бұрды. Сүйгенін оқып, сүйгенін жазды. Меніңше, Сайлаубектің өзі көзі тірісінде көңілі толып айтқан “Талант тектоникасы” да осы болу керек.

Сыншы болу, сын жазу оңай емес. Туғаны жоқ тура би сынды сыншыда жақын да болмайды. Оның себебін әр сыншы өзінше түсіндіреді. Қазақ итің жаман деген сөздің өзін көтере алмайды. Ал әдеби шығарманың кемшілігін сынау автор үшін пайдалы, ғибратты болғанмен, оның жанына жайлы, жағымды емес. Автордың жанын ауыртпай, көңілін қалдырмай сын айту қиын. Басынан өтпеген жан мұның салмағын, ауыртпалығын сезбейді, сезбеген соң, сынның қырын, сыншының сырын біле бермейді. Сынның салдарын, ауырлығы мен ауыртпалығын мойнымен де, жүрегімен де тік тұрып көтерген Сайлаубектің сын туралы, сыншы жайлы ойы терең, сөзі салмақты: “Сын тура айтылады, қатты айтылады, публистикалық сипаты ашық әрі өткір келеді, - дейді сыншы. - Турасын айтсаң, туғаныңа жақпайсың дегенді қазақ бекер айтты деймісің. Сондықтан да сында тек жүрегінің түгі барлар ғана тұрақтап қалады” [1, 44]. Бұл сөзде сыншының шыны да, сыры да бар. Шыны сол – автор турасын, анығын, ақиқатын айтып отыр. Сыры сол - турасын да, анығын да, ақиқатын да жүрекке түскен салмақтан басы ауырып, балтыры сыздап тұрып айтып отыр. Турасын айту - шындықты айту. Сын болып айтылған шындық егеулі найзадай. Оған төтеп бере алатын батыр өмірде сирек. Сындағы шындық алмастың жүзіндей. Оған түскен сау қалмайды. Осы шындықты қатты айту, өткір айту оның қаттылығы мен өткірлігін еселеп арттырады. Сондықтан сында шындық айтуға қарсылардың тобы қалың, шындықты тура, қатты, өткір айтқан сыншыны күндеушілер, көре алмаушылар көп. Оның дұшпаны да аз болмайды. Осының бәрін біле тұра Сайлаубек туралығынан таймады, қолын қусырмады, басын имеді, тізесін бүкпеді. Жүрегі шайлықпады. Сондықтан да әдеби сын тарихында Сайлаубек Естайұлы сын майданынан қайтпаған, жүрегінің түгі бар, қайсар да қайратты, ірі таланттардың бірі болып қалды.

2Жұмабек С. Таңдамалы шығармалары. Үш томдық. II том /  
Құраст. З.И. Жұмабекова. – Алматы: Ан Арыс, 2009. – 315 б.

Жұмабек С, Таңдамалы. Үш томдық. III том / Құрастырған  
З.И.Жұмабекова. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2014. – 288 б.

4. Жұмабек С. Қалтай Мұхамеджан. Титан драматург  
(замандастар айнасында). Шығармашылық портрет. – Алматы:  
«Өнер» баспасы, 2007. – 240 б.

5. Жұмабек С. Сын симфониясы. Таңдамалы. Әдеби  
толғаныстар, мақалалар. - Алматы: «Алатау», 2005. - 368 б.




**Үшінші бөлім**

**Рецензия**

**Алма КЕНЖЕҚОЖАЕВА,**  
**Абай институтының кіші ғылыми қызметкері,**  
**ғылым магистрі**

### **ТАНЫМДЫҚ МӘНІ ЗОР ЕҢБЕК**

Абайтану. Лекциялар (оқу құралы). – Алматы: Қазақ университеті,  
2021. – 304 б.



«Абайтану» оқу пәнінің оқу-әдістемелік кешенінің құрамдастарының бірі – «Абайтану. Лекциялар (оқу құралы)» кітабы. Оқу құралында ұсынылған дәрістерде Абай туындыларының жанрлық ерекшелігі, көркемдік сипаты, құрылымы, қазақ поэзиясындағы тың дәстүрі, маңызы мен мәні, абайтану тарихының мәселелері, Абай мұрасының болмысы мен бітімі қамтылған. Сондай-ақ ақын шығармаларындағы ұлттық және жалпыадамзаттық өзекті тақырыптардың атқаратын қызметі, туындыгерге тән дара дүниетаным мен көзқарастары, қағидалары негізінде оның шығармашы-

лық әлемінің әлеуметтік, танымдық, эстетикалық маңызын ашуға арнайы көңіл бөлінген.

Ақын туындыларының мазмұны мен мәнінің өзара үйлесімде, нақты өлшемдер арқылы берілуі дәрістерде қамтылған талдау мен жинақтаудың негізгі нысаны екенін байқаймыз. Кітаптағы дәрістерде Абайдың қазақ поэзиясында ғана емес, жалпы қазақ әдебиетінде өзіндік тың өзгерістер мен жаңалықтарға, ерекше ойлар мен сөз саптау амалдарына ие тұлға әрі ой мен сөздің жігі ажырамай өз оқырманын табуына түрткі болатын көркемдік дәстүрін қалыптастырушы екендігі баяндалады. Ақынның әр шығармасының қазірге дейін үзілмей оқылып, зерттеліп, талданып келуі – оның қазақ

тарихындағы интеллектуалды шығармашылық иесі екендігін айғақтай түседі. Сондықтан Абайдың шығармаларына баға беру және талдау - қажырлы зерттеуді талап ететін үлкен еңбек. Кітапта авторлар ұзақ жылдар бойы ғылыми және әдеби зерттеулер жүргізіп, кәсіби дайындығын шындауы мен теориялық білімдерін жүйелі қолдануы нәтижесінде студенттерге Абай мұрасы және абайтанудың өзекті мәселелері туралы сапалы дәрістер ұсынған. Оқу құралындағы дәрістер оқырманына түсінікті болуы үшін нақты әдіс-тәсілдерге, әдістемеге, теориялық ұстанымдарға, абайтанудың қазіргі кездегі даму талаптарына сай дайындалған. Ұсынылған дәрістер оқытушының дәріс үстінде ауызша баяндаған тақырыбының мазмұнын әрі қарай сан тарапта толықтырып дамытатын, тың деректермен байытатын ұтымды көмекшісіне, қазынасына айналмақ. Дәрістер жинақталған оқу құралы өзінің құрылымы мен мазмұнына сәйкес студенттерге де түрлі тапсырмалар мен шығармашылық, оқу-зерттеу жұмыстарын орындауда мол септігін берері анық.



Кітапта ұсынылып отырған әр дәріс зерттеу жұмыстары мен маңызды ақпараттарды қамтитын жеке тақырыптар негізінде жүйеленген. Мәселен, бірінші «Дала Данышпаны, ұлт ұстыны» тақырыбындағы Д. Ысқақұлының дәрісінде автор Абайды ұлтымыздың өміршеңдігін қамтамасыз етуші рухани тіреуіш сипатында береді. Яғни оның ақындық қызметі қоғамдық-әлеуметтік қызметпен үйлескенін, қоғамда өмір сүретін адамның айнымас тән мен жан азығының маңызын, Абай философиясын сипаттайды. Абай ойының кейінгі алаш қайраткерлері еңбектерінде көрініс табуын, ақынның тәрбие мен білім, ғылым мен ізденіс, адамның жан-күй тазалығы туралы толғанис-тарының қара сөздерінде талдануы мәселесін қарастырған. Сондай-ақ абайтану негізінің қалануы мен алғашқы абайтанушылар, олардың еңбектері туралы баяндап, шолу жасаған.

Екінші «Абайтану тарихындағы Алаш кезеңі» атты Ө. Әбдиманұлының дәрісінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының Абайды абыз тұтып, оның келелі ойларын, шығармашылығын жүйелі жинақтап, талдап, Абай дәуірін-дегі әдебиеттің дамуы мен ерекшеліктерін өздері өмір сүрген кезеңдегі қазақ әдебиетінің бастан кешкен жағдайымен салыстырмалы түрде зерттеуі турасында айтылған. Кезең қиындығына тап болған надан халықтың көзін ашып, өлеңді өнер үлгісі деп құрметтей білген, ұлы сөздің жаршысы, көңіл кейіптерінің суретшісі, кемеңгер Абай туралы жазылған мақалалар мен баяндардың, жинақтардың, деректердің нақты анықтамаларын, авторлары мен басылым аттарын, жалпы Абай шығармашылығын тану мен таныту мәселесі, абайтанудың алаш алыптары тұсында қалыптасуы туралы құнды ақпараттар қамтылған. Ж. Дәдебаевтың «Абай және билер сөзі» тақырыбындағы (үшінші және төртінші) дәрістерінде автор қазақтың қара сөзіне өлеңнің қылқаламымен ерекше бояу беріп, ұтымды ойын ұлтына ішкі сырсымбатын сақтап жеткізген Абайдың шешен тілге жатық болуына тікелей нәр берген қазақ сөз өнерінің асқар шыңы – билер сөзінің әсерін ақындық және азаматтық қалыптасуы негізінде баяндап берген. Бұған дейін шешендік өнер мен оның тарихы, теориясы туралы айтарлықтай зерттеулер жүргізген ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып дәстүрлі қазақ қоғамындағы би һәм биліктің Абай шығармашылығына әсерін, әдет-ғұрып заңдарының көрінісін, адамшылық пен қайырымдылықтың сипатын жүйелі саралап берген. Абай өз туындыларында айтатын ғылымның, ой мен пікірдің, ақыл мен ардың, көркем мінез ғибратының қалыптасуы – қазақ шешендік өнерінің халықтық сипатымен ұштасып жатқандығын айтады. М. Әуезовтің Абайдың ақындық-азаматтық тұрғысында жасаған жаңалығы, сөз образдары мен астарлы ой бейнесі, тілек-мұраты туралы тұжырымдары баяндалады. Сондай-ақ билер сөзі мен шешендік өнердің Абай шығарма-шылығына, оның азаматтығына құйған қайнар бұлақ екенін дәлелдеген.

Бесінші және алтыншы «Абайдың қара сөзі: болмысы мен бітімі» атты З.-Ғ. Бисенғалидің дәрістерінде Абайдың ұлттық әдеби айналымға енгізген жаңа дәстүрі, адамзаттық идеологиялар мен философиялық, психологиялық және педагогикалық пікірлері жинақталған қара сөздері жайында талдау жасалған. Абайдың қара сөздерінің сезім иіріміне ілескен қиял, әсер мен ойы ғана емес, бойына астарлы өнеге мен ғибрат жиған ұзақ толғаныстар, қазақ өркениеті мен мәдениетіне, әдебиеті мен ғылымына қосқан асыл мұра екені айтылған. Ақынның қара сөздері шығармашылық шеберліктің шарықтау шегіне жеткендігін байқататын тың құбылыс. Сондықтан оның көркемдік сипатынан бөлек, құрылымы мен

қамтыған мазмұндық ауқымы халық прозасының негізінде сипатталады. Ақын туындыларындағы түркі және діни шығармалар лексика-сының үлгілеріне нақты мысалдар келтірілген. Дәрісте Абай қара сөздерінің көркемдігі мен парасат-тылығы, эстетикалық және тәрбиелік мұраты туралы, ақын түсінігіндегі адамтану мәселесі және әрбір айтылған ойдың оқырманға өрнектеле өрімделіп, жеңіл жетуі, көңіліне сәуле қондырып, терең ойға жетелейтіні жайында кеңінен талдау жасалған.

Жетінші және сегізінші «Қытай қазақтары поэзиясындағы Абай дәстүрі. Абай және Ақын» және «Қытай қазақтары поэзиясындағы Абай дәстүрі. Абай және Кәсімбай мен Таңжарық» тақырыбындағы 3. Сейтжановтың дәрістерінде Абай Құнанбайұлы мен Ақыт Үлімжіұлының поэзиясына талдау жасалған. XX ғасыр басында, Абай мұрасының халыққа кең таралып, үлгі-өнегесіне айнала бастаған шағында, оның дәстүрін жалғастырушы, тәлім-тағылымын бойына жиып, ойын дамытуға тырысқан, ақындықты мұрат еткен ақындардың бірі – Ақыттың шығармаларындағы ұлы ақынның дәстүрі, сөзді көркем қолдану тәсілі, эстетикалық танымын шыңдауы, адамгершілік ұстанымдары баяндалған. Дәрістің екінші бөлімінде Абай мен Кәсімбай және Таңжарықтың туындылары негізге алынған. Мұнда қос ақынның Абай шығармашылығынан ғибраттануы, көркем-дік әдіс-тәсілдерді меңгере отырып, өз ақындық жолдарын дамытуы, рухани құндылықтар мен эстетикалық дүниетанымынан нәр алып, шығармашылықты адамзаттық мұрамен шендестіруі баяндалған.

Тоғызыншы «Абай әлемі: өнері мен өнегесі» атты Р. Тұрысбектің дәрісінде Абайдың Хакімдік жолындағы асқақ мұраттар мен адамшылық негіздері, жан мен тәннің балансы, жасампаздық идеясы оның қара сөздерінің мазмұнымен байланыста айтылған. Адам баласын қор қылатын қасиеттер мен оны биікке жетелейтін ақыл-парасат мәселесі Абай сөздерімен үйлесімде талданған. Адамдық мұратты айқындауда оқырманға көзәйнек болатын Абай қара сөздерінің өмірлік құны түсіндірілген.

Оныншы «Абай өлеңдеріндегі оқу-ғылым тақырыбы» атты М.Үмбетаевтың дәрісінде ақын шығармашылығындағы білім мен білім беру коцепциясын аталған тақырыптағы шығармалары арқылы талдаған. Абайдың білім мен ғылымды қалай бағалағанын және оқырманына қандай жол сілтегенін айтады. Ақын аманаттаған білім-ғылым, өнер, талап пен еңбек, ар мәселелерінің қоғамды тәрбиелеудегі қызметі толық әрі нақты баяндалған.

Он бірінші «Талант формуласы» тақырыбындағы Т.Есембековтің дәрісінде Абайдың суреткерлігін, әдеби талантын үздік ойларының мысалында анықталған. Абайдың тыңдаушының таным деңгейіне қо-

ятын талаптары, әдеби туындыны қабылдау, түсіну, бағалау құбылыстары, өз оқырманын зерттеу, тану әдіс-тәсілдері туралы баяндалған. Абай поэтикасы мен тілінің ерекшелігі, поэтикалық мәтінінің көркемдігі мен құрылымы туралы зерттеу жүргізілген.

Он екінші «Абайдың И.Крылов мысалдарын аудару тәжірибесі» атты Ә.Тарақовтың дәрісінде Абай мен Крылов шығармашылығындағы байланыс, Абайдың аудар-машылық шеберлігі, орыс поэзиясында берілген ой мен тақырыптарды қазақ дүниетанымына лайықтап алудағы тың жаңалығы, көркем аударма өнерін қалыптастыру мен поэзиядағы жарқын жетістігі шебер баяндалған.

Он үшінші «Абай өлеңдерінің семантикалық құрылысы» тақырыбындағы С.Жусанбаеваның дәрісінде Абай тілін танып-білудегі көркемдік талдаулардан бөлек, мағыналық-құрылымдық жүйесін түсінудің маңызы, ақын өлеңдеріндегі мәтіннің түзілу сипаты талданған. Бұл дәріс Абай шығармаларының тек қазақ әдебиетінде ғана емес, тіл білімінде де елеулі маңызға ие екендігін, өлең тудырудағы семантикалық құрылымның атқаратын қызметін ұғындырады. Абай өлеңдеріндегі тұңғыш ой мен тыңдаушысына жеткізбек астарлы ғибратын түсіну әлі күнге дейін қиын жұмбақтың жауабын іздеумен теңесіп келе жатқаны белгілі. Осы жолда мәтінді мағыналық-құрылымдық негізде талдай білу автор туындысының мағынасын толық түсінуге жол сілтейді.

Он төртінші «Абай бағалауындағы байлам» атты А.Салқынбайдың дәрісінде логика-семантикалық категория – бағалаудың Абай шығармаларындағы көрінісі айтылады. Ақын өз өлеңдерінде ақиқатты алға қойып, оның түбіне жету жолында бағалаудың шындық болмыспен, адами кейіппен, мазмұнды келуі ескерілгенін, себебі Абай өмір сүрген кезең өтіп, заман ауысқанымен адамзаттың рухани әлем қалыптастырған бағалы ұғымдарды таңбалайтын қасиетті сөздің мәні мен мазмұны және қабылдауны ешқашан өзгермейтінін айтады. Он бесінші «Тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану» тақырыбындағы Е.Кәрбозовтың дәрісінде Абай шығармашылығының жаңа көзқараста зерттелуі, зерттеу мақалалары мен зерттеу жұмыстары, қазіргі таңдағы абайтану ғылымына үлес қосқан зерттеуші ғалымдар туралы, коммунистік идеология шынжырынан босап, ой мен сөз еркіндігі негізінде биікке көтерілген ақын шығармалары туралы жүйелі баяндалған.

«Абайтану. Лекциялар (оқу құралы)» кітабы - жоғары оқу орындарының филология факультетінде және әдебиеттану бағытында білім алатын студенттерге, оқытушыларға, әдебиет зерттеушілеріне және жалпы оқырман қауымға арналған танымдық мәні зор еңбек.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
«Сын шын болсын, шын сын болсын!».....	5
<b>Бірінші бөлім. Сын сипаты</b>	
Ергөбек Қ. Сын: беделі мен бедері (2011 жылдың әдеби сыны).....	8
Ысқақұлы Д. Әдеби сында жаңғыру бар (2020 жылдың әдеби сыны).....	14
Дәдебайұлы Ж. 2021 жылдың әдеби сыны.....	32
Әбдезұлы Қ. Қалам ұшында қазақ әдебиетінің тағдыры (2022 жылдың әдеби сыны).....	41
Пірәлі Г., Ысқақұлы Д. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби көркем сын.....	50
<b>Екінші бөлім. Сыншы тұлғасы (портреттер)</b>	
Пірәлі Г. Сөзтану әлеміндегі сыншы мұраты.....	88
Смағұлов Ж., Рахимбаева Б. Дандай Ысқақұлы және сын жанрлары табиғаты.....	107
Әбдезұлы Қ. Ұлттық құндылықтарға терең тамыр жіберген тұлға.....	119
Дәдебайұлы Ж. Сындарлы сынның саңлақ тұлғалары.....	129
<b>Үшінші бөлім. Рецензия</b>	
Кенжеқожаева А. Танымдық мәні зор еңбек.....	154

Әдеби сын. Бірінші кітап.

Редакторы Б. Даутова  
Корректоры Г. Ыбырайқызы  
Техникалық редакторы А. Кенжеқожаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалды.  
Электрондық басылым.  
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71.